

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

Қызмет хроникасы



2019
(21.03–31.12)

*«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы*

Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті – Елбасы
Нұрсұлтан Назарбаев

**ҚЫЗМЕТ
ХРОНИКАСЫ
2019 жыл
(21.03 – 31.12)**



НҰРСҰЛТАН 2020

ӘОЖ 342
КБЖ 67.400.6
Қ 18

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени
мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін
арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу,
басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

Басып шығарушы: «Деловой Мир Астана» ЖШС

Редакциялық-баспагерлік топ:

М.Б. Қасымбеков (жетекші), саяси ғылымдардың докторы, профессор,
А.М. Молдағаринов, А.Ж. Шоманов, философия ғылымдарының кандидаты,
Д.Т. Жайлин

Қ 18 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев.
Қызмет хроникасы. 2019 жыл (21.03 – 31.12). — Нұр-Сұлтан: Деловой Мир Астана,
2020. — 232 б.

ISBN 978-601-7918-31-6

564132

Бұл кітап «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.
Қызмет хроникасы» сериясы бойынша шығарылып отырған кезекті басылым болып
табылады.

Кітапта 2019 жылдың соңғы тоғыз айында елімізде және шетелдерде Елбасының
қатысуымен өткізілген басты іс-шаралар жайында толыққанды баяндалған, сонымен
қатар осы кезеңде Н.Ә. Назарбаевтың сөйлеген маңызы зор сөздерінің мәтіндері,
фотосуреттер, түрлі анықтамалық ақпараттар келтірілген.

Сондай-ақ, кітап мультимедиялық нұсқасы бар компакт дискімен жабдықталған.
Басылым көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 342
КБЖ 67.400.6

ISBN 978-601-7918-31-6

© Қасымбеков М.Б., 2020
© «Деловой Мир Астана» ЖШС, 2020
© Барлық құқықтары қорғалған

2019

жыл біздің ел үшін ерекше маңызды жыл болды. 2019 жылдың 19 наурызы тәуелсіз Қазақстанның жылнамасына айтулы күн ретінде енді. Бұл күні Н.Ә. Назарбаев халыққа 2019 жылғы 20 наурыздан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтататынын мәлімдеп, тарихи үндеуін жариялады және тиісті Жарлыққа қол қойды.

Ел Конституциясына сәйкес Президент лауазымына тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Қ.К. Тоқаев Н.Ә. Назарбаевтың көрнекті тарихи рөлін және оның тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуындағы айрықша еңбегін ерекше атап өтті.

Заңнамаға сәйкес Тұңғыш Президент – Елбасы мәртебесі берілген, Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы, «Nur Otan» партиясының төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы, Конституциялық кеңес мүшесі бола отырып, Н.Ә. Назарбаев мемлекет дамуының стратегиялық бағыттары бойынша жұмысын белсенді жалғастырды.

Сәуір айының басында Тұңғыш Президент Елбасы кеңсесінің ұйымдастырушылық қызметі туралы жұмыс бабындағы кеңес өткізді, онда өзі бекіткен бағдарламалық құжаттарда, Жолдауда белгілеген, сондай-ақ партия съезінде айтылған міндеттерді сапалы түрде шешу мақсатында тиісті мемлекеттік құрылымдармен тиімді іс-қимылды дұрыс жолға қою маңыздылығын көрсетті.

Осы барлық тарихи маңызды оқиғалар 2019 жылдың тоғыз айындағы қызметінің мазмұны мен сипатын айқындады.

Елбасының қатысуымен шетелдік сапарларды, өңірлерге жұмыс сапарларын, әр түрлі отырыстар мен кеңестерін, халықаралық және республикалық форумдарға,

конференциялар мен съездерге қатысуын, шетел және мемлекет қайраткерлерін қабылдауларын, жұртшылық өкілдері мен еңбек ұжымдарымен кездесулерін, елдің әлеуметтік нысандарына баруын қосқанда, 100-ден астам хаттамалық іс-шаралар өтті.

Н.Ә. Назарбаев 7 кеңес отырысын өткізді, оның ішінде 1 — Елбасы кеңсесі қызметінің басталуымен байланысты ұйымдастыру-құқықтық іс-шаралары мәселелері бойынша; 2 — «Nur Otan» партиясынан кандидаттың сайлау штабын ұйымдастыру мәселелері бойынша; 1 — «Nur Otan» партиясының «Қазақстан – 2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» сайлауалды бағдарламасын және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру мәселелері бойынша; 1 — «Nur Otan» өңірлік филиалдары жұмысының тиімділігін арттыру мәселелері бойынша; 1 — Нұр-Сұлтан қаласын одан әрі дамыту мәселелері бойынша; 1 — астана айналасында «жасыл белдеуді» дамыту мәселелері бойынша кеңестер өткізілді.

Елбасының төрағалық етуімен, сондай-ақ «Nur Otan» партиясының кезектен тыс съезі, Саяси кеңес бюросының отырысы және «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарма кеңесінің 2 отырысы, сондай-ақ Қауіпсіздік кеңесінің 3 отырысы өтті.

Тұңғыш Президент Парламент палаталары төрағаларымен және «Nur Otan» партиясы парламенттік фракциясының өкілдерімен жеке кездесулер өткізді.

Н.Ә. Назарбаев 6 маусым күні Парламент Сенатының пленарлық отырысының алдында өткен оған «Құрметті сенатор» мәртебесінің берілу рәсіміне қатысты. Депутаттардың атап өтуінше, «Құрметті сенатор» мәртебесі — Елбасын Конституцияны, адам және азаматтың құқығы мен бостандығын қорғауды, қоғамның бірігуін қамтамасыз еткен, ел дамуының стратегиялық бағытын анықтап берген қазақстандық мемлекеттіліктің негізін қалаушы ретінде заңды мойындау болып табылады.

Осы уақыт ішінде Тұңғыш Президент елдің өңірлеріне 7 жұмыс сапарын жасады: оның 5-і — Алматы қаласына, сондай-ақ Алматы және Түркістан облыстарына жасалды.

Бұдан бөлек, ол Нұр-Сұлтан қаласына жұмыс сапарларымен жиі барып тұрды.

Елбасының қатысуымен 50-ден астам халықаралық сипаттағы кездесулер мен іс-шаралар өтті, оған 7 шетел сапары, сондай-ақ 5 мемлекетаралық саммиттерге және 4 халықаралық форумдарға қатысуы кіреді.

Н.Ә. Назарбаев отандық және шетел БАҚ-тарына 3 сұхбат берді.

2019 жылдың 19 наурызынан 31 желтоқсанына дейінгі кезең ішінде Тұңғыш Президент 19 шешімге, 7 кеңес хаттамаларына қол қойды, 406 қызметтік құжаттар, 135 азаматтар шағымдары, сондай-ақ 1 мыңнан астам сараптамалық және ақпараттық-анықтамалық материалдар қаралды, бұл жалпы алғанда 1,5 мың құжатты құрады.

Н.Ә. Назарбаевтың өзін президенттік өкілеттіктен босату туралы тарихи шешімін қабылдаған сәттен бастап, қоғамда сабақтастықты және оның саяси бағытының бірізділігін сақтау жөніндегі өтінім маңызға ие болды.

Ел Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2019 жылғы 9 маусымда өткізу туралы шешімін Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев өзінің азаматтар алдындағы алғашқы сөйлеген сөзінде жариялап, Елбасының әлеуметтік бағдарламалары мен стратегиясын тиімді және табысты жүзеге асыру бойынша жұмысты одан әрі жалғастырудың маңыздылығына ерекше тоқталды.

10 сәуірден ел Президенті лауазымына кандидаттарды ұсыну кезеңі басталды. Дәл осы күні Н.Ә. Назарбаев «Nur Otan» партиясының орталық аппаратына барып, саяси ұйымның ағымдағы қызметімен танысты және құрылымдық бөлімшелер басшыларының қатысуымен кеңес отырысын өткізді.

Отырысқа қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Партия төрағасы президенттік сайлаудың мерзімінен бұрын өткізілуіне байланысты «Nur Otan» алдағы сайлау науқанына белсенді қатысуы керектігін атап өтті, сондай-ақ сайлауды ел заңнамасына толық сәйкестікте және барлық демократиялық нормалар мен процедуралардың сақталуымен өткізу қажеттігіне баса назар аударды.

23 сәуірде Н.Ә. Назарбаевтың төрағалығымен «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XIX съезі өтті, онда Партия төрағасы алдағы Президент сайлауына қатысу үшін саяси бірлестіктің атынан кандидат ретінде Қ.К. Тоқаевты ұсыну туралы мәселені қарауға шығарды.

Партияластарының алдында сөз сөйлеген Елбасы оның Отанының алдындағы еңбегі мен жетістіктерін атап өте отырып, еліміздің жоғарғы лауазымына лайықты кандидат екенін айтты.

Съезд делегаттары партия көшбасшысының ұсынысын бірауыздан қолдады.

Мамырдың үшінші онкүндігінде Тұңғыш Президент «Nur Otan» партиясынан кандидаттың Республикалық қоғамдық штабында болды және оның өңірлік өкілдіктерінің басшыларымен селекторлық кеңес өткізді.

9 маусымда Н.Ә. Назарбаев кезектен тыс президенттік сайлауда астанадағы №58 учаскеде дауыс берді. Қазақстандық және шетел БАҚ өкілдерінің алдында сөйлеген сөзінде ол мыңдаған сайлау учаскелерінде ел азаматтары өздерінің саяси еркін білдіріп, жаңа Президентке — Қазақстанды жарқын болашаққа, бейбіт өмір мен келісімге, тұрақтылық пен дамуға, 30 озық елдер қатарына алып келетін өз үміттерін байланыстырған адамға дауыс беріп жатқандығын атап өтті.

Маусымда өткен президенттік сайлау Қ.К. Тоқаевтың сенімді жеңісімен аяқталды. 10 маусымда Орталық сайлау комиссиясы соңғы қорытындысын жариялады, оған сәйкес іс басындағы Президент дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 70,96% жинады.

Көптеген байқаушылардың пікірі бойынша, «Nur Otan» партиясының атынан болған кандидаттың сайлаудағы табыстылығына Елбасының стратегиялық бағдарын және жаңғырту жөніндегі күн тәртібін одан әрі жалғастыруға өтінімі себеп болды. Нәтижесінде барлық қазақстандықтардың өмірін жақсартуға бағытталған Қ.К. Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасы жалпыхалықтық қолдау тапты.

Екі күн өткен соң, 12 маусымда, Н.Ә. Назарбаев Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына ресми тағайындалуының салтанатты рәсіміне қатысты. Мемлекет басшысы өзінің ұлықтау рәсіміндегі сөзінде Тұңғыш Президенттің заманауи қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаушы ретіндегі ерекше рөлін атап өтті.

Ағымдағы күн тәртібінің өзекті мәселелері, сондай-ақ алдағы кезеңге арналған жұмыс жоспары шілдеде өткен кездесу барысында Елбасы және Мемлекет басшысымен талқыланды. Бұл ретте, елдегі қоғамдық-саяси ахуалға және азаматтық қоғам институтын дамытуға жеке назар аударылды.

Қазанда Н.Ә. Назарбаев «Хабар» телеарнасының журналистеріне өкілеттігін тоқтатқаннан кейінгі алғашқы сұхбатын берді, онда әр түрлі сұрақтарға толыққанды жауаптар берілді.

«Nur Otan» партиясының төрағасы болып қала отырып, Тұңғыш Президент оны жаңғырту мәселелерін үнемі назарында ұстады. Сонымен қатар, халықпен «кері байланыс» орнатудың партиялық құралдарының тиімділігін және қоғамды біріктіру үдерісіндегі партияның белсенді рөлін арттыру мәселелеріне ерекше мән берілді.

Осылайша, тамыз айында өткен «Nur Otan» Саяси кеңесінің бюросында Партия төрағасы 2050 жылға дейінгі стратегиялық даму бағытындағы мақсаттарға жету жөніндегі саяси бірлестік жұмысының басым бағыттарына тоқталды, сондай-ақ Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардың электоралды науқанына сапалы дайындалудың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, Елбасы өзінің сөйлеген сөзінде ел өңірлеріндегі азаматтардың проблемаларын шешу, халыққа берген барлық уәделердің сапалы орындалуы — Бес институционалды реформаларды, 2021 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламаның, сайланған Президент бағдарламасының жүзеге асырылуы бойынша партияның жұмысын белсендіру қажеттігін атап өтті.

Бұл тұрғыда 21 тамызда Н.Ә. Назарбаевтың төрағалығымен өткен «Nur Otan» Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы зор маңызға ие болды. Отырыс барысында ол «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам — «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» атты партия жұмысын жүйелі жаңғырту бағдарламасын ұсынды.

Ұсынылған бағдарлама аясында партияның белсенді мүшелерін топтастыру, жемқорлықпен күресті күшейту және партиядан лайықты емес мүшелерді шығару үшін шаралар қабылдауды, барлық деңгейде партия органдарының әлеуетін мейлінше жүзеге асыруды, партиялық жауапкершілікті арттыруды тапсырды.

Партия міндеттерін сапалы орындау және атқарушы органдарға ықпал ету мақсатында «Nur Otan» көшбасшысы партияның Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардағы фракцияларының жұмысын барынша күшейту қажеттігін көрсетті.

Бұдан бөлек, Елбасы Партия төрағасының бірінші орынбасары Б.Қ. Байбекпен, Мәжіліс төрағасы Н.З. Нығматулинмен және Алматы қаласының әкімі Б.Ә. Сағынтаевпен кездесулерінде партияны жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру, қоғамдық қабылдаулар жұмысы және «Jas Otan» жастар қанатының қызметін белсендіру мәселелерін талқылады.

Н.Ә. Назарбаев қазан айында «Қазақстан – 2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» атты «Nur Otan» сайлауалды бағдарламасын және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру мақсатында кеңес отырысын өткізді, онда Парламент Мәжілісіндегі партия фракциясының алдында Үкімет атқарған жұмысы туралы есебін берді.

Отырыс барысында ол «Nur Otan» партиясының мүшелері — Премьер-министр А.Ұ. Маминнің, Мәжіліс төрағасы Н.З. Нығматулиннің, Премьер-министрдің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Ә.А. Смайыловтың, Премьер-министрдің орынбасарлары Б.М. Сапарбаев пен Р.В. Склярдың баяндамаларын тыңдады.

Есептерді тыңдай отырып, «Nur Otan» төрағасы партияның сайлауалды бағдарламасы Үкіметтің бесжылдық қызметінің негізін қалауы керек деп атап өтті, сондай-ақ 2020 жылдың 1 наурызына дейін әрбір аудан, қала және облыс бойынша аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеуді аяқтауды тапсырды.

Елбасы партияның рейтингі барлық деңгейдегі депутаттардың жұмысына байланысты болатынын атап өте отырып, Парламент Мәжілісіндегі және мәслихаттардағы «Nur Otan» фракциясының жұмысына жеке тоқталды. Осыған байланысты, фракцияның өңірлерге жұмыс сапарының форматын қайта қарап, партияның қоғамдық қабылдауларында басшылардың азаматтармен кездесулерін өткізу жөніндегі жұмысты белсендіру тапсырылды.

Қараша айында «Nur Otan» партиясы өңірлік филиалдарының өкілдерімен кеңесте сөз сөйлеп, Н.Ә. Назарбаев олар үшін партия органдарының жергілікті жерлердегі жұмысын күшейтуге және өңірлердегі партияның біріктіруші рөлін арттыруға байланысты бірқатар міндеттер қойды. Бұдан бөлек, ол елдің басқа саяси және қоғамдық күштерімен сындарлы диалог құру, партияның қатарына немесе онымен жұмыс жүргізуге бей-жай қарамайтын, мемлекет игілігі үшін жұмыс істеуге дайын азаматтарды тартудың маңыздылығына назар аударды.

Партия жұмысымен қатар Тұңғыш Президент жыл бойы Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірқатар ішкі мәселелерімен айналысты.

Осылайша, Елбасының төрағалығымен Қауіпсіздік кеңесінің 3 отырысы болып өтті. Сол отырыстарда елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, экологиялық, су және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Түркістан облысының Арыс қаласындағы ахуалды реттеу жөніндегі шұғыл шараларды қабылдау сияқты өзекті мәселелер қаралды.

Н.Ә. Назарбаев Арыс қаласында қаза болғандардың туған-туыстарына шын жүректен көңіл айтып, адамдардың өз үйлеріне оралуы мен Арыс қаласында құрылыс-жөндеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру бойынша қажетті тапсырмалар берді.

Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы елдің қорғаныс қабілетін нығайту, Қарулы Күштерінің әскери дайындығын арттыру міндеттерін Қорғаныс министрі Н.Б. Ермекевтің алдына қойды. Онымен кездесу барысында басшылық лауазымдарының санын қысқарту және қорғаныс ведомствосын басқару құрылымын оңтайландыру бойынша жұмыстың нәтижесіне ерекше назар аударылды.

Сондай-ақ сот жүйесін жаңғырту, елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайы, азаматтардың әлеуметтік-экономикалық саладағы құқығын қорғау мәселелері Тұңғыш Президенттің назарында болды. Осыған байланысты, ішкі істер органдарындағы реформаларға, құқықтық тәртіп пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан іс-шараларға барынша назар аударылды.

Елбасының Жоғарғы сот төрағасы Ж.Қ. Асановпен, Бас прокурор Ғ.Д. Нұрдәулетовпен, Ішкі істер министрі Е.З. Тұрғымбаевпен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы А.Ж. Шпекбаевпен осы тақырыптағы кездесулері өтті.

Еліміз үшін аса маңызды әрі мәнді кезеңде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жекелеген аспектілерін Тұңғыш Президент елдегі этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайту мәселелерімен тығыз байланыстырды.

Сәуірдің соңында «Бейбітшілік пен келісім формуласы: бірлік пен жаңғырту» ұранымен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVII сессиясында сөз сөйлеп, Н.Ә. Назарбаев «бірлік, достық және тұрақтылық — Қазақстан саясатының негізгі постулаттары, біздің еліміз гүлденуге қол жеткізудің негізі» екенін тағы да атап өтті.

Елбасының ҚХА хатшылығының меңгерушісі – төрағасының орынбасары Ж.Қ. Түймебаевпен кездесулері қоғамдағы тұрақтылықты сақтау мен бірлікті нығайту жөніндегі Ассамблеяның жүргізіп жатқан мәселелеріне арналды, бұл кездесулердің барысында 2020 жылы Ассамблеяның 25 жылдығын мерекелеуге уақытылы дайындалу қажеттігіне назар аударылды.

Тұңғыш Президенттің теңгерімді саяси жүйе құру аясында елдегі тұрақтылық пен азаматтық бейбітшілікті сақтау жөніндегі көпжылғы қызметі жұртшылықтың мойындауына бұрыннан ие болып үлгерді.

Маусым айында Алматы қаласында өткен «30 жыл көшбасшылық» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция осының жарқын дәлелі болды.

Форумға қатысушылар танымал қазақстандық және шетелдік қоғам және мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, сарапшылар болды. Олардың сөйлеген сөздерінің мазмұны Н.Ә. Назарбаевтің басшылығымен Қазақстан либералды-саяси реформалар жолында алысқа ілгерілеу, парламентаризм мен азаматтық қоғам дамуында мықты серпін жасай алу фактісінің дәлелі болды.

Елбасы үнемі қолын әлеуметтік көңіл-күй ырғағында ұстай отырып, оның ішінде, білім мен ғылым, отандық әдебиет, өнер және мәдениет салаларын дамытудың

өзекті мәселелері бойынша, сондай-ақ «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларының негізгі бағыттарын жүзеге асыру жөнінде жұртшылықпен тығыз байланыста болды.

19 наурыздан жылдың аяғына дейінгі кезең ішінде Тұңғыш Президент халық әртісі Б.А. Төлегеновамен, Ұлттық ғылым академиясының президенті М.Ж. Жұрыновпен, Халықаралық Түркі академиясының президенті Д.Қ. Қыдырәлімен, Ұлттық ғылым академиясының академиктері С.С. Қирабаевпен және У.Қ. Қалижановпен, «Назарбаев Университеті» АҚБ президенті Ш. Катсумен, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғ.М. Мұтановпен, «Алматы кітап баспасы» ЖШС Директорлар кеңесінің төрағасы Э.Н. Баталовамен, Халықаралық конкурстардың лауреаты, жас композитор, пианист Р.Т. Әбдісағынмен, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, суретші К.У. Муллашевпен кездесулері өтті.

Елдің мәдени өміріне қызығушылық таныта отырып, Н.Ә. Назарбаев өзінің тығыз кестесінде астаналық Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрына баруға уақыт тапты, онда «Тыраулап ұшқан тырналар» спектаклін тамашалап, көрермендермен және әртістермен әңгімелесті.

Осындай кездесулерді жиі өткізіп, түрлі қоғамдық іс-шараларға қатыса отырып, Елбасы халықтың хал-жағдайы мен оларды толғандыратын проблемалары туралы өз аузынан есту мүмкіндігіне ие болды.

Желтоқсанның басында туған өңірінде әлеуметтік инфрақұрылым құрылысы аясында ауқымды қызмет атқарып жатқан Жамбыл облысы Рысқұлов ауданы «Шаушен» шаруа қожалығының басшысы С.А. Дөненбаевпен кездесуі осындай нысанда өтті. Кәсіпкер Тұңғыш Президентке ауыл мен ауыл жастарына көрсетіліп жатқан қамқорлық пен қолдауы үшін ризашылығын білдірді.

Бұл тұрғыда, Н.Ә. Назарбаевтың 2019 жылды Жастар жылы деп жариялауының мәні жоғары болды, осы уақыт ішінде ол өсіп келе жатқан жас ұрпақ өкілдерімен жиі кездесіп тұрды.

Осылайша, наурыз айының соңында Алматы қаласына келген Тұңғыш Президентті ұшақ трапының жанында алматылық жастар және студенттік ұйымдардың өкілдері қарсы алып, үнемі көрсетілетін қамқорлық пен жан-жақты қолдауы, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына қосқан баға жетпес үлесі үшін алғыс білдірді.

Әлеуметтік және білім беру салаларындағы, оның ішінде талантты жастарды қолдауға бағытталған іс-шараларды іске асыру мәселелері Елбасының Тұңғыш Президент – Елбасы қорының атқарушы директоры Ә.Ө. Исекешевпен кездесуі барысында талқыланды, оның нәтижесінде дарынды жастарды және дамуында ерекшелігі бар балаларды қолдау бойынша қор жұмысын белсендіру тапсырылды.

Осы мақсаттарда Н.Ә. Назарбаев талантты және қабілетті жас қазақстандықтарға қолдау көрсету үшін операторы Тұңғыш Президент қоры болып табылатын «Ел үміті» бастамасын да алға тартты.

Бұл қатарда Назарбаев Университетінің мерейтойлы бесінші бітіруші студенттерін шығаруы жылдың айтулы оқиғасына айналды, онда Тұңғыш Президент дәстүр бойынша түлектерге дипломдарын табыстады және бүгінгі таңда ЖОО-ның жоғары білікті мамандары мемлекеттің технологиялық дамуына айтарлықтай үлес қосып отырғанын атап көрсетті.

Жастар жылы күнтізбесіндегі белгілі іс-шаралардың ішінде Елбасының жастарға тәрбие беру мен дене тәрбиесін дамыту үдерісінде зор маңызға ие жаңа құрылыстардың — астанадағы Назарбаев Университетінің атлетикалық орталығы мен Алматы облысы Қарасай ауданының Шамалған ауылындағы «Үшқоңыр» спорт кешенінің ашылу рәсімдеріне қатысуын атап өткен жөн.

Н.Ә. Назарбаевтың 21 маусымда Алматы қаласында өткен келешек ұрпаққа арналған уақыт капсуласын салу рәсімі жарқын әрі есте қаларлық іс-шара болды. Іс-шарада Тұңғыш Президент отыз жылдан кейін капсуланы ашу уақыты келген кезде әлем мүлдем өзгеріп кететінін атап өтті. Ол еліміз бен қазақстандықтар өзінің даму жолында ілгерілей беретініне сенім білдірді.

Қараша айының соңында астанада Елбасы Тұңғыш Президент қоры сыйлығының лауреаттарымен және елдің талантты жастарымен кездесті. Бұл іс-шара барысында ол өсіп келе жатқан ұрпақтың одан әрі дамуы үшін тең жағдайлар жасау жөніндегі шаралар туралы түбегейлі айтты. Атап айтқанда, ауыл мектептеріне қолдау көрсету мен жаңғырту бойынша жоспарланып жатқан іс-шараларға баса назар аударылды.

Н.Ә. Назарбаев желтоқсанда өткен мерекелік концертте Қазақстан халқын Тәуелсіздік күнімен құттықтай отырып, Жастар жылының соңында қазақстандықтардың жас ұрпағына жеке сөз арнауының мәні зор болды. Бұл ретте, ол «мемлекетіміз тәуелсіздік жылдарында қол жеткізіп жетістіктерді көбейте түсу маңызды. Біздің мақсаттарымыз бен идеямыз бір — Қазақстан тәуелсіздігін нығайту» деп атап өтті.



2019 жылы Қазақстан әлемдік сахнада халықаралық байланыстарды нығайту және өңірлік деңгейде интеграциялық өзара іс-қимылды одан әрі дамыту бойынша теңгерімді және көпвекторлы сыртқы саясатын жалғастырды.

Қол жеткізген нәтижелер негізінен Н.Ә. Назарбаевтың Тұңғыш Президент – Елбасы мәртебесінде атқарған сыртқы саяси қызметіне байланысты болды, соның арқасында Қазақстан өзін Батыс пен Шығыс елдерінің мүдделерін қозғайтын көптеген мәселелерді шешуде жауапты әрі сенімді серіктес ретінде көрсете білді.

Тұңғыш Президенттің бұл істегі еңбегін шетел көшбасшылары да, халықаралық ұйымдар да шынайы мойындады. Бұл оның бірқатар мемлекет басшыларымен әңгімелесуі барысында айтылды.

Атап айтқанда, Ресей Президенті В.В. Путин Н.Ә. Назарбаевты қазіргі заманның ең құрметті саясаткері деп атап, еуразиялық интеграция жобасын жүзеге асырудағы оның тарихи рөлін мәлімдеді.

Германияның Федералды канцлері А. Меркель Қазақстанның Тұңғыш Президентінің халықаралық сахнадағы жоғары беделін, сондай-ақ әлемдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі жемісті еңбегін атап өтті.

Түркияның Президенті Р. Ердоған Елбасының қызметін түркі әлемінің ұлы өкілі және әлемдік ауқымдағы саясаткер ретінде жоғары бағалайтынын айтты.

Иордания Королі Абдалла II, Польша Президенті А. Дуда, Армения Президенті А.В. Саркисян және басқа да бірқатар мемлекет және саяси қайраткерлер дәл осы бағытта өз ойларын білдірді.

Біздің елдің халықаралық сахнадағы ұстанымын одан әрі нығайту жолында Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанның шетел елдерімен көпвекторлы ынтымақтастығына бағытталған қызметі септігін тигізді.

Осылайша, стратегиялық серіктес — Ресеймен тығыз әрі көпжақты іс-қимыл екіжақты қарым-қатынастың жоғары деңгейін сақтап қалуға мүмкіндік берді. Бұл тұрғыда Елбасы 19 наурыздан жылдың аяғына дейінгі кезеңде Ресей Президенті В.В. Путинмен екіжақты және көпжақты кездесулер аясында бірнеше рет кездесті, сондай-ақ онымен бірқатар телефон арқылы сөйлесулер өткізді.

Болып өткен келіссөздер барысында көпжоспарлы Қазақстан – Ресей қатынастарының басым бағыттары, сауда-экономикалық және гуманитарлық өзара қарым-қатынас перспективалары, өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері, сондай-ақ көпжақты ұйымдар аясындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды.

Екіжақты қатынастардың маңызды оқиғасының бірі жыл ағымында жасалған Қазақстан көшбасшысының Ресейге сапарлары болды.

Оның Мәскеу қаласына қыркүйекте жасалған маңызды жұмыс сапары барысында Ресей Президентімен екі елдің қарым-қатынасының өзекті аспектілері талқыланды. Сапар аясында Елбасы Ресей Президентімен бірге Мәскеу қаласының 872 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралардың ашылуына қатысты.

Сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевтың Ресей Президентімен бірге Мәскеу қаласындағы ХШЖК аумағында қалпына келтірілген «Қазақстан» ұлттық павильонына баруының символдық мәні болды. Бұл іс-шара кезінде «Ел салтанаты» вокалды-хореографиялық композицияны, қазақстандық ауыл-шаруашылық көрме-жәрмеңкесін, сондай-ақ біздің еліміздің тарихи-мәдени мұрасына арналған Қазақстан Республикасының ұлттық мұражайы көрмесін аралап көрді.

Мамыр айында Қазақстанның Тұңғыш Президенті В.В. Путиннің шақыруы бойынша Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 74 жылдығына орай Мәскеу қаласының Қызыл алаңында өткен әскери шеруге құрметті мейман ретінде қатысты.

Жалпы екі жақтың әңгімелесуі барысында екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің үдемелі дамуы жалғасын табатынына сенім білдірілді. Бұл ретте, ресейлік көшбасшы Н.Ә. Назарбаевқа екіжақты одақтастық қатынастарды дамытуға қосқан зор жеке үлесі үшін бірнеше рет ризашылығын білдірді.

Ресейлік вектормен қатар, Қазақстанның азиялық бағыттағы ынтымақтастығын дамыту мәселелері Елбасының назарында болып отыр, бұл жерде сыртқы саясаттың өзекті басымдығы ретінде Қытаймен қарым-қатынастар болып табылады.

Н.Ә. Назарбаевтың жаңа мәртебесінде бұл елге сәуір айының аяғында жасаған бірінші сапары басты оқиғаға айналды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен жылы әрі сындарлы кездесу өткізді, онда экономиканың түрлі салаларындағы екіжақты қатынастың жоғары серпіні қанағаттанарлықпен атап айтылды.

Сапар бағдарламасындағы айтулы іс-шара Бейжің қаласындағы ҚХР Халық жиналысы үйінде өткен Н.Ә. Назарбаевты екіжақты татукөршілестік қарым-қатынасты ілгерілету және мемлекеттер арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестікті дамыту ісіне қосқан үлесі үшін «Достық» орденімен марапаттау рәсімі болды. ҚХР Төрағасы Қазақстанның Тұңғыш Президентінің ынтымақтастықты нығайтудағы қызметін атап өте отырып, оның халықаралық кооперацияны дамытуға қосқан зор үлесіне ерекше назар аударды.

Елбасының Қытайға сапары 37 мемлекет және үкімет басшылары жиналған «Бір белдеу, бір жол» II Халықаралық ынтымақтастық форумына қатысуымен тұспа-тұс келді.

Форумның ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстан «Белдеу мен жолдың» бастамасын алғашқы күннен бастап қолдағанын атап өтті және бірінші форумның қол жеткізген нәтижелеріне тоқталды. Бұдан бөлек, ол «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобасы мен Еуразиялық экономикалық одағының түйіндесу әлеуеті туралы, сондай-ақ Қазақстанның қатысуымен жүзеге асырылып жатқан логистикалық жобалар туралы әңгімелеп берді.

Форум сессиясында сөйлеген сөзінде Елбасы форумға қатысушылармен заманауи жаһандық сын-қатерлерді еңсеру жолдарымен бөлісті және «Үш Д» жаңа геосаяси шындықты ұсынды, ол үш деңгейде «Үш диалог» қалыптастыру қажеттігін білдіреді: 1) АҚШ, Ресей, Қытай мен Еуропалық Одақ арасында; 2) АӨСШК және ЕҚЫҰ арасында; 3) ЕАЭО, ЕО, ШЫҰ және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қауымдастығы арасында. Қазақстанның Тұңғыш Президенті осы үш диалогтың іске қосылуы біріккен Еуразияның тұрақты келешегі үшін өзара қарым-қатынас қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап айтты.

Бейжің қаласына жасаған сапары барысында Н.Ә. Назарбаев ҚХР-дің ресми БАҚ-тарына сұхбат берді, онда «Бір белдеу, бір жол» бастамасын іске асырудың бұдан былайғы перспективасына қатысты сұрақтарға жауап беріп, сондай-ақ «Нұрлы жол» және «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бағдарламаларын түйістіру нәтижелері туралы әңгімелеп берді.

Мәдени бағдарлама аясында Елбасы «Shinework Pictures» Қытай кинокомпаниясының басшылығымен, сондай-ақ танымал актер Д. Чанмен және оның шығармашыл командасының мүшелерімен кездесу өткізді.

Қазақстанның Тұңғыш Президентінің Азияға жасаған тағы бір белгілі сапары қазан айында Жапонияға сол елдің Премьер-министрі С. Абэнің жеке шақыруымен Император Нарухитоны ресми таққа отырғызу рәсіміне қатысу үшін баруы болды.

Елбасының Күншығыс еліне сапарының өте тиімді тәжірибелік мәні де болды. Көлемі дүние жүзі бойынша үшінші экономикасы бар елмен екіжақты қатынасты дамыту аясында Н.Ә. Назарбаев Жапония Үкіметі басшысымен маңызды келіссөздер жүргізді, оның барысында тараптар екіжақты ынтымақтастық және сауда-экономикалық қатынастарды дамыту мәселелерін талқылады, Корея түбегіндегі ахуалға қатысты пікір алмасып, өңірдегі, сондай-ақ әлемнің басқа да жерлеріндегі қақтығыстарды бейбіт реттеудің маңыздылығын атап өтті.

Елбасы Жапония Премьерімен бірге екі елдің арасындағы қарым-қатынастың жоғары мәртебесін дәлелдеді, ол Қазақстанның Тұңғыш Президентінің 2016 жылы Жапонияға жасаған сапары барысында жаңа сапалы «кеңейтілген стратегиялық серіктестік» дәрежесіне шығарылды.

Н.Ә. Назарбаев сапар аясында Жапония Парламентінің Қазақстан Республикасымен достық лигасының төрағасы Т. Кавамурамен кездесті, оның барысында Қазақстан мен Жапония халықтарының өркендеуі жолында парламентаралық байланыстарды одан әрі дамытудың маңыздылығын ерекше атап өтті.

Бұдан бөлек, Елбасы Токио қаласына сапары барысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының басты элементтерінің бірі болып табылатын «Архив-2025» бағдарламасы шеңберінде Жапония Үкіметінің техникалық көмек көрсету бойынша жобасымен танысты.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Жапонияға сапарының соңында оған Цукуба университетінің Құрметті докторы атағының берілу рәсіміне қатысты. Құрметті атақты қабыл алған Н.Ә. Назарбаев Жапонияның жетекші ұлттық университеті тарапынан көрсеткен құрмет, Қазақстанның барша халқына көрсеткен құрмет болып табылатынын атап өтті. Мүмкіндікті пайдалана отырып, ол Цукуба университетін Қазақстанның технологиялық парктерімен ынтымақтастыққа шақырды.

Елбасы Ресей, Қытай және Жапониямен стратегиялық серіктестік байланыстарды сақтай отырып, Қазақстанның Орталық Азия елдерімен өзара іс-қимылды дамыту мәселелерін назардан тыс қалдырған жоқ.

Өңірлік серіктестікті тереңдетуге ерекше серпін берген өзекті оқиға Ташкент қаласында қараша айының соңында өткен Орталық Азия елдері басшыларының екінші консультативтік кездесуі болды, онда бесжақты ынтымақтастықтың бұдан былайғы басымдықтары талқыланды.

Шағын құрамдағы отырыс қорытындысы бойынша төрт ортаазия елдерінің басшылары Н.Ә. Назарбаевқа Орталық Азия елдері басшыларының консультативтік кездесуінің құрметті төрағасы мәртебесін беру туралы шешім қабылдады.

Елбасы кеңейтілген форматтағы кездесуде сөйлеген сөзінде былтыр Қазақстан астанасында басталған диалог Орталық Азия тарихында жаңа парақ ашқанын атап айтты, сондай-ақ өңірішілік кооперацияны одан әрі ілгерілету идеяларымен бөлісті.

Нақты айтқанда, «XXI ғасырда Орталық Азияны дамыту мақсатындағы тату көршілестік және ынтымақтастық туралы бесжақты келісім жасасу туралы» мүмкіндігін қарастыру ұсынылды. Бұл тұрғыда Қазақстанның Тұңғыш Президенті қолда бар мұраны кеңейтіп, тереңдетуге шақырды, бұл біздің барлық елдеріміз бен халықтарымыздың мүддесін қозғайтынын атап өтті.

Екінші консультативтік кездесудің қорытындысы Елбасының ортаазиялық интеграцияға берген «жаңа демнің» сенімді көрсеткіші болды. Бұл, өз кезегінде, оның өз өңірінің тағдырына немқұрайлы қарамайтындығының айғағы еді.

Бұл жерде, Н.Ә. Назарбаев ортаазиялық интеграцияның басты бастамашысына айналған соң, 2019 жылы барша түркі әлемінің бейресми көшбасшысы болып танылғанын да атап өткен жөн.

Бұл қазан айында Баку қаласында өткен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің (ТМЫК) отырысында жарқын көрініс тапты.

Түркия Президенті Р. Ердоғанның ұсынысы бойынша Қазақстанның Тұңғыш Президентіне түркі әлемі елдерін дамытуға қосқан зор үлесі үшін осы көпжақты институттың ғұмыр бойғы құрметті төрағасы мәртебесінің берілуі туралы Түркі кеңесі мемлекеттері басшыларының қабылдаған тарихи шешімі бұл іс-шараның алғышарты болды.

Осыны ескере отырып, Әзірбайжан Президенті И.Г. Әлиев Баку кездесуінде Н.Ә. Назарбаевты ТМЫК ғұмыр бойғы құрметті төрағасы ретінде таныстыра отырып, осы ұйым бекіткен жаңа марапат — Түркі әлемінің Жоғары орденін табыс етті.

Елбасы кездесу барысындағы сөйлеген сөзінде Түркі кеңесіндегі жаңа мәртебе ұйымның жұмысына белсенді қатысуды жалғастыруға және оның одан әрі дамуына бар күшті жұмсауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Н.Ә. Назарбаев Өзбекстан Президенті Ш.М. Мирзиёевті және барша өзбек халқын Түркі кеңесіне толық құқылы мүшесі ретінде өтуімен құттықтады, сондай-ақ Венгрияның Премьер-министрі В. Орбанның ТМЫК-қа байқаушы елдің өкілі ретінде алғашқы қатысуын атап өтті.

Түркі интеграциясы үдерісі жалғасуының маңыздылығын атап көрсете отырып, Түркі кеңесінің құрметті төрағасы ұйымды одан әрі дамыту үшін қажетті бірқатар бастамаларды алға тартты. Нақты айтқанда, ТМЫК жұмысын Ұйым деңгейіне дейін арттыру бастамасы ерекше назар аудартты. Бұл бауырлас елдердің өзара стратегиялық іс-қимылы үшін шынайы институционалды базис құруға мүмкіндік береді, әрі олардың ұстанымдарының тиімді үйлестірілуін қамтамасыз етеді.

Болып өткен кездесу барысында барлық түркі мемлекеттерінің көшбасшылары Қазақстанның Тұңғыш Президентінің барша Түркі әлемі елдерінің екіжақты іс-қимылы мен ынтымақтастығын нығайту үшін қосқан баға жетпес үлесін ерекше атап өткенін айтып өту керек. Өйткені ТМЫК құрметті төрағасының күш салуының арқасында Еуразиядағы халықаралық қатынастардың маңызды факторына айнала отырып, түркі интеграциясының шынайы кескіні көріне бастады.

Ортаазиялық және түркі бағыттардан өзге Н.Ә. Назарбаев ТМД аумағына енетін таяу шет елдермен өзара қарым-қатынасқа үлкен назар аударуын жалғастырып отыр. 2019 жылдың наурыз айының соңынан бастап Қазақстанның ұлт көшбасшысы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңесінің екі отырысына және ТМД-ға қатысушы мемлекеттер басшыларының бір бейресми кездесуіне белсенді қатысты.

Бұл қатарда Нұр-Сұлтан қаласында мамыр айының соңында Қазақстанның Тұңғыш Президентінің еуразиялық интеграция жөніндегі идеясының 25 жылдығына және Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартына қол қойылуының 5 жылдығына орайластырып өткізілген Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңесі (ЖЕЭК) отырысының тарихи маңызы зор.

Іс-шараның қарсаңында Елбасы Қазақстанға отырысқа қатысу үшін келген Ресей Президенті В.В. Путинмен, Беларусь Президенті А.Г. Лукашенкомен және Қырғызстан Президенті С.Ш. Жээнбековпен кездесулер өткізді. Олардың ЖЕЭК дамуына қосқан үлесін атап өтіп, оларға «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» орденін табыс етті.

Марапатталғандар Қазақстанның Тұңғыш Президентіне жоғары награда үшін алғыс білдіріп, оның ЖЕЭК қалыптасуындағы маңызды рөлін атап өтті. Оған дәлел ретінде, отырыста Ресей Президентінің бастамасымен және ЖЕЭК мүше мемлекеттер басшыларының қолдауы бойынша Н.Ә. Назарбаевқа «Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің құрметті төрағасы» атағы берілді.

ЖЕЭК отырысында сөйлеген сөзінде Қазақстанның Тұңғыш Президентімен Еуразиядағы интеграциялық үдерістердің одан әрі дамуының жаңа көзқарасы ұсынылды. ЖЕЭК стратегиялық сұлбасын кеңейту, интеграция идеясын күшейту, Еуропалық одақпен, Шанхай ынтымақтастық ұйымымен, АСЕАН-мен толыққанды экономикалық ынтымақтастықты орнату қажеттігі көрсетілді. Елбасы евразиялық экономикалық кеңістіктің мәні жаһандық өзара іс-қимылда барынша ашық ету болып табылатынын атап өтті.

Еуразиялық экономикалық күн тәртібінің логикалық жалғасы Н.Ә. Назарбаевтың Санкт-Петербург қаласында 20 желтоқсанда өткен келесі ЖЕЭК отырысына қатысуы болды, онда талқыланған негізгі тақырып ЕАЭО жұмысының аралық қорытындысы және таяу жылдарға арналған интеграциялық өзара іс-қимыл перспективалары болып табылды.

Санкт-Петербург қаласына жасаған сапары аясында Қазақстанның Тұңғыш Президенті ТМД елдері көшбасшыларының бейресми кездесуіне қатысты, оның барысында 2019 жылғы Достастық қызметінің қорытындысы жасалып, түрлі салалардағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту және нығайту мәселелері бойынша пікір алмасу болып өтті.

Біздің елде өткен халықаралық форумдарға Елбасының қатысуы Қазақстанның халықаралық сахнада жайғасуы үшін маңызды мәнге ие болды. Олардың барлығы да жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталғанын атап өту керек.

Н.Ә. Назарбаевтың ядролық қаруды таратпау жөніндегі көпжылғы қызметі барлық дүниежүзілік қауымдастыққа бұрыннан белгілі. Бұл тұрғыда тамыз айының соңында Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Нұрсұлтан Назарбаевтың ядролық қарусыз әлем және жаһандық қауіпсіздік үшін сыйлығының» табысталу рәсімі атаулы оқиға болды.

2019 жылы бірауыздан қабылданған шешім бойынша бұл сыйлық екі лауреатқа — бұрынғы МАГАТЭ бас директоры, қазір марқұм болған Ю. Аmano мен ЯСЖТШҰ атқарушы директоры Л. Зербоға тағайындалды. Елбасы Л. Зербоға, сондай-ақ Ю. Аманоның зайыбы мен інісіне награданы өзі табыстады.

Рәсімге қатысушылардың алдында сөз сөйлеген Н.Ә. Назарбаев бұл сыйлық адамзаттың болашағы ядролық қарусыз әлемде екенін еске салатынына сенім білдірді. Ол 29 тамыз күнін жаһандық антиядролық қозғалыс үшін маңыздылығын атап өтті, сондай-ақ ядролық қарусыздандыру және таратпау мәселелері бойынша бірқатар принципті тезистерін ұсынды.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті жаһандық қауымдастық біздің планетамыздың болашағы туралы диалогтың пайдасына қарай қадам жасауға даналық шешім қабылдауы керектігін атап өтті. Ол үшін, ең алдымен ядролық державалардың басшылары келіссөздер жүргізуі керек.

Елбасының жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша сарапшылық пікір алмасу жөніндегі бастамасын жүзеге асыру жолы ретінде «Үлкен Еуразия: жаһандық ынтымақтастықтың жаңа құрылымы жолында» тақырыбындағы «Astana Club» V отырысы болды, оған 50-ден астам жетекші сарапшылар, саясаткерлер мен дипломаттар қатысты.

Отырысқа қатысып сөз сөйлеген Н.Ә. Назарбаев еуразиялық кеңістіктегі геосаяси ахуалға теріс әсерін беретін өзекті тәуекелдер туралы айтты, сондай-ақ Үлкен Еуразияда жаңа «ойын шарттарын» құруға бағытталған бірқатар тәжірибелік шараларын ұсынды.

Бұдан бөлек, Қазақстанның Тұңғыш Президенті ядролық қарусыз әлем жаһандық альянсын құру туралы бастамасын ұсынды. Бұл тұрғыда ол Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің құрметті төрағасы ретінде ЕО – ЕАЭК серіктестік механизмін енгізу үдерісіне жан-жақты көмек көрсетуге дайын екенін атап айтты.

Көптеген қатысушы сарапшылардың атап айтуынша, Н.Ә. Назарбаевтың жеке қатысуының арқасында «Astana Club» халықаралық диалог жүргізу платформаларының жүйесінде өзінің бірегей орнын алып, беделді әрі маңызды форумға айналды.

Еуразия тақырыбына арналған маңызды халықаралық іс-шаралардың бірі қыркүйек айында Нұр-Сұлтан қаласында өткен Еуразия елдері парламент спикерлерінің IV кеңесі болды.

Кеңеске қатысушылардың алдында сөйлеген сөзінде Елбасы парламентаралық ынтымақтастықты дұрыс жолға қоюдың маңыздылығын атап өтті, сондай-ақ еура-

зиялық диалогты, құрлық елдері арасындағы сенім мен серіктестікті нығайту жөніндегі бірқатар ұсыныстарын жасады. Бұдан бөлек, ол жаһандық қауымдастық үшін үлкен маңызға ие халықаралық шарттарды ратификациялау жөніндегі жұмысты белсендіру қажеттігін атап өтті.

Жалпы, 2019 жылғы сыртқы саяси қорытындыларды жасай отырып, Қазақстанның Тұңғыш Президенті өзінің уақытының көп бөлігін шетелдік сапарларға, сондай-ақ екіжақты және көпжақты форматтағы көптеген кездесулерді өткізуге бөлді деуге болды.

Жалпы алғанда, 19 наурыздан бастап 2019 жылдың соңына дейін Н.Ә. Назарбаев 7 шетелдік сапар жасады. Атап айтқанда, ол Қытай (25–28 сәуір), Ресей (9 мамыр, 6–7 қыркүйек, 20 желтоқсан), Әзірбайжан (14–15 қазан), Жапония (21–23 қазан), Өзбекстанда (28–29 қазан) болды.

Осы кезең ішінде Елбасы 5 мемлекетаралық саммитке: Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысына (Нұр-Сұлтан қаласы, 29 мамыр), VII Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің отырысына (Баку қаласы, 15 қазан), Орталық Азия мемлекеттері басшыларының екінші консультативтік кездесуіне (Ташкент қаласы, 29 қараша), Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысына (Санкт-Петербург қаласы, 20 желтоқсан), ТМД-ға қатысушы мемлекеттер басшыларының бейресми кездесуіне (Санкт-Петербург қаласы, 20 желтоқсан), сондай-ақ 4 халықаралық форумға: «Бір белдеу — бір жол» II халықаралық ынтымақтастық форумына (Бейжің қаласы, 26–27 сәуір), XII Астана экономикалық форумына (Нұр-Сұлтан қаласы, 16 мамыр), Еуразия елдері парламенттері спикерлерінің IV кеңесіне (Нұр-Сұлтан қаласы, 24 қыркүйек) және V «Astana Club» отырысына (Нұр-Сұлтан қаласы, 12 қараша), сондай-ақ «Нұрсұлтан Назарбаевтың ядролық қарусыз әлем және жаһандық қауіпсіздік үшін сыйлығының» табысталу рәсіміне (Нұр-Сұлтан қаласы, 29 тамыз) қатысты.

Осы кезең ішінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті әр түрлі халықаралық алаңдарда шетел мемлекеттері мен үкіметтерінің басшыларымен, шетел парламенттерінің төрағаларымен, басқа мемлекеттердің сыртқы істер министрлерімен, халықаралық ұйымдар басшыларымен, шетел елдерінің сарапшылық қауымдастығы мен бизнес-элиталарының көрнекті өкілдерімен кездесті.

Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев Әзірбайжан Президенті И.Г. Әлиевпен, Қырғызстан Президенті С.Ш. Жээнбековпен, Тәжікстан Президенті Э.Ш. Рахмонмен, Түркия Президенті Р. Ердоғанмен, Өзбекстан Президенті Ш.М. Мирзиёевпен, Украина Президенті В.А. Зеленскиймен, Армения Премьер-министрі Н.В. Пашинянмен, Ресей парламентінің төрағасы В.В. Володинмен, Қытай парламентінің төрағасы Ли Чжаньшу, Түркия парламентінің төрағасы М. Шентоппен, Корея парламентінің төрағасы Мун Хи Санмен, Сауд Аравиясы парламентінің төрағасы Абдулла Әл-Шейхпен, Оман парламентінің төрағасы Халид Әл-Мауалимен, Татарстан Мемкеңесінің төрағасы Ф.Х. Мухаметшинмен, Түркия Сыртқы істер министрі М. Чавушоғлымен, Иран Сыртқы істер министрі

М. Зарифпен, МАГАТЭ бас директоры М.Э. Хейуордпен, ЯСЖТШҰ атқарушы хатшысы Л. Зербомен, ЕЭК алқа төрағасы Т.С. Саркисянмен, ТМЫК бас хатшысы Б.Қ. Әміреевпен, Еуропалық комиссияның бұрынғы төрағасы Ж.М. Баррозумен, МАГАТЭ бұрынғы бас директоры М. әл-Барадеймен, Жаһандық қауіпсіздік институтының президенті Дж. Граноффпен, Ұлттық мүдделер орталығының президенті Д. Саймспен, РСЗИ директоры М.Е. Фрадковпен, Хорватияның бұрынғы Президенті С. Месичпен, «JP Morgan Chase International» басқарма төрағасы Дж. Френкельмен, «ALSTOM» компаниясының басқарма төрағасы А. Пупар-Лафаржбен және т.б. кездесті.

Бұдан бөлек, Елбасы Қазақстанға мемлекеттік және ресми сапармен келген шетел мемлекеттерінің, үкіметтерінің және халықаралық ұйымдардың басшыларымен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді. Атап айтқанда, ол Корея Республикасының Президенті Мун Чжэ Инмен (22 сәуір), Беларусь Республикасының Президенті А.Г. Лукашенкомен (25 қазан), Швейцария Конфедерациясының Президенті У. Маурермен (22 қараша), Венгрия Премьер-министрі В. Орбанмен (24 сәуір) Моңғолия Премьер-министрі У. Хурэлсухпен (10 қазан), Еуропалық кеңестің төрағасы Д. Тускпен (31 мамыр) кездесті.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ Армения, Қырғызстан, Польша, Ресей, Түркия, Өзбекстан, Украина президенттерімен, Германия Канцлерімен, Иордания Королімен, Түркияның бұрынғы Президенті А. Гүлмен телефон арқылы сөйлесті.

Елбасы Ресейдің Төтенше және Өкілетті өкілі А.Н. Бородавкинді, Қытайдың Төтенше және Өкілетті өкілі Чжан Сяоны, АҚШ Төтенше және Өкілетті өкілі У. Мозерді және БАӘ Төтенше және Өкілетті өкілі Мохаммад әл-Джаберді қабылдады.



2019 жыл экономикалық сала бойынша Елбасы белгілеген Қазақстанның әлемнің 30 алдыңғы қатарлы елдерінің қатарына ену бағытын жалғастыру мен дамыту жылы болып анықталды. Осы мақсатқа жету үшін биыл Үкімет жаңғыртудың барлық маңызды бағыттары бойынша жұмыс жүргізді.

Осының көзге көрінетін нәтижесі ретінде өңдеу секторында шығарылатын өнім өндірісі артты — тарихта алғаш рет оның айлық көлемі қарашада 1 трлн. теңгеден асты. Ең алдымен, бұл өндіріс көлемінің артуымен және тауарлар номенклатурасының кеңеюімен, сондай-ақ металлургия өнеркәсібі, машина жасау, химия және фармацевтика салаларында белсенді технологиялық даму мен цифрландыру арқасында жүзеге асты.

Сонымен қатар, Тұңғыш Президент бастамасын салған «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы тәжірибе жүзінде іске аса бастады, ол ішкі нарықты отандық тауарлармен тойдыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, жеңілдетілген кредит беру бағдарламасы күн сайынғы тұтыну тауарларының 250-ден астам өндірісін құруға мүмкіндік береді, бұл «қарапайым заттар экономикасы» өнімін импорттау үлесін 59%-дан 37%-ға дейін төмендете алады.

Тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін жаңа шаралар «Nur Otan» төрағасымен тамыз айында өткен партияның Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында ұсынылды.

Қазақстан экономикасының жағдайы туралы айта отырып, Н.Ә. Назарбаев Қазақстан экономикасының ағымдағы өсімі дүниежүзілік орта мәні деңгейіндегі 4% мөлшері әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына енуге жеткіліксіз екенін атап өтті. Оның сөзінше, бұл мақсатқа жету үшін бізге ІЖӨ өсімін 7,5% қамтамасыз етуіміз керек, қазір бұл белсенді жұмыс үшін барлық күш-жігер мен мүмкіндіктер бар.

Жаһандық технологиялық трансформация мүмкіндіктерін назарға ала отырып, Елбасының сөзінде жасанды интеллект мәселелері баса айтылды. Оны дамыту бойынша алдыңғы қатарлы ауқымды әрі жүйелі шаралары ретінде қажетті заңнамалық базаны, бұл саладағы зерттемелерге кәсіпкерлік және ғылыми қолдау көрсету экожүйесін құру ұсынылды. Осыған орай, Тұңғыш Президент Қазақстанның ірі бизнесін осы бағыттағы жұмысқа қатысуға шақырды.

Қазақстанды қажетті экономикалық өсім траекториясына шығару шаралары ретінде Н.Ә. Назарбаев, нақты айтқанда, бизнеске салынатын салықтық жүктемені төмендету арқылы салықтық ынталандыруды атап көрсетті. Осы ұсынымның көрсеткіші ретінде Президент Қ.К. Тоқаевтың қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында микро- және шағын бизнес субъектілеріне үш жыл мерзіміне жарияланған салықтық каникул, сондай-ақ 2020 жылдың 1 қаңтарынан басталған тексеру жүргізуге үш жылдық мораторий болды.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының қызметі үнемі Елбасының жеке бақылауында болып келеді.

Осы Қорды басқару жөніндегі кеңестің мамырдағы және қарашадағы отырыстарының барысында Тұңғыш Президентпен оның 2018–2028 жылдарға арналған даму стратегиясын жүзеге асыру мен холдингіні жаңғырту жөніндегі тапсырмалардың орындалу барысы мақұлданды. Сонымен бірге, Қор компанияларының қаржылық жағдайын жақсартуға бағытталған, сондай-ақ жекешелендіру жоспарын одан әрі жүзеге асыру ұсыныстарын қарау маңыздылығы ерекше атап өтілді.

Отырыстардың бірінде Н.Ә. Назарбаев Басқару кеңесі мен Директорлар кеңесіне «халық пен бизнестің қор қызметіне сенімін арттыру бойынша жоспарлы жұмыс жасау қажет. Осының барлығы Қазақстан мен біздің халыққа тиесілі екенін азаматтар түсіну керек» деп атап айтты.

Қордың қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға белсенді қатысу қажеттігін Елбасы «Самұрық-Қазына» басқармасының төрағасы А.С. Есімовпен тамыздағы кездесуінде атап көрсетті.

Нақты айтқанда, жұмыс істеп тұрған инфрақұрылым негізінде көпбейінді оңалту орталықтарын құру, жалпы білім беру мектептерінде инклюзияны қолдау қосымша ресурстық кабинеттерін ұйымдастыру арқылы «Қамқорлық» бастамасының аясында мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау мәселесіне баса назар аударылды.

Бұдан басқа, елдің шалғай өңірлеріндегі аз қамтылған отбасылардың талантты балаларын қолдау мен дамыту, сондай-ақ медицина орталықтарының материалдық базасын жақсарту және денсаулық сақтау саласындағы кадр әлеуетін арттыру бойынша нақты тапсырмалар берілді.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-мен бірге «Астана» халықаралық қаржы орталығының қызметі мен одан арғы жұмысының жоспары туралы мәселелер Елбасының үнемі назарында болды. Нақты айтқанда, бұл мәселе Тұңғыш Президенттің мамырдағы АХҚО басқарушысы К.Н. Келімбетовпен кездесуінде талқыланды.

Қыркүйекте Н.Ә. Назарбаев қаржы орталығына барып, АХҚО Сот қызметі, Ағылшын құқығы академиясы, Халықаралық төрелік орталық және АХҚО Жағдаяттық орталығы туралы ақпараттандырылды. Бұдан бөлек, негізгі акционерлермен және қаржы орталығы биржасының қатысушыларымен кездесуі өтті, онда АХҚО биржасы арқылы жекешелендіру жоспарын жүзеге асыру бойынша жұмысты жалғастыру және АХҚО-ға ең ірі халықаралық қаржы орталықтарының сенімін нығайту қажеттігі атап өтілді.

Сондай-ақ «жасыл» экономика саласын дамыту және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Елбасы мамырда Халықаралық «жасыл» технологиялар мен инвестициялық жобалар орталығында болды. Тұңғыш Президентке жел, күн, су және геотермальдық ресурстардың әлеуеті, қатты тұрмыстық қалдықтар мен биомассаның орналасуы туралы ақпаратты біріктіретін цифрлық алаң прототипі таныстырылды. Одан басқа, ол қалпына келтірілетін энергия көзі саласындағы қазақстандық жоғары оқу орындарының бірқатар жобаларымен және келешегі бар зерттемелерімен танысты.

XII Астана экономикалық форумы дүние жүзі экономикасын дамытудың өзекті мәселелеріне арналды, оған әлемнің 70-тен астам елінен 5 мыңнан астам саяси, сарапшы және іскер орталықтарының өкілдері қатысты. Н.Ә. Назарбаев форумда сөйлеген сөзінде жаһандық экономикадағы соңғы өзгерістерге қатысты пікірімен бөлісті және мемлекетаралық диалогты жақсарту бойынша бірқатар идеяларын ұсынды.

Нақты айтқанда, АЭФ аясында бизнес және ЕО, ЕАЭО, ШЫҰ және АСЕАН интеграциялық бірлестіктердің ұлттық органдардан жоғары тұратын органдарының өкілдері саяси көшбасшылары шешуге бата алмай жүрген ынтымақтастық мәселелерін талқылай алатын «Диалог G-Global. Үлкен Еуразия» жеке платформасын құру ұсынылды.

Еліміздің астанасы Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін және құрылысын дамыту мәселелері Елбасының ерекше бақылауында болды. Бұл тұрғыда газдандыру, көшелерді көгалдандыру, көлік жүктемесін азайту, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі, экологиялық проблемаларды шешу, тұрғындардың өмір сүруі үшін ыңғайлы жағдайлар жасау және әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелеріне баса назар аударылды.

Тұңғыш Президент пен Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.С. Көлгіновтің кездесуі осы және басқа да көптеген мәселелерге арналды, онда сондай-ақ астана экономикасына инвестиция тарту және шағын және орта бизнес кәсіпорындарын дамытуға икемді климат құру міндеттеріне ерекше назар аударылды.

Қыркүйекте Н.Ә. Назарбаев астана айналасында «жасыл белдеуді» дамыту мәселесіне арналған кеңес өткізді, онда Нұр-Сұлтан қаласын көгалдандыру жөніндегі тәжірибесін еліміздің басқа өңірлеріне де қолданудың маңыздылығын ерекше атап өтті.

Желтоқсанда Елбасы Нұр-Сұлтан қаласының тұңғыш құрылысшыларымен кездесу өткізді, кездесу аясында оған қатысушылармен бірге астананың қалыптасуы мен даму тарихына арналған көрмені аралап көрді, астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру барысындағы естеліктермен бөлісті.

Түркістан қаласын дамыту жөніндегі ауқымды жұмыс Тұңғыш Президенттің назарында болды. Осылайша, Елбасы осы қалаға жасаған жұмыс сапары барысында бірқатар мәдени-ағарту нысандарының құрылысы барысымен танысты, еңбек ұжымдарымен және жұртшылық өкілдерімен кездесті.

Қала тұрғындарымен әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев облыс орталығын Түркістан қаласына ауыстыру туралы шешімінің тарихи маңызын атап өтті, сондай-ақ қала құрылысы мен нысандарын қалпына келтіру үдерісіне қатысушылардың барлығына ризашылығын білдірді.

Жалпы, Тұңғыш Президент астана мен Түркістан қаласы мәселелерімен ғана шектеліп қоймай, елдің барлық өңірлерінің, әсіресе ауылды қолдауға, жаңа жұмыс орындарын ашып, әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған сұрақтарды жеке бақылауында ұстағанын атап өту керек.

Осылайша, «Nur Otan» партиясының өңірлік филиалдары өкілдерімен қараша айында өткен кеңесінде Елбасы Үкіметтің өңірлерді одан әрі қолдау жөніндегі жоспарларына жеке тоқталды. Мәселен, 2026 жылға дейін ауылды қолдауға шамамен 2 трлн теңге қаражат бөліну көзделуде. Жуық арадағы үш жыл ішінде халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 560 млрд теңге қаражат бөлінетін болады. 2023 жылдың соңына қарай барлық елді мекендерге сапалы ауыз су қолжетімді болуы қажет.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде сондай-ақ «Еңбек» бағдарламасының болжамды қорытындыларына да тоқталды, оның аясында жақын арадағы екі жыл ішінде 1,5 млн адам қамтылмақ, 750 мыңнан астам жұмыс орындарын ашу жоспарланып отыр.

Осыған орай, «Nur Otan» төрағасы жергілікті жерлердің проблемалы тұстарын жақсы білетін өңірлердегі партияластар атаулы және барынша тиімді нәтиже болуы үшін осы жоспарлардың іске асырылуына жәрдемдесуі керек екеніне назар аударды.

Ел ауқымындағы әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін талқылау үшін Елбасы Премьер-министрді, Ұлттық банк төрағасын, Үкімет мүшелерін, бірқатар

өңірлердің, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының әкімдерін қабылдады, сондай-ақ «Қазақстан Халық банкі» АҚ және «Орталық Азия электр-энергетикалық корпорациясы» АҚ басшыларымен жеке кездесулер өткізді.

«ALSTOM» компаниясы басқармасының төрағасы А. Пупар-Лафаржбен кездесу барысында инвестициялық ынтымақтастық жағдайы мен перспективалары, сондай-ақ Қазақстанның транспорттық тасымалдау әлеуетін нығайту аясындағы инфрақұрылымдық даму мәселелері қаралды.

2019 жылдың экономикалық оқиғалар күнтізбесінің соңы Тұңғыш Президенттің «ERG» компаниясының 25 жылдығына арналған салтанатты іс-шарасына қатысуымен есте қалды. Ол сөйлеген сөзінде осы атаулы датамен Еуразиялық топ құрамына енетін кәсіпорындардың еңбек ұжымдарын құттықтады, сондай-ақ компанияның қалыптасуы Қазақстан тәуелсіздігін дамыту және нығайтумен тығыз байланысты екенін атап өтті.



Н.Ә. Назарбаевтың 2019 жылғы жұмыс кестесін жүзеге асыруының негізгі қорытындысы осы, ол бірқатар тарихи маңызды саяси оқиғалармен белгілі болды.

Елбасы қабылдаған ел дамуы бағытының сабақтастығын қамтамасыз ете отырып, Қазақстан өзінің көпвекторлы саясатын жүргізуді және тұрақты экономикалық өсімді жүзеге асыруды жалғастырды.

НАУРЫЗ



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	31



21 наурыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевпен бірге елордада өткен Наурыз мейрамына арналған мерекелік іс-шараларға қатысты.

Н.Ә. Назарбаев пен Қ.К. Тоқаев «Тәуелсіздіктің 25 жылдығы» монументінің алдында орналасқан этноауылға барды. Этноауыл аумағында театрландырылған көріністер, ұлттық спорт түрлері бойынша сайыстар, қолөнершілер көрмесі және ұлттық салт-дәстүрді дәріптейтін шаралар ұйымдастырылды.

Елбасы мен Президент елорда қонақтарын және тұрғындарын, сондай-ақ барша қазақстандықтарды Наурыз мерекесімен құттықтап, бақ-береке тіледі.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы мен Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында ресейлік көшбасшы екіжақты одақтастық қарым-қатынастарды дамытуға зор еңбек сіңіргені үшін Н.Ә. Назарбаевқа алғыс білдіріп, оның Еуразиялық интеграция жобасын іске асырудағы тарихи рөлін атап өтті.

В.В. Путин Қазақстанның Тұңғыш Президентінің Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы ынтымақтастықты нығайту үдерістеріне белсенді атсалыса беретініне сенім білдірді.

Сонымен қатар, Ресей Президенті Қ.К. Тоқаевты Мемлекет басшысы лауазымына кірісуімен құттықтап, жауапты қызметіне табыс тіледі.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Армения Республикасының Президенті А.В. Саркисянмен телефон арқылы сөйлесті.

Армения басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан мен Армения арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық пен екі ел халықтарының игілігіне негізделген қарым-қатынастарды қалыптастыру және дамыту ісіндегі рөлін жоғары бағалайтынын айтты.

А.В. Саркисян сонымен қатар Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті әлемдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға зор үлес қосқан қазіргі замандағы ең беделді саясаткерлердің бірі екенін атап өтті.

Тараптар алдағы уақытта тұрақты байланыстарын жалғастыра беруге уағдаласты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Түркия Республикасының Президенті Р. Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесіп, оның барысында Түркия көшбасшысы тәуелсіз Қазақстанды қалыптастыру мен дамыту ісіндегі Н.Ә. Назарбаевтың тарихи рөлін ерекше атап өтті және оған зор денсаулық, толағай табыс тіледі.

Р. Ердоған бауырлас Түркия халқы Қазақстанның Тұңғыш Президентін түркі әлемінің ұлы перзенті әрі дүниежүзілік деңгейдегі саясаткер ретінде жоғары бағалайтынын атап өтті.

Екі ел көшбасшылары бір-бірін Наурыз мейрамымен құттықтады.



25 наурыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Польша Республикасының Президенті А. Дудамен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Польша Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Президенті өкілеттігін тоқтату туралы шешімінің тарихи мәні бар екенін атап өтті және заманауи Қазақстанды қалыптастыру мен дамыту ісіндегі рөлін жоғары бағалап, достық пен сенімге негізделген Қазақстан-Польша ынтымақтастығын жемісті ілгерілетуге зор еңбек сіңіргені үшін алғыс айтты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Түркия Республикасының бұрынғы Президенті А. Гүлмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Түркияның бұрынғы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың әлемдік деңгейдегі беделді саясаткер әрі тәуелсіз Қазақстанның егемендігін бекемдеп, аймақтағы көшбасшы ел ретінде қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан мемлекет қайраткері екендігін атап өтті.

А. Гүл Елбасына зор денсаулық және алдағы қызметіне табыс тіледі.

26 наурыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Алматы қаласына барды, онда оны қала жас-

тары өздеріне қамқорлық жасап, шексіз қолдау көрсеткені және тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңіргені үшін алғыс айтуға ұшақ трапынан күтіп алды.

Қаланың барлық жоғары оқу орындарын біріктіретін «G-38» студенттік ұйымының екі мыңға жуық студенті Елбасын гүлмен қарсы алды.

Траптан түскен Н.Ә. Назарбаев тосын сый көрсетіп, жылы қарсы алғаны үшін жастарға ризашылық білдірді.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті мемлекетімізді дамыту ісіндегі жас ұрпақтың маңызды рөліне ерекше тоқталды. «Сіздер — бақытты жансыздар. Себебі Алматы сияқты әсем қалада білім алып, гүлденген әрі бүкіл әлемге танымал елде өмір сүріп жатырсыздар. Қазақстан — біздің Отанымыз. Біздің міндетіміз — тәуелсіздігімізді қорғау. Баршаңызға мықты денсаулық, болашақтарыңызға табыс тілеймін», — деді Н.Ә. Назарбаев.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Украина Президенті П.А. Порошенкомен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Украина басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан-Украина қарым-қатынастарын дамыту және екі ел халықтарының арасындағы достықты нығайту ісіндегі тарихи рөлін атап өтті.



27 наурыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Германияның Федералдық Канцлері А. Меркельмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Федералдық Канцлер Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Президенті өкілеттігін тоқтату туралы шешімін зор құрметпен қабыл алғанын айтты.

А. Меркель тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері Елбасының есімімен тікелей байланысты екенін, сондай-ақ оның халықаралық аренадағы беделін, әлемдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі жемісті күш-жігерін атап өтті.

Германия Канцлері достық пен сенімге негізделген Қазақстан-Германия ынтымақтастығының қалыптасуына және нығая түсуіне Н.Ә. Назарбаевтың қосқан үлесін ерекше бағалады, сондай-ақ оған зор денсаулық, халықтың игілігі жолындағы алдағы қызметіне табыс тіледі.

28 наурыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында алматылық резиденциясында бірқатар кездесулер өткізді.

Н.Ә. Назарбаев Түркістан облысының әкімі Ө.Е. Шөкеевтің есебін тыңдап, ол өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны туралы баяндады. Түркістан қаласында құрылыс жұмыстарын жүргізу жоспарына ерекше назар аударылды.

«Қазақстан Халық банкі» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы А.С. Павловпен өткен кездесуде еліміздің банк секторын одан әрі дамыту перспективалары және Қазақстанның қаржы нарығының өзекті мәселелері қаралды.

«Орталық Азия электр-энергетикалық корпорациясы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы А.Я. Клебановпен кездесу барысында электр-жылу энергиясын өндіру нарығын дамытудың және еліміздің өңірлерін энергиямен жабдықтау ісінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзекті мәселелеріне баса мән берді. Сондай-ақ, энергиямен жабдықтау саласындағы тарифтік саясатты іске асырудың қазіргі үдерісі талқыланды.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қызылорда облысында Ми-8 тікұшағының апатқа ұшырауы салдарынан қаза болған еліміздің Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің отбасыларына көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Қазақстанның әскери қызметшілері әрқашан анына адал, сондай-ақ Отанына шексіз беріле қызмет етуде. Жастарымыздың мезгілсіз қаза болуы қабырғамызды қайыстырды. Орны толмас қайғыға ортақтасып, қаза болғандардың туыстары мен жақындарына көңіл айтамын», — делінген жеделхатта.

СӘУІР



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



2 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Қарасай ауданы Шамалған ауылындағы «Атамекен» тарихи-мәдени орталығында болды және ауыл тұрғындарымен кездесті.

Жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде: «Туған ауылыма келген сайын әрқашан балалық шағымды жылы сезіммен еске аламын. Менің жүріп өткен жолым оңай болған жоқ, мемлекетіміздің ілгерілеуі мен өркендеуі үшін көп еңбек еттім. Шаршаған кездерімде әкем екеуіміз жиі серуендеген Шамалғанның көшелері мен тау бөктерлерін есіме алатынмын. Сол сәтте-ақ шаршағаным басылады», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Тұңғыш Президент сондай-ақ алдағы қызметі жөніндегі жоспарларына тоқталды. «Мен Елбасы ретінде стратегиялық мәселелерге көңіл бөлетін боламын. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев менің артқан үмітімді ақтайды деп сенемін», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Сондай-ақ, Елбасы биыл елімізде теңдесі жоқ әлеуметтік шаралар қолға алынып отырғанын атап өтті. Республикада азаматтардың тұрмыс сапасын арттыру үшін түрлі бағдарламалар іске асырылуда. Сонымен бірге, Тұңғыш Президент қоғамда патерналистік түсінікке жол бермеудің маңыздылығына баса назар аударды.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Қарасай ауданындағы дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылыс барысымен танысты және бірге оқыған сыныптастарымен және бала кездегі достарымен кездесіп, әңгімелесті. Әңгімелесу барысында Елбасының ескі достары өздерінің естеліктерін бөлісіп, өңірдің қазіргі даму жағдайын талқылады.



Сол күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Иордания Королі II Абдалламен телефон арқылы сөйлесті.

Иордания Королі Н.Ә. Назарбаевтың ел Президенті өкілеттігін тоқтату туралы шешіміне қолдау білдіріп, бұл хабарды бүкіл әлем зор түсіністікпен қабылдағанын атап өтті.

Абдалла II Елбасымен жеке достығын жоғары бағалайтынын айтып, оның Қазақстан мен Иордания



арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыру және дамыту ісіндегі тарихи рөліне тоқталды.

Әңгіме соңында Иордания Королі Н.Ә. Назарбаевқа мықты денсаулық және алдағы қызметіне табыс тіледі.

3 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елордадағы «Назарбаев орталығында» жұмыс кеңесін өткізді.

Кеңеске Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңесінің Басшысы М.Б. Қасымбеков, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Көмекшісі – Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқарушысының бірінші орынбасары А.А. Бисембаев, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңесінің, сондай-ақ Тұңғыш Президент қоры мен кітапханасының құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері қатысты.

Н.Ә. Назарбаев Елбасы Кеңесінің алдына қойылған міндеттердің уақтылы және тиімді орындалуын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

«Мен Тұңғыш Президент – Елбасының тиісті конституциялық заңмен реттелетін міндеттерін атқаруға кірістім. Сонымен қатар, мен Қауіпсіздік кеңесінің, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасымын, «Nur Otan» партиясына басшылық етуді жалғастыра бермін. Алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Осы қызметті қамтамасыз ету үшін Тұңғыш Президенттің Кеңесі құрылды. Ұйымдастыру мәселелерінің барлығы шешілді. Енді бәріміз жүктелген міндеттерді орындауға кірісуіміз керек», — деді Елбасы.

Тұңғыш Президент мемлекетті одан әрі дамыту жөніндегі стратегиялық міндеттерді сапалы шешу мақсатымен ведомствоаралық өзара тиімді ықпалдастық орнатудың маңыздылығын атап өтті. «Бүгінде Президент те, Үкімет те мен бекіткен бағдарламалық құжаттарда, Жолдауда қамтылған, сондай-ақ партия съезінде айтылған міндеттерді орындау бағытында жұмыс істеуде. Бәріміз Қазақстанның игілігі үшін, еліміздің тұрақтылығын, бірлігі мен дамуын қамтамасыз ету үшін жұмыс істеуге тиіспіз. Бұл — бәрімізге ортақ міндет», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Елбасы қоғамдық маңызы бар бастамаларды жүзеге асырудың маңыздылығына баса мән берді. Бұл



ретте, Н.Ә. Назарбаев Тұңғыш Президент қорының талантты жастарға жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған жобаларын іске асырудың өзектілігін атап өтті.

4 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, Ассамблея хатшылығының меңгерушісі Ж.Қ. Түймебаевты қабылдап, ол Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVII сессиясына дайындық барысы туралы баяндады.

Кездесу барысында Елбасы алдағы іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталып, Ассамблеяның алдағы 25 жылдығын атап өтуге қатысты әзірлік жұмыстарын уақтылы жүргізу қажеттігін айтты.




Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Е.А. Досаевты қабылдап, ол еліміздің валюта-қаржы нарығындағы қазіргі ахуалы жөнінде мәлімет берді, сондай-ақ қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету және инфляция деңгейін сақтап қалу үшін қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады.



5 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Халықаралық Түркі академиясының президенті Д.Қ. Қыдырәліні қабылдап, ол ғылыми орталықтың қызметі, Түркі кеңесінің (Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің) отырысында берілген тапсырмалардың орындалуы туралы баяндады, сондай-ақ, «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалардың негізгі бағыттарының жүзеге асырылу барысы жөнінде ақпарат берді.

Сонымен қатар, Д.Қ. Қыдырәлі түркі әлемінің тарихына және тәуелсіз Қазақстанның дамуына арналған бірнеше кітап пен туындыны таныстырды.



Түркі академиясы 2010 жылы 25 мамырда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бас амасы бойынша құрылған. Қазіргі кезде Академия халықаралық деңгейде мойындалған түркітану ғылыми орталығы болып табылады.

Академияны құру туралы келісімге 2012 жылы 23 тамызда Бішкек қаласында (Қырғызстан) Түркі кеңесінің II саммиті барысында қол қойылып, 2014 жылы 27 тамызда күшіне енген болатын. Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия Академияның мүшелері болып табылады. Венгрияның байқаушы мәртебесі бар.

Академияның штаб-пәтері Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан, ал оның қолданылатын тілі мүше елдердің мемлекеттік тілдері мен ағылшын тілі болып табылады.

Академияның халықаралық ұйым мәртебесі бар, оны басқаруды білім мен ғылым мәселелеріне жауапты құрылтайшы-мемлекеттер министрлерінің құрамындағы Ғылыми кеңес, сондай-ақ Академия президенті мен үш вице-президент жүзеге асырады.

9 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Б.Б. Атамқұловты қабылдап, ол ведомство жұмысының негізгі бағыттары бойынша ақпарат берді.

Елбасы сыртқы саяси бағытымыздың сабақтастығын қамтамасыз етудің және Қазақстанның стратегиялық серіктестерімен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған шараларды біртіндеп іске асырудың маңыздылығына тоқталды.



10 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Nur Otan» партиясының орталық аппаратына барып, саяси ұйымның қазіргі жұмысымен танысты және құрылымдық бөлімшелер басшыларының қатысуымен кеңес өткізді.

Қатысушыларға арнаған сөзінде Елбасы елімізде болған соңғы саяси оқиғаларға байланысты партияның алдында стратегиялық маңызы бар бірқатар міндет тұрғанын айтты.

Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауының өтуіне байланысты «Nur Otan» партиясы алдағы сайлау науқанына белсенді қатысуға тиіс екенін айтты. Сонымен қатар, сайлауды толығымен ел заңнамасына сәйкес және барлық демократиялық нормалар мен рәсімдерді сақтай отырып өткізу қажеттігіне назар аударды.

Партия төрағасының бірінші орынбасары М.С. Әшімбаевтың сайлау штабын ұйымдастыру жұмыстары туралы баяндамасын тыңдап, Тұңғыш Пре-



зидент партияның орталық аппараты мен филиалдары алдағы іс-шараларды ұйымдастыру үшін жылдам әрі үйлесімді жұмыс істеуге тиіс екеніне тоқталды.

«Nur Otan» партиясының төрағасы «Бақытты отбасы», «Құтты мекен», «Ауыл — Ел бесігі» және «Халыққа көмек» жобаларын тиімді іске асыру мәселелері туралы айтты.

Сондай-ақ, Елбасы партияның 2030 жылға дейінгі жаңа бағдарламасын іске асыру үшін нақты іс-шаралар жоспарын бекітуді тапсырды.

Н.Ә. Назарбаев «Nur Otan» мемлекеттік басқару жүйесі үшін кадр дайындайтын негізгі құрылым болуға тиіс екенін атап өтіп, партияның Республикалық кадр резервін жасақтауды тапсырды.

Елбасы мемлекеттік саясаттың өзекті мәселелері бойынша партия мүшелері жүргізетін тиімді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының маңыздылығын атап өтті.

Соңында Елбасы партиялықтардың мемлекеттік саясаттың өзекті мәселелері бойынша тиімді ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігінің аса маңызды екенін айтты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұр-Сұлтан қаласында өткен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің отырысына төрағалық етті.

Жиында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты мәселелер қаралды.

Сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев әлемдік қоғамдастықтың еліміздегі саяси оқиғаларға зор қызығушылық білдіргенін айтты. «Мен тарихымыздың осы бір бетбұрысты кезеңінде қазақстандықтардың парасаттылық және береке-бірлік танытқанына шынайы ризашылығымды білдіремін. Осы күндері менің атыма мемлекет және қоғам қайраткерлерінен, еліміздің еңбек ұжымдарынан көптеген хаттар мен жеделхаттар келіп түсуде. Шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың басшылары телефон арқылы хабарласып, қолдау білдіріп жатыр», — деді Елбасы.

Тұңғыш Президент еліміздің өсіп-өркендеуіне және орнықты дамуына бағытталған бағдардан мемлекетіміз айнымайтынына сенім білдірді. «Біз барлық сынақтан



абыроймен өтіп, табысты мемлекет құра білдік. Оны бүкіл әлем біледі әрі құрметтейді. Мен қазіргі Қазақстанның негізін қалағандықтан, мемлекетіміздің болашағына және азаматтарымыздың әл-ауқатына баса мән беремін. Менің барлық іс-әрекетім және қадамым осыған арналған», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы Қазақстан халқының мүддесі үшін стратегиялық бағдарламаларды одан әрі жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті.

Кеңес барысында сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Ә.А. Смайыловтың және Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Қ.А. Бозымбаевтың баяндамалары тыңдалды.

Есептерді тыңдай келе, Елбасы өңірлердегі экологиялық жағдайды тиісті бақылауда ұстау және осы саладағы заңнаманың бұзылуына жол бермеу қажеттігіне назар аударды. Н.Ә. Назарбаев бұл шаралар, ең алдымен, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталғанын атап өтті.

Отырыс қорытындысы бойынша Үкіметке, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдеріне нақты тапсырмалар берілді.

15 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Ғ.Д. Нұрдаулетовті қабылдап, ол еліміздегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің ахуалы, сондай-ақ азаматтардың әлеуметтік-экономикалық саладағы құқықтарын қорғау үшін атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәлімдеді.

Бас прокурор еліміздің қылмыстық заңнамасын ізгілендіру және түрмеге қамалғандардың әлемдік рейтингі бойынша Қазақстанның беделін арттыру үшін атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижелері туралы баяндады.

Сонымен қатар, кездесуде еңбек дауларын шешуге қатысты азаматтардың құқықтарын қорғау үшін Бас прокуратура мен Үкімет тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарға баса мән берілді.

Кездесу қорытындысы бойынша, Елбасы шағын және орта бизнес саласындағы тексерістерді азайту үдерісіне тиісті бақылау жасаудың маңыздылығын атап өтті.



18 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Н.Б. Ермекбаевты қабылдап, ол Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің жақында өткен отырысында берілген тапсырмалардың орындалу барысы туралы мәлімдеді, сондай-ақ еліміздің Қарулы Күштеріндегі қазіргі ахуал және армияны заманауи қару-жарақпен қамтамасыз ету үшін қолға алынып жатқан шаралар жөнінде баяндады.

Сонымен қатар, Н.Б. Ермекбаев Алматы облысында өтіп жатқан «Айбалта-2019» ауқымды стратегиялық командалық-штабтық оқу-жаттығулары туралы айтты.



22 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Корея Республикасының Президенті Мун Чжэ Инмен кездесті.

Әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев екі мемлекет арасындағы экономикалық және саяси ынтымақтастықтың тиімділігін айтты.

Сонымен қатар, Елбасы Оңтүстік Корея мен КХДР арасында қол жеткізілген корейаралық уағдаластықтарды жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті.

Өз кезегінде Оңтүстік Корея Президенті Қазақстанның экономикалық даму тұрғысынан қол жеткізген жетістіктерінің бәрі Н.Ә. Назарбаевтың көреген саясатының арқасы екенін ерекше атап өтті.

Мун Чжэ Ин Қазақстанның бейбітшілік пен келісім бағытында, соның ішінде ядролық қарусыздану мен оны таратпау саласында жүргізіп жатқан саясатына тоқталды.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаев пен Мун Чжэ Ин Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының көрмесіндегі экспозициялармен танысты.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Чжан Сяоны қабылдады.



Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев екі мемлекет арасында орныққан қарым-қатынастың жоғары деңгейде екенін атап өтіп, оны әрі қарай дамытудың перспективаларына тоқталды.

Өз кезегінде Чжан Сяо Н.Ә. Назарбаевқа ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің зор ілтипатын жеткізді.

23 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елордадағы Тәуелсіздік сарайында өткен «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XIX съезіне төрағалық етті.

Съездің күн тәртібіне сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті сайлауына «Nur Otan» партиясының атынан үміткер ұсыну жөніндегі мәселе қаралды.

Отырысқа өңірлік конференцияларда сайланған 600-ден астам делегаттар, сондай-ақ Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың басшылары, дипломатиялық корпусстың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Съезде Н.Ә. Назарбаев Қ.К. Тоқаевты алда болатын Қазақстан Республикасының Президенті сайлауына «Nur Otan» партиясының атынан үміткер ретінде ұсыну туралы мәселені қарауға шығарды (Қосымшаны қараңыз).

Елбасы дәл осы Қ.К. Тоқаевтың еліміздегі жоғары лауазымға лайықты үміткер екенін айтып, оның Отан алдындағы сіңірген еңбегі мен жеткен жетістіктеріне тоқталды. «Қасым-Жомарт Тоқаев менімен бірге тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қызметтің түрлі саласында жұмыс істеді. Ол — ұзақ жылдар Сыртқы істер министрлігіне жетекшілік етіп, Қазақстанның сыртқы саясатын бірге қалыптастыруға атсалысқандардың бірі. Оның дипломатиялық дәрежесі шетелде жоғары бағаланады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ бас хатшысының орынбасары болғанын және тәжірибелі мемлекет саясаткері екенін жақсы білесіздер», — деді Тұңғыш Президент.

Өз ұсынысына дәлел келтіре отырып, Елбасы Қ.К. Тоқаевтың ел дамуының ең күрделі кезеңінде Қазақстан Үкіметін басқарғанына, Сенат төрағасы ретінде Қазақстандағы парламентаризмнің жаңа заң шығару қызметіне зор үлес қосқанына назар аударды.

Сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ Республикалық қоғамдық сайлау штабының жұмысын



үйлестіруді тапсырып, азаматтардың барлық санатымен жұмыс жүргізу қажеттігіне ерекше көңіл бөлді.

Соңында Тұңғыш Президент қазіргі жағдайда тұрақты дамып, өсіп-өркендеу үшін халықтың бірлігі бекем болуы және барша қазақстандықтардың бірлесе күш-жұмылдыруы қажет екенін атап өтті. «Біз бұл кезеңді еш қиындықсыз еңсеретінімізге сенімдімін. Біздің мақсатымыз — халқымыздың әл-ауқатын арттыру және елімізді одан әрі ілгерілету. Мемлекетке құрмет көрсету, азаматтардың бір-бірін сыйлауы — тұрақтылықтың белгісі», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Алда болатын Президент сайлауына үміткер ретінде ұсынылған Қ.К. Тоқаев сөйлеген сөзінде ең алдымен өзіне зор сенім артқаны үшін Елбасына және партияластарына алғысын білдірді. «Мемлекетіміздің негізін қалаған ұлы тұлғаның маған артқан жауапкершілік жүгін бүкіл болмысыммен сезінемін! Сондықтан, сенімге серт беріп, үлкен үміттің үдесінен шығу үшін бар қажыр-қайратымды жұмсаймын», — деді Қ.К. Тоқаев. Бұл ретте ол тәуелсіз Қазақстанды құрып, оны нығайтқан Елбасының барлық тапсырмалары басты бағдар болып қала беретінін атап өтті.

XIX съездің делегаттары «Nur Otan» партиясы көшбасшысының алда болатын Президент сайлауына қатысу үшін Қ.К. Тоқаевтың кандидатурасын ұсыну туралы ұсынысын бірауыздан қолдады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы елорданы одан әрі дамыту жоспарымен танысты.

Қала әкімі Б.Т. Сұлтановтың баяндамасын тыңдай келе, Елбасы тұрғындар үшін қолайлы жағдайлар жасаудың және әлеуметтік инфрақұрылымның қол жетімділігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, Тұңғыш Президент елорданы одан әрі дамыту ісін әлемдік тәжірибені және қала құрылысындағы заманауи трендтерді ескере отырып, жалғастыру қажеттігін айтты.

Елорданы газбен қамту және қала көшелерін көгалдандыру, көлік жүктемелерін төмендету, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі, экологиялық проблемаларды шешу және Ботаникалық саябақты дамыту мәселелеріне баса мән берілді.



24 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанға ресми сапармен келген Венгрияның Премьер-министрі В. Орбанмен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстан мен Венгрия арасындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

Өз кезегінде, В. Орбан өзінің айтуынша, тыныштық пен тұрақтылық жағдайында жүзеге асырылған Қазақстандағы билік сабақтастығына жоғары баға берді.

Тараптар сондай-ақ өңірлік және жаһандық саясаттың өзекті мәселелерін талқылады.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «ALSTOM» компаниясы басқармасының төрағасы А. Пупар-Лафаржды қабылдады.

Тараптар инвестициялық ынтымақтастықтың қазіргі ахуалы мен перспективаларын талқылады.

«Біз 7 жыл бұрын табысты ынтымақтастығымызды бастадық. Бүгінде сіздердің кәсіпорындарыңыз темір-жол саласында ғана емес, сондай-ақ машина жасау саласында да жұмыс істеп келеді. Компанияңыз шығаратын өнім өңір елдерінде сұранысқа ие», — деді Елбасы.

Әңгімелесу кезінде Н.Ә. Назарбаев еліміздің көлік-транзит әлеуетінің артуына орай инфрақұрылымды дамытудың маңызды екенін атап өтті.



25 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Бір белдеу, бір жол» II халықаралық ынтымақтастық форумына қатысу үшін Қытай Халық Республикасының астанасы Бейжің қаласына келді.

26 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қытай Халық Республикасының астанасы Бейжің қаласында өткен «Бір жол, бір белдеу» II халықаралық ынтымақтастық форумының ашылу рәсіміне қатысты.

Форумға 37 мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары қатысты.



Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге іс-шараға шақырғаны үшін ризашылық білдірді, сондай-ақ «Белдеу және жол» бастамасына Қазақстанның әуел бастан қолдау білдіргенін атап өтіп, бірінші Форумның қорытындылары бойынша қол жеткізілген жетістіктерге тоқталды (Қосымшаны қараңыз).



Елбасы, сондай-ақ, Жібек жолының Экономикалық белдеуі жобасы мен Еуразиялық экономикалық одақты ұштастырудың әлеуеті зор екенін атап өтті, Қазақстанның белсенді қатысуымен жүзеге асырылып жатқан логистикалық жобалар туралы айтты.

Сөз соңында Н.Ә. Назарбаев бүкіл Қытай халқын ҚХР-дың 70 жылдығымен құттықтап, мемлекетті дамыту жолындағы мақсаттарының орындалуына тілектестік білдірді.



«Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастық форумы 2017 жылы 14–15 мамыр күндері Бейжің қаласында Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевты қоса алғанда 29 мемлекет және ікімет басшыларының қатысуымен болып өтті. Форумның мақсаты — құрлық пен теңіз жолдарын дамыту арқылы мемлекетаралық ынтымақтастық тетіктерін нығайту.

«Бір белдеу, бір жол» бастамасы — ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің 2013 жылғы қыркүйекте Қазақстанға мемлекеттік сапары барысында ұсынған тұжырымдамасы. Оның мақсаты — бірыңғай еуразиялық сауда-экономикалық кеңістік пен трансқұрлықтық көлі дәлізін құру. Бастаманы іске асыруға әлемнің 150 елі мен халықаралық ұйымдар қосылды.

Сол күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы ҚХР ресми БАҚ өкілдеріне сұхбат берді.

«Синьхуа» және «China News Service» ақпараттық агенттіктері, «CCTV» телеарнасы, «Жэньмин Жибао» газеті, «Хуанцю шибао» басылымы, Қытайдың Орталық радиосы өкілдерімен әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев «Бір белдеу, бір жол» бастамасын ары қарай жүзеге асыру келешегіне қатысты сұрақтарға жауап берді және «Нұрлы жол» мен «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бағдарламаларын ұштастыру нәтижелері туралы әңгімеледі.



27 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы ҚХР астанасы Бейжің қаласында өткен «Бір жол, бір белдеу» II халықаралық ынтымақтастық форумының сессиясында сөз сөйледі.

Сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев қазіргі заманғы жаһандық сын-қатерлерге төтеп берудің жолдары туралы әңгімелеп, жаңа геосаяси ахуалдың «Үш Д» үлгісін ұсынды (Қосымшаны қараңыз).

«Біз геосаясат пен геоэкономикада кейінге қалдыруға болмайтын міндеттерді шешуге септігін тигізетін жаһандық архитектураны қалыптастыру ісіне алдағы уақытта да атсалыса береміз. Менің ойымша, мұны «Үш Д» жаңа ахуалын қалыптастыру арқылы жүзеге асыруға болады. Мұны «Үш диалог» жүргізу қажеттігі деп түсінген жөн. Біріншісі жаһандық деңгейді қамтиды. Бұл — АҚШ, Ресей, Қытай және Еуропалық одақ арасындағы диалог», — деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев екінші диалогтың Еуразия деңгейінде қажеттігін атап өтті. Ондағы мақсат — Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес пен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының әлеуетін біріктіру.

«Үшінші диалог — бұл Еуразиялық экономикалық одақ, Еуропалық одақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Оңтүстік Шығыс Азия елдері қауымдастығы арасындағы жүйелі экономикалық диалог. Осындай форматтағы экономикалық кооперацияны дамыту арқылы, біріншіден, елдеріміздің дамуына және азаматтарымыздың әл-ауқатының артуына зор серпін береміз. Екіншіден, экономиканы әртараптандырудың жаңа көздерін ашуға, бәсекеге қабілеттілікті нығайтуға, бизнес ахуалын жақсартуға және мемлекеттердің инвестициялық тартымдылығын арттыруға жағдай жасалады. Үшіншіден, Үлкен Еуразияның жаһандық рөлін арттыруға мүмкіндік туындайды», — деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Соңында, Елбасы аталған үш диалогтың басталуы форумға қатысушылардың барлығының мүдделеріне сай келетінін атап өтіп, біріккен Еуразияның жарқын болашағы үшін өзара байланыстар орнатудың қажеттілігі туралы айтты.



28 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Бір жол, бір белдеу» II халықаралық ынтымақтастық форумына қатысуына байланысты ҚХР астанасы Бейжің қаласында болған кезінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев экономиканың түрлі секторларындағы екіжақты қарым-қатынастардың жоғары қарқынын атап өтті.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Бейжің қаласындағы ҚХР Халық жиналысы үйінде өзін тату көршілік қарым-қатынасты ілгерілетуге және жан-жақты стратегиялық серіктестікті дамытуға қосқан зор үлесі үшін «Достық» орденімен ресми марапаттау рәсіміне қатысты.



Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанның Тұңғыш Президентінің екі жақты қатынастарды нығайтуға қосқан үлесіне тоқталып, Елбасының халықаралық ынтымақтастықты дамыту ісіне сіңірген еңбегін ерекше атап өтті. «Бүгін біз Қытай халқының нағыз досы — Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа Қытай Халық Республикасының жоғары сыртқы марапаты — «Достық» орденін ресми табыс ету рәсімін өткізіп отырмыз. Президент Назарбаевтың бүкіл әлемде зор беделі бар. Ол Қазақстан мен Қытай арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестіктің негізін қалап, осы қатынастарды әрдайым дамытып келеді. Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымын құрып, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңеске бастамашы болды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті өзінің саяси көрегендігінің арқасында осы ұйымдарды дамытып, өңірлік және жаһандық деңгейде бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдауға зор үлес қосып келеді», — деді Си Цзиньпин.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Қытай басшылығы мен халқына марапаты мен көрсеткен қонақжайлылығы үшін тағы да алғысын жеткізді.



Достық ордені Қытайдың шетел азаматтарына арналған ең жоғарғы мемлекеттік наградасы болып табылады. 2015 жылы тәғайындалды.



Онымен Қытайдың социалистік жаңғыруына, оның әлеммен байланысы мен қарым-қатынасының орнауына және бүкіл әлемде бейбітшіліктің орнығуына қосқан үлесі үшін марапатталады.

Орден белгісі алтын түстес, айшықты жапырағы бар ашылған лотос гүлін елестетеді. Белгінің беткі жағының орта тұсында көк эмальды дөңгелек жалпақ алтын түстес жиекпен көмкерілген медальон. Медальонның ортасында тұмсығында зәйтүн бұтағы бар жер шарының бетінде қалықтаған кептер бейнеленген.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Shinework Pictures» қытайлық кинокомпаниясының басшылығымен кездесті.

Әңгімелесу соңында кинокомпания президенті Д. Шень Елбасына «Композитор» атты алғашқы Қазақстан-Қытай бірлескен көркем фильмінің дискісін сыйлады.



«Композитор» фильмі қазақ композиторы Бақытжан Байқадамов пен танымал қытайлық музыкант Сянь Синхайдың XX ғасырдың 40-шы жылдарындағы берік достығы туралы әңгімелейді. Кинотаспа Ш.К. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында «Shinework Pictures» және «China Film Coproduction Corporation» қытай компанияларымен біріге отырып түсірілген. Басты рөлдерде ойнаған қазақстандық актерлер Б.Б. Айтжанов, А.Б. Нөгербек, А. Жазылбекова, сондай-ақ қытайлық актерлар Ху Цзюнь мен Юань Цюань.

Фильмнің әлемдік премьерасы 2019 жылдың сәуір айында IX Пекин Халықаралық кинофестивалі конкурстық бағдарламасы аясында өтті. Картина сондай-ақ XXII Шанхай халықаралық кинофестивалінде көрсетілді, онда екі награданы иеленді — «Үздік жаңа актер» аталымында (жас қазақстандық актриса Д. Нұрсейіт) қытай CCTV-6 телеарнасының сыйлығы және кинофестиваль ұйымдастыру комитетінің құрметті сыйлығы.

Сол күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы танымал актер Д. Чанмен кездесті.

Кездесуге сондай-ақ атақты қытайлық актердің серіктестері мен шығармашылық командасының мүшелері қатысты.

Әңгіме барысында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Д. Чанның әлемдік кино саласына сіңірген зор үлесін атап өтті.



Өз кезегінде, актер өзінің алдағы кезеңге жоспарларымен және кино индустриясы саласындағы бірлескен жобаларды іске асыру туралы көзқарасымен бөлісті.

29 сәуір

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елорданың Бейбітшілік және келісім сарайында өткен Бейбітшілік пен келісім формуласы: бірлік және жаңғыру» атты Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVII сессиясына төрағалық етті.

Іс-шараға 1,5 мыңнан астам адам қатысты. Олардың қатарында Ассамблеяның барлық өңірлердегі мүшелері мен, ардагерлері, этномәдени бірлестіктердің төрағалары, Парламент депутаттары, орталық атқарушы органдардың, саяси партиялардың, діни бірлестіктердің, ҰЕҰ басшылары, ғылыми, шығармашылық зиялы қауым мен БАҚ өкілдері бар.

Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде қатысушыларды сессия жұмысының басталуымен құттықтап, елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау ісіндегі ҚХА маңызды рөлін атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

Тұңғыш Президент мемлекеттік органдар жанындағы медиация институты мен қоғамдық кеңестердің жұмысын жандандыру қажеттігін айтты. Сонымен қатар, Елбасы Ассамблея кәсіпкерлерінің қауымдастығы арқылы шетелдік инвесторлармен экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға және ҚХА депутаттық корпусының әлеуетін белсенді пайдалануға шақырды.

Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаев сөйлеген сөзінде барша мұсылман қауымын алдағы қасиетті Рамазан айының басталуымен және православ христиан өкілдерін Ұлы оразаның аяқталуымен және Пасха мерекесімен құттықтады.

Іс-шара барысында Ю.Х. Келигов пен Ш.А. Пулатов Ассамблея төрағасының орынбасарлары болып тағайындалды.



Қазақстан халықтары Ассамблеясы Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы Жарлығына сәйкес Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды. Алғаш рет этносаралық мәселелер бойынша қоғамдық институт құру идеясы 1992 жылы Мемлекет басшысымен Қазақстан халқы форумында айтылған болатын.

Ассамблеяның міндеттері Қазақстанда этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету, рухани-мәдени жаңаруға жәрдемдесу және теңдік принципін сақтау негізінде оның аумағында өмір сүріп жатқан этностарды дамыту, көптеген этникалық мүдделерді есепке ала отырып, мемлекеттік ұлттық саясат жүргізу бойынша ұсыныстар шығару болып табылады.

Сондай-ақ Ассамблея құрылымына барлық облыс орталықтарында, Астана және Алматы қалаларында әрекет ететін және әкімдердің жанындағы консультативті-кеңесшіл органдар мәртебесіне ие Шағын ассамблеялар да кіреді.

«Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан халықтары Ассамблеясы Қазақстан халқы Ассамблеясы болып қайта аталды, конституциялық мәртебеге ие болып, өз өкілдерін Парламент Мәжілісіне ұсыну мүмкіндігін алды.

2007 жылғы 20 тамызда 9 Мәжіліс депутаттары Ассамблея атынан сайланды.

2008 жылғы қазанда «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы — Н.Ә. Назарбаев.

МАМЫР



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	31
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	



1 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақ елі» монументінің алдындағы алаңда өткен Қазақстан халқының бірлігі күнін мерекелеуге арналған іс-шараларға қатысты.

Н.Ә. Назарбаев елорда тұрғындары мен қонақтары алдында сөйлеген сөзінде барша жұртты Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтады және заманауи Қазақстан барлық жетістікке қоғамдағы бірліктің арқасында қол жеткізгенін атап өтіп, бәрін бейбіт өмір мен тұрақтылықты бағалауға және сақтауға шақырды.



3 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы алматылық резиденцияда бірқатар кездесулер өткізді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі С.С. Қирабаевпен кездесу барысында төл әдебиетіміздің қазіргі жағдайы мен даму перспективасын, сондай-ақ білім және ғылым саласының өзекті мәселелерін талқылады.

С.С. Қирабаев Н.Ә. Назарбаевтың ел Президенті өкілеттігін тоқтату туралы маңызды шешіміне қолдау білдіріп, оның алдағы қызметіне табыс тіледі.

Сол күні Елбасы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры У.Қ. Қалижанды қабылдап, ол институттың ғылыми-зерттеу жұмыстары жөнінде әңгімеледі.

Н.Ә. Назарбаев өз кезегінде академиктің төл әдебиетіміз бен өнерімізді дамытуға зор еңбек сіңіргенін атап өтіп, Қазақстанды өркендету жолындағы табысты жұмысына алғыс білдірді.



6 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинге Мәскеу қаласындағы Шереметьево әуежайында жолаушылар ұшағының өртенуі салдарынан

адамдардың қаза болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Қаза болғандардың туыстары мен жақындарына, сондай-ақ бүкіл Ресей халқына көңіл айтамын. Зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдіремін», — делінген жеделхатта.

9 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путиннің шақыруымен Мәскеу қаласындағы Қызыл алаңда өткен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 74 жылдығына арналған әскери парадқа құрметті қонақ ретінде қатысты.

Парад басталмас бұрын Елбасы мен Ресей Президенті Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне қошемет білдірді.



Салтанатты маршта 35 жауынгерлік жаяу есептоптар, 130-дан астам заманауи үлгідегі қару-жарақ пен әскери техника, 13 мыңнан астам әскери қызметшілер сап түзеп өтті.

11 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елордада «USM Holdings» компаниясының құрылтайшысы А.Б. Усмановты Қазақстан мен Ресей арасындағы достықты нығайтуға және экономикалық ынтымақтастықты дамытуға қосқан зор үлесі үшін I дәрежелі «Достық» орденімен наградады.



1



2



3



«Достық» ордені 1995 жылы тағайындалған. Екі дәрежеге ие. Онымен қоғамда өзара татулықты сақтау жөніндегі жемісті жұмысы, халықтар арасында бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға сіңірген еңбегі үшін қазақстандық және шетел азаматтары наградалады.

I дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (1-сурет) және иыққа асатын лентадағы белгіден (2-сурет), II дәрежелі «Достық» ордені төсбелгіден (3-сурет) тұрады.

13 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елордадағы «Жасыл» технологиялар мен инвестициялық жобалардың халықаралық орталығына барды.

Онда Н.Ә. Назарбаевқа Орталықтың «жасыл» экономиканы дамыту және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы жұмыстарының негізгі бағыттары туралы ақпарат берілді.

Елбасына жел, күн, су және геотермальды ресурстардың әлеуеті, қатты тұрмыстық қалдықтар мен биомасса полигондарының орналасуы туралы ақпаратты қамтитын цифрлық алаңның үлгісі таныстырылды.

Тұңғыш Президент экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және елімізде жаңартылатын энергия көздерін дамытудың маңыздылығын атап өтті. Ол сондай-ақ қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу саласына озық технология енгізу және осы салаға инвесторлар тарту мәселелеріне баса мән берді.

Н.Ә. Назарбаев, сондай-ақ, қазақстандық жоғары оқу орындарының жаңартылатын энергия көздері саласындағы перспективті әзірлемелерімен танысты.



«Жасыл» технологиялардың және инвестициялық жобалардың халықаралық орталығы» КЕАҚ (IGTIC) «Астана-ЭКСПО-2017» көрмесінің инфрақұрылымы негізінде 2018 жылғы сәуір айында құрылды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Америка Құрама Штаттарының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі У. Мозерді қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев АҚШ елшісін Қазақстандағы дипломатиялық миссиясының басталуымен құттықтап, жауапты қызметінің табысты болуына ниеттестік білдірді.

Өз кезегінде У. Мозер Қазақстанға алғаш рет келгендегі әсері туралы айтты. АҚШ елшісі елордамыз — Нұр-Сұлтан қаласын салу және таныту ісіндегі айтарлықтай нәтижеге қысқа уақыт ішінде қол жеткізілгенін атап өтті.

Сонымен қатар У. Мозер Н.Ә. Назарбаевқа Д. Трамптың хатын берді. Онда АҚШ Президенті Елбасының өз өкілеттігін тоқтату және мемлекет басқару ісін саясаткерлердің жаңа буынына беру туралы шешіміне қолдау білдіреді.

«Мен Президент Трамптың хатын алдым. Ол біздің өңірдегі ахуал туралы алдағы уақытта да менімен кездесіп, ақылдасып отыруға ниетті екенін жеткізді.



Д. Траппен жақсы қарым-қатынас орнады. Мен осындай байланыста болуға дайынмын. Біз үшін АҚШ маңызды серіктес саналады. Осы жылдар ішінде арамызда тек достық қатынастар болды. Ынтымақтастығымыз жалғаса береді деп сенемін», — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қ.Н. Келімбетовті қабылдап, ол АХҚО-ның қазіргі қызметі және алдағы жоспары туралы баяндады.

Кездесу қорытындысы бойынша Н.Ә. Назарбаев Халықаралық қаржы орталығын дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстардың маңыздылығын атап өтті. «АХҚО — біздің ең ауқымды әрі маңызды жобаларымыздың бірі. Оған зор үміт артып отырмыз. Бұл құрылым Қазақстанның ғана емес, бүкіл өңірдің қаржы орталығына айналады. АХҚО әлемнің басқа қаржы орталықтары сияқты дамитын болады. Осы бастаманың табысты болғанын қалаймын», — деді Елбасы.



16 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұр-Сұлтан қаласындағы «ЭКСПО» конгресс-орталығында өткен XII Астана экономикалық форумына қатысты.

«Шабыттандырушы өсім: адамдар, қалалар, экономикалар» тақырыбына арналған форумға әлемнің 70-ке жуық елінен 5 мыңнан астам саяси, сараптамалық және іскер топтардың өкілдері қатысты.

Шетелдік қонақтардан іс-шараға Халықаралық валюта қорының Басқарушы-директоры К. Лагард, Армения Республикасының Президенті А.В. Саркисян, Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің вице-премьері Хань Чжэн, «Nokia Corporation» директорлар кеңесінің төрағасы Р. Сииласмаа, экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты, Дүниежүзілік банктің бас экономисі П. Ромер және басқалары қатысты.



Қазақстанның Тұңғыш Президенті өз сөзінде жандық экономикадағы соңғы өзгерістер туралы пікірін ортаға салып, мемлекетаралық диалогты жақсарту үшін бірқатар идея ұсынды (Қосымшаны қараңыз).

Сонымен қатар, Елбасы АЭФ алаңында халықаралық диалог форматын кеңейту үшін шаралар қабылдауды ұсынды.



Астана экономикалық форумы (АЭФ) — Еуразияның жыл сайынғы орталық іскерлік оқиғасы. 11 жыл ішінде АЭФ әлемдік экономика мен қаржы жүйесін сауықтыру мен дамыту мәселелерін талқылайтын едәуір беделді халықаралық алаңдардың бірі мәртебесіне ие болды. Форумға әлемнің 150 елінен 50 мыңға жуық делегаттар қатысты, олардың арасында үрлі салалардағы 20-дан астам Нобель сыйлығының лауреаттары, 30-дан астам шетелдік саяси қайраткерлер бар. Конгресс аясында 20 млрд. АҚШ долларынан асатын сомаға 300-ден астам меморандумдар мен келісімдер жасалды. АЭФ тақырыбы жыл сайын өзгертіндіріліп, жалпыәлемдік даму проблемалары мен мінде терінің ауқымды спектрін қамтиды, сондай-ақ кеңінен талқылауға арналған бағыт-бағдарларды береді.

17 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы Ж.Қ. Асановты қабылдап, ол сот жүйесін жаңғырту барысы туралы мәлімдеді.

Жоғарғы сот төрағасы соттардың қызметін жетілдіруге және судьялардың жұмысына деген халық сенімін арттыруға бағытталған 15 заң жобасы әзірленгенін айтты.

Кездесу барысында, сондай-ақ, 2018 жылғы 19 қарашадағы кеңесте берілген тапсырмаларды орындау мәселелері талқыланды.



Сол күні Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының атқарушы директоры Ә.Ө. Исекешевті қабылдап, ол Қордың 2019 жылы атқарған жұмысы, сондай-ақ дарынды жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар туралы баяндады.

Сонымен қатар, Ә.Ө. Исекешев Қордың білім, мәдениет, халықаралық, сарапшылық-талдамалық қызмет саласындағы жаңа жұмыс бағыттары мен бағдарламаларын таныстырды.

20 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Назарбаев Университеті» ДББҰ президенті Ш. Катсуды қабылдап, ол мекеменің қазіргі даму барысы және жоғары оқу орнының түлектеріне бесінші рет диплом тапсыру рәсіміне дайындық жұмыстары туралы мәлімдеді.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы депутат, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы Г.Д. Қарағұсованы қабылдады.

Кездесу барысында Комитеттің бюджетті жоспарлау және салық саясаты саласындағы заң шығару қызметінің мәселелері талқыланды.

21 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Б.М. Сапарбаевты қабылдап, ол «Әлеуметтік қамқорлық» атты жаңа әлеуметтік шараларды түсіндіру жөніндегі үкіметтік жұмыс тобының қызметі туралы мәлімдеді, сондай-ақ ведомствомен қазақстандықтардың тұрмыс деңгейін көтеруге бағытталған жаңа әлеуметтік шараларды жүзеге асыру үшін атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде әңгімеледі.



Атап айтқанда, министр атаулы әлеуметтік көмекті есептеу тәртібі және жаңа жұмыс орындарын құру бойынша қабылданып жатқан қадамдар туралы хабарлады.

Ақпаратты тыңдай келе, Елбасы мұқтаж адамдарға көмек көрсету үдерісін жүйелендіру және тиісті бақылау жасауды қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар, Б.М. Сапарбаев өңірлерде тұрғын үй мәселелерін шешу және ерекше қамқорлыққа мұқтаж адамдарға қолдау көрсету үшін атқарылып жат-

қан жұмыстар туралы баяндады. Министр бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидатын жүзеге асыру аясында кәсіпкерлермен бірге қолға алынып жатқан шаралар туралы айтты. Министр, сондай-ақ, көші-қон және көп балалы отбасылар мен оралмандарға қолдау көрсету мәселелеріне тоқталды.

Соңында Н.Ә. Назарбаев министрлік тарапынан атқарылып жатқан жұмыстардың маңыздылығына тоқталып, белгіленген міндеттерді тиімді шешу қажеттігін атап өтті.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы композитор, пианист, халықаралық конкурстардың лауреаты Р.Т. Әбдісағынды қабылдады.

Кездесу барысында талантты композитор, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» байқауының жеңімпаздарының бірі өзінің «Күн сәулесімен нұрланған жол» атты жаңа операсымен таныстырды.

Н.Ә. Назарбаев Р.Т. Әбдісағынға шығармашылық табыс пен жаңа жетістіктер тіледі.



Әбдісағын Рахат-би Төлегенұлы (1999 жылы 2 ақпанда туған) — композитор және пианист, Құрманғазы атындағы (Алматы қаласы) Қазақ ұлттық консерваториясының және Accademia Musicale Santa Cecilia di Bergamo (Бергамо қаласы, Италия), сондай-ақ Қазақ ұлттық өнер университеті магистратурасының (Нұр-Сұлтан қаласы) түлегі.

Музыкантқа шетелдік сарапшылар «қазақтың Моцарты», «қазақтың нағыз ғажайып құбылысы, мінезінде амбициясы, қолында күші бар асқан шебер пианист» деп баға берген. Ол — тәуелсіз Қазақстаннан шыққан және оның шығармалары Оңтүстік Иллинойс (АҚШ) университетінің Discography оркестрімен фортепианоға арналған туындыларды орындайтын, Бах, Гайдн, Моцарттан бастап, қазіргі әлемдік классикалық музыка өнерінің жауһарлары жинақталған әлемдік қорға енген жалғыз композитор. Автордың музыкасы Еуропаның және бірқатар Азия елдері мен Американың танымал концерттік залдарында жиі ойналады. Оны атақты солистер, камералы ансамбльдер және симфониялық оркестрлер орындайды.

22 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңестің отырысына төрағалық етті.

Кеңеске Қазақстан Республикасының Премьер-министрі А.Ұ. Мамин, Президент Әкімшілігінің басшысы Б.Ә. Сағынтаев, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқармасының төрағасы А.С. Есімов, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің көмекшісі Д.Т. Ақышев, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тәуелсіз директоры Р. Эванс, басқарма мүшелері және Қордың ұлттық компанияларының басшылары қатысты.



Отырыста «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ 2018–2028 жылдарға арналған даму стратегиясын жүзеге асыру туралы есеп тыңдалды, сондай-ақ холдингті одан әрі трансформациялау жөніндегі тапсырмалардың орындалу барысы талқыланды.



«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқармасының төрағасы корпоративтік орталықтардың құрылымын оңтайландыру және Қордың басқару деңгейлерін қысқарту нәтижелері туралы, холдинг компанияларын жекешелендіру, индустриялық-инновациялық даму және «Нұрлы жол» бағдарламаларын іске асыру барысы туралы мәлімдеді. А.С. Есімовтің ақпаратына сәйкес, бүгінгі таңда Қор жалпы сомасы 8 трлн теңгені құрайтын 54 жобаны жүзеге асыруда және 68 мың жаңа жұмыс орны ашылды.

Жиында, сондай-ақ А.Ұ. Мамин, Р. Эванс және ұлттық компаниялардың басшылары баяндама жасады.

Есептерді тыңдай келе, Тұңғыш Президент холдингтің қызметі жіті бақылауында болатынын атап өтті. «Қордың басты міндеті — активтерді көбейту, табысты арттыру және ұлттық компанияларды дамыту. Қор активтерінің ел экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар. Жаңа басшылық жұмысының оң нәтижелерін атап өткім келеді. Қысқа мерзім ішінде қарызды азайтып, компаниялардың табысты жұмыс істеуін, қаржы құралдарын тиімді басқаруды қамтамасыз ете алдық», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Елбасы, сондай-ақ, Қордың сатып алуларды ұйымдастыру және кәсіпкерлікті қолдау саласындағы жұмысының нәтижелерін жоғары бағалады.

Жиын қорытындысы бойынша Қордың қаржы жағдайын одан әрі жақсартуға, еліміздің тауар өндірушілерін қолдауға, «Қазақтелеком» және «Air Astana» компанияларының акцияларын IPO-ға шығаруға бағытталған шешімдер қабылданды.

23 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұр-Сұлтан қаласындағы «Nur Otan» партиясынан ұсынылған кандидаттың Республикалық қоғамдық штабына барып, онда штаб мүшелерімен кездесіп, өңірлік штаб жетекшілерімен селекторлық кеңес өткізді.

Республикалық және өңірлік штабтардың жұмысы туралы ақпаратты тыңдаған соң, «Nur Otan» партиясының төрағасы сайлауалды бағдарламаны түсіндіру үшін атқарылып жатқан жұмыстардың қарқынын бәсеңдетпеуді тапсырды.

Елбасы, сондай-ақ, халықпен тиімді кері байланыс орнатуға бағытталған «Бірге» атты жалпыұлттық акцияны іске асыру барысын жоғары бағалады. «Партия барлық тапсырмалардың орындалуын бақылауға алуды қамтамасыз етуі қажет. Партия жауапкершілікті сезінуге тиіс. Партияның XVIII съезде қабылданған 2030 жылға дейінгі бағдарламасын орындау керек. «Nur Otan» елімізді жаңғыртудың флагманына айналуға тиіс», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Соңында Елбасы ел ішіндегі саяси үдерістердің ерекше маңыздылығын атап өтіп, барлық қазақстандықтарды алдағы сайлауға белсенді түрде қатысуға шақырды.



24 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі М. Чавушоглумен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев бауырлас екі ел арасындағы ынтымақтастықты сақтаудың және оны әрі қарай нығайтудың маңыздылығын атап өтті, сонымен қатар Түркі кеңесі аясында мемлекетаралық байланыстарды дамытудың қажеттігін айтты.

Өз кезегінде М. Чавушоглу Елбасына ризашылық білдіріп, жақын арада Түркияға келу туралы Р. Ердоғанның шақыруын жеткізді.

Соңында Түркия Республикасының СІМ басшысы Түркі кеңесі мемлекеттері көшбасшыларының қабылдаған шешіміне сәйкес, түркі әлемі елдерін дамытуға зор үлес қосқаны үшін Қазақстанның Тұңғыш



Президентіне Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы кеңесінің ғұмыр бойғы құрметті төрағасы мәртебесі берілгенін мәлімдеді.

Сол күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қасиетті Рамазан айында ауыз бекіткендер үшін кешкі ас ұйымдастырды.

Н.Ә. Назарбаев барша қазақстандықтарды қасиетті Рамазан айының басталуымен құттықтады.




28 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанға Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысу үшін келген Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен кездесті.

Кездесу барысында Елбасы В.В. Путинге «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» орденін өз қолымен тапсырды.

Ресей көшбасшысы өзіне тапсырылған марапат үшін Н.Ә. Назарбаевқа алғыс айтты және жан-жақты диалогтың әрі қарай нығая беретініне сенім білдірді.

Әңгіме барысында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Еуразиялық экономикалық одақтың қазіргі нәтижелері мен әрі қарайғы даму перспективаларын атап өтті.



1



2



«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» ордені 2001 жылы бекітілді. Онымен Қазақстан Республикасының қалыптасуына, көркеюіне және даңқын шығаруға жәрдемдескен, мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі айрықша еңбегі үшін Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шет ел мемлекеттерінің, үкіметтерінің басшылары наградталады.

Орден жұлдыздан (1-сурет) және иыққа асатын лентадағы белгіден (2-сурет) тұрады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанға Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысу үшін келген Беларусь Республикасының Президенті А.Г. Лукашенкомен кездесті.



Кездесу барысында Елбасы құрметті қонаққа «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» орденін табыс етті.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті А.Г. Лукашенко-ның интеграциялық үдерістерді дамыту және Еуразиялық экономикалық одақты құру ісіне сіңірген еңбегін ерекше атап өтті. Бұл ретте ол Беларусь халқына және оның көшбасшысына әрдайым қолдау көрсетуге дайын екенін айтты.

Өз кезегінде А.Г. Лукашенко қонақжайлық көрсетіп, марапат тапсырғаны үшін Н.Ә. Назарбаевқа ризашылық білдірді. «Беларусь халқына құрмет көрсеткеніңіз үшін рахмет. Бұл маған ғана көрсетілген құрмет емес. Бұл — менің халқыма деген ыстық ықыласыңыз бен құрметіңіз. Қазақстанның Президенті — лайықты азамат. Сіз дана шешім қабылдадыңыз. Қазақстандықтар басқа халықтар сияқты тұрақтылықты бағалайтынына сенімдімін. Ең бастысы — еңбек. Еңбек етсең, нәтиже де болады», — деді Беларусь Республикасының Президенті.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанға Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысу үшін келген Қырғыз Республикасының Президенті С.Ш. Жээнбековпен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев С.Ш. Жээнбековке «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» орденін табыс етті.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті бауырлас екі халық арасындағы қатынастардың жоғары деңгейде екенін атап өтті.

Өз кезегінде С.Ш. Жээнбеков жоғары марапат тапсырғаны үшін Н.Ә. Назарбаевқа алғыс айтып, Елбасының Орталық Азия халықтарының достығын нығайту ісіндегі ерекше рөлін атап өтті. «Сіз Түркі әлемінің көшбасшысы саналасыз. Сіз Орталық Азия елдерінің достығын нығайту ісіне зор үлес қостыңыз. Қазақ халқының Тұңғыш Президентінен орден алу мен үшін зор мәртебе. Сізге шынайы ризашылығымды



білдіремін», — деді Қырғыз Республикасының Президенті.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанға Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысу үшін келген Тәжікстан Республикасының Президенті Э. Рахмонмен кездесті.

Кездесу барысында Елбасы ынтымақтастықтың алғашқы күндерінен бастап Қазақстан мен Тәжікстанның берік достыққа және сенімге негізделген қатынастар орнатқанын және алдағы уақытта да нығая беретінін айтты.


Өз кезегінде Э. Рахмон Елбасының басшылығымен Қазақстанның қарқынды дамығанын атап өтті.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанға Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысу үшін келген Армения Республикасының Премьер-министрі Н.В. Пашинянмен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев мәртебелі мейманға қошемет білдіріп, екі жақты сауда-экономикалық қатынастарды дамытудың және нығайтудың маңыздылығын атап өтті.


Н.В. Пашинян Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мемлекетаралық байланыстарды және құрлықтағы интеграциялық үдерістерді дамыту ісіне ерекше үлес қосқанын атап өтті. Арменияның Премьер-министрі екі жақты экономикалық ынтымақтастықтың одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Т.С. Саркисянмен кездесті.

Кездесу барысында тараптар Еуразиялық экономикалық одақтың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын талқылады.

Н.Ә. Назарбаев көптеген мемлекеттер мен ұымдардың ЕАЭО-мен қарым-қатынас орнатуға ниетті екенін және ұымның экономикалық серіктестерінің аясын кеңейту қажеттігін атап өтті.



29 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елорданың Тәуелсіздік сарайында өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кеңейтілген құрамдағы отырысына қатысты.

ЕАЭО бұл кезекті отырысы Н.Ә. Назарбаевтың еуразиялық интеграция жөніндегі идеясының 25 жылдығына және Еуразиялық экономикалық одақ жөніндегі Шартқа қол қойылуының 5 жылдығына арналып отыр.

Саммитке сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев, Беларусь Республикасының Президенті А.Г. Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті С.Ш. Жээнбеков, Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин, Армения Республикасының Премьер-министрі Н.В. Пашинян, сондай-ақ ЕАЭО жанындағы бақылаушы мемлекет басшысы ретінде Молдова Республикасының Президенті И.Н. Додон және құрметті қонақ ретінде Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмон, Еуразия экономикалық комиссиясы алқасының төрағасы Т.С. Саркисян және ТМД Атқарушы комитетінің төрағасы – Атқарушы хатшысы С.Н. Лебедев қатысты.

Іс-шара барысында мемлекет басшылары ЕАЭО қызметінің өзекті мәселелері мен даму келешегі бойынша пікір алмасты, сондай-ақ одақтың 2019–2020 жылдарға арналған макроэкономикалық саясатының негізгі бағыттарын талқылады.

Н.Ә. Назарбаев жиында сөйлеген сөзінде «Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің құрметті төрағасы» атағын беру жөніндегі бастамасы үшін Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинге және ЖЕЭК барлық мүшелеріне осы ұсынысты қолдағаны үшін ризашылық білдірді (Қосымшаны қараңыз).

Елбасы Еуразиялық экономикалық одақтың құрылу тарихына тоқталып, интеграциялық бірлестіктің Еуразия кеңістігінде қалыптасуының негізгі нәтижелерін атап өтті. Ол сондай-ақ ЕАЭО Жер шарының 184 миллион тұрғыны бар орасан зор бөлігінің өмірлік маңызы бар сауда-экономикалық дәлізі саналатынын атап өтті.

Әлемде қалыптасқан жағдайға және өңірлік үрдістерге байланысты, Н.Ә. Назарбаев интеграциялық үдерісті одан әрі дамытуға қатысты өз ойын ортаға салды.



«ЕАЭО стратегиялық аясын кеңейтіп, интеграция идеясын ілгерілету қажет. Біз Еуразиялық экономикалық одақ, Еуропалық одақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және АСЕАН арасында жан-жақты экономикалық ынтымақтастық орнатуымыз керек. Еуразиялық экономикалық кеңістіктің мәнісі тұйықталуда емес, керісінше, оны жаһандық өзара іс-қимыл үшін барынша ашық етуде», — деді ЖЕЭК құрметті төрағасы.

Соңында Нұрсұлтан Назарбаев халықтарымыздың игілігі үшін интеграциялық бірлестікті одан әрі дәйекті дамытудың маңыздылығын атап өтті.



Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) — өңірлік халықаралық ұйым, оның мақсаты құрамына кіретін мүше мемлекеттердің бірыңғай экономикалық нарық аясында тауарлар, қызметтер, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз ету және олардың үйлескен экономикалық саясат жүргізуі болып табылады. ЕАЭО құру туралы шартқа Қазақстан, Ресей және Беларусь президенттері Астана қаласында (қазіргі Нұр-Сұлтан) 2014 жылғы 29 мамырда қол қойды. 2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді.

2014 жылғы қазаннан бастап ЕАЭО-ға — Армения (Шарт 2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді), ал 2014 жылғы желтоқсанда Қырғызстан (Шарт 2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді) қосылды.

Молдавия ЕАЭО жанындағы байқаушы-мемлекет мәртебесін алған алғашқы мемлекет болып табылады (2018 жылғы мамырда).

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес, Еуразиялық үкіметаралық кеңес, Еуразиялық экономикалық комиссия және ЕАЭО соты ЕАЭО органдары болып табылады.

31 мамыр

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Қазақстанға ресми сапармен келген Еуропалық кеңестің төрағасы Д. Тускпен кездесті.

Кездесу барысында Елбасы Қазақстан мен Еуропалық одақ арасындағы қарым-қатынас жоғары деңгейде дамып келе жатқанын атап өтті.

Өз кезегінде Д. Туск Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанды қалыптастыру және өркендету, сондай-ақ еліміздің халықаралық беделін нығайту ісіндегі ролін атап өтті. «Сіз осы өңірде ерекше және маңызды рөл атқарасыз. Сізбен жүздескеніме қуаныштымын. Сіздің билік транзитіне қатысты ойға қонымды әрі жауапты ұстанымыңызды жоғары бағалаймын. Менің ойымша



бүкіл Еуропа осы қадамыңызға тәнті болды. Демократия жағдайында кімнің президент болатынын білу оңай емес. Бірақ, Сіз айқындаған бағытты жалғастыру үшін кандидатыңыздың толық мүмкіндігі бар», — деді Еуропалық кеңес төрағасы.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елордадағы Назарбаев Университетінің түлектеріне диплом тапсыру салтанатты рәсіміне қатысты.

Салтанатты рәсімге қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев барша түлектерді айтулы күнмен құттықтады. Тұңғыш Президент осыған дейін төрт жыл ішінде Университетті 2,6 мыңнан астам студент бітіргенін айтты (Қосымшаны қараңыз).

Елбасы Университеттің жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрлары Қазақстанның жоғары технологиялы индустриясын дамытуға зор үлес қосып отырғанын айтты. «2019 жыл Жастар жылы болып жарияланды. Жастар — еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы сіздерге, сіздердің білімдеріңізге, күшқуаттарыңыз бен патриоттық сезімдеріңізге байланысты. Сіздер өз әлеуеттеріңіз мен мүмкіндіктеріңізді толық іске асыру үшін біз барлық жағдайды жасап отырмыз», — деді Н.Ә. Назарбаев.



Назарбаев Университеті ел ішінде жоғары білікті кадрларды даярлау, сондай-ақ ғылыми зерттеулерді дамытуға арналған элиталы оқу орны ретінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған.

2010 жылдың күзінде университет алғашқы студенттерін қабылдады. 2015 жылдың маусымында бакалавриат және магистратура бағдарламаларын алғашқы түлектер бітіріп шықты.

2015 жылдың желтоқсанында оқу орнына Зерттеу университеті мәртебесі берілді. Жоғары оқу орнының құрылымына 8 мектеп енеді (Бизнес, Білім беру, Мемлекеттік саясат, Инженерия, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар, Медицина, Тау және Жер ісі туралы ғылым, Ғылым және технология). Онда 48 академиялық бағдарламалар бойынша білім беріледі.

Бұдан бөлек, университеттің құрамына 2 ғылыми-зерттеу орталығы: Өмір туралы ғылымдар орталығы мен Жаңа материалдар туралы энергетика және ғылым орталығынан тұратын Астана ұлттық зертханасы, сондай-ақ мемлекеттік

саясат және экономика салалары бойынша зерттеу жобалары арқылы мемлекеттік және жеке меншік секторларға консалтингтік және сараптамалық қызметтер ұсынатын Ұлттық сараптау орталығы енеді.

Жоғары оқу орнында 268 ғылыми-зерттеу зертханалары жұмыс істейді, оның ішінде 2018 жылдың 1 желтоқсанында ашылған С4 жаңа кешеніндегі 117 зертханалар да бар.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Назарбаев Университетінің жаңа Атлетикалық орталығының ашылу рәсіміне қатысты.

Оқу орнының көпфункционалы спорттық ғимаратына барған кезінде Елбасы жас спортшыларға сәлем жолдады.



Назарбаев Университетінің жаңа Атлетикалық орталығында спортпен шұғылдануға қажетті инфрақұрылым, соның ішінде олимпиадалық бассейн, 660 көрерменге арналған арена, тренажер және жекпе-жек залы бар. Бұл нысан спорт индустриясының озық технологиясы бойынша жабдықталған.



МАУСЫМ



Дс		3	10	17	24
Сс		4	11	18	25
Ср		5	12	19	26
Бс		6	13	20	27
Жм		7	14	21	28
Сн	1	8	15	22	29
Жк	2	9	16	23	30



Altyn kún aspany.
Altyn dún dalasy.
Erlikin dastany.
Elime qarashy!
Ejelden er dagan.
Dúnghyz shyqty gol.
Dúnghyz shyqty gol.

4 маусым

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары – Ассамблея хатшылығының меңгерушісі Ж.Қ. Түймебаевты қабылдап, ол Ассамблеяның қазіргі қызметі және XXVII сессияда айтылған міндеттерді жүзеге асыру үшін қолға алынып жатқан шаралар туралы мәлімдеді.

Н.Ә. Назарбаев Ассамблеяның тұрақтылықты сақтау және қоғамның бірлігін нығайту үшін атқарып жатқан жұмыстарының маңыздылығын ерекше атап өтті.

Өз кезегінде Ж.Қ. Түймебаев этномәдени бірлестіктердің Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне бейбітшілік пен келісімді сақтағаны, сондай-ақ ел экономикасын дамыту ісіндегі жетістіктері үшін зор ризашылық білдіретінін атап өтті.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Түркия Республикасының Президенті Р. Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Р. Ердоған Н.Ә. Назарбаевты Ораза айт мерекесімен құттықтап, зор денсаулық және толағай табыс, ал Қазақстан халқына бақ-береке тіледі.

Тараптар сондай-ақ Қазақстан – Түркия ынтымақтастығының, сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері бойынша пікір алмасты.



6 маусым

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының пленарлық отырысы басталмас бұрын өткен өзіне «Құрметті сенатор» мәртебесін беру рәсіміне қатысты.

Тұңғыш Президентке Сенат төрайымы Д.Н. Назарбаева салтанатты түрде «Құрметті Сенатор» төсбелгісі мен куәлігін тапсырды.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев барлық депутаттарға қолдау көрсеткені және еңбегін жоғары бағалағаны үшін алғыс айтты (Қосымшаны қараңыз).

Елбасы қолға алған реформаларды тиімді жүзеге асыру ісінде Парламенттің сапалы заң шығару қызметінің маңызды екенін ерекше атап өтті.





2019 жылғы 20 наурызда Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев Қазақстан Республикасы Президентінің салтанатты ант беру рәсімі кезінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевқа «Құрметті сенатор» мәртебесін беру туралы ұсынысын жасады.

Мемлекет басшысының бастамасын қолдап, 2019 жылғы 27 мамырда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бюро мүшелері «Құрметті сенатор» мәртебесі туралы ережесін бекітті, оған сәйкес мәртебені беру туралы шешім 2019 жылғы 30 мамырда жоғары палата отырысында қабылданды.

«Құрметті сенатор» мәртебесін беру Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушы, Конституцияны, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның бірлігін қорғауды қамтамасыз еткен, елдің стратегиялық даму бағдарын айқындаған Елбасының сіңірген тарихи еңбегін мойындаудың белгісі болып табылады.

Тұңғыш Президентке «Құрметті сенатор» мәртебесі Қазақстан Республикасының демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде конституциялық-құқықтық негіздерін қалыптастыруға, сондай-ақ отандық парламентаризмнің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқаны үшін беріледі.

Құрметті сенатор палатаның, Сенат бюросының және Сенаттың тұрақты комитеттерінің ашық және жабық та отырыстарына қатысуға және тыңдалуына құқылы.

Құрметті сенаторға оның өтініші бойынша кез келген уақытта сөйлеу үшін сөз беріледі.

7 маусым

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елордадағы «Сарыарқа» республикалық велотрегінің ғимаратында өткен «Nur Otan» партиясының атынан Қазақстан Республикасының Президентіне үміткер Қ.К. Тоқаевты жақтаушылар форумына қатысты.



8 маусым

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Хорватия Республикасының бұрынғы президенті С. Месичпен кездесті.

Кездесуде Елбасы мәртебелі мейманға қошемет білдіріп, Қазақстандағы Президент сайлауына тәуелсіз бақылаушы ретінде келгені үшін алғыс айтты.



2019 жылғы 9 маусымда өткен Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына Халықаралық байқаушыларды тіркеу Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен 2019 жылдың 12

сәуірінде басталып, 2019 жылдың 3 маусымында сағат 18.00-де аяқталды. Барлығы 10 3 адам аккредитацияланды, оның ішінде 9 халықаралық, йымнан 866 және 41 шетел мемлекеттерінен 147 байқаушы бар.

9 маусым

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы астаналық Оқушылар сарайының ғимаратында орналасқан №58 сайлау учаскесінде Қазақстан Республикасы Президентін кезектен тыс сайлау рәсіміне қатысып, дауыс берді.



Елбасы қазақстандық және шетелдік БАҚ өкілдері алдында сөйлеген сөзінде мыңдаған сайлау учаскелерінде ел азаматтары жаңа Президентке — Қазақстанды жарқын болашаққа, бейбіт өмір мен келісімге, тұрақтылық пен дамуға, 30 озық елдер қатарына алып келетін өз үміттерін байланыстырған адамға дауыс беріп жатқандығын атап өтті.

Соңында Н.Ә. Назарбаев барша қазақстандықтарға амандық, тыныштық пен бақ-береке тіледі.



Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мәліметтері бойынша сайлауда 9 274 110 адам немесе 77,5% сайлаушы дауыс беруге қатысты.

Қ.К. Тоқаев 6 539 715 дауыс жинады, бұл дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 70,96% құрады.

Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат ретінде сайлауға сондай-ақ Ж.Ә. Ахметбеков (1,82% сайлаушылар даусын жинаған), Д.М. Еспаева (5,05%), Ә.С. Қосанов (16,23%), Т.С. Рахымбеков (3,04%), А.С. Таспихов (1,98%), Т. Сәдібек (0,92%) қатысты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Г.Г. Головкинге оның кәсіпқой бокс рингіндегі жекпе-жектегі теңдессіз жеңісіне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

«Адал ұрыста сен тағы өзіңнің жоғары спорттық шеберлігіңді, қайтпас еркің мен берік рухыңды көрсеттің. Өз-өзіңді үнемі жетілдіру мен дамытудағы күшжігерің саған көптеген спорт шыңдарын бағындыруға, қазақстандық жас спортшылардың жас буынына жарқын үлгі болуға мүмкіндік берді», — делінген жеделхатта.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ спортшыға зор денсаулық, игілік пен жаңа табыстар тіледі.

12 маусым

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елордадағы Тәуелсіздік сарайында өткен Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан Республикасының сайланған Президенті қызметіне ресми кірісу рәсіміне қатысты.

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің төрағасы Қ.Ә.Мәми Конституцияның 42-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына ант берген сәтінен бастап қызметіне кірісетінін хабарлады.

Қ.К. Тоқаев ел Конституциясына оң қолын қойып, ант қабылдады: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін!».

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Б.Ж. Имашев Қ.К. Тоқаевқа Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін тапсырды.

Мемлекет басшысы ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде зор сенім артқаны үшін қазақстандықтардың бәріне алғыс айтып, қазіргі қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаушы Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерекше рөлін атап өтті.



20 маусым

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Алматы облысы Қарасай ауданының Шамалған ауылында өткен «Үшқоңыр» спорт кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.

Сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев бой көтерген нысанның жастарды тәрбиелеу және дене шынықтыру ісіндегі маңызын атап өтті. Ол сонымен қатар өңірлерде әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту үшін «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асырудың маңыздылығына тоқталды.

«Біздің балалық шағымызда спортпен шұғылдану үшін мұндай жағдай болмады. Ал, қазір жастар үшін барлық мүмкіндік бар. Көптеген табысты азаматтарымыз туған ауылы мен аудандарына қолдау көрсетеді деп ойлаймын. Жаңа спорт кешенінде жаттығатындардың арасынан болашақ чемпиондар шығады деп сенемін.



Менің отбасым және жақындарым осы спорт кешенін арнайы сіздердің игіліктеріңіз үшін салды. Сіздерге зор денсаулық, амандық және бақ-береке тілеймін!», — деді Елбасы.



«Үшқоңыр» спорт кешенінде бокс, күрес және тренажер залдары, жүзу бассейні, теннис корты, көпфункционалды залдар және басқа да спорт инфрақұрылымдары бар.

21 маусым

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Алматы қаласында келешек ұрпаққа арналған жолдауы бар «уақыт капсуласын» салу рәсіміне қатысты.

Рәсімге қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтардың болашақ ұрпағы үшін бұл жолдаудың ерекше мәні бар екенін айтты. «Бүгінгі іс-шара өте маңызды — уақыт капсуласы салынбақ. Бүгін менің президент болғаным 30 жыл болыпты. Сіздердің көбіңіз 30 жасқа әлі толмадыңыздар. Ата-аналарыңыздан сұрасаңыздар, сіздердің бақытты өмір сүрулеріңіз үшін біздің қандай қиын кезеңдерді бастан өткергенімізді олар жақсы біледі. Біз еліміздің игілігі үшін жұмыс істедік. Қазақстанды әлемге таныттық. Менің жас кезімде әлемде Қазақстанның қандай ел екенін, қазақтардың кім екенін ешкім білмейтін. Қазір сіздерде әлемнің кез келген елінде білім алып, демалатын мүмкіндіктеріңіз зор», — деді Тұңғыш Президент.

Н.Ә. Назарбаев «Еріктілер лигасы» қоғамдық қорының төрайымы А.Ә. Ерниязовамен бірге капсуланы салды. Елбасы бұл капсуланың 30 жылдан кейін ашылатынын, осы жылдар ішінде әлемнің өзгеретінін атап өтті. Бұл ретте Тұңғыш Президент Қазақстан және оның азаматтары өз даму жолымен ілгерілеуін жалғастыра береді деген сенімін білдірді.



Н.Ә. Назарбаевтың келе-лек ұрпаққа арналған жолдауы бар уақыт капсуласы Алматы қаласындағы Қазақстан – Британ техникалық университеті ғимаратының алдындағы аллеяда салынды. Ол 2049 жылы 22 маусымда ашылады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Алматы қаласы әкімдігінің ғимаратында өткен «Кемеңгерліктің 30 жылы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты.

Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің ең жоғары лауазымындағы қызметте болуының 30 жылдығына арналған халықаралық форумды Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры мен Кітапханасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кеңсесінің қолдауы бойынша Алматы қаласының әкімдігі ұйымдастырды.

Іс-шараға Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев, сондай-ақ танымал шетелдік және қазақстандық мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, зерттеушілер мен сарапшылар қатысты.

Елбасы конференцияда сөйлеген сөзінде еліміздің бірінші басшысы лауазымындағы бүкіл қызметі Қазақстанды дамытуға арналғанын атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

Н.Ә. Назарбаев мемлекетті құру жолындағы және егеменді елді қалыптастырудағы қиындықтар туралы айтты. Соның ішінде, Тұңғыш Президент 1990-шы жылдардың басында еліміздегі ұлттық экономиканың қирауына, этносаралық қақтығыстардың пайда болу қаупіне байланысты жағдай жөнінде еске салды.

Сонымен қатар Елбасы әлемдік даму үдерісіне әсер ететін стратегиялық сын-қатерлердің бірнеше тобын атап көрсетті. Атап айтқанда, қарқынды әрі үздіксіз технологиялық толқын, кезекті индустриялық революцияға байланысты экономикалық парадигманың ауысуы, әлемдегі геосаяси жағдайдың өзгеруі, түрлі сипаттағы жаһандық деңгейдегі қақтығыс.

Іс-шара соңында Н.Ә. Назарбаев пен Қ.К. Тоқаев Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының қорларынан «Кемеңгерліктің 30 жылы» атты көрмесін тамашалады.



Бұрынғы Қазақ КСР астанасы Алма-Ата қаласында 1989 жылғы 22 маусымда Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы лауазымына сайланды. 30 жыл бойы мемлекет басқарып, нақты құрылған, тиімді мемлекеттік саясатты жүзеге асырды. Ол ел Президентінің өкілеттігін 2019 жылғы 20 наурыз күні тоқтатты және оны Қазақстан Республикасы Сенатының төрағасы Қ.К. Тоқаевке берді. Н.Ә. Назарбаевқа Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы мәртебесі берілді, сондай-ақ ол Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің, «Nur Otan» партиясының, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы және Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің мүшесі болып қала берді.

26 маусым

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұр-Сұлтан қаласында өткен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің отырысына төрағалық етті.

Жиында Түркістан облысының Арыс қаласындағы қазіргі ахуал және еліміздің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы Арыс қаласында қаза болғандардың туыстары мен жақындарына көңіл айтты, сондай-ақ жарылыс салдарын жоюға атсалысып жатқан барлық құзырлы орган қызметкерлерінің және волонтерлердің қажырлы еңбегін ерекше атап өтті.

Н.Ә. Назарбаев өңірде қалыпты жағдайды тезірек қалпына келтіру және тұрғындарға жан-жақты қолдау көрсету үшін мемлекет тарапынан барлық шаралар қолданылып жатқанын атап өтті.

Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі бойынша еліміздегі су ресурстарының және су шаруашылығы нысандарының жай-күйі талқыланды. Сондай-ақ, тұрғындар үшін таза ауыз судың қолжетімді болуына және суды үнемдеп пайдалану мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Отырыс қорытындысы бойынша Елбасы Арыс қаласында жөндеу-құрылысын салу жұмыстарын жүргізу және азаматтардың тұрғылықты жеріне оралуын ұйымдастыру жөнінде нақты тапсырмалар берді.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.С. Көлгіновті қабылдап, қаланың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін жақсарту бойынша алдағы атқарылатын жұмыс жоспарлары туралы айтты.



28 маусым

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елордадағы Сарыарқа ауданында орналасқан жаңа мешітке барды.

Бұған дейін қаланың 380 мыңнан астам тұрғыны бар осы аймағында жаңа мешіт салу туралы ұсыныс айтылған болатын. Н.Ә. Назарбаев бұл бастаманы қолдады.





Мешіт жеке инвесторлардың қаржысына тұрғызылды. Ғимарат классикалық ислам стилінде салынып, сырты және іші ұлттық ою-өрнекпен безендірілген. Мешіттің ауданы 2000 ш.м. асады.

29 маусым

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Nur Otan» партиясының орталық аппаратына барды.

Онда Елбасы М.С. Әшімбаевқа атқарған жұмысы үшін алғыс айтып, алдағы қызметіне табыс тіледі және «Nur Otan» партиясы төрағасының жаңадан тағайындалған бірінші орынбасары Б.Қ. Байбекті таныстырды.

Соңында Қазақстанның Тұңғыш Президенті «Nur Otan» партиясының қызметі халықтың ерік-күшін көрсетуге және бүкіл елімізді дамытуға бағытталуға тиіс екендігін атап өтті.



ШІЛДЕ



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	31
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



6 шілде

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы бірқатар елдердің көшбасшыларымен телефон арқылы сөйлесті.

Сонымен, әңгімелесу барысында Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.М. Мирзиёев Елбасына денсаулық және жаңа жетістіктер тілеп, оны туған күнімен және Астана күнімен құттықтады. Әңгімелесу кезінде достық, сенім мен ынтымақтастыққа негізделген қазақ-өзбек стратегиялық қатынастарын тереңдету және кеңейтуге бағытталған бағдар расталды.

Бұдан басқа, Н.Ә. Назарбаев Қырғыз Республикасының Президенті С.Ш. Жээнбековпен телефон арқылы сөйлесті, оның барысында Қырғызстан басшысы Елбасын туған күнімен және Астана күнімен құттықтап, мықты денсаулық және қойылған мақсаттардың табысты орындалуын тіледі. Екі тарап та түрлі салалардағы қазақ-қырғыз тату көршілестік және сенімгерлік қатынастарын одан әрі нығайту қажеттігін атап өтті.

Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин әңгімелесу барысында Елбасын туған күнімен және Астана күнімен құттықтап, оған мықты денсаулық және мол табыс тіледі. Сұхбаттасушы тараптар екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қарым-қатынастардың ілгерілемелі дамуының жалғасатынына сенім білдірді.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ оны туған күнімен және Астана күнімен құттықтап, денсаулық және игілік тілеген Армения Республикасының Премьер-министрі Н.В. Пашинянмен телефон арқылы сөйлесті. Әңгімелесу барысында тараптар көпқырлы қазақ-армян ынтымақтастығын кеңейтуге өзара ниеттестікті растады.

Сол күні Елбасы Түркия Республикасының Президенті Р. Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті, оның барысында түрік көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевты туған күнімен және Астана күнімен құттықтап, оған мықты денсаулық және жаңа мақсаттарға жетуде сәттілік тіледі. Әңгімелесуші тараптар екі елдің бауырлас халықтардың игілігі үшін қазақ-түрік қарым-қатынасын одан әрі ілгерілетудің маңыздылығын атап өтті.



21 шілде

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы баспасөз бетінен металлургия саласының қызметкерлері мен ардагерлерін Металлург күнімен құттықтады.

«Бұл мереке — сіздердің ауыр еңбектеріңізді құрметтеп, мойындаудың белгісі. Мен өз кезінде маған маңызды өмірлік тәжірибе, сенімді достар беріп, шынықтырған металлург мамандығын таңдағанымды мақтан тұтамын. Бүгін еліміздің кәсіпорындарында мыңдаған жоғары білікті металлургтер — еңбексүйгіш, жауапты және мықты адамдар еңбек етуде. Олардың іске берілгендігі мен шеберлігінің арқасында біз барша республиканың экономикалық өсімінің сенімді негізін қалыптастырдық», — делінген құттықтау үндеуінде.

Елбасы металлургтерге мықты денсаулық, сарқылмас күш-қуат және амандық-саулық тіледі.

23 шілде

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігінің Бас директоры Ю. Аманоның қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Қазақстан мен МАГАТЭ арасындағы тығыз ынтымақтастық Юкия Аманоның жан-жақты қолдауының арқасында мүмкін болды. Қайғыларыңызға ортақтаса отырып, Аmano мырзаның отбасына, Халықаралық агенттік ұжымына және Жапония Үкіметіне көңіл айтамын.

Юкия Аманоны беделді және халықаралық қауіпсіздіктің нығаюына орасан зор еңбек сіңірген тарихи тұлға ретінде әрдайым есте сақтайтын боламыз», — делінген жеделхатта.



Юкия Аmano (1947–2019) — жапон дипломаты және БҰҰ және оның бөлімшелерінің халықаралық мемлекеттік қызметшісі. Жапонияның елшісі және МАГАТЭ-дегі тұрақты өкілі, 2009 жылдың желтоқсанынан бастап МАГАТЭ бас директоры. Қарусыздандыру және ядролық қаруды таратпау тақырыбы бойынша маманданған. Ю. Аmano 2017 жылғы 29 тамызда Қазақстан астанасына Өскемен қаласындағы Үлбі металлургия зауытының алаңында орналасқан МАГАТЭ төмен байытылған уран банкінің ашылу рәсіміне қатысу үшін келді. Онда ол Қазақстан туралы ядролық энергетиканы бейбіт мақсатта қолдану және ядролық қаруды таратпау идеяларын жүзеге асыру жолында үздіксіз жұмыс сітейтін МАГАТЭ-нің тұрақты серіктесі ретінде айтты.



МАГАТЭ (Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік) — атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі халықаралық ұйым. 1957 жылы негізі қаланған. Штаб-пәтері Вена қаласында орналасқан.

24 шілде

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.М. Мирзиевпен телефон арқылы сөйлесті.

Н.Ә. Назарбаев Ш.М. Мирзиевті туған күнімен құттықтап, оған мықты денсаулық және оның мемлекеттік қызметтегі ісіне табыс, ал бауырлас Өзбекстан халқына амандық пен өркендеуін тіледі.

Тараптар соңғы жылдары екі ел арасында қол жеткізілген уағдаластықтар арқасында қазақ-өзбек көпжоспарлы ынтымақтастығы жаңа серпінге ие болып, жоғары сапалық деңгейге шыққанын атап өтті.

Өңгімелесуші тараптар өзара сауда-саттық көлемінің ұлғаюы мен экономикалық байланыстардың өсуімен қатар, мәдени-гуманитарлық байланыстар да қарқынды дамып жатқанын қанағаттанарлықпен атап өтті. Осылайша, 2018 жылы Қазақстанда Өзбекстан жылы табысты аталып өтті, 2019 жылы Өзбекстандағы Қазақстан жылы аясындағы іс-шаралар өткізілді.

Сұхбаттасудың соңында тараптар тату көршілестік және екі ел халқының игілігі үшін дамып отырған қазақ-өзбек стратегиялық қатынастарының одан әрі нығаюына екіжақты сенім білдірді.



29 шілде

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевпен кездесті.

Кездесу барысында ағымдағы күн тәртібінің өзекті мәселелері, сондай-ақ алдағы кезеңге жоспарлар талқыланды.

Елдегі қоғамдық-саяси ахуалға және азаматтық қоғам институтын дамытуға айрықша назар аударылды.



Сол күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Б.Қ. Байбекті қабылдап, ол партияны жаңғырту жоспарын жүзеге асыру барысы, сондай-ақ «Nur Otan» партиясының Түркістан облысы Арыс қаласын қалпына келтіру жұмыстарына қатысуы туралы баяндады.

Партия төрағасы ел өңірлеріндегі «Nur Otan» филиалдары мен бастауыш партия ұйымдарының жұмысын белсендірудің маңыздылығын атап өтті.



Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ партиялық бақылау комиссияларының және орталық пен жергілікті жерлердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңестерінің жұмысын жақсарту мәселесіне тоқталды. Халықпен «кері байланыс» орнату құралдарының тиімділігін арттыру, соның ішінде партияның қоғамдық қабылдау орындарының қызметін жақсарту мәселелеріне де назар аударылды.

Кездесу соңында Елбасы партияны қайта жандандыру бағдарламасын әзірлеуді және оны «Nur Otan» партиясының Саяси кеңесі бюросының қарауына шығаруды тапсырды.

30 шілде

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қырғыз Республикасының Президенті С.Ш. Жээнбековпен телефон арқылы сөйлесіп, оның барысында тараптар екі мемлекет арасындағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықтың белсенді түрде дамып келе жатқанын атап өтті.

Әңгімелесушілер сондай-ақ күн тәртібіндегі өңірлік мәселелерді де талқылады.

Әңгіме соңында Н.Ә. Назарбаев пен С.Ш. Жээнбеков Қазақстан мен Қырғызстанның стратегиялық ықпалдастығын екі елдің игілігі үшін одан әрі тереңдетуді және кеңейтуді қолдайтындарын жеткізді.



ТАМЫЗ



Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	31
Жк	4	11	18	25	




1 тамыз

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының атқарушы директоры Ә.Ө. Исекешевті қабылдап, ол қордың қазіргі жұмысы, сондай-ақ әлеуметтік және білім саласындағы түрлі іс-шаралардың жүзеге асырылуы туралы баяндады.

Қордың атқарушы директоры Елбасына талантты жастарды дамытуға бағытталған «Ел үміті» жобасы және мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдауға арналған «Қамқорлық» жобасы сияқты жаңа бастамаларды таныстырды.

Кездесу қорытындысы бойынша Елбасы қордың талантты жастарды және дамуында ерекшелігі бар балаларды қолдауға бағытталған жұмысын белсендіруді тапсырды.



9 тамыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы А.С. Есімовті қабылдап, ол холдингтің дамуындағы негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізу үшін атқарылған жұмыстардың нәтижелері туралы мәлімдеді.

Елбасы Қордың оң дамып келе жатқанына тоқталып, қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік жобаларды іске асыруға оның белсенді атсалысуы қажет екендігін атап өтті.

Атап айтқанда, «Қамқорлық» бастамасы аясында мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау мәселесіне, өңірлерде қолданыстағы инфрақұрылым негізінде көп бейінді оңалту орталықтарын құруға, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беру ісін қолдау мақсатымен қосымша ресурсты кабинеттер ашу қажеттігіне баса назар аударылды.

Сонымен қатар, Қорға еліміздің шалғай өңірлеріндегі аз қамтылған отбасыларынан шыққан дарынды балаларды қолдау және дамыту үшін білім беру жобаларын жүзеге асыруды бастау тапсырылды.

Сондай-ақ, Н.Ә. Назарбаев медициналық орталықтардың материалдық базасын жақсартуға және саланың кадрлық әлеуетін арттыруға бағытталған медицина саласындағы жобаларды жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті.



11 тамыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы баспасөз беттерінде қазақстандықтарды Құрбан айт мерекесімен құттықтады.

Н.Ә. Назарбаев бұл мерекенің бейбітшілік, бірлік және келісім сияқты жалпы адами құндылықтарды қастерлеуге үндейтінін атап өтті.

«Құрбан айт және басқа да діни мейрамдар қоғамда рухани-адамгершілік негіздерін нығайтуға септігін тигізетіні және ізгі ниет пен игілікті амалдар арқылы көрініс табатыны қуантады. Осы мейрамда айтылған игі тілектеріңіздің бәрі орындала берсін!», — делінген үндеуде.

12 тамыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Түркия Республикасының Президенті Р. Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында әңгімелесушілер Құрбан айт мейрамына орай жылы лебізді құттықтауларымен алмасты және Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық өзара іс-қимылдың жүйелі түрде нығаю үрдісін ризашылықпен атап өтті.



14 тамыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Ақмола облысының әкімі Е.Б. Маржықпаевты қабылдап, ол өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады.

Н.Ә. Назарбаев экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ұлттық саябақтың табиғи ресурстарын қорғау және өңірдегі жастарды жұмыспен қамту мәселелеріне тоқталды.

Әңгімелесу барысында әлеуметтік және спорт инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ тұрғындардың табысын арттыру және тұрмысы нашар азаматтарға көмек көрсету үшін атқарылып жатқан шараларға баса мән берілді.

Кездесу соңында Елбасы өңірде ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға бағытталған жобалар әзірлеп, соларды іске асырудың маңыздылығын атап өтті.



16 тамыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Nur Otan» партиясының Саяси кеңесі бюросының отырысына төрағалық етті.



Басқосуда партия бағдарламаларын жүзеге асыру барысы қаралды.

Сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев 2050 жылға дейінгі дамудың стратегиялық бағдарының мақсаттарына қол жеткізу үшін «Nur Otan» партиясының тарапынан атқарылып жатқан жұмыстың басым бағыттарына тоқталды, сондай-ақ Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар сайлауына сапалы дайындалудың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен бірге, Елбасы қоғамның партияға деген сенімін арттыру мақсатында ақпараттық-идеологиялық стратегияны қабылдау маңыздылығына баса мән берді.

Отырыс барысында «Nur Otan» партиясының партиялық тізімі бойынша Мәжіліс депутаттарының мандаттарын Г.Н. Әбдіқалықоваға, Н.Б. Әлімжановқа, Н.К. Әшімбетовке және Ж.Қ. Омарбековаға беру туралы шешім қабылданды.

19 тамыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі А.Ұ. Маминді қабылдап, ол 2019 жылдың 7 айының қорытындысы бойынша еліміздің негізгі әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелері туралы баяндады.

Н.Ә. Назарбаев Арыс қаласының әлеуметтік маңызды нысандары мен тұрғын-үйлерді қалпына келтіру үдерісіне, сондай-ақ Түркістанды дамыту үшін қарылданып жатқан шараларға ерекше назар аударды.

Сонымен бірге, кездесуде ұлттық экономикаға шетел капиталын тарту және ел өңірлерінің инвестициялық ахуалын жақсарту мәселелері қаралды.

Соңында Елбасы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, соның ішінде «Нұрлы жер», «Нұрлы жол» және индустриялық-инновациялық даму бағдарламаларын жүзеге асыруды тиісті деңгейде қадағалауды қамтамасыз ету үшін Үкімет пен «Nur Otan» партиясының бірлесе жұмыс істеуінің маңыздылығын атап өтті.



Сол күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.С. Көлгіновті қабылдап, ол елорданың экономикалық дамуының қазіргі көрсеткіштері, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту және қала тұрғындарына

әлеуметтік көмек көрсету үшін атқарылып жатқан шаралар туралы баяндады.

Кездесу қорытындысы бойынша Елбасы астананың экономикасына инвестиция тарту, шағын және орта кәсіпорындарды дамыту үшін қолайлы жағдай жасау мәселелеріне назар аударды.

21 тамыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елорданың «Назарбаев орталығында» өткен «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысына төрағалық етті.

Басқосуға Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев, «Nur Otan» Саяси кеңесі бюросының мүшелері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардағы фракция өкілдері, партияның өңірлік филиалдарының басшылары және олардың орынбасарлары, бастауыш партия ұйымдарының өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында партияның сайлауалды бағдарламасы мен съездерде қабылданған шешімдердің орындалу барысы, партия жұмысын жаңғырту және Саяси кеңес бюросының құрамына өзгерістер енгізу мәселелері талқыланды.

Сөйлеген сөзінде Елбасы «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам — «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» атты партия жұмысын жүйелі жаңғырту бағдарламасын ұсынды.

Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев ұсынылған бағдарлама шеңберінде «Nur Otan» партиясының белсенді мүшелерін топтастыру, жемқорлықпен күресті күшейту және партиядан лайықты емес мүшелерді шығару үшін шаралар қабылдауды, барлық деңгейде партия органдарының әлеуетін мейлінше жүзеге асыруды, биліктің барлық деңгейінде партиялық жауапкершілікті арттыруды тапсырды.

Сонымен қатар, партия төрағасы халықпен нақты жұмыс істеу қағидатын енгізуді, қарқынды ақпараттық-идеологиялық жұмысты ұйымдастыруды және партия төңірегіне жастарды біріктіру үшін шаралар қабылдауды ұсынды.

Сондай-ақ, Тұңғыш Президент ел алдында тұрған экономикалық проблемаларға тоқталып, тұрақты өсімді қамтамасыз ететін жаңа шаралар ұсынды. Атап айтқанда, Елбасы бизнес үшін салық ауыртпалығын төмендету арқылы экономикаға салықтық ынталандыру тетіктерін енгізуді ұсынды.



Отырыс барысында «Nur Otan» Саяси кеңесі бюросының жаңа мүшелері ретінде «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің басқарма төрағасы Д.Қ. Қыдырәлі және «Jas Otan» жастар қанатының көшбасшысы Д.Ж. Кәрібек сайланды.

24 тамыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы баспасөз беттерінде көмір өндіру саласының қызметкерлері мен ардагерлерін Шахтер күнімен құттықтады.

«Мен кеншілерге әрдайым зор құрметпен қараймын, өйткені шахтер еңбегінің бейнеті маған жақсы таныс. Бұл мамандық қашанда темірдей төзім мен жауапкершілікті, жанқиярлық пен қайсарлықты талап етеді», — делінген құттықтау үндеуінде.

Н.Ә. Назарбаев шахтерлерге мықты денсаулық, табыс пен игілік тілеп, алдағы уақытта да отандық экономиканың тиімді өркендеуіне және елдің энергетикалық әлеуетінің нығаюына атсалыса беретіндеріне сенім білдірді.

27 тамыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болып, алматылық резиденциясында бірқатар кездесулер өткізді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Е.А. Досаевпен кездесуде «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында Тұңғыш Президентпен ұсынылған ел экономикасының одан әрі өсуін ынталандыру шаралары талқыланды.

Сонымен қатар, Ұлттық банк төрағасы инфляцияның қазіргі жағдайы мен елімізде несиелік-қаржылық саясатты жүзеге асыру барысы жөнінде мәлімет берді.

Сол күні Елбасы Алматы қаласының әкімі Б.Ә. Сағынтаевты қабылдап, ол «Nur Otan» партиясы қалалық филиалының партия жұмысын жүйелі жаңғырту бағдарламасы бойынша жоспарлары туралы баяндады, сондай-ақ партияның қалалық филиалы саяси кеңесінің кеңейтілген отырысының нәтижелері жөнінде мәлімет берді.

«Nur Otan» төрағасы Президент пен партияның сайлауалды тұғырнамасының, сондай-ақ съездерде қабылданған шешімдердің сапалы орындалуын қадағалауды қамтамасыз етуді тапсырды.



Сонымен бірге, Елбасы партия алаңында азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдардың тиімді өзара іс-қимылы үшін жағдай жасаудың маңыздылығына ерекше назар аударды.

Сондай-ақ, кездесу барысында «Nur Otan» фракциясының қалалық мәслихаттағы рөлін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты күшейту және «Jas Otan» жастар қанатының белсенділігін арттыру мәселелері талқыланды.

28 тамыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында тараптар көпжоспарлы Қазақстан-Ресей саяси және сауда-экономикалық ынтымақтастығының ілгері дамуына ризашылық білдірді.

Сонымен қатар, екі ел басшылары гуманитарлық саладағы диалогты одан әрі ілгерілетудің маңыздылығын атап өтті, оның аясында 2019 жылдың қыркүйек айында Ресейдегі Қазақстанның Мәдениет күндері өтеді.



Сол күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі А.Н. Бородавкінді қабылдады.

Кездесу барысында тараптар еуразиялық экономикалық интеграция аясындағы екіжақты ынтымақтастық пен өзара іс-қимылдың өзекті мәселелерін талқылады.

Елбасы Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілігінің қызметі алдағы уақытта да екі ел арасындағы достық қарым-қатынастарды жақындатуға және нығайтуға бағытталатынына сенім білдірді.

Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаев Қазақстан мен Ресейдің бірлескен кәсіпорындарын құру және дамыту, сондай-ақ инвестициялық ынтымақтастықты жақсарту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы ақпаратты тыңдады.



29 тамыз

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы мен Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Ядролық қарусыз әлем және жаһандық қауіпсіздік үшін Назарбаев сыйлығын» тапсыру салтанатты рәсіміне қатысты.



«Назарбаев орталығында» өткен іс-шараға сондай-ақ МАГАТЭ, Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарты ұйымының (ЯСЖТШҰ) Даярлау комиссиясының өкілдері, Қазақстанда аккредиттелген летел дипломатиялық миссияларының басшылары, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, танымал қоғам қайраткерлері, республикалық мәдени және жастар ұйымдарының басшылары қатысты.

Сыйлық тағайындау комитетінің төрағасы ретінде Қ.К. Тоқаев биыл бұл награданы бірауыздан екі лауреатқа — МАГАТЭ бас директоры лауазымында болған марқұм Ю. Аmano және ЯСЖТШҰ атқарушы хатшысы Л. Зербоға беру туралы шешім қабылданғанын жариялады.

Ю. Аманоның атынан награданы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің қолынан Ю. Аманоның зайыбы және інісі М. Аmano қабылдады. Содан соң Елбасы Л. Зербоға сыйлықты табыс етті.

Рәсімге қатысушылардың алдында сөз сөйлеген Н.Ә. Назарбаев 29 тамыз күнінің жаһандық антиядролық қозғалыс үшін маңыздылығын атап өтті, сондай-ақ ядролық қарусыздандыру және таратпау мәселелері бойынша бірқатар принципті тезистерін ұсынды (Қосымшаны қараңыз).

Ол жаһандық қауымдастық біздің планетамыздың болашағы туралы диалогтың пайдасына қарай қадам жасауға даналық шешім қабылдауы керектігін атап өтті. Елбасының ойынша, ол үшін, ең алдымен ядролық державалардың басшылары келіссөздер жүргізуі керек.

Сөзінің соңында Н.Ә. Назарбаев бұл сыйлық адамзаттың келешегі ядролық қарусыз әлемде екенін еске салатынына сенім білдірді.



«Ядролық қарусыз әлем және жаһандық қауіпсіздік үшін Назарбаев сыйлығы» Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевпен 2016 жылғы 10 қазанда тағайындалды және екі жылда бір рет (әрбір тақсанды жылы), 29 тамыз — Семей ядролық сынақ полигонының жабылу күні беріледі. Сыйлықты табыстау мақсаты саяси және қоғам көшбасшылары мен ұйымдардың бейбітшілік пен дүниежүзілік қақтығыстарды ядролық қарусыз шешуге қол жеткізуге ұмтылысы үшін қызметін мойындау болып табылады. 2016 жылы сыйлықтың бірінші лауреаты болып Таяу Шығыста жаппай қырып-жою қаруынан ада аймағын құруды ілгерілету ісіне қосқан үлесі және өз аумағына 1,5 млн. сириялық қашқындарды қабылдағаны үшін Иордания Королі Абдулла II таңдалды.




1991 жылғы 29 тамызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен Семей ядролық сынақ полигоны жабылды.

2009 жылы Қазақстанның бастамасымен БҰҰ Бас ассамблеясы 29 тамыз күнін Халықаралық ядролық сынаққа қарсы іс-қимыл күні деп жариялады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қайтыс болған МАГАТЭ-нің бас директоры Ю. Аманоның отбасы мүшелерімен кездесті.

Елбасы олардың қайғысына ортақ екенін білдірді және агенттік Бас директорының зайыбы Ю. Аmano мен інісі М. Аmanoға Ядролық қарусыз әлем және жандық қауіпсіздік үшін Назарбаев сыйлығымен марапаттау рәсіміне қатысқаны үшін алғысын білдірді.

Өз кезегінде Ю. Аmano о дүниелік болған зайыбының қызметін жоғары бағалағаны және осындай марапат үшін ризашылығын айтты.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарт ұйымының атқарушы хатшысы Л. Зербомен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев Л. Зербонь ядролық қарусыз әлем құруға қосқан үлесі үшін алған марапатымен құттықтады, сондай-ақ барша адамзаттың игілігі үшін бірлескен қызметті одан әрі қарай да жалғастыра беретініне сенім білдірді.



Сол күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы МАГАТЭ бас директорының орынбасары М.Э. Хейуордты қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның МАГАТЭ-мен ынтымақтастық деңгейінің жоғары және өзара іс-қимылының тиімді екенін атап өтті.

Өз кезегінде М.Э. Хейуорд Елбасына МАГАТЭ-ні белсенді қолдағаны және бірлескен жобаларды жүзеге асыруда жемісті ынтымақтастығы үшін алғысын жеткізді.



ҚЫРКҮЙЕК



Дс	2	9	16	23	30
Сс	3	10	17	24	
Ср	4	11	18	25	
Бс	5	12	19	26	
Жм	6	13	20	27	
Сн	7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29



3 қыркүйек

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы Қорғаныс министрі Н.Б. Ермекбаевты қабылдап, ол еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту, Қарулы Күштердің бөлімшелері мен құрамаларының жауынгерлік даярлығын арттыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Н.Б. Ермекбаев сондай-ақ осы уақытқа дейін өткізілген және жыл соңына дейін жоспарланған ауқымды жаттығулар туралы ақпарат берді.

Кездесуде басшылық лауазымдардың санын қысқарту және басқару құрылымын оңтайландыру бойынша жұмыс нәтижелеріне ерекше назар аударылды.

Елбасы елордада Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы және Отан қорғаушы күніне арналған Әскери парадтың сапалы өткізілуін қамтамасыз етуді тапсырды.



7 қыркүйек

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Ресей Федерациясында жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Мәскеу қаласында Президент В.В. Путинмен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев пен В.В. Путин екі елдің өзара іс-қимылының негізгі аспектілерін талқылады.

Әңгімелесу кезінде Елбасы ресейлік көшбасшыны Мәскеу қаласының күнімен құттықтап, сәттілік және Ресей астанасының гүлдене беруін тіледі.

Өз кезегінде В.В. Путин Қазақстанның Тұңғыш Президентінің екіжақты қатынастарды қалыптастыру және дамытудағы ерекше рөлін атап өтті.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Мәскеу қаласында Қала күніне арналған мерекелік концертке барды.

Н.Ә. Назарбаев Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен бірге Мәскеу қаласының 872 жылдығын мерекелеудің ашылуына қатысты.



Тың.

2019 жылы Ресей астанасының күні 80 жылдық мерейтойын атап өтіп жаңа Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесін (ХШЖК) арналған бола-

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен бірге Мәскеу қаласындағы ХШЖК аумағында орналасқан «Қазақстан» ұлттық павильонына барды.

Павильонға кіре берісте келген қонақтарға арнайы «Астана опера» Мемлекеттік опера және балет театрының хоры мен балет труппасының орындауында «Ел салтанаты» вокалды-хореографиялық композициясының көрсетілімі ұйымдастырылды. Сонымен қатар, павильон қонақтары табиғи және экологиялық таза өнімдер мен ұлттық тағамдар ұсынылған қазақстандық ауылшаруашылық өнімдерінің көрме-жәрмеңкесін қарап шықты.

Бірегей көрме кешенінің экспозициясымен танысу барысында Н.Ә. Назарбаев пен В.В. Путин павильонның «Құрметті қонақтар кітабына» жазба қалдырды.

Сонымен қатар, Қазақстанның Тұңғыш Президенті мен Ресей Президенті еліміздің тарихи-мәдени мұрасына арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің көрмесін тамашалады. Көрмеге б.з. дейінгі VIII–VI ғасырларға жататын 30-дан астам бірегей экспозиция қойылған.



Қазақ КСР-мен салынған Мәскеу қаласының ХШЖК аумағындағы «Қазақстан» ұлттық павильоны көрменің архитектуралық ансамбліне №11 болып саналады. Ол ХШЖК басты саяжолының ең қызықты әрі әдемі ғимараттарының бірі және ол Ресейдің федералды маңызы бар мәдени мұра нысаны мәртебесіне ие (көрме аумағындағы жүздеген құрылыстардың шамамен 50-іне ғана осындай мәртебе берілген).

Көрмеде ең алғашқы қазақстандық павильон 1937 жылы салынды, бірақ кейіннен ол бірнеше рет қайта салынып отырды.

2011 жылдан бері Ресей Федерациясы Үкіметінің өкімімен №11 павильон Қазақстан Республикасына 50 жылға жалға берілді.

Павильонға оның тарихи бейнесін қайтаруға арналған қайта құру жұмыстары 2017 жылы басталды.

Сол күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы елшілігінде болды.

Елшілікте Н.Ә. Назарбаев дипломаттармен әңгімелесті және Қазақстан-Ресей қатынастарының тарихына арналған музейдің экспозициясымен танысты.





Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының елшілігі жанындағы Қазақстан – Ресей қатынастарының тарихына арналған музей екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастарға 25 жыл толған жылы құрылды. Музейдің мультимедиялық терминалдары мен фотостендтерінде Қазақстан мен Ресейдің мемлекетаралық қатынасының қалыптасуы мен дамуының толық құқықтық-шарттық және статистикалық базасы жинақталған. Музейде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кабинеті ерекше орын алады. 90-шы жылдардың басында Ресей астанасына сапарлар жиі болып тұрды, сондықтан Чистые прудыдағы Елшілік ғимараты Елбасының резиденциясы функциясын атқарды және оның жұмыс орнын, үстелін, жеке құралдарын құнттап сақтап қойған. Музейде екі елдің қатынасы туралы көшбасшылардың байланысы арқылы баяндайтын экспонаттар — фотосуреттер, сыйлықтар, наградалар, тіпті, спорттық құралдар да бар.

10 қыркүйек

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің төрағасы Н.З. Нығматулинді қабылдап, ол ел Парламентінің төменгі палатасындағы «Nur Otan» партиясы фракциясының қазіргі қызметі мен жұмыс жоспарлары туралы ақпарат берді.

Сонымен қатар, Н.З. Нығматулин Еуропа мен Азия елдері парламенттері спикерлерінің кеңесіне дайындық барысы туралы хабарлады.



11 қыркүйек

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Б.Қ. Байбекті қабылдап, ол саяси бірлестіктерді «қайта жүктеу» бағдарламасын іске асыру барысы және «Jas Otan» жастар қанатының қызметін жандандыру бойынша қабылданған шаралар туралы мәлімет берді.

Б.Қ. Байбек сондай-ақ партияның қоғамдық қабилдауларының жедел әрекет ету және өңірлердегі азаматтардың өзекті мәселелерін шешу жөніндегі жұмыстары туралы баяндады.



13 қыркүйек

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Астана» халықаралық қаржы орталығында болып, онда АХҚО құқықтық жүйесін дамыту бойынша қабылданған шаралар жөнінде ақпаратты тыңдады.

Сонымен қатар, Елбасына АХҚО соты, Ағылшын құқығы академиясы, Халықаралық төрелік орталығы және АХҚО Жағдаяттық орталығының қызметі туралы мәлімет берілді.

Орталыққа бару кезінде Тұңғыш Президент қаржы орталығы биржасының негізгі акционерлері және қатысушыларымен кездесті.

Спикерлердің баяндамасын тыңдаған соң Нұрсұлтан Назарбаев ел басшылығының АХҚО қызметін толық қолдайтындығын, сондай-ақ халықаралық қаржы орталықтарының АХҚО-ға деген сенімін күшейту керектігін атап өтті.



2015 жылдың 7 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) құру туралы Конституциялық заңға қол қойды. АХҚО-ның мақсаты қаржылық қызметтерді көрсететін халықаралық деңгейдегі жетекші орталық қалыптастыру болып табылады. Посткеңестік кеңістікте тұңғыш рет ағылшын құқығының қағидаттары енгізіледі, қаржы орталығының ресми тілі — ағылшын тілі болады.

АХҚО-ның міндеттері қаржылық қызметтер саласында инвестициялау үшін тартымды орта құру арқылы ел экономикасына инвестициялар тартуға жәрдемдесу, оның халықаралық капитал нарықтарымен ықпалдасуын қамтамасыз ету.

18 қыркүйек

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елорданың айналасындағы «жасыл белдеуді» дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Е.Н. Нысанбаевтың, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.С. Көлгіновтің және Ақмола облысының әкімі Е.Б. Маржықпаевтың ақпаратын тыңдады.

Елбасына агротехникалық іс-шараларды жүргізу нәтижесінде алынған деректерді жинау мен талдау үдерістерін цифрландыру бойынша жоспарланған шаралар туралы, сондай-ақ елорданы көгалдандырудың нәтижелері және «жасыл белдеуді» Бурабай орман алқабымен қосу бойынша қабылданған шаралар туралы баяндалды.

Кеңес қорытындысы бойынша, Тұңғыш Президент елорда төңірегінде «жасыл белдеу» құру тәжірибесін еліміздің өзге өңірлерінде қолданудың маңыздылығын атап өтті.





Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес 1997 жылдан бері «жасыл белдеу» — қазақстан астанасы Нұр-Сұлтан қаласының айналасына жаппай ағаш отырғызу жобасын құру жөніндегі жұмыс жүргізіліп келеді. 2019 жыл жағдайына оның аумағы 87 мың га астам болды. Ағаш отырғызу көлемі 4,6 мың га құрады. 2022 жылға дейін жасыл желектердің жалпы көлемі 100 мың га жеткізу жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ж.Қ. Түймебаевты қабылдап, ол елдегі ұлтаралық келісімді нығайту бойынша іс-шаралардың орындалу барысы және ҚХА гуманитарлық акциясы аясында қабылданған шаралар жөнінде баяндады.

Ж.Қ. Түймебаев сондай-ақ 2020 жылы Ассамблеяның 25 жылдығына дайындық барысы туралы ақпарат берді.



23 қыркүйек

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанға Еуразия елдері парламенттері спикерлерінің IV кеңесіне қатысу үшін келген Қытай Халық Республикасының Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Ли Чжаньшумен кездесті.

Кездесу барысында Қазақстанның Тұңғыш Президенті алда болатын парламенттік форумның мемлекетаралық қатынастарды нығайту ісіндегі ерекше маңызын атап өтті.

Өз кезегінде Ли Чжаньшу Н.Ә. Назарбаевқа ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің жылы лебіздерін жеткізді. Сонымен қатар, ол Қазақстан Президентімен, сондай-ақ еліміздің Парламент Сенаты мен Мәжілісінің спикерлерімен өткен келіссөздердің нәтижелеріне тоқталды.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанға Еуразия елдері парламенттері спикерлерінің IV кеңесіне қатысу үшін келген Ресей Федерациясының Федералды жиналысы Мемлекеттік думасының төрағасы В.В. Володинмен келіссөздер жүргізді.



Кездесу барысында Елбасы Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы қатынастарды нығайту жөніндегі жұмыстың нәтижелері мен перспективаларына тоқталды.

Өз кезегінде В.В. Володин Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан мен Ресей арасындағы мемлекетаралық қатынастарды орнатудағы және нығайтудағы маңызды рөлін атап өтті.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанға Еуразия елдері парламенттері спикерлерінің IV кеңесіне қатысу үшін келген Түркия Республикасының Ұлы ұлттық жиналысының төрағасы М. Шентоппен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев екі мемлекет арасындағы қатынастардың стратегиялық сипатын ерекше атап өтті.

М. Шентоп Елбасына Түркия Республикасының Президенті Р. Ердоғанның жылы лебіздерін жеткізді.



24 қыркүйек

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елордадағы Тәуелсіздік сарайында өткен Еуразия елдері парламенттері спикерлерінің IV кеңесінің ашылуына қатысты.

Кеңеске қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев парламентаралық ынтымақтастық орнатудың маңыздылығын атап өтті, сондай-ақ құрлық елдері арасындағы еуразиялық диалогты, сенім мен серіктестікті нығайту бойынша бірқатар ұсыныстар айтты (Қосымшаны қараңыз).

Сонымен қатар, Қазақстанның Тұңғыш Президенті әлемдік қауымдастық үшін маңызды халықаралық шарттарды ратификациялау жұмысын жандандыру қажеттігін атап өтті.

Форум қорытындысы бойынша қатысушылар ортақ келешекке барар жолда Еуразия құрлығын одан әрі дамытуға парламентарийлердің көзқарастары көрініс тапқан бірлескен мәлімдемесі қабылданды.



«Үлкен Еуразия: Диалог. Сенім. Серіктестік» тақырыбында Еуразия елдері парламенттері спикерлерінің IV кеңесінің қоса ұйымдастырушылары Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі, Ресей Федерациясы Федералды жиналысының Мемлекеттік думасы және Корея Республикасының Ұлттық ассамблеясы болып табылады.

IV парламентаралық кездесу, Елбасы Нұр-Сұлтан кездесуі, төртінші болды. Іс-шараға Азия мен Еуропа елдерінің БҰҰ кеңесінен, сондай-ақ 14 халықаралық ұйымның делегациялары қатысты. 2016 жылы форум — Мәскеу аласында (Ресей), 2017 жылы — Сеулде (Оңтүстік Корея), ал 2018 жылы Анталияда (Түркия) болып өтті.

Сол күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Еуразия елдері парламенттері спикерлерінің IV кеңесінің аясында бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының спикері Мун Хи Санмен кездесу барысында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Оңтүстік және Солтүстік Кореяның арасындағы диалогтың реттеліп келе жатқанына қолдау білдірді.

Сонымен қатар, тараптар екі елдің экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын талқылады.

Сауд Арабиясы Корольдігінің аш-Шура мәжілісінің төрағасы Абдулла әл-Шейхпен әңгімелесуде Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасындағы қарым-қатынастардың достық сипаты атап өтілді.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ Сауд Арабиясының басшылығы елімізге тәуелсіздіктің алғашқы жылдары белсенді түрде қолдау көрсеткенін еске салды.

Оман аш-Шура мәжілісінің төрағасы Халид әл-Мауалимен келіссөздерде Елбасы Қазақстанның Оманмен сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға және кеңейтуге мүдделі екенін атап өтті.



25 қыркүйек

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұр-Сұлтан қаласында өткен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің отырысына төрағалық етті.

Отырыс барысында еліміздің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелері қаралды.

Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында халықаралық тәжірибені зерттеудің маңыздылығын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша ақпаратты тыңдай келе, Н.Ә. Назарбаев Ақтөбе облысының көлік-транзиттік даму әлеуетінің кейбір аспектілеріне назар аударды.



Сонымен қатар, Елбасы өңірде кәсіпкерлік пен адами капиталды дамыту үшін қолайлы орта қалыптастыру қажеттігін айтты.

Сондай-ақ, отырыста батыс макроөңірінің агро-өнеркәсіптік хабын құру мәселелері қаралды.

26 қыркүйек

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Франция Республикасының Президенті Э.Макронға Францияның бұрынғы Президенті Ж. Ширактың қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Ол өз елінің нағыз патриоты және халықаралық деңгейдегі біртуар саясаткер ретінде аянбай еңбек етті.

Сонымен қатар, Қазақстан мен Франция арасындағы өзара сенімге құрылған диалог пен достық қарым-қатынасты нығайтуға баға жетпес еңбек сіңіргенін ерекше атап өткім келеді.

Жак Ширактың жарқын бейнесі тек француз халқының ғана емес, әлем жұртшылығының жадында әрдайым сақталады деп сенемін», — делінген жеделхатта.

ҚАЗАН



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	31
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



6 қазан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы IBF және IBO нұсқасы бойынша бокстан әлем чемпионы атағы үшін жарыста жеңіске жетуіне байланысты Г.Г. Головкинге құттықтау жеделхатын жолдады.

Н.Ә. Назарбаев қазақстандық боксшы жекпе-жек кезінде өзінің кәсібилігін, жеңілмейтін рухын және нағыз спорттық сипатын көрсеткенін атап өтті.

«Сенің жарқын жетістіктерің қазақстандық жанкүйерлерге қуаныш пен таңданыс сыйлайды және біздің елімізде спортты одан әрі танымал етуге ықпал етеді. Саған зор денсаулық, бақ-береке және жаңа жетістіктер тілеймін!» — делінген жеделхатта.

8 қазан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Түркі кеңесінің (Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі) бас хатшысы Б.Қ. Әміреевті қабылдап, ол 2019 жылғы 15 қазанда Әзірбайжан Республикасының астанасы Баку қаласында өтетін Түркі кеңесінің 7-ші отырысына дайындық барысы туралы баяндады.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті М.Ж. Жұрыновты қабылдап, ол мекеменің қазіргі қызметі мен ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы ақпарат берді.



9 қазан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Е.З. Тұрғымбаевты қабылдап, ол елдегі қылмыстық ахуал және ведомствоның құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша қабылдаған шаралары туралы баяндады.


Сонымен қатар, Е.З. Тұрғымбаев ішкі істер органдарын реформалау аясында полицияға халықтың сенімін арттыру жөніндегі шараларды іске асыру барысы туралы мәлімет берді.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы А.Ж. Шпекбаевты қабылдап, ол орталық мемлекеттік органдармен және облыс әкімдіктерімен бірлесіп «Адалдық алаңы» жобасын іске асыру барысы туралы баяндады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев агенттіктің тиімділігін арттыру аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте халықаралық тәжірибені қолданудың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, Елбасы қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесіне қатысуы қажеттігіне назар аударды.



10 қазан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанға ресми сапармен келген Моңғолияның Премьер-министрі У. Хурэлсухпен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстан мен Моңғолия тарихи жақын халықтар екенін айтты, сондай-ақ Қазақстан-Моңғол қатынастарын дамытудағы айтарлықтай әлеуетті атап өтті.

Өз кезегінде Моңғолияның Премьер-министрі өзінің Қазақстанға алғашқы сапары екі ел арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуге және жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретініне сенім білдірді.



Сол күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Хабар» телеарнасына сұхбат беріп, оның барысында саяси жаңғыру процесі мен елдің даму болашағы туралы өзекті сұрақтарға жауап берді.

Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаев журналистерге өзінің жаңа жұмыс кестесі туралы айтып, «Nur Otan» партиясын «қайта жүктеп», жұмысын жандандырудың басым міндеттеріне тоқталды.



14 қазан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Түркі кеңесінің (Түркітілдес мемлекеттер ын-

тымақтастығы кеңесі) VII отырысына қатысу үшін Әзірбайжан Республикасының астанасы Баку қаласына келді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қырғыз Республикасының Президенті С.Ш. Жээнбековпен екіжақты кездесу өткізіп, оның барысында түркі интеграциясын одан әрі тереңдетудің ерекше маңыздылығын атап өтті.

Өз кезегінде С.Ш. Жээнбеков Н.Ә. Назарбаевтың түркі елдері арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесін атап өтіп, оны ТМЫК құрметті төрағасы мәртебесіне ие болуымен құттықтады.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Әзірбайжан Республикасының Президенті И.Г. Әлиевпен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев екі ел қатынастарының дамуындағы оң динамиканы атап өтті.

И.Г. Әлиев Елбасына ТМЫК отырысына келгені үшін алғыс білдірді және оның екіжақты қатынастарды нығайтуға қосқан үлесін атап өтті.

Сонымен қатар, Әзірбайжан көшбасшысы Қазақстан астанасының салынуы Баку қаласының дамуына үлгі болғанын айтты.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Жапония Императоры Нарухитоға осы елдің бірқатар өңірлерінде тайфун мен нөсер жауынның салдарынан көптеген адамдардың қаза болуына және зардап шегуіне байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

15 қазан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Әзірбайжан Республикасының астанасы Баку қаласында өткен Түркі кеңесінің (Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі) VII отырысына қатысты.



Саммитке сондай-ақ Әзірбайжан Республикасының Президенті И.Г. Әлиев, Қырғыз Республикасының Президенті С.Ш. Жээнбеков, Түркия Республикасының Президенті Р. Ердоған, Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.М. Мирзиєев, Венгрия байқаушы елінің Премьер-министрі В. Орбан, Түрікменстан Премьер-министрінің орынбасары П.Н. Агамурадов, сондай-ақ ТМЫК бас хатшысы Б.Қ. Әміреев қатысты.



Кездесу аясында И.Г. Әлиев Н.Ә. Назарбаевты ТМЫК ғұмыр бойғы құрметті төрағасы ретінде таныстырды.

Сонымен қатар, Елбасына сөз бермес бұрын Әзірбайжан Президенті оған ТМЫК тағайындаған жаңа награда — Түркі әлемінің Жоғарғы орденін табыс етті.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев өзіне ТМЫК құрметті төрағасы мәртебесін беру туралы ұсынысы үшін Түркия Президентіне және барлық мемлекет басшыларына осы бастаманы қолдағандары үшін алғысын жеткізді. Ол сондай-ақ Түркі әлемінің жоғары наградасын тағайындағаны үшін зор ризашылығын білдірді (Қосымшаны қараңыз).

Қазақстанның Тұңғыш Президенті атап өткендей, Түркі кеңесіндегі жаңа мәртебе оған ұйымның жұмысына одан әрі белсенді қатысуға мүмкіндік беретінін және оны ары қарай дамыту үшін барлық күш-жігерін жұмсай беретінін айтты.

Елбасы сонымен қатар Ш.М. Мирзиєевті және бүкіл өзбек халқын Түркі кеңесіне толыққанды мүше болуымен құттықтады және бұл — бүкіл түркі тілдес қауымдастық үшін тарихи әрі көптен күткен оқиға екендігін атап айтты.

Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаев Венгрияның Премьер-министрінің ТМЫК байқаушы ел ретінде алғаш қатысып отырғанын айта келе, Түркі кеңесінің Будапешт қаласында ашылуы — ұйымның қызметін еуропалық бағытта кеңейтетін маңызды қадам екенін мәлімдеді.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Түркі интеграциясы процесін жалғастырудың маңыздылығына тоқталып, Түркі кеңесін одан әрі дамыту үшін бірқатар ұсыныстар айтты.

Саммит қорытындысы бойынша ТМЫК VII отырысының декларациясы, Түркі әлемінің Жоғарғы орденін тағайындау туралы және алғашқы награданы Н.Ә. Назарбаевқа беру туралы, сондай-ақ түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы органдарының Үйлестіру комитетін құру туралы шешімдер қабылданды.



Түркі кеңесі (Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі) — Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша 2009 жылы құрылған Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстанның мемлекетаралық бірлестігі. ТМЫК бйқаушысы Венгрия болып табылады.

Ұйымның Ыстамбұл қаласында орналасқан хатшылығы 2010 жылғы 16 қыркүйектен жұмыс істей бастады.



Түркі әлемінің Жоғарғы ордені Түркі мемлекеттері басшыларының кеңесі шешімімен Түркі әлеміне көрсеткен ерекше қызматі және түркі мемлекеттері халқының арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі үшін тағайындалады.

Орден үлкен шеңбер, Түркі кеңесінің елтаңбасы айналасына жинақталған сегіз қырлы жұлдызшалардың алты бірлігінен құралған. Әр жұлдызшаның ұшында орналасқан үлкен гауһар тас сол мемлекеттің бай мәдени мұрасын және жарқын болашағын көрсетеді.

Н.Ә. Назарбаев бұл награданың алғашқы иегері атанды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Түркі кеңесінің VII отырысы жұмысының аясында бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Түркия Республикасының Президенті Р. Ердоғанмен кездесуде Түркі әлемі елдері интеграциялық үдерісінің қазіргі жағдайы мен алдағы перспективалары талқыланды.



Сонымен қатар, тараптар аймақтық қауіпсіздікті және Еуразия құрлығы мемлекеттерінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.М. Мирзиёевпен келіссөздерде екі елдің ынтымақтастығының негізгі бағыттары қаралды, сондай-ақ Өзбекстандағы Қазақстан жылы аясында өтіп жатқан іс-шаралардың орындалу барысы талқыланды.



18 қазан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің, «Nur Otan» партиясы мен оның Парламент Мәжілісіндегі фракциясы мүшелерінің қатысуымен кеңес өткізді.

Кеңесте «Nur Otan» партиясының «Қазақстан – 2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» сайлауалды бағдарламасының орындалу барысы мен «100 нақты қадам» ұлт жоспары» бағдарламасы қаралды.

Отырыс барысында «Nur Otan» партиясы мүшелерінің — Қазақстан Республикасының Премьер-министрі А.Ұ. Маминнің, Парламент Мәжілісінің төрағасы Н.З. Нығматулиннің, Премьер-министрдің бірінші орынбасары Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Ә.А. Смайыловтың, Премьер-министрдің орынбасарлары Б.М. Сапарбаевтың және Р.В. Склярдың баяндамалары тыңдалды.

Есептерді тыңдай отырып, Елбасы партияның сайлауалды бағдарламасы Үкіметтің бесжылдық қызметінің негізін қалауы керектігін атап өтті, сондай-ақ 2020 жылдың 1 наурызына дейін әрбір аудан, қала және облыс бойынша аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеуді аяқтауды тапсырды.

Н.Ә. Назарбаев партияның рейтингі барлық деңгейдегі депутаттардың жұмысына байланысты болатынын атап өте отырып, Парламент Мәжілісіндегі және мәслихаттардағы «Nur Otan» фракциясының жұмысына жеке тоқталды. Осыған байланысты, фракцияға өңірлерге жұмыс сапарының форматын қайта қарап, партияның қоғамдық қабылдауларында бірінші басшылардың азаматтармен кездесулерін өткізу жөніндегі жұмысты белсендіру тапсырылды.

Сөзінің соңында Елбасы партияның саяси көшбасшылығын сақтап қалудың маңыздылығын атап өтті.



22 қазан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Жапонияда сапармен болып, осы елдің астанасы Токио қаласында Жапонияның Премьер-министрі С. Абэнің шақыруымен Император Нарухитоның ресми таққа отыру рәсіміне қатысты.





Токио қаласы – Жапонияның 126-ші ең ірі қаласы. Жапониядағы ең көп таққа отыру рәсіміне айналып келеді.

Жапониялық тарап іс-шара үшін әйкес дресс-код белгіледі. Делегация басшыларын қоса алғанда барлық рәсімге қатысушылар «White Tie» дресс коды бойынша киінуі тиіс болатын.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Жапонияға сапары барысында Токио қаласында Украина Президенті В.А. Зеленскиймен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев В.А. Зеленскийді Украинаның Президент сайлауындағы жеңісімен құттықтады.

Сонымен бірге, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Украинадағы оқиғаларға өз алаңдаушылығын білдірді және осы елдің оңтүстік-шығысындағы қақтығысты бейбіт жолмен шешудің маңыздылығын атап өтті.

Келіссөздер барысында В.А. Зеленский Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаевпен Нью-Йорк қаласында кездескенін айта келе, Н.Ә. Назарбаевты Украинаға шақырды.

Сонымен қатар, тараптар екі ел арасындағы саудасаттықты арттырып, қатынастарды нығайту мәселелерін талқылады.



23 қазан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Жапонияға сапары барысында Токио қаласында Жапонияның Премьер-министрі С. Абэмен кездесті.

Келіссөздер барысында тараптар екіжақты ынтымақтастық және сауда-экономикалық қатынастарды дамыту мәселелерін талқылады.

Жапония Үкіметінің басшысы Қазақстанның антиядролық бастамаларына және ЖҚҚ таратылуына қарсы қабылдаған шараларына қолдау білдірді.

Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаев пен С. Абэ Корей түбегіндегі жағдай туралы пікір алмасып, аймақтағы және әлемдегі басқа да қақтығыстарды бейбіт жолмен шешудің маңыздылығын атап өтті.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Жапония Парламентінің Қазақстан Республикасымен достық лигасының төрағасы Т. Кавамурамен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстан мен Жапония халықтарының өркендеуі жолында парламентаралық байланыстарды одан әрі дамытудың ерекше маңыздылығын атап өтті.

Өз кезегінде Т. Кавамура тәуелсіздік жылдарында Тұңғыш Президенттің басшылығымен қол жеткен Қазақстанның өсу қарқынын оң бағалады. Сондай-ақ, Қазақстанға жасаған соңғы сапары жайлы және сапар аясында өткізілген кездесулер туралы егжей-тегжейлі айтып берді.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылы Жапонияға сапары нәтижесінде құрылған Қазақстан мен Жапония Парламентінің достық лигасы біздің елге достық қатынастағы әр түрлі партияларды танытатын Жапония Парламентінің қос палатасының депутаттарын біріктіреді. Лига мүшелері екіжақты ынтымақтастықтың жағдайы мен перспективаларын талқылау үшін жиі жиналып отырады. Кездесу тақырыбына байланысты Лига хатшылығы Жапонияның бейінді министрліктері мен ведомстволары өкілдерін кездесуге шақыра алады. 2016, 2018 және 2019 жылдардағы сайлау нәтижелері бойынша Лиганың жана құрамы қалыптастырылды, оған Парламенттің екі палатасынан шамамен 30 депутат енді. Лига төрағасы болып Жапония Үкіметінің бұрынғы бас хатшысы Т. Кавамура тағайындалды. 2004 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Жапониямен ынтымақтастықты дамыту жөніндегі топты құрған болатын, 2005 жылдың маусымында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары дәл осындай топ құрды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Токио қаласында болған кезінде Жапония Үкіметінің «Архив-2025» бағдарламасы аясында техникалық көмек беру жөніндегі жобасымен танысты.

Кездесуде сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев басты элементтерінің бірі «Архив-2025» жобасы болып табылатын «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылу барысына тоқталды.



Елбасы Жапония Үкіметіне осы бағдарламаны жүзеге асыруда көрсеткен қолдауы үшін алғысын білдірді, енді қазақстандық мамандар деректерді мұрағаттау саласындағы алдыңғы қатарлы жапондық тәжірибеге ие болады.

Жапондық тарап зерттеу, мұрағат деректерін есепке алу және сақтау технологияларын беруге, зерттеу әдістерімен бөлісуге және материалдарды цифрландыруға дайын екендіктерін білдірді.

Сол күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы өзіне Цукуба университетінің Құрметті докторы атағын беру рәсіміне қатысты.

Құрметті атақты қабылдай отырып, Н.Ә. Назарбаев бұл марапат Жапонияның жетекші ұлттық университеттерінің бірі тарапынан бүкіл Қазақстан халқына деген құрметтің белгісі екенін атап өтті.

Елбасы өз тарапынан елімізде әрқашан білім беру мен жастар саясатын дамытуға үлкен мән беретінін айта келе, Цукуба университетін қазақстандық технологиялық парктермен ынтымақтастыққа шақырды.

Сөз соңында Қазақстанның Тұңғыш Президенті барлық қатысушыларды Император Нарухитоның таққа отыруымен құттықтады.



24 қазан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елорданың «Барыс Арена» мұзды сарайында Н. Джокович пен Р. Надаль арасында өткен қайырымдылық теннис матчына барды.

Ойын алдында Елбасы әлемдік теннистің майталмандары Н. Джокович және Р. Надальмен кездесіп, ойынның жарқын және тартысты өтуіне тілектестік білдірді.

Теннисшілер Н.Ә. Назарбаевқа қолтаңбалары қойылған футболканы сыйға тартты.



Матч басталар алдында әлемдік теннис жұлдыздары елордада теннис академиясының ашылу рәсіміне қатысты, сондай-ақ жас спортшылар үшін шеберлік сыныптарын өткізді.

Жұлдызды матч 11:9 есебімен Р. Надальдың жеңісімен аяқталды. Матч қорытындысы бойынша жиналған қаражат ел өңірлерінде теннис инфрақұрылымын дамыту бойынша қайырымдылық мақсаттарға жұмсалды.

25 қазан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанға ресми сапармен келген Беларусь Республикасының Президенті А.Г. Лукашенкомен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев екі ел арасындағы достық қатынастарды сақтаудың және одан әрі дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Өз кезегінде, А.Г. Лукашенко Қазақстанның Тұңғыш Президентінің өңірлік интеграциялық бірлестіктер аясында ынтымақтастықты дамытудағы маңызды рөлін атап өтті. Беларусь көшбасшысы дәл осы Қазақстанның посткеңестік кеңістікте үнемі интеграция бастамашысы болғандығын айтты.



ҚАРАША



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	



4 қараша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Түркістан облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Түркістан қаласының мәдени-ағарту нысандарының құрылыс барысымен танысты.

Н.Ә. Назарбаевқа Тұңғыш Президент ойын-сауық паркінің және аттракциондарының құрылыс жобалары және қалалық Арбатты қайта қалпына келтіру жұмыстары таныстырылды.

Сонымен қатар, Елбасы ежелгі ортағасырлық Түркістанның шығыс бөлігінде Қожа Ахмет Яссауи кесенесінен 350 м жерде орналасқан «Күлтөбе қалашығы» археологиялық саябағын құру жобасымен танысты.

Содан кейін Тұңғыш Президент қаланың рухани-мәдени орталығының алаңында өткен концертті тамашалап, Түркістан облысының тұрғындарымен жүздесті.

Қалалықтарға арнаған сөзінде Н.Ә. Назарбаев облыс орталығын Түркістан қаласына көшіру туралы қабылданған шешімнің тарихи маңызын атап өтті, сондай-ақ қаланың құрылысы мен нысандарын қалпына келтіруге атсалысқан барлық қатысушыларға алғыс айтты.

Осында Елбасы әлемнің 20 мемлекетінің шеберлерімен ұсынылған қолөнершілердің туындылары қойылған көрмені тамашалады.



5 қараша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Түркістан облысына жұмыс сапары барысында облыс орталығында жаңадан ашылған Неке сарайына барып, онда жас отау иелерін құттықтап, бақыт пен береке тіледі.

Елбасының келесі барған жері жаңа музыка мектебі болды. Онда оған өңірдегі мәдениет және өнер саласын дамыту бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы ақпарат берілді. Балалардың шығармашылық ұжымы Елбасына бірнеше музыкалық қойылымдарын көрсетті.

Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаев Түркістан облысы әкімдігінің жаңа ғимаратында болып, қаланың



рухани-мәдени орталығын қайта құру жұмыстары бойынша аралық нәтижелерімен танысты.

Осында Елбасына «Nur Otan» партиясының қоғамдық қабылдауының жұмысы туралы ақпаратты, сондай-ақ туризм индустриясын дамыту, су және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы жобалар таныстырылды. Тұңғыш Президентке болашақ «Түркістан» халықаралық әуежайының және 600 орындық көпбейінді аурухананың үлгілері көрсетілді.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев «Алатау медиа-орталығының» жаңа ғимаратында болып, өңірлік БАҚ өкілдеріне арналған жұмыс бөлмелерін аралап көрді. Журналистерге арнаған сөзінде Тұңғыш Президент облыс орталығындағы жаңа нысандардың құрылыс қарқыны жоғары екенін атап өтті.

Одан кейін Елбасы Түркістан қаласындағы Халыққа қызмет көрсету орталығына барып, халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің автоматтандырылған процесімен танысты.

Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша Н.Ә. Назарбаев БАҚ өкілдерімен брифинг өткізді.



11 қараша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Astana Club» V мерейтойлық отырысының қатысушыларымен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев МАГАТЭ-нің бұрынғы бас директоры, Нобель сыйлығының лауреаты Мохаммед әл-Барадеймен және Жаһандық қауіпсіздік институтының президенті Дж. Граноффпен кездесті.

Әңгімелесушілер Қазақстанның Тұңғыш Президентінің жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы іс-қимылын жоғары бағалады.

«Сіз ядролық қарусыздану саласындағы жетекші рөліңізді дәлелдедіңіз. Қазақстан өз сөзін нақты іс-әрекеттермен растады, ядролық әлеуеттен бас тартты, Семей полигонын жапты. Енді Сіздің күш-жігеріңізді ғаламдық және жергілікті деңгейдегі сұрақтарға бағыттау мүмкіндігі маңызды болыр отыр», — деді Мохаммед әл-Барадей.



Америкалық саясаткер, Ұлттық мүдделер орталығының президенті (Вашингтон қ., АҚШ), «The National Interest» журналының баспагері Д. Саймспен кездесу барысында тараптар жаһандық күн тәртібіне қатысты пікір алмасты, сондай-ақ әлемнің жетекші державалары арасындағы диалогты жолға қою жөніндегі шараларды талқылады. Елбасы Америка – Ресей қатынастары мәселесінің сарапшысы ретінде Д. Саймстың «Astana Club» жұмысына қатысуының маңыздылығын атап өтті.



Еуропалық комиссияның бұрынғы төрағасы Ж.М. Баррозумен әңгімеде Қазақстанның еуропалық елдермен серіктестігін одан әрі кеңейтудің маңыздылығы атап өтілді. «Біздің достығымыз бұрыннан бері жалғасуда. Сіздің Еуропалық комиссияға төрағалығыңыз кезінде біз кеңейтілген серіктестік туралы келісімге қол қойдық. Өзіңізге белгілі, мен Еуразиялық экономикалық одақтың құрметті төрағасымын. Енді біздің ұйымымыз бен Еуропалық одақ арасындағы ынтымақтастықты жолға қою маңызды», — деді Н.Ә. Назарбаев.



«JP Morgan Chase International» басқармасының төрағасы Дж. Френкельмен келіссөздерде әлемнің жетекші сарапшылары өзара диалог құруы үшін «Astana Club» алаңының ерекше маңызды екені атап өтілді.



Сол күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында тараптар Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің Санкт-Петербургте болатын отырысына дайындық барысын талқылады, сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты.



12 қараша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елордадағы «Назарбаев орталығында» өткен «Astana Club» V отырысына қатысты.

Форумға 50-ден астам жетекші сарапшылар, саясаткерлер мен дипломаттар қатысты. Іс-шараның негізгі тақырыбы — «Үлкен Еуразия: жаһандық ынтымақтастықтың жаңа құрылымы жолында».



Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев еуразиялық кеңістіктегі геосаяси жағдайға кері әсер ететін негізгі тәуекелдер туралы айтып берді, сондай-ақ Үлкен Еуразиядағы жаңа «ойын ережесін» құруға бағытталған бірқатар нақты шараларды ұсынды (Қосымшаны қараңыз).

Қазақстанның Тұңғыш Президенті сонымен қатар Ядролық қарусыз әлем үшін көшбасшылардың жаһандық альянсын құруды ұсынды.

Одан басқа, Н.Ә. Назарбаев Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің құрметті төрағасы ретінде ЕО – ЕАЭО арасындағы серіктестіктің диалогтық механизмін іске асыруға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екендігін білдірді.

Сөз соңында Елбасы әлемдік сарапшылар мен дипломаттардың өңірлік және жаһандық даму перспективаларына қатысты бірқатар сұрақтарына жауап берді.



2015 жылы құрылған «Astana Club» халықаралық пікірсайыс алаңы барынша күрделі заманауи мәселелерді шешуге арналған ортақ амалдар табу үшін Еуразияның жетекші саяси көшбасшыларын, сарапшылары мен дипломаттарын біріктірген жаһандық платформаға айналды.

Пікірсайыс өткізген жылдар ішінде клуб жұмысына әлемнің 40 елінен 200-ден астам спикерлер қатысты. «Astana Club» жыл сайынғы отырыстарына Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев қатысады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанға «Astana Club» V отырысына қатысу үшін келген Ресей стратегиялық зерттеулер институтының директоры М.Е. Фрадковпен кездесті.

Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев Ресей стратегиялық зерттеулер институты мен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты арасында ынтымақтастық орнатудың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, тараптар әлемдік сарапшылардың қатысуымен пікірсайыс алаңдарын ұйымдастыруға үлкен сұраныс бар екеніне назар аударды. Осы тұрғыда қазіргі жаһандық сын-қатерлерді өту үшін



жаңа шешімдерді іздеуде «Astana Club» алаңының ерекше маңызы мен рөлін атап өтті.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанға «Astana Club» V отырысына қатысу үшін келген Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрі М. Зарифпен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстан мен Иранның түрлі салалардағы өзара іс-қимылын дамыту мен нығайтудың тиімді сипатын атап өтті.

Өз кезегінде М. Зариф Иран басшылығы мен халқы Қазақстанның Тұңғыш Президентінің аймақтағы қауіпсіздікті нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалайтынын атап айтты, сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевқа Сириядағы қақтығысты шешу үшін Қазақстан астанасында келіссөздер ұйымдастырғаны үшін алғыс білдірді.



13 қараша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғ.М. Мұтановты қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев жоғары оқу орнын одан әрі дамытудың және халықаралық беделін нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

Сондай-ақ, әңгіме барысында Елбасына Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын атап өтуге арналған шаралардың дайындығы жөнінде мәлімет берілді.



14 қараша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңестің отырысына төрағалық етті.

Отырыс барысында Елбасының 2019 жылдың мамыр айында өткен кеңесте берілген тапсырмаларын іске асырудың алдын ала қорытындылары қаралды.

Кеңесте «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ басқармасының төрағасы А.С. Есімов, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ басқармасының төрағасы С.М. Мыңбаев, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ басқармасының төрағасы А.С. Айдарбаев,



«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ басқармасының төрағасы F.O. Пірматов баяндама жасады.

Ұсынылған ақпаратты тыңдай келе, Н.Ә. Назарбаев Қор басшылығы жүйелі мәселелерді шешіп, өндірістік көрсеткіштер мен индикаторлардың оң динамикасына қол жеткізгенін атап өтті.

Тұңғыш Президент бірлескен кәсіпорындардағы мемлекеттік үлестерді тиімді басқаруды қамтамасыз етудің маңыздылығына тоқталды.

Сондай-ақ, отырыс барысында Қор компанияларының IPO-ға шығуы және сатып алулардың тиімділігін қамтамасыз ету және жекешелендіру жоспарын одан әрі іске асыру мәселелері талқыланды.

18 қараша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ж.Қ. Түймебаевты қабылдап, ол Ассамблеяның атқарып жатқан жұмыстары туралы ақпарат берді.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев ҚХА жұмысын халықаралық бағытта күшейтудің маңыздылығына назар аударды.



19 қараша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Халифа бен Заид әл-Нахаянға оның ағасы Сұлтан бен Заид әл-Нахаянның қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Шейх Сұлтан тарихта биік тұлға ретінде із қалдырды, Біріккен Араб Әмірліктерінің қалыптасып, гүлденуіне сүбелі үлес қосты. Оның жарқын бейнесі Сіздің халқыңыздың жадында мәңгі сақталарына сенімдімін», — делінген жеделхатта.

20 қараша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы Ж.Қ. Асановпен кездесті.

Кездесу барысында соттар мен жалпы сот жүйесін реформалау нәтижелері талқыланды.



Н.Ә. Назарбаев заң үстемдігін қамтамасыз ету және халықтың сотқа деген сенімін арттыру бойынша іс-шараларды жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, суретші К.У. Муллашевты қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев әйгілі суретшінің отандық өнер мен мәдениетті дамытуға сіңірген еңбегін жоғары бағалады.

Өз кезегінде К.У. Муллашев Елбасыға қазақстандық өнер қайраткерлеріне көрсеткен қолдауы үшін алғыс білдірді.



21 қараша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елордадағы Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында өткен «Тыраулап ұшқан тырналар» спектаклін тамашалады.

Драмалық қойылым соңында Н.Ә. Назарбаев театрдың шығармашылық ұжымымен және көрермендермен сөйлесті. Елбасы актерлерге көркем образдары мен шеберліктері үшін алғыс айтты.

Басты рөлде театр және киноның жас актері Ә.А. Серіков ойнады, Инганың рөлін театр актері А. Танабаева сомдады.



Драматург В.И. Ежовтың шығармасы желісімен Қазақстанның халық әртісі, театр және кино режиссері Т.Д. Теменовтің ойынымен қойылған «Тыраулап ұшқан тырналар» спектаклі қазақ жігіті Пернебек Боранбаев пен неміс қызы Инганың махаббаты туралы баяндайды. Сахнада махаббат пен өшпенділік, адамгершілік пен сыйластық секілді адами қасиеттер жарқын әрі сенімді түрде ашылады.

22 қараша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстанға ресми сапармен келген Швейцария Конфедерациясының Президенті У. Маурермен кездесті.



Кездесу барысында Елбасы тәуелсіздік жылдарында Қазақстан мен Швейцария арасында экономиканың түрлі салаларында жақсы қарым-қатынас қалыптасқанын атап өтті.

Өз кезегінде У. Маурер Н.Ә. Назарбаевқа кездесу үшін ризашылық білдіріп, Қазақстанға жасап жатқан ресми сапарынан алған әсерімен бөлісті.

25 қараша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елордадағы Тәуелсіздік сарайында «Nur Otan» партиясы өңірлік филиалдарының өкілдерімен кеңес өткізді.

Отырысқа «Nur Otan» фракциясының Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісіндегі депутаттары, мәслихат фракцияларының хатшылары мен жетекшілері, саяси бірлестіктің еліміздің барлық филиалдарындағы өкілдері қатысты. Кездесу барысында партия төрағасының бірінші орынбасары Б.Қ. Байбек және жекелеген өңірлік партия өкілдері баяндама жасады.

Баяндамашыларды тыңдаған соң, Елбасы партияның қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан барлық мүшелерінің еңбегін атап өтті. «Nur Otan» біздің қоғамымыздың алуан түрлілігін көрсетеді. Біз — ел болашағына жауапты бүкіл Қазақстан халқының партиясымыз, нақты істер партиясымыз. Бізде Қазақстанның дамуына қатысты нақты ұстаным бар, тиісті стратегия мен жұмыс жоспарлары бекітілді, қажетті ресурстар қарастырылған», — деді Тұңғыш Президент (Қосымшаны қараңыз).

Сонымен қатар, Партия төрағасы қоғамды Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаевтың төңірегінде топтастырудың және Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін шаралар қабылдаудың маңыздылығына тоқталды.

Жиын барысында Н.Ә. Назарбаев партияның жергілікті жерлерде жұмыс тиімділігін одан әрі арттырудың бірқатар негізгі бағыттарын атады, сонымен қатар, әр облыста, қалада және ауданда сайлауалды бағдарламаларын дайындауды қамтамасыз етуді тапсырды.



Елбасы сапалы партиялық тізім жасау үшін партияшілік ашық іріктеу жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Сөз соңында «Nur Otan» партиясының төрағасы тағы да партияның электоралды кезең қарсаңындағы жұмысын күшейтудің маңыздылығына тоқталды. Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев партияның белсенді мүшелерін «Nur Otan» партиясының дамуына қосқан үлесі үшін «Белсенді қызметі үшін» медалімен марапаттады.

27 қараша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Татарстан Республикасы Мемлекеттік кеңесінің төрағасы Ф.Х. Мұхаметшинмен кездесті.

Кездесу барысында тараптар Қазақстан мен Ресейдің екіжақты қатынастарын нығайта отырып, Қазақстан мен Татарстан арасындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елордадағы «Назарбаев орталығында» Тұңғыш Президент қоры сыйлығының лауреаттарымен және еліміздің талантты жастарымен кездесті.

Кездесу барысында жас көшбасшылар Н.Ә. Назарбаевқа өздерінің жетістіктері мен түрлі салалардағы жаңалықтары туралы айтып берді.

Адами капиталды дамытудың маңыздылығын айта келе, Тұңғыш Президент жаһандық дамудың заманауи қатерлері мен әлемдік трендтеріне тоқталды, сондай-ақ жастарға одан әрі өсуге тең жағдай жасау үшін қолға алынып жатқан шаралар туралы айтты (Қосымшаны қараңыз).

«Жастар жылы аясында талантты және қабілетті жас қазақстандықтарды қолдауға бағытталған «Ел үміті» бастамасын ұсындым. Бұл бастаманы Тұңғыш Президент қоры қолға алып, мемлекеттік органдармен тығыз байланыста жұмыс істеп жатыр. Қазір ол ауқымды трансформация кезеңін өткеруде. Қор білім беру, әлеуметтік даму және жастар бастамаларын жан-жақты қолдау құрылымына айналады», — деді Елбасы.



Сонымен қатар Н.Ә. Назарбаев ауыл мектептерін қолдау бойынша жоспарланған шараларға тоқталды. Мәселен, Тұңғыш Президент Қоры бағдарламасы аясында нәтижесінде ауыл мектептеріндегі 1000 үздік оқушының талантты балаларға арналған «Дарын» мектептерінде білімін жалғастыруға мүмкіндік алатын олимпиада ұйымдастырылады.

Бұдан бөлек, арнаулы бағдарлама бойынша ауыл мектептерінің модернизациясы жүргізілетін болады. 2020 жылы бірінші кезеңде бұл бағдарлама үшін 14 мектеп таңдалады. «Бағдарлама аясында осы мектептердің педагогтары республикалық зияткерлік мектептер мен жетекші халықаралық университеттерде оқытудың заманауи әдістерін меңгереді», — деді Тұңғыш Президент.

Сөз соңында Н.Ә. Назарбаев барша қазақстандықтарды «Ел үміті» бастамасын іске асыруға белсене қатысуға шақырды.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы елордадағы «Қазақстан» орталық концерт залында өткен Тұңғыш Президент күніне арналған концертті тамашалады.

Концерт басталар алдында Н.Ә. Назарбаев «Тарихи таңдау» көрмесін аралап көрді. Оның экспозициялары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының музей жиынының мұрағаттық материалдары мен бірегей заттарынан құралған.

Көрмеден соң Ұлт көшбасшысы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Президенттік оркестрі мен қазақ эстрадасының жұлдыздары өнер көрсеткен концертті тамашалады.



28 қараша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Орталық Азия мемлекеттері басшыларының екінші консультативтік кеңесіне қатысу үшін Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласына келді.

29 қараша

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Өзбекстан Республикасының Президенті



Ш.М. Мирзиевпен кездесіп, Орталық Азия елдері арасындағы қазіргі жағдай мен ынтымақтастықты кеңейтудің перспективаларын талқылады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласында өткен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының екінші консультативтік кездесуіне қатысты.

Кездесуге сондай-ақ Қырғыз Республикасының Президенті С.Ш. Жээнбеков, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмон, Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.М. Мирзиев және Түрікменстанның Президенті Г.М. Бердымұхамедов қатысты.

Шағын құрамдағы кездесу қорытындысы бойынша төрт елдің басшылары Н.Ә. Назарбаевқа Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесуінің құрметті төрағасы мәртебесін беру туралы шешім қабылдады.

Шағын құрамдағы кездесуден кейін делегация басшылары кеңейтілген форматта кездесу өткізді.

Сөйлеген сөзінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті жоғары деңгейдегі шараға қатысуға шақырғаны үшін Ш.М. Мирзиевке ризашылығын білдірді. Ол өткен жылы Қазақстанның астанасында бастау алған диалог Орталық Азия тарихының жаңа парағын ашқанын атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

Елбасы сондай-ақ өңірішілік ынтымақтастықты одан әрі ілгерілету бойынша ойларымен және ұсыныстарымен бөлісті.

Бірінші кезекте Қазақстанның Тұңғыш Президенті «XXI ғасырда Орталық Азияны дамыту мақсатындағы тату көршілік және ынтымақтастық туралы бесжақты келісім» жасасуды ұсынды.

Сөз соңында Н.Ә. Назарбаев өңір елдерін бауырмалдығы, ортақ тарихы, географиясы, мәдениеті, салт-дәстүрі тәрізді бұзылмайтын байланыстар біріктіріп отырғандығын тағы да атап өтті. Ол қолда бар мұралардың аясын кеңейтіп, тереңдетуге шақырды және бұл біздің барлық елдеріміз бен халықтарымыздың мүддесін қозғайтынын айтты.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Орталық Азия елдерінің көшбасшыларымен бірге Ташкент қаласындағы «Көксарай» резиденциясының Құрметті қонақтар аллеясында өткен ағаш отырғызу рәсіміне қатысты.



Сол күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Орталық Азия елдерінің мемлекет басшыларымен бірге Өзбекстанның тұңғыш Президенті И.А. Каримовтің монументіне гүл шоғын қою рәсіміне қатысты.



ЖЕЛТОҚСАН



Дс	2	9	16	23	30
Сс	3	10	17	24	31
Ср	4	11	18	25	
Бс	5	12	19	26	
Жм	6	13	20	27	
Сн	7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29



4 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында алматылық резиденциясында бірқатар кездесулер өткізді.

Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев Жамбыл облысы Рысқұлов ауданындағы «Шаушен» шаруа қожалығының басшысы, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының иегері С.Ә. Дөненбаевпен әңгімелесті.

Елбасы кәсіпкердің туған өңіріндегі әлеуметтік инфрақұрылым құрылысына белсене қатысқанын атап өтті.

Өз кезегінде С.Ә. Дөненбаев Тұңғыш Президентке ауылдар мен ауыл жастарының дамуына көңіл бөліп, қолдау көрсеткені үшін ризашылық білдірді.

Елбасы сондай-ақ «Алматыкітап баспасы» ЖШС директорлар кеңесінің төрайымы Э.Н. Баталованы қабылдады. Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерінің елдегі баспа ісінің дамуы мен қалыптасуына қосқан үлесін атап өтті.

Э.Н. Баталова Тұңғыш Президентке тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен гүлденуі жолындағы қажырлы еңбегі үшін алғыс айтты.




9 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы КСРО халық әртісі, опера әншісі Б.А. Төлегеновамен кездесіп, оны 90 жасқа толған мерейтойымен құттықтады.

Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев опера әншісінің шығармашылығымен алғаш танысқан кездегі естеліктермен бөлісті. «Сіз халқымыздың шынайы махаббатына ие болдыңыз. Сізге ұзақ өмір, сарқылмас қуат және көрермендердің шексіз қошеметіне бөлене беруіңізді тілеймін. Бірер күн бұрын керемет концертіңіз өтті. Әдеттегідей көрермендердің жоғары бағасына ие болды», — деді Елбасы.

Өз кезегінде Б.А. Төлегенова Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының қолдауымен өткен вокалистердің X байқауының нәтижелері туралы айтты. «Қамқорлық танытып жүргеніңізге ризамын. Отандық мәдениет пен өнер саласын дамытуға қолдау көрсетіп жатқаныңыз үшін алғыс білдіремін», — деді аты аңызға айналған әнші.





Бибігүл Ахметқызы Төлегенова (1929 жылғы 16 желтоқсанда Семипалатинск (қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласы) қаласында дүниеге келді — кеңес және қазақстандық опера әншісі, актриса, педагог. КСРО халық әртісі (1967). КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1970). Екі Ленин орденінің кавалері (1976, 1991). Социалистік Еңбек Ері (1991). Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің VII–IX шақырылымдарының депутаты (1968–1982).

XX ғасырдың ең көрнекті жиырма әйелдерінің бірі ретінде ЮНЕСКО тізіміне енді.

Қазақстан Республикасының бірнеше мемлекеттік, мерейтойлық және үкіметтік медальдарымен марапатталды. Мемлекет басшысының 2019 жылғы 29 қарашадағы Жарлығымен отандық мәдениетті және музыка өнерін дамытуға қосқан көрнекті үлесі үшін I дәрежелі «Барыс» орденімен наградталды.

Қазақ консерваториясында оқыған кезінде 1951 жылы Қазақ радиосының солисті болып жұмыс істеді, онда танымал халық және эстрада әндерін орындады. Үш жыл өткен соң Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының әншісі болды. 1956 жылы Қазақ филармониясының Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі труппасының әншісі болды. 1958 жылы Бүкілодақтық эстрада әртістері конкурсының лауреаты атанды. 1980 жылдан Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында вокал класында сабақ береді, профессор (1982). Халықаралық әншілер конкурсының көркемдік жетекшісі және төрайымы болып табылады.

10 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Назарбаев орталығында» елорданың алғашқы құрылысына атсалысушылармен кездесті.

Кездесу барысында Елбасы үзеңгілестерімен бірге елорданың құрылуы және даму тарихына арналған көрмені аралады, сондай-ақ елорданы Алматыдан Ақмола қаласына көшірген кездер жайлы естеліктерімен бөлісті.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 1997 жылғы 20 қазандағы Жарлығымен Ақмола қаласы 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап ресми түрде еліміздің астанасы болып жарияланды.

12 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты рәсім барысында Тұңғыш Президент көмекшісі А.А. Бисембаевты «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Пре-



зиденті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» орденімен және Елбасы кеңсесінің басшысы М.Б. Қасымбековті І дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттады.



1



2



«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» ордені 2001 жылы бекітілді. Онымен Қазақстан Республикасының қалыптасуына, көркеюіне және дақын шығаруға жәрдемдескен, мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі айрықша еңбегі үшін Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шет ел мемлекеттерінің, үкіметтерінің басшылары наградалады. Орден жұлдыздан (1-сурет) және иыққа асатын лентадағы белгіден (2-сурет) тұрады.



1



2



3



4



«Барыс» ордені 1999 жылы бекітілді. Үш дәрежелі бар. I, II, III дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттау Қазақстан Республикасының мемлекеттігі мен егемендігін нығайту ісіне; бейбітшілікті, қоғамның топтасуы мен Қазақстан халқының бірлігі қамтамасыз етуге; мемлекеттік, өндірістік, ғылыми, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық қызметте; халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға; ұлттық мәдениеттерді жақындастыру мен өзара байытуға; мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды дамытуға сіңірген ерекше еңбегі үшін жүргізіледі. I дәрежелі «Барыс» ордені жұлдыздан (1-сурет) және иыққа асатын лентадағы белгіден (2-сурет), II дәрежелі «Барыс» ордені тақташасындағы белгіден (3-сурет), III дәрежелі «Барыс» ордені мойынға асатын лентадағы белгіден (4-сурет) тұрады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Eurasian Resources Group» компаниясының 25 жылдығына арналған салтанатты шараға қатысты.

Сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев «ERG» құрамындағы кәсіпорындар ұжымын компанияның осы мерейлі күнмен құттықтап, оларға сәттілік пен табыс тіледі.



13 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрында өткен Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі күніне арналған мерекелік концертті тамашалады.

Н.А. Назарбаев өз сөзінде барлық қазақстандықтарды ұлттық мерекемен құттықтады, сондай-ақ еліміздің тәуелсіздік жылдары қол жеткізген жетістіктері туралы айтты (Қосымшаны қараңыз).



Салтанатты концертте танымал қазақстандық әртістер, опера әншілері, би топтары мен симфониялық оркестр өнер көрсетті.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы танымал қазақстандық заңгер, құқықтану профессоры С.С. Сартаевтың қайтыс болуына байланысты оның отбасына көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Сұлтан Сартайұлы отандық заң және құқықтану саласын дамытуға елеулі үлесін қосқан зерделі зерттеуші болатын. Ол мемлекет пен қоғам істеріне де белсене араласып, жауапты қызметтер атқарды. Үнемі азаматтық айқын ұстанымын танытып, қажырлы еңбегімен еліміздің өсіп-өркендеуіне атсалысып, көптің сый-құрметіне бөленді», — делінген жеделхатта.



Сұлтан Сартайұлы Сартаев (1927 жылы 15 қазанда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентінде туған — 2019 жылғы 13 желтоқсан) — ғалым, заң ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтының ректоры.

С.С. Сартаевтың тікелей қатысуымен «Қазақ КСР Президентінің қызметін бекіту туралы» Заңы, «Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңы әзірленді. Ол сондай-ақ Президенттік кеңестің мүшесі және Қазақ КСР Президенті жанындағы рақымшылық ету мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің XII және XIII шақырылымдағы депутаты, Қазақстан Заңгерлер одағының тұңғыш президенті болды.

500-ден астам ғылыми еңбектердің авторы.

19 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Біріккен Араб Әмірліктерінің Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Мұхаммед әл-Джаберді қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты қатынастарды нығайтудың, Қазақстан мен БАӘ арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамытудың, мәдени байланыстарды кеңейтудің маңыздылығы жайлы айтылды.

Мұхаммед әл-Джабер БАӘ басшылығы атынан Қазақстанның одан әрі табысты дамуы мен өркендеуін



тілей отырып, Н.Ә. Назарбаевты және Қазақстан халқын Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Сонымен қатар, дипломат Н.Ә. Назарбаевқа мәртебелі шейх Фатима бинт Мұхаммед бин Заидтің гуманитарлық жобасы аясында жасалған «Бейбітшілік кілемін» табыстады.



«Бейбітшілік кілемі» жобасының мақсаты — кілем тоқудың дәстүрлі қолөнерін насихаттауға және соғыс бейнелерінің осы өнерге өнуіне қарсы тұруға бағытталған. Жоба аясында қолөнершілер бейбіт және гүлденген өмір туралы өздерінің көзқарастарымен кілемдер тоқиды. Ол әскери қақтығыс, жауынгерлер мен қару-жарақ бейнеленген «соғыс» тақырыбындағы ауған кілемдерін жасау дәстүріне қарсы іске асырылады.

20 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің құрметті төрағасы Ресей Федерациясындағы Санкт-Петербург қаласында өткен ЖЕЭК отырысына қатысты.

Отырысқа сондай-ақ Беларусь Республикасының Президенті А.Г. Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті С.Ш. Жээнбеков, Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин, Армения Республикасының Премьер-министрі Н.В. Пашинян және Еуразия экономикалық комиссиясы алқасының төрағасы Т.С. Саркисян қатысты.

Кеңейтілген құрамдағы кездесуге Еуразиялық экономикалық одақ жанындағы байқаушы-мемлекеттің басшысы ретінде Молдова Республикасының Президенті И.Н. Додон қатысты.

ЖЕЭК отырысы барысында ЕАЭО аясындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың басты мәселелері талқыланды, жұмыстың аралық қорытындылары жасалды, алдағы жылдардағы интеграциялық қарым-қатынастың перспективалары туралы пікір алмасылды.

Саммит қорытындылары бойынша интеграциялық бірлестіктерді дамыту мәселелерін және ЕАЭО құрылымының қызметін ұйымдастыру аспектілерін қозғайтын 12 құжатқа қол қойылды.



Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) — өңірлік халықаралық ұйым, оның мақсаты құрамына кіретін мүше мемлекеттердің бірыңғай экономикалық нарық аясында тауарлар, қызметтер, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз ету және олардың үйлескен экономикалық саясат жүргізуі болып табылады.

ЕАЭО құру туралы шартқа Қазақстан, Ресей және Беларусь президенттері Астана қаласында 2014 жылғы 29 мамырда қол қойды. 2014 жылғы қазаннан бастап ЕАЭО-ға — Армения, ал 2014 жылғы желтоқсаннан Қырғызстан қосылды. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес, Еуразиялық үкіметаралық кеңес, Еуразиялық экономикалық комиссия және ЕАЭО соты ЕАЭО органдары болып табылады.

Сол күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Ресей Федерациясындағы Санкт-Петербург қаласында өткен ТМД елдері көшбасшыларының бейресми кездесуіне қатысты.

Кездесуге сондай-ақ Әзірбайжан Республикасының Президенті И.Г. Әлиев, Беларусь Республикасының Президенті А.Г. Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті С.Ш. Жээнбеков, Молдова Республикасының Президенті И.Н. Додон, Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмон, Түрікменстанның Президенті Г.М. Бердымұхамедов, Армения Республикасының Премьер-министрі Н.В. Пашинян қатысты.

Отырыс барысында Достастық елдерінің көшбасшылары жылды қорытындылап, түрлі салалардағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту және одан әрі дамыту мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Ресей Президенті кездесуге қатысушыларға Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына қатысты көтерілген мұрағаттық материалдар туралы әңгімеледі, содан кейін арнайы ұйымдастырылған көрмені тамашалауға шақырды.



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) — 1991 жылғы 8 желтоқсанда Ресей, Украина және Беларусьпен бұрынғы КСРО құрамына кірген мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттеу мақсатында құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамына кірген 11 мемлекет ТМД қағидаттары мен мақсаттары жазылған Алматы декларациясына қол қойды. ТМД органдары Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Қорғаныс министрлерінің кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқарушы комитеті және т.б. болып табылады.

25 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Ғ.Д. Нұрдәулетовті қабылдап, ол ведомствоның 2019 жылғы жұмысының негізгі қорытындылары мен алдағы кезеңге жоспарланған басты мақсаттары туралы мәлімет берді, сондай-ақ азаматтардың әлеуметтік-экономикалық саладағы құқықтарын қорғау бойынша атқарылып жатқан шаралар жайлы хабарлады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Е.З. Тұрғымбаевты қабылдап, ол елдегі қылмыстық ахуал туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша қабылданған шаралар және ішкі істер органдарын реформалау жөніндегі «жол картасын» жүзеге асыру барысы туралы ақпарат берді.

27 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Алматы қаласының маңында болған «Bek Air» әуе компаниясының жолаушылар ұшағының апатқа ұшырауы салдарынан қаза болғандардың отбасыларына көңіл айту жеделхатын жолдады.

29 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Түркия Республикасының Президенті Р. Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесушілер бір-бірін келе жатқан Жаңа жылмен құттықтады. Түрік көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевқа — зор денсаулық пен толағай табыс, Қазақстан халқына игілік пен бақ-береке тіледі.

Тараптар Қазақстан мен Түркия қатынастарының жоғары деңгейі мен екіжақты ынтымақтастықты дамытудың зор мүмкіндіктерін атап өтті.



30 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қырғыз Республикасының Президенті С.Ш. Жээнбековпен телефон арқылы сөйлесіп, оның барысында тараптар бір-бірін келе жатқан

Жаңа жылмен құттықтады, сондай-ақ Қазақстан мен Қырғызстан қатынасы екі ел арасындағы дәстүрлі тату көршілік және ынтымақтастық рухында одан әрі дами беретініне сенім білдірді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.М. Мирзиевпен телефон арқылы сөйлесті.

Н.Ә. Назарбаев пен Ш.М. Мирзиев бір-бірін келе жатқан Жаңа жылмен құттықтап, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы өзара ынтымақтастықтың кең ауқымды бағыттары бойынша дамуының жоғары қарқынын атап өтті.



ҚОСЫМШАЛАР

«Nur Otan» партиясының XIX съезінде сөйлеген сөзі

Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жылғы 23 сәуір

Құрметті партияластар!

Қадірлі қауым!

Баршаңызбен «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XIX съезінде жүздескеніме қуаныштымын!

Біз партиямыздың жақында өткен XVIII съезінде мемлекетке, елге қажет барлық мәселені кеңінен талқылап, шешім қабылдадық. Сондай-ақ партияның стратегиялық бағдарламасын бекіттік. Атқарған жұмыстарымыз бен жетістіктерімізге баға бердік.

Ал бүгін Қазақстан Президентінің алдағы сайлауына өз кандидатымызды ұсыну үшін бас қосып отырмыз. Бұл — өте маңызды мәселе. Қазақстан жаңа тарихи кезеңге қадам басты.

Биылғы 19 наурызда мен президенттік өкілеттігімді тоқтаттым. Еліміздің жарқын болашағы үшін осындай шешім қабылдадым. Мемлекетті басқаруға басшылардың жаңа буыны келеді. Олар тәуелсіз Қазақстанның абыройын арттырып, беделін биіктете түседі деп сенемін!

Қымбатты партияластар!

Тәуелсіздік жылдары ауқымды белес артта қалды. Мемлекетімізді қалыптастыру жолын біз ауыр дағдарыс жағдайында бастадық. Экономиканың жаппай күйреуі халықтың басым көпшілігін күйзеліске ұшыратты.

Көптеген сарапшылар этносаралық шиеленістер мен қақтығыстар болады деп болжам жасаған еді. Бірақ біз өзіміздің егемен елімізде бейбітшілік пен келісім жағдайында өмір сүруге лайықты екенімізді бүкіл әлемге дәлелдедік.

Менің «алдымен — экономика, сосын саясат» деген негізгі қағидатым дәлелденді. Ең әуелі халықтың тұрмысын, әл-ауқатын жақсарту қажет болды. Дұрыс жүргізілген саясаттың арқасында еліміз посткеңестік кеңістіктегі қарқынды дамып келе жатқан мемлекетке айналды. Бүгінде Қазақстан бәсекеге мейлінше қабілетті 50 ел қатарына қосылды. Біз нағыз индустриялық державаға айналдық.

Ең бастысы, біз елдегі кедейшілік деңгейін 10 есе дерлік төмендеттік. Әр жылы елде мыңдаған жұмыс орны пайда болуда. Мемлекет бизнеске қолдау көрсетіп, теңдессіз шаралар қабылдап келеді.

Біз білімді, саламатты ұлт қалыптастырдық. Ең қиын жылдарда мен мыңдаған жас қазақстандықты әлемнің үздік университеттеріне жібердім. Бүгінде озық білім беру жүйесін Қазақстанда қалыптастырудамыз. Оның өзегі Назарбаев зияткерлік мектептері мен Назарбаев Университет болмақ.

Біз барша қазақстандықтардың жетістігінің айқын көрінісіне айналған әсем астанамызды салдық.

Халқымыздың рухани байлығын, мәдениеті мен тілін сақтап қалдық және еселей түстік. Отандық әртістердің, суретшілердің, спортшылардың есімі бүкіл әлемге танылды.

Біздің ел — халықаралық саясаттың беделді және белсенді қатысушысы.

Бүгінде біз тағдырымызға өзіміз иелік етіп, өз болашағымызға жол салып жатырмыз. Ел-жұрт 30 жыл дерлік маған өзінің жоғары басшысы болуыма сенім білдірді. Маған өз халқыммен бірге тәуелсіз Қазақстанды құру мәртебесі бұйырғанын мақтан тұтамын. Қиын заманға қарамастан, халқым менің бастамаларыма әрдайым қолдау көрсетті.

Соның арқасында біз барлық нәтижеге қол жеткіздік. Сол үшін еліме ризамын, алғысым шексіз!

Құрметті қазақстандықтар!

Тарихи өлшем тұрғысынан біз өз жолымыздың ең басында тұрмыз. Қазақстанды алда жарқын болашақ күтіп тұрғанына мен сенімдімін.

Біздің басты мақсатымыз — әлемдегі мейлінше дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Оған қол жеткізу үшін біздің Ел дамуының 2050 жылға дейінгі стратегиясында мен көрсетіп берген айқын жоспарымыз бар. Халықтың бірлігі, пәрменді билік вертикалы, қуатты экономика, азаматтардың бақуаттылығы мен бейбіт сыртқы саясат біздің басты құндылықтарымыз бен басымдықтарымызға айналды.

Осынау аса маңызды қағидалардан алыстау зор тарихи қателікке ұрындыруы мүмкін екеніне сенімдімін. Біздің бағдарымыздың сабақтастығы ғана Қазақстанның одан әрі табысты дамуын қамтамасыз ете алады.

Біз қоғамның барлық саласын жаппай жаңартуды қолға алдық. Төртінші өнеркәсіптік революция талаптарына сәйкес, елімізді технологиялық және инфрақұрылымдық тұрғыдан дамытудың жаңа кезеңіне қадам бастық. Цифрландыру және инновацияны енгізу есебінен еңбек өнімділігі мен экономиканың бәсекеге қабілеттілігі артты. Сонымен бірге біз қоғамдық сананы жаңғырту үдерісін бастадық.

Осы ауқымды жұмыстың бәрі бүкіл қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Партияның 2030 жылға дейінгі кезеңді қамтыған «Бақуатты қоғам: он жылдағы 10 мақсат» бағдарламасы қазақстандықтардың тұрмыс сапасының жаңа стандартына қол жеткізуге арналған.

Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру міндеттерін орындауды жалғастыра беру қажет. Жұмыс істеуге және өз еңбегі үшін лайықты сыйақы алуға әркімнің мүмкіндігі болуы керек.

Жалпы, бізде ел дамуының алдағы ондаған жылдардағы көрінісінің айқын жобасы бар. Менің саясатымды қазақстандықтардың абсолютті басым көпшілігінің қолдайтынын білемін. Жұртқа бағыттың тұрақтылығы мен ертеңгі күнге деген сенімділік қажет.

Мен қазіргі жаңа Қазақстанға елдің қалыптасуы сатысында басшылық еткен ел басшысы ретінде, әлбетте, бастамаларымыздың табысты болуын қалаймын. Күшім жеткенінше және Конституция бойынша өзіме бекітілген өкілеттіліктерге сәйкес Отанымызды өркендету үшін жұмыс істей беремін.

Мен Төраға болып қала беретін Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында атқаратын жұмыс көп. Қоғамдық келісім мен ұлтымыздың бірлігін нығайту үшін ісімізді жалғастыра береміз.

Қауіпсіздік кеңесін басқара отырып, сондай-ақ ішкі және сыртқы саясатты анықтай отырып, мен өзімнің көпжылдық тәжірибемді елімізді дамытудың бірқатар негізгі мәселелерін шешуге бағыттаймын.

Мен бұрынғысынша ең ірі «Nur Otan» саяси партиясының төрағасы болып қала беремін.

«Nur Otan» менің стратегиямның төңірегіне қоғамның барлық тобын біріктіруі қажет. Ол стратегия халықтың игілігіне арналған. Жаңғырудың тиімділігіне, соның ішінде партияның «Бақытты отбасы», «Құтты мекен», «Ауыл — ел бесігі» және «Халыққа көмек» жобаларын жүзеге асыру аясында әрбір қазақстандықтың қамқорлықты сезінуіне қол жеткізуіміз керек. Ол жобалар туралы мен партиямыздың өткен XVIII съезінде егжей-тегжейлі айттым.

Құрметті отандастар!

Еліміздегі билік сабақтастығын жалғастыру Ата заңымызға толық сай келеді.

Екі апта бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кезектен тыс сайлау өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл — жан-жақты ойластырылып жасалған қадам.

Қасым-Жомарт Кемелұлы — әрбір іске зор жауапкершілікпен қарайтын мемлекет қайраткері. Ол айқын саясат жүргізудің қаншалықты маңызды екенін жақсы біледі. Халықаралық аренадағы серіктестеріміз үшін де мұның мәні зор.

Біз бүкіл әлемге демократиялық даму жолын таңдағанымызды көрсеттік. Президенттік өкілеттігімді тоқтатқан соң бірқатар елдердің басшыларымен сөйлестім, көпшілігінен хаттар келіп түсті. Солардың бәрі билікті берудің өзіндік үлгісін жүзеге асырып жатқанымызға құрметпен қарайтынын жеткізді.

Ең алдымен, алдағы Президент сайлауы халқымызды биік мақсаттарға жұмылдыруға тиіс. Еліміз үшін тұрақтылық пен татулықтан артық ешнәрсе жоқ. Тыныштықта өмір сүріп, алаңсыз еңбек еткенге, бақытты ұрпақ тәрбиелегенге не жетсін?!

Міне, ең бастысы — осы. Қазақстандықтар бүгінгі тарихи кезеңде береке-бірлік танытады деп сенемін. Жаңа басшылық халық сеніміне ие болып, елімізді белгіленген стратегиялық жоспарға сәйкес алға жетелейді.

Егер сайлаушылар «Nur Otan» партиясының кандидатына қолдау білдірсе, бағыт-бағдарымыздың дұрыстығын тағы бір мәрте дәлелдейміз. Азаматтарымыз дұрыс таңдау жасайды деп сенемін. Алдағы науқанға қатысушылардың бәрін сайлау заңнамасын және саяси бәсекенің негізгі қағидаттары мен ережелерін сақтауға шақырамын.

Құрметті делегаттар!

«Nur Otan» партиясының төрағасы ретінде мен Қазақстан Республикасы Президенті лауазымына Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кандидатурасын ұсыну мәселесін съездің қарауына енгізіп отырмын. Оны елдегі ең жоғары лауазымға қазіргі таңда ең лайықты кандидат деп санаймын.

Қасым-Жомарт Кемелұлы тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бері түрлі жауапты орындарда менімен бірге жұмыс істеді. Ол Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын қалыптастыруды менімен бірге бастаған жандардың бірі, көп жыл Сыртқы істер министрлігін басқарды.



Тоқаевтың дипломатиялық тәжірибесі Біріккен Ұлттар Ұйымы деңгейінде жоғары бағаланды. Осы жаһандық құрылымда ол Бас хатшының орынбасары қызметін атқарғанын білесіздер.

Дипломатиядағы жетістіктерімен қатар, Қасым-Жомарт Кемелұлы мемлекеттік басқару саласында мол тәжірибе жинады. Ол ел дамуының өте күрделі кезеңінде Қазақстан Үкіметін басқарды.

1998 жылғы Азиядағы қаржы дағдарысынан кейін экономикамызды қалпына келтіруге атсалысты. Тоқаевтың тікелей қатысуымен 90-шы жылдардың аяғы мен 2000-шы жылдардың басында бірқатар маңызды реформа жүргізіліп, ел экономикасын өркендетуге жол ашылды.

Сол жылдары ол менің Ұлттық қор құру туралы идеямды толық қолдады. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі және даму институттары пайда болды.

Әлеуметтік жаңғыру жолында алғашқы қадамдар жасалды. Жаңа зейнетақы жүйесі қалыптасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Сенат төрағасы ретінде Қазақстандағы парламентаризмнің және заң шығару қызметінің дамуына мол үлес қосты. Осы жылдар ішінде ол маған сенімді серік болып, елімізді одан әрі өркендетуге қатысты ұстанымымды қолдап келеді.

Мен оған толық сенемін және оны Қазақстанды басқаруға лайық азамат деп есептеймін. Баршаңызды партиямыздың атынан түсетін ортақ кандидат — Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа бірауыздан қолдау көрсетуге шақырамын.

Құрметті партияластар!

Осы күндері біздің азаматтарымыздан менің өз лауазымымнан кету жөніндегі шешіміме өкініш білдірген, тағы сайлауға түсуді ұсынған көптеген хаттар алып келіп түсуде.

Менің оның астарындағы себебін түсінемін. Жұрт өз болашағына алаңдайды, тұрақтылықты және барлық этнос пен діннің теңдігі сақталғанын қалайды. Өзіме деген игі ниет үшін ризамын. Өлгіндей алаңдаушылықты да түсінемін. Мен әбден ойластырылған шешім қабылдадым деп білемін.

Сондықтан Қасым-Жомарт Тоқаевтың достыққа, барлық қазақстандықтардың құқығының теңдігіне негізделген саясатты толық сақтап қалатынына сенімді екенімді мәлімдеймін. Баршаңызды осы кандидатураны қолдауға шақырамын. Бұл дұрыс шешім болады.

Алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Партияның беделі мен халық сенімі сайлауда көрінеді. Серіктестері мен отандастары алдындағы өз жауапкершілігін партияның әрбір мүшесі сезінуге тиіс.

«Nur Otan» партиясы сайлау науқанын қарқынды әрі шынайы өткізуі керек. Ең алдымен республикалық Қоғамдық сайлау штабы жұмысын ұйымдастыру қажет. Оған сенімді тұлғалар ретінде халық арасында беделді белгілі қоғам қайраткерлері кіруге тиіс. Мұндай штабтар елдің барлық өңірінде жұмыс істейтін болады.

Қысқа мерзім ішінде біздің кандидатты қолдайтындардың қолының қажетті санын жинауымыз керек. Одан соң сайлау науқанын өткізуге партияның барлық ресурсын жұмылдыру қажет. Бұл жұмысқа партияның барлық филиалы мен бастауыш ұйымдары белсене атсалысуға тиіс.

Саяси кеңес мүшелері де сырт қалмауы керек. Нақ осы жауапты кезеңде біз Саяси кеңес мүшелерінің әлеуетін барынша пайдаланғанымыз жөн. Жұртпен кездесулер өткізіп, бағдарламамыздың мән-жайын түсіндіруіміз, оларды дұрыс таңдау жасауға үгіттеуіміз керек.

Бұдан бөлек, сайлау науқаны аясында біз ХХІ ғасырдағы заманауи, жоғары технологияны меңгерген партия екенімізді көрсете білуіміз керек. Үгіт-насихат жұмысы барысында коммуникацияның жаңашыл тәсілдерін, өзекті саяси технологияларды қолданудың маңызы зор. Азаматтарымыздың барлық санатының жүрегіне жол табу үшін шетелдік кампаниялар тәжірибесін зерттеп-зерделеп, ең озығын алу керек.

Сайлау қорытындысы бойынша «Nur Otan» партиясы елдің жетекші саяси күші ретіндегі өз мәртебесін нығайтуға тиіс. Бағытымыз дұрыс болғандықтан, жұрт бізге сенетіндіктен жеңіске жететінімізге мен нық сенімдімін.

Баршаңызға табыс тілеймін!

Қазақстан — тек қана алға!

Алға, Nur Otan!

Алға, Қазақстан!

«Бір белдеу, бір жол» II халықаралық ынтымақтастық форумының ашылуында сөйлеген сөзі

Қытай Халық Республикасы, Бейжің қаласы, 2019 жылғы 26 сәуір

Құрметті форумға қатысушылар!

Ханымдар мен мырзалар!

Қытай халқында «Бай болғың келсе, жол сал» деген тәмсіл бар. Бұл дана сөз бірлесе жаңғыртылып жатқан Ұлы Жібек жолының тарихына да тікелей қатысты.

Екі мың жыл бұрын адамдардың батылдығы мен іскерлігінің арқасында Еуразия жолдардың ортақ желісіне біріккен еді. Мұны адамзат тарихындағы жаһанданудың алғашқы қадамдары деуге болады.

Бәріміздің есімізде болар, 1990 жылдардан бері Еуразиядағы Жібек жолын жаңғыртуға тырысқан көптеген әрекеттер мен тұжырымдар болды. Алайда әрқилы себепке байланысты ол жобалар ақыры жүзеге аспады.

Оған қоса, мойындауымыз керек, ондаған жылдар өткен соң жаһанданудың бұрынғы нұсқасының өзі де сетінеді. Әлем қоғамдастығы жеделдетілген әмбебаптыққа дайын болмай шықты. Соның салдарынан соңғы онжылдықта өсіп-өркендеген біртұтас әлемге деген үміт өңіршілдіктің, сауда соғыстары мен санкциялардың қатаң шындығымен алмасты. Кей сәтте адамзат дамуының болашақ үрдісі айқындалғандай және барған сайын бөлініп жатқан әлемге балама жоқ сияқты болып көрінген еді. Бірақ 2013 жылы Қытай ұсынған Жібек жолы моделі қазіргі заманғы геосаяси жағдайларда өміршең ғана емес, табысты жобаға айналды. Бұған оның соңғы бес жылдан астам уақыттағы даму кезеңі дәлел.

ҚХР төрағасы Си Цзиньпин осы идеяны алғаш жария еткенде Қазақстан «Бір белдеу, бір жол» бастамасына алғашқы күндерден бастап қолдау білдірді. Бұл да біздің ұланғайыр тарихымыздың маңызды бір бөлігі және болашақ жолындағы жаңа мүмкіндіктер жой. Бүгінде «Бір белдеу, бір жол» құрылысының бастапқы табысты кезеңінің қорытындылары бойынша мен мына төмендегідей түйіндер жасауға болады деп санаймын.

Бірінші. Әлем жұртшылығы қарама-қайшы геосаяси тұжырымдардан шаршағаны анық. Барған сайын геозкономика мен бірлесе дамудың маңызы артып келеді. «Бір белдеу, бір жол» — экономикалық ынтымақтастық үшін ашылатын жаңа мүмкіндіктерден де ауқымды әрі маңызды жоба. Бұл — әлемдегі 120-дан астам мемлекеттің қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, кеңінен сауда-саттық жасауға және өсіп-өркендеуге деген тарихи сұранысынан туындаған бастама.

Шыныменен, Қытай, Ресей, Еуропа мен Орталық Азия елдерінің, басқа да көптеген атсалысушылардың күш-жігері арқасында қазіргі замандағы Жібек жолы тұрақтылық пен даму белдеуіне айналып келеді. Мәселен, саяси қарама-қайшылыққа,

санкциялар мен сауда текетіресіне қарамастан, осы бастама аясындағы сауда көлемі артып, бүгінде ол 5 трлн долларға дейін жетіп отыр.

Екінші. Жаһандану әлі де сұранысқа ие және ол қазір жаңа форматта трансформациялануда. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы жаһанданудың шығыстық сипаттағы жаңа үлгісін ұсынды. Тарихи кезең әлемдік ықпалдастық орталығын қайтадан Шығысқа оралтуда. Біз бүгін Азияның шын мәнінде ХХІ ғасыр өңіріне айналғанын көріп отырмыз. Әлемдік ішкі жалпы өнімнің 28 пайызы осында шоғырланған және бұл көрсеткіш арта береді. Қазірдің өзінде шығыстандыру үрдісі ықпалдасудың жаңа бағыттарын ұсынуда.

Үшінші. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы географиялық жағынан орналасуға және даму үдерісіндегі теңсіздіктерге қатысты сын-тегеуріндерді еңсере алды. Еуразия қайтадан біртұтас кеңістікке айналуда. Біздің құрлықтың әртүрлі және қашықтықта орналасқан өңірлері екі мың жыл бұрынғыдай бір желіге бірікті. Біз қысқа мерзім ішінде күрделі табиғи жер бедерлерін және геосаяси қарама-қайшылықтарды айналып өткен экономикалық дәліздер құрдық. Заманауи логистиканың және мемлекеттердің өзара түсіністігінің арқасында тауарлар Оңтүстік-Шығыс Азиядан Солтүстік Еуропа қалаларына небары 2 аптада жеткізіледі. Мұның негізінде прагматизм және өсіп-өркендеуге деген ұмтылыс жатыр.

Құрметті форумға қатысушылар!

Қазақстан Еуразияның дәл ортасында тиімді орналасқан. Біздің мемлекет арқылы Азия мен Еуропаны жалғайтын төте құрлық жолдары өтіп жатыр.

Қолда бар транзит әлеуетін жүзеге асыру мақсатымен біз «Нұрлы жол» ұлттық бағдарламасын іске қостық. Қазақстан соңғы он жыл ішінде инфрақұрылымды, көлік-логистика активтерін және құзыреттілікті дамытуға шамамен 30 млрд доллар инвестиция салды. 3 мың шақырымға жуық ұлттық теміржол желісі және 12,5 мың шақырым автомобиль жолдары салынды және қайта жөндеуден өтті. Еліміздегі теңіз және әуе порттары жаңғыртылды. Нәтижесінде қысқа мерзім ішінде біздің елде заманауи әрі бәсекеге қабілетті транзиттік хаб құрылды.

Сыртқы контурдан тысқарыда да ауқымды жұмыс атқарылды. Көршілес мемлекеттердің, соның ішінде Орталық Азия елдерінің көмегімен біз Қазақстанды жаһанмен құрлық арқылы да, теңіз арқылы да байланыстыратын жаңа бағдарларды іске қостық. 2016 жылдан бастап «Нұрлы жол» бағдарламасын Жібек жолының Экономикалық белдеуімен ұштастыру жоспары табысты іске асырылуда. Еуропа мен Қытайды Ресей мен Қазақстан арқылы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» құрлықаралық жоғары деңгейлі автомагистраль байланыстырды. Біздің еліміз Қытайдың Ляньюньгань портында логистикалық терминал салды. «Қазақстан – Түрікменстан – Иран – Парсы шығанағы» бағытындағы теміржол іске қосылып, қарқын алып келеді. Қытайдан Оңтүстік Кавказға, Түркияға және одан әрі Еуропаға Қазақстанның Ақтау және Құрық порттары арқылы жөнелтілетін жүктердің көлемі артып келеді. Тек былтырдың өзінде Қазақстанның аталған екі

портында 6,5 млн тонна транзиттік жүк пен 15 мыңнан астам контейнер өңдеуден өтті.

Оңтүстік Азия және Ауғанстан мемлекеттеріне Қазақстан арқылы Өзбекстанмен Қырғызстанға бағытталған теміржол арқылы жетуге болады. Теміржолмен тасымалданатын жүк ағыны Қазақстан-Қытай шекарасында төңірегі үлкен қалаға айналған құрлықтағы «Қорғас» порты арқылы тиімді таралуда.

Қазақстан аумағын 11 трансконтиненталды жол — 5 теміржол және 6 автомобиль бағдары кесіп өтеді. Қазақстанның магистралдық мұнай және газ өткізу құбырларының желісі арқылы біздің елден, Ресейден және Түрікменстаннан Азия мен Еуропа нарығына энергия ресурстарының жеткізілуі мен транзиті жүзеге асырылады. Қазақстан, Ресей және Қытайдың судағы трансшекаралық жолдарында жүк кемелері қатынасын ұйымдастыру мүмкіндігінің әлеуеті зор. «Бір белдеу — бір жолды» Еуразиялық экономикалық одақпен ұштастыру тиімді және орынды болар еді.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Біз Жібек жолының әлем келбетін қайта өзгертіп, жаһандық жаңа жағдай қалыптастырып отырғанын көріп отырмыз. Бұл іс жүзінде жаһандану үрдісінің күйреуі жөніндегі көптеген теориялар мен қатаң өңіршілдікті жоққа шығарады.

Қытай Төрағасы Си Цзиньпиннің «Бір белдеу, бір жол» арқылы тағдыры ортақ адамзат қоғамдастығын бірлесе құруға шақырып отырғаны мені тәнті етеді. Әлемдік саясаттағы мұндай жаңашыл ой барлық елдердің мүдделерін жұмылдыруға бағытталған менің G-Global жөніндегі идеяммен үндеседі.

Сөзімнің соңында, құрметті Си Цзиньпин мырза, сізді және бүкіл достас Қытай халқын реформалар мен ашықтық саясатының 40 жылдығымен және Қытай Халық Республикасының құрылуының алда келе жатқан 70 жылдығымен құттықтаймын.

Өткен жылдарда Қытай әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында ғаламат табыстарға жетті, өзін халықаралық аренада сенімді және жауапты серіктес ретінде көрсете білді. Қытай халқына ҚХР-дың 100 жылдығы қарсаңында алға қойылған ауқымды жаңа мақсаттарына жетуіне тілектестігімді білдіремін.

Тыңдағандарыңызға рахмет.

«Бір белдеу, бір жол» II халықаралық ынтымақтастық форумының сессиясы отырысында сөйлеген сөзі

Қытай Халық Республикасы, Бейжің қаласы, 2019 жылғы 27 сәуір

Құрметті Си Цзиньпин мырза!

Құрметті форумға қатысушылар!

Қазіргі әлем күрделі кезеңді бастан кешіруде. Көріп отырғанымыздай, жаһандағы стратегиялық тұрақтылықтың тұғыры «шайқалып тұр». Ірі державалар арасында қайшылықтар шиеленісіп келеді.

Осындай жағдайда әлемнің жетекші елдері белсене қарулану үстінде. Кейбір халықаралық субъектілердің әскери инфрақұрылымы ықтимал қарсыластарының тікелей шекараларына қарай беттеп келеді. Экономика саласында «сауда текетіресі мен санкциялық соғыстар» пайда болды.

Түптеп келгенде, бұл әлем экономикасының даму қарқынын бәсеңдетіп, халықтың, әсіресе дамушы елдер тұрғындарының жағдайын нашарлатады. Кедейліктің дендей түсуі мен жұмыссыздық барған сайын экстремизмнің, терроризмнің, сепаратизм және миграцияның өрістеуіне алғышарт жасауда.

Аталған сын-қатерлерді еңсеру үшін әлем қоғамдастығының бірлесуі қажет екені анық. Жеңімпаздары болмайтын жаңа «қырғиқабақ соғысқа» жол бермеу аса маңызды.

Жаһандану үдерісінің нәтижесінде қалыптасқан өзара экономикалық байланыстың түпкілікті күйреуіне мүмкіндік бермеген жөн.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Алып құрлығымыздың дәл ортасында орналасқан Қазақстан аталған сын-қатерлерге қарсы тұруды жақтайды. Еуразияда тығыз серіктестік орнатуды әрдайым қолдайды. Біздің Сыртқы саяси доктринамыз көпжақты ынтымақтастықты және бірлесе дамуды, сенім мен қауіпсіздікті нығайтуды көздейді.

Қажет болған кездің бәрінде біз бүкіл әлемге халықаралық күн тәртібіндегі ең күрделі мәселелерді талқылауда да үлгі көрсете алдық. Мәселен, Қазақстан Семей ядролық полигонын жауып, қуаттылығы жөнінен төртінші ядролық қару әлеуетіне ие болып қалудан бас тартты. Қазір біздің ел — ядролық қарудан ада әлем қалыптастыруды көздейтін жаһандық антиядролық қозғалыстың мойындалған көшбасшысының бірі.

Біз геосаясат пен геоэкономикада кейінге қалдыруға болмайтын міндеттерді шешуге септігін тигізетін жаһандық архитектураны қалыптастыру ісіне алдағы уақытта да атсалыса береміз. Менің ойымша, оны «3 D» жаңа ахуалын қалыптастыру арқылы жүзеге асыруға болады. Мұны «Үш диалог» жүргізу қажеттігі деп түсінген жөн.

Біріншісі жаһандық деңгейді қамтиды. Бұл — АҚШ, Ресей, Қытай және Еуропалық одақ арасындағы диалог. Менің АСЕМ форумында айтылған бұл ұсынысым әлемдік ойыншылардың көбісінен қолдау тауып отыр. Аталған төрт тарап адамзат болашағы үшін, халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздік үшін өзіне айрықша жауапкершілік жүктеліп отырғанын сезінеді деп сенемін. Олар саяси жігер танытып, ғаламшардағы ширығысты сейілту жолдарын табуға тиіс.

Екінші диалог Еуразия деңгейінде қажет. Ондағы мақсат — Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес пен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының әлеуетін біріктіру. Қазақстан бастамашылық жасаған АӨШСК-ге құрлықтағы Шығыс аумағының және халқының шамамен 90%-ын қамтитын жиырма жеті жетекші мемлекет мүше. ЕҚЫҰ-ның Қазақстанда ХХІ ғасырда өткен жалғыз саммитінде Астана декларациясы қабылданды, онда Ванкуверден Владивостокқа дейін созылып жатқан Еуроатлантика және Еуразия қоғамдастығы қауіпсіздігінің біртұтас және бөлінбес ұстанымы көрініс тапты.

АӨШСК мен ЕҚЫҰ бірлесіп, бүкіл Еуразия субконтинентіндегі қауіпсіздік, тұрақтылық және орнықты даму кеңістігінің қалыптасуына ықпал ете алар еді.

Үшінші диалог — Еуразия экономикалық одағы, Еуропа одағы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығы арасындағы жүйелі экономикалық диалог. Осындай форматтағы экономикалық кооперацияны дамыту арқылы, біріншіден, елдеріміздің дамуына және азаматтарымыздың әл-ауқатының артуына зор серпін береміз. Екіншіден, экономиканы әртараптандырудың жаңа көздерін ашуға, бәсекеге қабілеттілікті нығайтуға, бизнес ахуалын жақсартуға және мемлекеттердің инвестициялық тартымдылығын арттыруға жағдай жасалады. Үшіншіден, Үлкен Еуразияның жаһандық рөлін арттыруға мүмкіндік туындайды.

Сөзімнің соңында, бұл үш диалогтың басталуы форумға қатысушылардың барлығының мүддесіне сай келетінін атап өткім келеді. Біз ортақ ұстанымға келіп, біріккен Еуразияның жарқын болашағы үшін бірлесе өзара байланыс орнатуымыз қажет екеніне сенімдімін.

Тыңдағандарыңызға рахмет.

**«Бейбітшілік пен келісім формуласы:
бірлік пен жаңғыру» атты Қазақстан халқы
Ассамблеясының XXVII сессиясында
сөйлеген сөзі**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жылғы 29 сәуір

Қымбатты отандастар!

Баршаңызды Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVII сессиясының ашылуымен құттықтаймын!

Ассамблея құрылған күннен бастап еліміздегі мызғымас бірліктің ұйытқысы, сарқылмас берекенің бастауы болып келеді. Бүгінде бұл құрылым — еліміздегі татулық пен тұрақтылықтың ең басты кепілі саналады.

Құрметті сессияға қатысушылар!

Бүкіл әлем аса үлкен өзгерістерді бастан кешуде. Бәріміз де қазірдің өзінде мүлде жаңа тарихи кезеңде өмір сүріп жатқанымызды түсінеміз. Біз бұған байқалмай келіп отырмыз.

Экономика, қоғам өмірі, технологиялар түбегейлі өзгерді. Біз бұл жаңалықтарды қабылдаймыз, көп нәрсені үйреніп жатырмыз, қазірдің өзінде көбін білеміз. Бірақ бұл құбылмалы әлемде тұрақты, мызғымайтын бір құндылық бар, ол — қоғамның бірлігі мен ұлтаралық татулық. Ол бізге өзіміз тыныс алатын ауа сияқты үйреншікті құндылық. Бәлкім, біз оны тіпті байқамаспыз. Нақ осы аса маңызды фактор біздің болашақ әлемдегі бәсекеге қабілеттілігімізді айқындайды. Оның себебі мынада.

Біріншіден, өзгерістер мен жетістіктер дәуірі әлемді бұрынғыдан қауіпсіз ете алмағанын өкінішпен мойындауға тиіспіз. Бүгінгі таңда әлемде қырыққа тарта «ыстық нүктелер» мен бықсып жатқан шиеленіс ошақтары бар, оларға отызға жуық мемлекет тартылған. Соның көпшілігінің басты себебі ішкі этносаралық және дінаралық қайшылықтарда жатыр. Біз одан ешкімнің де сақтана алмайтынын көріп отырмыз. Бұл елемеуге болмайтын қайғылы сабақтар. Сондай-ақ ұлттық радикализммен де ойнауға болмайды. Біздің егеменді мемлекет, біртұтас азаматтық қауымдастық ретінде өмір сүруіміз шын мәнінде тікелей осыған байланысты.

Екіншіден, этносаралық кикілжіңдер көбіне-көп тіпті қуатты деген елдер туының да жығылуына алып келетінін талдау көрсетіп отыр. Бір кезде ұлтаралық немесе дінаралық саясатта жіберілген қателіктердің өзі ауыр тарихи драмаларға душар етеді. Біз бәрін түсінеміз — мемлекет болып қалыптаса алмаған мемлекеттердің ащы тарихы ондағы адамдардың бір кезде бірлігін, татулығы мен өзара түсіністігін сақтай алмағандығы туралы хабар береді.

Үшіншіден, әлем өте құбылмалы әрі осал болып тұр. Күн сайын әлденеше ондаған мың адам жайлы жер іздеп, өз үйлерін тастап кетуде. Бүгінгі таңда дүние

жүзіндегі мигранттардың саны 258 млн адамнан асты, оның 70 миллиондайы — босқындар. Жойқын миграциялық толқындар көптеген елдердегі әлеуметтік және саяси теңгерімді, тұрмыс салтының өзін күрт өзгертеді. Қалыптасқан ахуалға қайтарылатын жауап — тіпті Батыстың толерантты қоғамдарының өзінде төзімділік дағдарысы мен ксенофобия рецидивінің асқынуы болып отыр.

Төртіншіден, қазіргі заманның елеп-ескермеуге болмайтын тағы бір жаһандық тегеуріні — цифрлы коммуникациялардың дамуы. Сөзсіз игіліктерімен қатар, олар өзімен бірге деструктивті әлеуетті де ала келді. Цифрлы коммуникациялардың мүмкіндіктері этносаралық және дінаралық өшпенділік өртін тұтату үшін де пайдаланылуда. Тұтастай бір желілік қауымдастықтар шек-шекараны білмейтін жауығу мен ксенофобияның ошағына айналуға. Желілерде өздерінің бет-жүздері мен тұлғаларын жасыратын кейбір адамдар қылмыс жасап, жазасыз кетеміз деп ойлайды. Мемлекет ондайларға қарсы батыл шаралар қолдануы тиіс. Мен мұны неге айтып тұрмын? Бұл мысалдар бізге бейбітшілікті, татулық пен бірлікті неге бар күшімізді салып қорғауымыз қажет екенін көрсетеді.

Біздің еліміз бен өңіріміз үшін бұл құндылықтардың мәні ерекше. Осыдан 30 жыл бұрын белгілі халықаралық сарапшылардың Орталық Азия «жаңа еуразиялық Балкандарға» айналуы мүмкін деп айтқанын еске түсіріп көрейікші. Олар біздің қоғамдарымыздың этнодінилік құрамының ерекшеліктерін көрсете отырып, өңір мемлекеттерінің болашағы жоқ, шиеленістердің шырмауында жойылып кетеді деп сеніммен болжам жасаған болатын.

Алайда біз, Қазақстан халқы, тәуелсіздік жылдарында бұл деструктивті болжамдардың бәрін сенімді түрде теріске шығардық. Біз экономикасы серпінді дамып отырған мығым мемлекет құрдық. Бірлесе отырып, тарихтың барлық бұралаңын орағытып өтіп, прагмативті және байсалды сыртқы саясатымыздың арқасында жоғары халықаралық беделге ие болдық. Біз елімізде құрған ұлтаралық қатынастар моделі теңгерімді, ұтымды, уақыт сынынан өткен және баршаға үлгі бола алады.

Осы процестерге талдау жасай келе, мен біз Қазақстан халқының бірлігі мен татулығын нығайтудың дұрыс жолына таңдау жасағанымызға әрдайым сенімді бола түсемін. Осы жолмен табысты жүру үшін қажетті құралдарды да таба білдік.

Бірінші. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы аса маңызды шешім болды. Халық еркімен құрылған ол беделді конституциялық органға айналды. Ассамблея алғашқы күндерден бастап мемлекет пен бүкіл халқымыздың алдындағы өз жауапкершілігін танытты және танытып та келеді. ҚХА барлық қазақстандық этностар мен діни конфессияларды мемлекеттік құрылысқа үйлесімді жұмылдырды.

Ассамблеямызды мемлекеттің саяси жүйесіне кіріктіру арқылы біз ұлт бірлігінің таңғажайып өз бағытымызды қалыптастырдық. Міне, 12 жылдан бері ол Парламент Мәжілісінде ресми өкілдік етіп келеді. Ассамблеядан еліміздің басты заң шығарушы органына сайланған 9 депутат татулық пен келісімнің елшісіне айналды.

Екінші. Этносаралық және конфессияларалық теңдіктің берік құқықтық базасы жасалды. Оған сенім бостандығы туралы, тілдер туралы, қоғамдық бірлестіктер туралы, Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы тұтас заңдар жүйесі кіреді. Бізде этностардың құқығын шектейтін бірде-бір заң жоқ. Барлық азаматтардың теңдігі еліміздің Ата заңында ашық мәтінмен жазылған.

Үшінші. Біздің мемлекетіміздің этносаралық саладағы саясаты «алуантүрліліктің бірлігі» қағидатына негізделген. Бұл тіл саясатында мейлінше айқын көрінді.

Ең алдымен, мемлекеттік тілде оқытатын мектептер желісі ұлғаюда. Қазір олар 4 мыңға жақындап қалды. Бұл 90-шы жылдардың бас кезіндегіден екі есе көп. Ал қазақ тіліне үйрететін орталықтар барлық талапкерлер үшін де қолжетімді. Осыған байланысты «Ситуативный казахский — «Мәміле» жобасын атап өтуді маңызды деп санаймын. Ол жағдайға байланысты қолданылатын қазақ тілін ілгерілетуге бағытталған, мұның өзі оны тез үйренуге және күнделікті қолдануға ықпал ететін болады.

Осымен бір мезгілде мемлекет этникалық тілдер мен мәдениеттердің дамуына қолдау көрсетіп келеді. 88 мектепте оқыту өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізіледі. Ал 108 мектепте 22 қазақстандық этностардың тілдері жеке пән ретінде оқытылады. Елімізде 15 тілде басылымдар жарық көреді, телеарналар эфиріне 11 тілде хабарлар шығарылады. Елде 14 орыс, өзбек, сондай-ақ ТМД-да жалғыз ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. Мұндай еш жерде жоқ.

Демек, «алуантүрліліктің бірлігі» қағидаты қазіргі тәуелсіз Қазақстанның бейнесін барлық 130 этностың бәрі қалыптастырады дегенді білдіреді, олардың өкілдері өздерін қазақстандықпыз деп атайды. Біздің мен қайталап айтудан жалықпайтындай байлығымыз — осында. Әртүрлі мәдениет пен тілдердің иелері, біздің бәріміз де — Қазақстан жерінің перзенттеріміз, соған деген махаббат бізді біріктіреді.

Осыған орай «Туған жер» бағдарламасы жоғары жауапкершілік пен жалпыұлттық патриотизмнің нақты көрінісіне айналды. Кәсіпкерлер — түрлі ұлттар өкілдері өңірлерде жүздеген миллион теңгенің әлеуметтік объектілерін салып берді. Олардың қатарында Гарик Бернецян, Владимир Лыткин, Никон Ким, Шамсадин Гусейнов, Виктор Хильниченко, Виктор Сычев, Абуев Хасан, Сергей Блок, Рубик Аветисян және көптеген басқалар да бар.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» бағдарламасына 20 астам этникалық топтың өкілдері қатысты. Биыл біз Жастар жылының аясындағы іс-шараларды жүзеге асырып жатырмыз. Бұл ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған үлкен жобаның бір бөлігі.

Төртінші. Қазақстанда татулық пен келісімді қамтамасыз етудің кең жайылған әлеуметтік инфрақұрылымы құрылған. Ол жұмысты жүйелі жүргізуге ықпал етеді. Әр облыста әкімдер жетекшілік ететін өңірлік Қазақстан халқы Ассамблеялары жұмыс істейді. Ғылыми-сараптамалық кеңестер, қоғамдық келісім кеңестері,

журналистер клубы, аналар кеңесі мен көптеген басқа да құрылымдар ҚХА-ның «бұталарына» айналып отыр. Елімізде 820 тарта этномәдени бірлестік бар. Бұл осыдан ширек ғасыр бұрынғыдан 20 еседен астам көп.

Табысты жұмыс істеу үшін бәрінің де тамаша мүмкіндіктері бар. Мемлекет астанасындағы Бейбітшілік пен келісім сарайы, облыс орталықтарындағы Достық үйлері солардың құзырында. Осы құрылымдарды ұдайы дамытып отыру мемлекеттің этносаралық қатынастарға деген ерекше көзқарасын жақсы аңғартатынына назар аударғым келеді.

Бесінші. Ең ақырында, біз халықаралық қауымдастықта бейбітшілік пен келісімінің құндылықтарын ілгерілетуге ұмтыламыз. Қазақстан жері өркениеттер диалогының мекеніне айналды. 2003 жылдан бастап елордамызда барлық әлемдік және дәстүрлі діндердің жүздеген өкілдері қатысатын съезі жүйелі түрде өткізіліп келеді.

Біздің ұлтаралық татулық пен келісімдегі тәжірибеміз БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ және АӨСШК сияқты көптеген халықаралық алаңдарда көптен мойындалған. Еліміз Таулы Қарабақ, Пәкстан мен Үндістан, Иран және Сирия, Ресей мен Түркия төңірегіндегі шиеленістерді бәсеңдетуге үлесін қосты. Жанжалдарды бейбіт жолмен шешу, өз қалауың бойынша үйлесімді өмір сүру — осының бәрі де Қазақстандық модельде бекімін тапқан ұлттық құндылықтардың бір бөлігі.

Алтыншы. 2017 жылдан бастап біз мемлекеттік саясаттың әлеуметтік бағытын күшейту бойынша жүйелі шараларға бастамашылық таныттық.

Бұл — табысты арттыру және халықтың тұрмысы төмен бөлігіне қолдау көрсету. «Nur Otan» партиясының XVIII съезінде мен жалақысы төмен бюджеттік қызметкерлер категорияларының еңбекақысын 30%-ға дейін, ал атқарушы органдар төменгі буын қызметкерлерінің еңбекақысын 25%-ға дейін көбейтуді тапсырдым. Бұған дейін 2017 және 2018 жылдары біз зейнетақылар мен жәрдемақылардың мөлшерін арттырған болатынбыз. Ал еңбекақысы төмен 2 млн қызметкер үшін салық төмендетілді. Тұрмысы төмен көп балалы отбасыларға айрықша назар аударылды.

Біз сондай-ақ жұмыспен кеңінен қамту мен бұқаралық кәсіпкерлікті дамытуды жалғастыра береміз. Мемлекеттің бірінші кезектегі міндеті — жұмыс беру және өмір сүру үшін қалыпты жағдайлар жасау.

5 жылдың ауқымында білім беруге, ғылым мен денсаулық сақтауға барлық көздерден жұмсалатын шығын ІЖӨ-нің 10% дейін жеткізілетін болады. Біз медициналық туризмде қазірдің өзінде белгілі бір нәтижелерге қол жеткіздік. Мәселен, 2018 жылы Қазақстанға емделу үшін 2 мыңнан астам шетел азаматы келіп кетті.

Тұрғын үй саласында «7-20-25» және «Нұрлы жер» бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Қазіргі заманғы жергілікті жолдар, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылым желілерінің ұлғайтылуы жаңа мүмкіндіктер ашады. Біз бүкіл ел бойынша жоғары класты жолдар желісін қалай салғанымызды байқаған жоқпыз.

Құрметті сессияға қатысушылар!

Біз 30 жылға жуық тәуелсіз мемлекет және тәуелсіз қоғам ретінде өмір сүрудеміз. Мен қазақстандықтар өзіне ең жоғары деңгейдегі әлеуметтік жауапкершілікті алуға дайын деп есептеймін.

Бұл елдің және халықтың тағдыры үшін жауапкершілік. Қоғамдық бақылау, еріктілікпен айналысу, қайырымдылық, меценаттық, шиеленістерді шешудің азаматтық тетіктері — елдің барлық жауапты азаматтарының қатысуын талап ететін істер, міне, осылар. Өткен жылғы Азаматтық форумда және қазіргі Жастар жылының аясында мен берген тапсырмалар бұл үшін барлық қажетті жағдайларды жасады. Енді осы барлық тетіктердің үйлесімді әрі тиімді жұмысын қамтамасыз ету қажет.

Біріншіден, әлеуметтік бірлікті нығайту үшін медиация институтын толыққанды пайдалану қажет. Ассамблеяның аясында 800 астам қоғамдық медиатор әрекет етеді. Олардың белсенді қатысуының арқасында тек өткен жылдың өзінде 20 мыңға тарта медиациялық келісімдер жасалды. Сот жүйесінде, білім беру мен денсаулық сақтауда елеулі тәжірибе қалыптасты.

Қазір медиация институтын пайда болып жататын даулы мәселелердің алдын алу мен уақтылы шешілуіне бағыттау қажет. Кез келген түсініспеушілікті ол душар ететін жанжалдың зардаптарын жойып жатқаннан ең дұрысы — келісім іздеу арқылы оның алдын алу.

Екіншіден, орталықтағы және жергілікті жерлердегі билік органдарының жанынан құрылған барлық қоғамдық ұйымдардың қызметі айқын регламенттелуі тиіс. Олардың сапалық құрамын күшейтіп, функционалы мен жауапкершілік аясын айқындау қажет. Сонымен бірге мемлекеттік органдар қоғамдық ұйымдардың бағаларына, ұсыныстары мен пікірлеріне құлақ асып, оларды өз қызметінде ескеруі тиіс. Қазақстан халқы Ассамблеясына «Nur Otan» партиясымен бірлесе отырып, осы жұмысқа белсене кірісуді тапсырамын.

Үшіншіден, Ассамблея Кәсіпкерлер қауымдастығы желісі бойынша шетелдік инвесторлармен экономикалық ынтымақтастықты ұлғайтуы қажет. Мемлекеттік деңгейде шетел инвестицияларын тартумен Сыртқы істер министрлігі белсенді айналысады. Көптеген елшіліктердің жанынан қазақстандық жобалар мен тауарларды ілгерілету жөніндегі алаңдар құрылған. Алайда ҚХА-ның да өзінің қызықты мүмкіндіктері бар.

Ассамблеяның кәсіпкер өкілдерін шет мемлекеттермен екіжақты Іскерлік кеңестерінің бәріне қосу қажет. Ассамблея кәсіпкерлері қауымдастығының қызметін жаңа сапалық деңгейге көтеріп, оның құрамын бизнес-қауымдастықтың жетекші өкілдерімен күшейту қажет. Іс жүзінде ҚХА-ның өзіндік шетелдік достары клубын құруға болады, ол іскерлік байланыстардың дамуына және елімізге инвестициялар тартуға ықпал етер еді.

Төртіншіден, ҚХА-ның депутаттық корпусының әлеуетін белсендірек пайдалану қажет. Ең алдымен, өзге елдермен парламентаралық байланыстарды жолға қою үшін пайдалану керек. Осы деңгейдегі берік байланыстар біздің шетелдік

серіктестерімізбен басқа да бағыттар бойынша ынтымақтастығымызды нығайтуға көмектесетін болады. Мұның өзі сондай-ақ тәжірибе алмасып, озық тәжірибені зерттеудің де тиімді жолы.

Құрметті сессия делегаттары!

Қазақстан халқы Ассамблеясы — қоғамдық сананы жаңғыртуға белсене қатысушы. Білімді пір тұтыну, жаңа идеяларға ашықтық, ұлттық кодты сақтау және Қазақстан дамуының эволюциялық жолы — жалпыұлттық тарихи сана мен ортақ құндылықтардың берік негізін қалыптастыратын көздер, міне, осылар. Әрі мұның өзі Ассамблеяның жауапкершілігіне тікелей қатысты аймақ.

Мен осыдан екі жыл бұрын ашып берген «Рухани жаңғыру» бағдарламасы оған әрбір қазақстандық қатыса алатындай етіп құрылған. Қоғамдық сананы жаңғырту деп біз бүкіл қоғамның рухани және зияткерлік тұрғыдан жаңаруын айтамыз. Біз күшті әрі жауапты адамдардың біртұтас халқымыз, сондықтанда ойларымыз бен іс-әрекеттеріміздің бейнесін нақ осылайша қайта құруымыз қажет. Біздің Отанымыз ортақ және біз осында өмір сүріп, балаларымызды өсіретін боламыз.

Осы сәтті пайдалана отырып, православие христиандары мен барлық қазақстандықтарды Ұлы оразаның аяқталуымен және Пасха мейрамының келуімен құттықтаймын.

Ал барлық мұсылмандарды келесі айдың басында басталатын жарылқаушы Рамазан айымен құттықтаймын.

Қымбатты достар!

Келесі жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 25 жыл толады. 2020 жылы біз сондай-ақ Конституциямыздың қабылдануының 25 жылдығын атап өтеміз. Бұл біз үшін маңызды әрі айтулы даталар. Біз бұл жаңа шепке немен келгенімізді түсініп, баршаға көрсетуге тиіспіз.

Тәуелсіздігіміздің 27 жылдан астам кезінде мен елдің нағыз бірлігі патриотизммен, өзінің жері мен халқына, оның мәдениетіне деген махаббатымен, ортақ құндылықтарымен, мақсаттарымен және міндеттерімен беки түсетініне барынша көз жеткіздім. Қазақстан экономикалық және саяси табысты, бейбіт әрі мығым мемлекет, мұнда адамдар жақсы өмір сүреді және болашағына сеніммен қарайды.

Иә, уақыт орнында тұрмайды, алайда мен біздің халқымыз бірлігі мен татулығын сақтай отырып, уақыт тегеурініне абыроймен жауап беріп, жаңа биіктерге қол жеткізетініне сенімдімін.

Құрметті Ассамблея мүшелері!

Бүгінгі сессия біздің еліміздің өміріндегі маңызды кезеңмен тұспа-тұс келіп отыр.

Наурызда мен Президенттік өкілеттігімді тоқтатқаным туралы маңызды шешім қабылдағаным белгілі. Бұл қадам Қазақстанның бұдан былай да тұрақты әрі сенімді

дамуын қамтамасыз етуі үшін жасалған болатын. Мен мұндай күрделі шешімді ұзақ әрі мұқият ойланып-толғанып барып қабылдадым. Қолдау көрсетіп, түсіністік танытқандары үшін халқымызға, соның ішінде ҚХА-ның барлық мүшелеріне алғысымды білдіргім келеді.

Президент сайлауы 9 маусымға тағайындалған. «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XIX съезінде Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кандидатурасы ұсынылды. Ол тәжірибелі мемлекет қайраткері, Қазақстанның нағыз патриоты, елді басқаруға лайықты. Барлық қазақстандықтарды, Ассамблея мүшелерін алда тұрған сайлауға белсене қатысып, біздің бірлігімізді тағы да көрсетуге шақырамын.

Барлық қазақстандықтарға ашық аспан, бейбіт өмір, әрбір отбасына құт-береке тілеймін.

Ардақты ағайын!

Халықтың береке-бірлігі патриотизмді және ортақ құндылықтарды дәріптеу арқылы нығая түседі. Біз әл-ауқатымызды арттырып, жұртымызды биік мақсаттарға жұмылдыру үшін берік негіз қалыптастырдық.

Ассамблея әрдайым татулық пен тұрақтылықтың кепілі болып қала береді деп сенемін!

Баршаңызды келе жатқан Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Жақын қалған Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын!

Тыңдағандарыңызға рахмет.

XXII Астана экономикалық форумында сөйлеген сөзі

Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жылғы 16 мамыр

Құрметті форумға қатысушылар! Қадірлі қонақтар!

Астана экономикалық форумының 12-ші жиынына қош келдіңіздер!

Мемлекеттер көшбасшыларына, халықаралық ұйымдардың жетекшілеріне, трансұлттық ірі компаниялардың өкілдеріне, осы басқосудың жұмысына атсалысып жатқан белгілі ғалымдар мен сарапшыларға шынайы ризашылығымды білдіремін.

Біздің жүйелі кездесулеріміз игі дәстүрге айналды және мен осы алаңда қалыптасқан өзара сенімді көңіл ауанын ерекше қадірлеймін.

2008 жылы мен осындай іс-шараны өткізуге бастамашылық танытқан болатынмын. Біз енді бүгін 12-ші форумды өткізіп отырмыз. Әр жолы да біз жаһандық та, өңірлік те сипаттағы ең өзекті мәселелерді талқылап келеміз. Олар қоғамның таяу жылдардағы дамуына әсер ететін стратегиялық мәселелер.

Осы жылдарда біз «G-Global» жобасын, экологиялық, кедейшілікпен күрес, адам капиталының, жаңа энергияның дамуы проблемаларын қоса алғанда, мәселелердің аса кең ауқымын талқыладық. Форум алаңында БҰҰ бас хатшысының қолдауымен дағдарысқа қарсы екі конференция өтті.

Осында талқыланған ұсыныстар мен қорытындылар Қазақстанның жаһандық тегеуріндерге дер кезінде қам жасап, қиындықтарды табысты еңсеруіне көбіне-көп көмегін тигізді. Біздің ойларымыз өзге өңірлерде де пайдаланылды деп ойлаймын.

Өздеріңіз білесіздер, барлық ахуалдар мен болжамдарға қарамастан, дамудың қазақстандық моделі қазірдің өзінде өзінің орнықтылығы мен тиімділігін дәлелдеді. Соған қарамастан, біз биік мақсаттар белгілеп, оларға қол жеткіздік.

Әлемнің ең дамыған 50 елінің және бизнесті жүргізу деңгейі бойынша 30-дың қатарына ендік. Елімізге 320 млрд АҚШ долларынан астам тікелей шетел инвестициялары тартылды. Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша өңірдің талассыз көшбасшысы болып отыр.

Мұндай прагмативті оптимизмді Қазақстанның саяси және экономикалық жүйесі сенімділігінің маңызды көрсеткіші деп санаймын. Біздің еліміз әлемдік қауымдастықтың қадірлі мүшелерінің біріне айналды. Тәуелсіздік жылдарында экономиканы 21 есе ұлғайттық. Кедейшілікті азайттық. Біз бұл бағытты нығайта беретін боламыз.

Сыртқы істер министрлігі шетел инвестицияларын тарту мәселесінде шешуші орган ретінде белгіленіп отыр. Біздің шет елдердегі елшіліктеріміз Қазақстанда жұмыс істерісі келетін кез келген инвестор үшін бірыңғай терезеге айналады.

Біз әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына ену жөніндегі жұмысымызды жалғастыра береміз. Қабылданған 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы осыған

бағытталған. Экономикалық және әлеуметтік даму ұйымына кіретін елдердің өмір сапасы стандарттарын енгізуді мақсат етіп отырмыз. Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі Ұлт жоспарын қабылдадық. Бұл құжат нақ осы Астана экономикалық форумында жоғары бағасын алды.

Үшінші жаңғырту басталды, ауқымды инфрақұрылымдық және индустриалды бағдарламалар жүзеге асырылуда. Жерасты қазба байлықтары мен энергия ресурстарына бай елде нақ осы индустриалды бағдарлама баламалы экономиканы туғызады. 6 жылда біз 130 аса жаңа кәсіпорын салдық әрі осы бағдарламаны жүзеге асырып жатқан инвесторларға ерекше преференциялар жасалуда. Біз сондай-ақ «Бір белбеу, бір жол» идеясын да белсенді қолдадық.

Құрметті достар!

Биыл форумның «Шабыттандырушы өсім: адамдар, қалалар, экономикалар» тақырыбы қазіргі таңдағы әлемдік трендтер ескеріле отырып айқындалды. Қазақстан да осы процестердің бір бөлігі болып табылады.

Экономикалық өсімнің әлемдік қарқыны болжанған 3,9%-дан 3,6%-ға дейін төмендеді. Бұдан басқа, ХВҚ экономикалық өсімнің әлемдік қарқыны 2019 жылы 3,3%-ға дейін одан да әрі төмендеуіне болжам жасап отыр. Сондықтан елдер дамуының жаңа жолдарын іздестіруде көбіне-көп бәсекелестіктің нарықтық емес әдістерін қолдана отырып, жұмыс істеп тұрған нарық үшін күресті күшейтуге мәжбүр.

Біз сіздермен бірге АҚШ, Қытай және Еуропа арасындағы сауда шиеленісінің асқынуын, дамушы экономикалардың макроэкономикалық есеңгіреуін, саяси популизмнің өршуін, АҚШ пен Ресей арасындағы санкциялық текетіресті көріп отырмыз. Бұған ядролық қауіпсіздік пен кәдуілгі қару-жарақтар саласындағы халықаралық келісімдердің де бұзылуын қоссақ, онда айқын бола түседі — бұл алаңдатады. Бұл ешкімге де жақсылық әкелмейді. Әлемдік экономика әртүрлі бағалаулар бойынша кем дегенде 0,7-0,8% өсімін жоғалтады.

Осындай жағдайда әлем жаһандық әлеуметтік, экономикалық және технологиялық трансформация кезеңіне енеді. Ол барлық елдердің халықтарына сынақ та, мүмкіндік те әкеледі. Сондықтан мен бүгін әлемнің таяу кезеңде қалай қалыптасатыны туралы өз пайымдарыммен бөліскім келеді.

Бірінші. Халық санының артуы ұлттық экономикалар өсімінде шешуші рөл атқарудан қалады да, еңбек өнімділігі негізгі драйверге айналады. Соңғы 50 жыл бойы дамыған елдерде ІЖӨ-нің жылдық өсімінің тек үштен бір бөлігі халық санының табиғи өсімі мен еңбекке қабілетті жастағылар санының артуы есебінен алынған болатын. Қалғаны нақ осы еңбек өнімділігінің артуы есебінен алынып келді.

Әлемдік сарапшылар осы көрсеткішті күрт өзгерте алатын елдердің ағымдағы жүзжылдықта бәсекеге қабілетті болатынына сенімді. Сонымен бірге, бүгінгі таңда өнімділік өсімінің әлеуеті келесі онжылдықтың ауқымында жылына кем дегенде 2%-ын құрай алады. Соның ішінде өнімділікті арттыру мүмкіндігінің 60%-ға жуығы цифрлы технологиялар есебінен алынады.

Екінші. Цифрлы өзгерістер бізге үйреншікті экономиканың бейнесін өзгертеді. Бүгінгі таңда жаһандық экономикалық ландшафтты жоғары технологиялы компаниялар айқындайтын болады. Мәселен, технологиялық алыптар («Apple», «Google», «Microsoft», «Amazon» и «Tencent») ТОП-5 компания нарықтық құны бойынша дәстүрлі өнеркәсіптік және инвестициялық корпорацияларды ығыстырып шығарады. Олардың жиынтық құны 3,5 трлн долларды құрайды, бұл кейбір дамыған елдердің ІЖӨ-сімен сәйкес келеді. Айталық, мысалы, Германияның ІЖӨ-сі 3,6 трлн долларға жуықты құрайды.

Жаңа технологиялардың дәстүрлі сауда саласына енуі оның тиімділігін едәуір арттырды. Сондай-ақ, болжамдар бойынша, теріс факторлар (сауда соғыстары) болмаған жағдайда, цифрландырудың арқасында әлемдік сауданың әлеуеті 2030 жылға қарай жыл сайын 2%-ға жуық өсімді құрайды.

Үшінші. Адам капиталына деген талап артады және білім беру процесінде трансформация жүзеге асады. Мобильді әрі креативті адам капиталы кез келген экономика табыстылығының шешуші тірегіне айналады. Елдер арасындағы халықтың жан басына шаққандағы ІЖӨ деңгейінің 10-нан 30%-ға дейінгі айырмашылығы нақ соның сапасына байланысты.

Технологиялардың қолжетімділігін дамыту мен арттырудың арқасында қазірдің өзінде әлемдік экономикадағы жұмыс уақытының жартысын автоматтандыруға болады. Осыған байланысты, 2030 жылға қарай бүкіл әлем бойынша 375 млн-ға тарта адамның, ал бұл жаһандық жұмыс күшінің 14%-ға жуығы, қайта білім алып, мамандығын өзгертуіне тура келеді.

Бұдан басқа, жаңа технологиялардың енгізілуі кейбір мамандықтарды сұраныстан шығарып тастайды, сонымен бірге жаңа мамандықтардың да пайда болуына алып келеді.

Тіпті, кейбір табысы төмен және орташа елдердің өзінде көптеген адамдар осыдан отыз жыл бұрын олар жөнінде біз естімеген мамандықтар бойынша жұмыс істейді.

Төртінші. Қалалар экономикалық дамуда елеулі рөл атқарады және олардың ықпалы тек арта түсетін болады. Адамдар қай жерде және сапалырақ өмір сүру туралы шешім қабылдайды. Олардың тұрмыс жағдайы өсу нүктесінің төңірегіне шоғырланады, мегаполистер соған айналады.

Бүгінде бүкіл әлем бойынша 4 млрд-тан астам адам немесе планета халқының 55% қалаларда тұрады. 2050 жылға қарай қала халқы екі еседен астам өседі деп күтілуде, онда әлемдегі 10 адамның 7 қалалықтар болады.

Енді инвестициялар елдерге емес, қалаларға келеді. Онда қазірдің өзінде әлемдік ІЖӨ-нің 80%-дан астамы шоғырланған, ал егер ол өнімділікті арттыру мен инновацияларды енгізудің есебінен жүзеге асып жатса, урбанизация тұрақты өсімге ықпал етеді.

Қазақстан да урбанизацияның әлемдік трендінің арнасымен дамуда. Біздің ірі қалаларымыз қанатын кеңге жая түсуде. Олар өсім нүктесіне айналып,

адамдарды, білім мен технологияларды магнит сияқты тарта беретін болады. Біздің қалаларымыздың болашақ табысы — Қазақстанның әлемдік нарықтағы бәсекелестігінің шешуші факторы.

Құрметті форумға қатысушылар!

Біз сіздермен тағы да күрделі уақытта кездесіп отырмыз. Жекелеген ірі экономикалардағы саяси және экономикалық оқиғалардың айқын еместігі мен популизмнің күшеюі шешуші трендке айналуға. Көріп отырғандарыңыздай, экономикалық жоспарлаудың көкжиектері қатты тарылуда.

Күрделі ахуалдан шығудың жолдарын БҰҰ, G-20, Дүниежүзілік сауда ұйымы сияқты халықаралық ұйымдардың аясынан іздеуге және табуға болады.

Бірлесе талқылап, басқаруға көшетін уақыт келді. Мен жақында Пекинде «Бір белдеу, бір жол» екінші форумында ұсынғанымдай, жаһандық архитектураны «Үш Д» — «Үш диалог» базасында тұрғызуға болады.

Біріншісі — АҚШ, Ресей, Қытай мен Еуропалық Одақ арасында. Бұл оларға адамзаттың тағдыры тәуелді аса ірі экономикалар.

Екіншісі — Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес пен Еуропадағы қауіпсіздік мен ынтымақтастық ұйымының әлеуеттерін біріктіретін Еуразия деңгейінде.

Үшіншісі — ЕАЭО, Еуроодақ, ШОС және АСЕАН арасындағы инвестициялық диалог.

Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан түрлі проблемалар бойынша келіссөздер процесі үшін қаншама рет тиімді платформа бола білді. Астанада жүзжылдықта алғаш рет ЕҚЫҰ-ның, Ислам мемлекеттерінің саммиті, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің саммиті өтті. Астана экономикалық форумы мен менің G-Global бас-тамам осындай диалогтар үшін алаң бола алады.

АЭФ форумының аясында «G-Global диалогы. Үлкен Еуразия» жеке платформа-сын құруды ұйымдастырған қажет деп санаймын. Осы жерде бизнес пен ЕО, ЕАЭО, ШЫҰ мен АСЕАН-ды қоса алғанда, ұлттан жоғары тұратын органдардың өкілдері ынтымақтастықтың оған әзірге саясат серкелері бара алмай жүрген мәселелерін талқылай алар еді.

Тараптар арасындағы алауыздықтар прагмативті экономикалық өзара іс-қимыл үшін кедергі болады. Ең соңында, жеміс бермейтін санкциялар режимінен бүкіл әлемнің болашағын айқындайтын шешуші жаһандық лидерлер арасындағы тікелей диалогқа көшу маңызды.

Осыған байланысты АҚШ, Қытай, Ресей және Еуроодақ арасында қалыптасқан геосаяси дағдарыстан шығудың жолын іздеу қажет. Мен осы мемлекеттердің лидерлерімен келіссөздер жүргізудемін.

Бұл жұмысты одан әрі министрге және жоғары деңгейге көшіретіндей етіп, шешуші ми орталықтарымен диалог арқылы жолға қою қажет. Ондай алаңды біз өз елордамызда ұсына аламыз.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Бүгінгі Астана экономикалық форумының ерекше маңызы бар және ол Қазақстан үшін тарихи сәтте өтуде. Өздеріңіз білетіндей, мен сіздердің алдарыңызда президент емес қалпымда сөйлеп тұрмын. Еліміз бен халқымыздың мүдделері үшін президенттік өкілеттігімді тоқтату туралы оңай емес шешімді қабылдадым. Тәуелсіздік жылдарында біз танымал мемлекетке айналдық. Бізден ядроға қарсы бастамалар шығып жатыр. Бұл бізге деген сенімді оятауда.

Біз еліміздің тарихында алғаш рет Конституцияға толық сәйкес, бейбіт әрі тыныштық жағдайында, демократиялық жолмен билік транзитін жүзеге асырудамыз. Осы жаңа кезеңге Қазақстан өзінің миссиясын, стратегиялық міндеттері мен ұстанған бағытының жалғастылығын терең түсіне отырып қадам басуда. Бір айға жуық мерзімде өтетін кезектен тыс сайлау елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Мен Елбасы және Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы ретінде, қауіпсіздік мәселелерін, ішкі және сыртқы саясатты қоса алғанда, мемлекетті дамытудың стратегиялық бағыттары бойынша жұмысты жалғастыра беремін. Бұл жаһандық экономикалық дамудың барлық процестерінің қауырт трансформациясы байқалып отырған кезде ерекше маңызды. Менің барлық жұмысым жаңа президенттің қызметіне қолдау танытып, транзиттің тыныштық жағдайында өтуін қамтамасыз етуге бағытталады.

Қымбатты достар!

Әлеуметтік игілік, тыныштық, әрбір азаматтың ертеңгі күнге деген сенімі біздің басымдықтарымыз болып келген және солай болып қала береді.

Осында айтылған идеялар әлемдік саясат пен экономиканың ең күрделі әрі өзекті мәселелерінің шешімін іздестіруге ықпал ететініне күмәнім жоқ.

Барлық спикерлер мен қатысушыларға тағы да үлкен алғысымды білдіріп, сіздерге жаңа табыстар тілеуге рұқсат етіңіздер!

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында сөйлеген сөзі

Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жылғы 29 мамыр

Құрметті достар!

2014 жылғы 29 мамырда Қазақстан астанасында Беларусь, Қазақстан және Ресей Еуразия экономикалық одағы туралы шартқа қол қойды. Кейінірек біздің бастамамызды Армения мен Қырғызстан қолдады. Біз тамаша экономикалық одақ құрдық, ол алып аумақтағы (20 млн шаршы км, әлемдік құрлықтың 14%) бес елдің мүмкіндіктерін біріктірді.

Біз мұнай өндіру жөнінен әлемде бірінші орынды (әлемдік өндірудің 20%), газ (15%), уран (44%), көмір өндіру (6,5%), электр қуатын өндіру (5%) және басқа да позициялар, соның ішінде ауыл шаруашылығы бойынша да жетекші орындарды иемденеміз.

ЕАЭО — алып аумақ, ол Еуропа мен Азияны жалғастырып, Жердің үлкен бөлігінің өмірлік мәні бар сауда-экономикалық дәлізі ретінде қызмет етеді. ЕАЭО халқы 184 млн адамды (әлем халқының 2,4%) құрайды. Бұл — тұтыну мен өткізудің үлкен нарығы. Тауарлардың, қызметтер мен капиталдың және еңбек ресурстарының еркін қозғалысы интеграцияның шешуші драйверіне айналады.

Макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша бірте-бірте жақындасу жүріп жатыр. 2018 жылы ЕАЭО-ның ІЖӨ-нің жалпы өсімі 2% жуықты құрады. Өткен жылы өзара сауданың көлемі 9,2% немесе 60 млрд долларға дейін өсті.

Біздің бизнес қауымдастығымыз бір-бірімен белсенді жұмыс істеп, ЕАЭО мүмкіндіктерін пайдалануда. Қазақстанның өзінде одақ елдерімен бірлесе жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар саны 80% немесе 11 мыңға дейін өсті. Біз еуразиялық интеграцияның ұтымды инфрақұрылымын құрдық. Шартқа байланысты туындайтын барлық нормативті-құқықтық базаны қалыптастырдық.

ЕАЭО-ның халықаралық деңгейде танылуы туралы да айтуға болады. Одаққа әлемнің 40 тарта елі қызығушылық танытуда.

Сонымен бірге, ЕАЭО-ның жұмыс істей бастаған кезі жаһандық сілкіністермен, геосаяси шиеленістің асқынуымен, санкциялар енгізілуімен және шикізат экспортына бағаның елеулі төмендеуімен тұспа-тұс келді. Әлемде интеграция идеясы туындаған кезден өзгеше, мүлде жаңа геосаяси ахуал қалыптасуда. Біз АҚШ, Қытай және Еуропа арасында сауда шиеленісінің асқынуын, протекционизмді, саяси популизм мен ұлшылдықтың өсуін көріп отырмыз.

Одақтың өзіндегі серіктестер арасында да күрделі мәселелер пайда болуда. Олар тең серіктестік пен бір-бірінің нарықтарына қолжетімділікке, тарифтерді бөлуге, оқтын-оқтын бой көрсетіп тұратын жасырын саудалық емес кедергілерге қатысты.

Біздің елдеріміздің ортақ ғылыми-өндірістік әлеуетін ұтымды жүзеге асыруды қамтамасыз ете алатын өндірістік кооперация әзірге интеграцияның ядросына айнала қойған жоқ.

Сондықтан алғашқы 5 жылдағы шамалы жылдам даму фазасынан кейін одақ эволюцияның едәуір күрделі әрі баяу кезеңіне еніп келеді. Тұтастай алғанда, даму-дың жаңа келбетін әзірлеу қажеттігі туындады.

Бірінші. ЕАЭО-ның стратегиялық контурларын кеңейту және интеграция идеясын күшейту. Біз Еуразия экономикалық одағы, Еуропалық одақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен АСЕАН арасындағы толыққанды экономикалық ынтымақтастықты жолға қоюымыз қажет. Еуразия экономикалық кеңістігінің мәні оның жабық болуында емес, жаһандық өзара іс-әрекетте оны едәуір ашық етуде.

Екінші. Қытайдың «Бір белдеу — бір жол» бастамасы ЕАЭО-ның инфрақұрылым мен логистика бөлігіндегі әлеуетінің бөлінбес жалғастығы ретінде қабылдануы тиіс. Бұл өте ауқымды экономикалық тиімділік береді, бірлестіктің ішкі де, сыртқы да мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

Ұтымды географиялық орналасуын ескере отырып, Қазақстан, Ресей, Армения, Беларусь пен Қырғызстан бірлескен ірі инфрақұрылымдық жобаларды пысықтау мен жүзеге асыруды жеделдетуі қажет. Ол үшін біздің елдеріміздің қуатты базасы бар. Мәселен, Қазақстан қазірдің өзінде бірқатар ауқымды, соның ішінде халықаралық жобаларды іске асырды. Соңғы 10 жылда инфрақұрылымды, көлік-логистикалық активтер мен компетенцияларды дамытуға 30 млрд доллардай инвестиция салды.

Батыс Еуропа – Батыс Қытай бағыты қазірдің өзінде транзит ағынының әлденеше есе өсуін қамтамасыз етуде. Бүгінде Қазақстан аумағы арқылы халықаралық 5 теміржол және 6 автокөлік маршруты өтеді.

Солтүстік-Оңтүстік бағытын дамыту мақсатында ЕАЭО туралы шартқа қол қойылған жылы (2014 ж.) Қазақстан – Түрікменстан – Иран темір жолы ашылды. Ляньюньган портында логистикалық терминал салынды, терістік бағыттағы Ақтау порты кеңейтілді. Құрық портында паром кешені тұрғызылды.

Үшінші. ЕАЭО-ны ақылды интеграциялау форматы. Біз нені импорттайтынымызға талдау жасауымыз қажет. Содан кейін біздің қайсы еліміз өзі немесе бірлесе осы өнімді өндіре алатынымызды айқындауымыз керек.

Біз машина жасау өнімдерін, халық тұтынатын тауарларды, тіпті азық-түлікті импорттаймыз, мұның өзі инфляцияны көтереді. Біз неге мұның бәрін өзіміз өндірмейміз? Біз өз елдеріміздің ғылыми-өндірістік әлеуетін іске асыру үшін бір-біріміздің бәсекелестік мүмкіндіктерімізді пайдалануымыз қажет. Мәселен, Еуропалық одақтағы «Airbus» концерні сияқты, қатысушы барлық елдерді біріктіретін жобалар қажет. Олар интеграцияның ядросы болады.

Төртінші. Сауда соғысы жағдайында нарықтарға ену жөнінде жаңа стратегиялар қажет. Мысалы, өзара санкцияларына байланысты АҚШ пен Қытай ондаған миллиард доллардың тауарлары мен құрастырылатын бұйымдарын жеткізіп берушілердің

орнына оларды алмастырушыларды іздейді, бұл өзгелерге өз экспортын арттыруға мүмкіндік береді.

Бұдан біз де пайда таба аламыз. Біз тек жаңа нарықтар үшін ғана емес, бірлескен күш-жігеріміз арқылы инвестициялық кеңістікті ілгерілетіп отырып, шетел капиталы мен технологиялары үшін де күресуіміз қажет.

Смарт интеграцияның аясында ЕАЭО-ның экономикасына инвестиция тартудың «ЕАЭО-ға инвестиция сал» бағдарламасын кеңінен өрістетуге қажет. Мен айтып өткен бастамаларды ескере отырып, 2025 жылға дейінгі Жол картасын әзірлеуді ұсынамын.

Құрметті әріптестер, достар!

Өздеріңіз білетіндей, Кеңестің қазіргі отырысының мынадай да ерекше мәні бар: ол біздің еліміз үшін тарихи кезеңде өтіп жатыр.

Бүгін мен бұл жерге басқа сипатта — Ұлт көшбасшысы — тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті және сіздердің қолдауларыңыздың арқасында ЖЕЭК-тің құрметті төрағасы ретінде қатысып отырмын.

Еліміздің ең жаңа тарихында біз алғаш рет Конституцияға толық сәйкес билік транзитін жүзеге асырып отырмыз. Оның үстіне, бұл бейбіт әрі тыныш жағдайда, демократиялық институттар мен тетіктер арқылы болып жатыр. Алдағы жексенбіге, 9 маусымға бізде Қазақстан Республикасының Президентін сайлау тағайындалған.

Бұл лауазымға мен төрағалық ететін, көшбасшы «Nur Otan» партиясынан Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кандидатурасы мен қолдау көрсетіп, бір ауыздан ұсынылды. Оның Премьер-Министр, ел Парламенті жоғарғы палатасының басшысы болып істегендегі жұмыс тәжірибесін, диплолатиялық қызметін ескере отырып, Қасым-Жомарт Кемелұлының Қазақстан Республикасының ішкі де, сыртқы да саясатындағы сабақтастықты қамтамасыз ететініне сенімдімін.

Құрметті әріптестер!

Біз аса көп емес уақыт аралығында елеулі жұмыс атқардық. Біздің ЕАЭО елдерінің Үкіметтері Комиссиямен бірлесе отырып көп нәрсе істеді.

Бұл орайда біздің институттарымыздың қызметіндегі шешуші басымдық экономикалық мақсаттар мен берілгендік және міндеттерді тек қана экономикалық құрамдастық призмасы арқылы жүзеге асыру ниеті болып қала беруі тиіс.

Баршаңызға бүгін жемісті талқылау тілеймін.

Назар салғандарыңыз үшін рахмет!

Назарбаев Университетін бітірушілерге диплом тапсыру салтанатты рәсімінде сөйлеген сөзі

Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жылғы 31 мамыр

Қымбатты түлектер!

Қадірлі ұстаздар!

Ханымдар мен мырзалар!

Бүгін баршамыз ерекше есте қалатын салтанатты рәсімге жиналып отырмыз.

Еліміздің мақтанышына айналған Назарбаев Университетінен түлектердің бесінші легі үлкен өмірге жолдама алады. Бұл — студенттер мен ата-аналар қауымы, оқытушылар мен университет ұжымы үшін мәртебелі де мерейлі сәт. Осыған орай сіздерді және еліміздің барлық жоғары оқу орындарының бітірушілерін шын жүректен құттықтаймын!

Назарбаев Университеті — тәуелсіз Қазақстанның аса маңызды әрі бірегей жобасы. Қысқа мерзім ішінде білім ордасы халықаралық деңгейдегі беделді оқу орындарының қатарына қосылды. Мемлекет тарапынан оқу процесіне және ғылыми-зерттеу жұмысына қажетті жағдайдың бәрі жасалды.

Қазір бұл университет заманауи білім беру жүйесін қалыптастырып, еліміздегі жоғары оқу орындарының көшін бастап келеді. Мұндай биік белеске жету үшін көп жұмыс атқарылды.

Ең алдымен, оқытушылар мен университет ұжымы зор еңбек сіңірді. Білім және ғылым саласындағы жетістіктерімен дараланған студент жастар да мол үлес қосты. Сондықтан баршаңызға шынайы алғысымды білдіремін.

Биыл университетті 988 студент табысты аяқтағалы отыр. Түлектеріміз егемен елімізді өркендетіп, Қазақстанды заман талабына сай жаңғыртуға атсалысады деп сенемін!

Қымбатты түлектер!

Осы есте қаларлық ерекше күні сіздерді университетті бітірулеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін жоғары оқу орнын бітіріп отырған 988 түлектің 565 — бакалавриат, 403 — магистратура, 20 — докторантура бағдарламасы бойынша білім алып шықты. Бұдан бұрын 4 жылда университетті 2600-ден астам студент бітіріп шыққан болатын.

Университет түлектері өз Отанында да, сондай-ақ шет елдерде де сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті әрі ақылды жастар. Бакалавриат бағдарламасын тамамдағандардың 40% астамы әлемнің ең үздік жоғары оқу орындарынан шақырту алып, оқуларын жалғастыруды ұйғарып отыр.

Бітірушілердің жартысы экономиканың түрлі секторларына еңбекке табысты орналастырылды. Олар ақпараттық технология, өнеркәсіп пен өндіріс, инфрақұрылым және құрылыс, білім беру мен ғылым, қаржы, мемлекеттік қызмет пен кәсіпкерлік секторлары.

Түлектердің 80-ге жуығы Еуропаның, Солтүстік Америка мен Азияның еңбек нарығынан өз орындарын тапты. Олардың арасында «Apple», «Google» и «Facebook» сияқты жетекші IT компанияларда, сондай-ақ «BMW», «Procter and Gamble» және «Schlumberger» сияқты өндірістік компанияларда еңбекке орналасқан бітірушілер де бар.

Ол жастарымыз бізді шет елдердегі әлемдік деңгейдегі ұйымдарда лайықты танытып, тәжірибе жинап, өз елінің дамуына лайықты үлес қосу үшін Қазақстанға қайтып оралады деп үміттенемін.

NU түлектері 30-дан астам стартаптар мен бизнес жобаларды іске қосып, өзгелер үшін жұмыс орындарын ашты. Мәселен, былтыр Бостонда Ғылым және технологиялар мектебінің студенттер командасы iGEM халықаралық гендік-инженерлік машиналар (синтетикалық биология бойынша) конкурсында алтын медаль ұтып алды.

Коммерцияландыру жөніндегі жоба ретінде Университет қызметкерінің EGIStic деп аталатын жобасын атап өтуге болады. Ол нақты егіншілікке арнап онлайн қызметін көрсететін интеграцияланған платформа. Жоба цифрлы технологияларды ауыл шаруашылығына енгізудің жарқын мысалы болып табылады.

Одан басқа, Инженерия мектебінің студенттері мен түлектері ReLive стартапын іске қосты. Бұл инсульт алған пациенттерді роботтың көмегімен реабилитациялауға арналған нейрореабилитация жөніндегі жоба. Бұл жоба ең үздік цифрлық шешім үшін награда алды, Женевадағы БҰҰ аясындағы арнайы көрмеде таныстырылды, сондай-ақ Дүниежүзілік банктің грантын иеленді.

Осындай жетістіктер университет кәсіпкерлік рухағы кәсіби біліктілігі жоғары және бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауда деп сеніммен айтуға мүмкіндік береді. Бұл кадрлар Қазақстанда жоғары технологиялы индустрияның дамуына үлесін қосуда. Біз мұндай жобаларға барынша қолдау көрсетуіміз қажет.

Қымбатты достар!

2019 жылды мен Жастар жылы деп жарияладым. Жастар — еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің шешуші факторы. Қазақстанның болашағы нақ осы сіздерге, сіздердің білімдеріңізге, күш-жігерлеріңіз бен патриотизмдеріңізге байланысты. Сіздер өз әлеуеттеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық іске асыра алуларыңыз үшін біз барлық шараларды қабылдап жатырмыз.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап мен адам әлеуетін дамыту мен сапалы жоғары білімнің қолжетімділігін арттыруға көп көңіл бөліп келемін. Мұны ұтымды жұмыс істейтін «Болашақ» халықаралық стипендиясы айқын көрсетіп отыр. Ол Қазақстанның 13 мыңнан астам үздік студенттеріне әлемнің жетекші жоғары оқу

орындарында білім алуына мүмкіндік берді. Бағдарлама халықаралық білім беру рейтингтерінде әлденеше рет әлемдегі үздік ретінде аталып өтті.

Қазақстанда нөлден бастау алып әлемдік деңгейге көтерілген, менің атым берілген университеттің құрылуы адам капиталының дамуындағы келесі қисынды қадам болды. О баста бұл идеяның жүзеге аса қоятынына бәрі бірдей сене қоймап еді.

Бүгінде, арада 9 жыл өткен кезде университет Қазақстанның брендіне айналды. NU бренді бүгінде тек академиялық қауымдастықта ғана емес, мемлекеттік басқару, бизнес, медицина, инновациялар, IT технологиялар салаларында да кеңінен танымал. Бұған тиісті мектептердің табысты жұмысы мен жүргізіліп жатқан зерттеулердің арқасында қол жеткізілді.

Жоба өз саласы бойынша тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге бүкіл пост-кеңестік кеңістікте де озық әрі көшбасшы жоба болды. Осы қысқа мерзім ішінде университет ел ішінде кәсіби біліктілігі жоғары мамандар даярлау, сондай-ақ отандық ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді дамыту бойынша элиталы жоғары оқу орнына дейін көтерілді.

Құрметті түлектер!

Сіздер қай жерде болсаңыздар да біздің университетіміздің ғана емес, сонымен бірге бүкіл Қазақстанның елшісіздер. Сіздер Отаныңызда алған білімді еліміздің дамуына үлес қосуға берілген тамаша мүмкіндік деп бағалауға тиіссіздер. Мұндай мүмкіндік әркімге беріле бермейді, соған лайықты болыңыздар!

Сіздердің әрқайсыңыз халықтан үлкен сенім несиесін алдыңыздар, оны әркім өз еңбегімен өтеуі тиіс. Елордамызда әлемдік деңгейдегі университетті тұрғызу үшін халықтың ақшасы жұмсалды. Бүгін қоғам да, осы жобаның авторы ретінде мен де, сіздерден Отан игілігі үшін толықтай беріле қызмет етуді талап етуге құқылымыз.

Отанға деген сүйіспеншіліктеріңіз ел игілігіне жасаған жақсылықтарыңызбен өлшенбек!

Сіздер өзге жоғары оқу орындарының түлектері үшін үлгісіздер. Сондықтан сіздер тек біліктілігі жоғары маман болып қана қоймай, сыртта қалмай, қоғамның азаматтық жауапкершілікті, толеранттылық пен түсінуді сезінетін белсенді мүшесі болуға тиіссіздер. Сіздер сондай-ақ ұдайы өздеріңізді ой елегінен өткізіп, өзгеріп, жетіліп отыруларыңыз қажет.

Біз сіздердің қай-қайсыңызды да мақтан тұтамыз. Сіздер қай жолды — оқуды одан әрі жалғастыруды, ел игілігіне еңбек етуді, Қазақстанды шет елде танытуды немесе өз ісіңізді бастауды таңдасаңыздар да — біз сіздерге жарқын жол және өз дарыныңыздың жемісті жүзеге асуын тілейміз.

Қымбатты достар!

Бұл бітіру сондай-ақ елімізде түбегейлі саяси жаңарулар жүріп жатқан жылы өтуімен де есте қалады. Кез келген, тіпті ең тұрақты жүйе де қайта жүктеу мен жаңғыруды талап етеді.

Сіздерді — болашақ ғылыми қызметкерлер мен инноваторларды, мұғалімдер мен дәрігерлерді, басқарушылар мен кәсіпкерлерді — біздің мемлекеттілігіміз қалыптасуының жаңа дәуірінде өмір сүру күтіп тұр.

Бір аптадан кейін тарихи Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы өтеді. Еліміз азаматтарының қатарынан біздің оқытушыларымызды, түлектеріміз бен студенттерімізді белсенді азаматтық позиция ұстанып, өз дауысыңызды өз көзқарасыңыз бойынша лайықты кандидатқа беруге шақырамын.

Құрметті түлектер!

Сапалы білім жарқын болашаққа жол ашады. Университетте алған білімдеріңді тәжірибе жүзінде іске асырып, ел игілігі үшін қызмет ететін кез келді.

Қадамдарыңыз құтты болсын!

Баршаңызға сәттілік және баянды бақыт тілеймін!

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында «Құрметті сенатор» мәртебесін беру салтанатты рәсімінде сөйлеген сөзі

Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жылғы 6 маусым

Қадірлі депутаттар!

Бүгін Сенатқа арнайы келіп, өздеріңізбен жүздескеніме қуаныштымын.

Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен маған «Құрметті Сенатор» мәртебесін бергендеріңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Мұны егемен елімізді өркендету жолындағы еңбегімді жоғары бағалап, көрсеткен құрметтеріңіз деп білемін.

Парламент жоғары заң шығару органы ретінде мемлекет өмірінде маңызды рөл атқарады. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда қос палаталы кәсіби Парламент құрылып, табысты жұмыс істеп келеді. Депутаттар менің барлық бастамаларыма әрдайым қолдау көрсетті. Сол үшін баршаңызға алғыс айтамын.

Мен билік тармақтарының үйлесімді әрі қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз еттім. Соның арқасында мемлекетімізді орнықты дамытуға жағдай жасалды. Біз Қазақстанды жаңғыртуға бағытталған жұмыстарды жалғастыруға тиіспіз. Жоспарланған реформаларды табысты іске асыру үшін заңнамалық базаны жетілдіре беру қажет.

Әсіресе, ел экономикасын өркендетуге жол ашатын сапалы заңдар қабылдауға баса мән берген жөн. Әр аймақтан сайланған Сенат депутаттары осы міндеттерді орындауға атсалысады деп ойлаймын.

Алтыншы шақырылымдағы Парламенттің төртінші сессиясының аяқталуына бір айдан аз уақыт қалды. Осы сессияда маңызды заңдар қабылданды. Заң шығару қызметі үздіксіз жүретін процесс. Сондықтан, алдағы сессияда ел экономикасын дамытуға қажетті басқа да заң жобалары келіп түседі.

Қазір Сенаттың қарауында қаржы нарығын, микроқаржы ұйымдарының қызметін реттеуге бағытталған құжат бар. Соның аясында жеке тұлғаларға салық амнистиясын жариялау көзделген. Бұл әлеуметтік маңызы бар мәселенің бірі. Осы және басқа да жобаларды жан-жақты талқылап, сапалы заң шығару — сіздерге сеніп тапсырылған миссия.

Қазіргі таңда біз билік транзитін жүзеге асыру мақсатымен нақты шараларды қолға алдық. 9 маусым күні ел Президентін сайлаймыз. Бұл науқанды тұрақтылық пен тыныштықты сақтай отырып өткізудің маңызы зор.

Жаңа Президентке қолдау көрсетіп, бүкіл қоғамды игі мақсаттарға жұмылдыруымыз керек. Ел президенттігіне «Nur Otan» партиясынан ұсынылған кандидат — Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты өте жақсы білесіздер. Бірнеше жыл осы ғимаратта бірге жұмыс істедіңіздер.

Ол Парламент Сенатының төрағасы ретінде Қазақстан парламентаризмінің дамуына зор үлес қосты. Сондай-ақ, атқарушы билік саласында жинаған мол тәжірибесі бар.

Қасым-Жомарт Кемелұлы билік сабақтастығын қамтамасыз етіп, ел мүддесі жолында адал қызмет етеді деп сенемін!

Барша жұртты жарқын болашағымыз үшін алдағы сайлауға белсене қатысуға шақырамын.

Тыңдағандарыңызға рахмет!

«Кемеңгерліктің 30 жылы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 2019 жылғы 21 маусым

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Қадірлі қауым!

Бүгінгі басқосуда баршаңызды, әсіресе, ескі, таныс достарымды, әріптестерімді көргеніме қуаныштымын.

Естен кетпес 1989 жыл уақыт өткен сайын алыстап барады. Сол кезде сіздер мені Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы лауазымына сайлап едіңіздер. Өздеріңіз көп жыл бойы куә болған ел мүддесі жолындағы қызметім дәл сол күні басталған болатын. Біз тәуелсіз Қазақстанның іргесін бірге қаладық. Егемен еліміздің жаңа тарихын жазуды бірге бастадық.

Мен осы жиында жастарды да көріп отырғанымға қуаныштымын. Біз 30 жыл бойы жас ұрпақтың жарқын болашағы үшін жұмыс істеп, халқымызға қызмет еттік.

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Мен бүгін сіздермен бірге біздің тәуелсіз Қазақстанды тұрғызуды неден бастағанымызды еске алғым келеді.

Құрамында Қазақстан да болған бір кездегі ұлы держава өмір сүруін тоқтатты. Сол кезде, осыдан 30 жыл бұрын Қазақстан неге тап болғанын сіздердің естеріңізге салғым келеді.

Бірінші — күйрей бастаған экономика. Экономикалық байланыстардың драмалық үзілуі, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің іс-әрекеттерінде үйлесімнің болмауы қатаң экономикалық апатқа алып келді. Шарықтаған инфляция, ІЖӨ-нің құлдырауы, тұрақты бюджет дефициті, халық табысының күрт төмендеуі, жаппай жұмыссыздықтың өсуі. Осының бәрі шешілуі қажет проблемалардың бір ғана бөлігі еді!

1990-шы жылдардың басында Қазақстанның қандай сындарлы жағдайда қалғанын көрсету үшін мен сіздерге бірер деректер мен цифрларды ғана келтірейін. Ел ІЖӨ-нің — 61% күрт құлдырағанын бастан өткерді! Өнеркәсіптің құлдырауы 1994 жылға қарай 28% жетті. Өткізу нарығынсыз, шикізатсыз және айналмалы қаражатсыз қалған 130 қазақстандық ірі кәсіпорын өз жұмысын тоқтатты. Жуырда ғана одақтық нарық біздің өніміміздің 90%-на дейін пайдаланып келгеннің өзінде осылай болды.

Нәтижесінде 1991 жылдан басынан 1995жыл бойынша жұмыссыз адамдар саны 2 млн-ға жетті. Ақшаның құнсыздануы мен тауар дефициті жағдайында бартерлік

қатынастардың қанат жаюы өріс алды. Кәсіпорындар бір-бірімен ақшалай емес, тауармен есептесті. Бұл дағдарысты тек асқындыра түсті.

Өндірістің құлдырауының, еңбекақылар мен зейнетақылардың уақтылы берілмеуінің әлеуметтік зардаптары өте ауыр болды. Бағалар айына 50%-ға өсті. Жылдық инфляция 2000%-дан асып түсті. Сонымен бірге, өмір сүру деңгейі бойынша сол кездегі Қазақстан одақтас республикалар арасында 12-13 орында болды. Осы жерде қатысып отырғандардың көпшілігі еңбекақыны өз өндірісінің өнімімен берген кезеңді ұмыта қоймаған болар деп ойлаймын. Оның үстіне, электр қуатын, жылу мен газ беруде іркілістер жиі болып тұрды.

Екінші. Этносаралық жанжалдар пайда болуының қатері. 1989 жылы 15 одақтас республиканың аумағында 100-ден астам өкілдері тұрып жатты.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңы мен 90-шы жылдардың басында ұлт мәселесінің қандай өткір сипат алғаны біздің жақсы есімізде. Одақтың түрлі шалғайларында этносаралық шиеленістер бой көрсетті. Таулы Қарабақта, Тбилисиде, Приднестровьеде, Балтық бойында, Ферғана жазығында не болғаны естеріңізде шығар — онда адамдар өліп жатты. Сондай-ақ тәуелсіздіктің бастапқы кезінің өзінде-ақ Тәжікстанда азамат соғысының қантөгісі өріс алды.

Сол кезде, сарапшылардың бағалауынша, Қазақстан ауқымды этносаралық жанжалдардың табалдырығында тұрды. Ал мәселелерді шешудің дайын жолдары ешкімде де болмады.

Үшінші. Қазақстан демографиялық драманың табалдырығында тұрғанын да естеріңізге салайын. 1989 жылғы халық санағының нәтижесі бойынша жергілікті халық — қазақтар 39% немесе 6,5 млн сәл ғана астамды құрады. Бұл адамдарды елдің барлық түкпір-түкпірінен біздің жерімізге қоныс аудартуы мен депортациялауының нәтижесінде болды. Мектептердің тек 30% ғана сабақты қазақ тілінде жүргізді. Осында, Алматыда бір ғана қазақ мектебі болғаны естеріңізде шығар!

Сол кездегі аса ауыр экономикалық ахуал Қазақстан халқының ауқымды эмиграциясын туғызды. Өмір сүрудің орташа ұзақтығы сол жылдары 5 жылға азайды, бала туу күрт төмендеді. Осының бәрі халық санының елеулі — 10%-ға қысқаруына алып келді. 1990 жылғы халық санағына сәйкес Қазақстанда енді 14 млн жуық адам тұрып жатты.

Төртінші. Технологиялық артта қалушылық. Ашығын айту қажет, жолымыздың басында біз технологиялық ең артта қалған республикалардың бірі болдық.

Қомақты шикізат ресурстары мен өнеркәсіп секторының бар екеніне қарамастан, Қазақстан өз байлығының иесі емес еді. Қазақстан өнеркәсібінің 93% Мәскеудегі орталық ведомстволардың бағынысында болғанын естеріңізге салайын.

1991-1992 жылдары біз еліміз аумағына орналасқан өнеркәсіп объектілерін меншігімізге қайтардық. Алайда, бізде оны басқару тәжірибесі жоқ екенін білдік. Оның үстіне, республикалар арасындағы экономикалық байланыстардың күрт үзілуі шикізат жөнелту мен өнім өткізу жүйесінің бұзылуына алып келді.

Бесінші. Көлік маршруттарының теңгерімсіздігі. Қазақстан Еуразия құрлығында транзиттік тұрғыдан өте тиімді орналасқан континентальды ел екені белгілі. Алайда кеңестік кезеңде біздің барлық көліктік маршруттарымыз жаппай бір мақсатқа — баламалы көлік жолдары толықтай жоқ жағдайда шикізатты шығаруға бағындырылған болатын. Біз біржақты бағытталған көлік жүйесінде болдық, бұл біздің республикамыздың экономикалық дамуын тежеді.

Алтыншы. Экологиялық проблемалар. Арал экологиялық апаты және Семей полигонының не екенін әрбір қазақстандық біледі. Бұл Кеңес Одағының жанды аурытатыны «мұрасы», оның зардаптарын біз қазіргіге дейін кезініп келеміз.

Арал теңізі таңғажайып флорасы мен фаунасы бар, аумағы жағынан әлемдегі төртінші көл болғаны баршаның есінде. Суландыру жүйесіне арнап бөгеттер салу кезінде жіберілген кешірілмес қателіктер оның тайыздануына алып келді. Арал трагедиясы өңірдің экожүйесіне де, сондай-ақ оның әлеуметтік-экономикалық жағдайына да күйретерлік әсер етті. Климаты өзгерді. Балық аулау өндірісі жойылды, 60 мыңнан астам жұмыс орындары жоғалды. Жергілікті тұрғындар түрлі аурулардан зардап шегіп, жұмыс іздеп өңірден кете бастады.

КСРО-ның ядролық қаруын сынау үшін басты алаң болған, белгілі Семей полигонының қайғылы әсері ерекше ауры болды. Өздеріңіз білетіндей, полигон бар болған жылдары 343 жер асты және 200-ден астам жер бетіндегі және әуедегі жарылыстар өткізілді. Сөз жоқ, ол жарылыстардың зардапты әсері адамдардың денсаулығы мен өңірдің экологиялық ахуалына өз ізін қалдырмай қоймады.

Мен бұл қайғылы тізімді жалғастыра бергім келмейді, бірақ өмірдің шындығы осындай. Біздің жағдайымыз осындай болды. Мен бұл процестердің бәрін толықтай сезіндім. Менің шаруашылық тәжірибем ахуалды айқын түсініп, олар жөнінде КСРО халық депутаттарының съездерінде ашық айтуыма көмектесті.

Горбачев, Ельцин — сол кездің ең беделді тұлғалары 1990 жылдардың басында маған КСРО-ның Премьер-министрі болуды ұсынды. Кеңес Одағы Үкіметі басшысының лауазымына мен келген жағдайда даму қалай бет алар еді деген әңгіме қазірге дейін сөз болып жатады.

Терелік айту қиын әрі енді қазір пайдасы да жоқ. Мен сол кезде өмірдегі ең маңызды шешімді қабылдадым. Сол сәттен бастап менің басты міндетім өзімнің туған Қазақстаным болып келеді!

Сол жылдары саясаткер үшін стратегиялық ойлаудың маңызды екені туралы мен алғаш рет толғана бастадым. Осындай күрделі әрі болжап болмайтын жағдайларда өз кемеңді қай айлаққа алып баруың керек? Қане, сөзуарлыққа салынбай, жай ғана қарап көрелікші, мен жоғарыда айтқан сол ерекше күрделі міндеттерді біз қалай шештік, әрі біздің стратегиямыз дұрыс болды ма?

Бірінші. Нарықтық рельстерге көшу қажет болды және мұны шығыл жасау керек еді. Нарықтық экономиканың құпияларын меңгеру үшін көрнекті экономистермен ұзақ айлар бойы жұмыс ітсеуге тура келді. Біз мейлінше аз уақыт ішінде іс-әрекет

жоспарын әзірлеп, нарықтық экономиканы қалыптастыруға кірістік. Бұл жөнінде көп айтылған. Біздің сол істегеніміз нағыз секіріс болды.

Ел ішінде қаншама сын болғанын, менің қаншама айыптауларды естігенімді еске түсіріңіздерші? Бірақ біздің күш салуымыздың нәтижесінде Қазақстан артта қалған шалғайдағыдан экономикалық тұрғыдан бүкіл ТМД кеңістігіндегі мейлінше табысты мемлекетке айналды.

Өздеріңіз білетіндей, тәуелсіздік жылдарында халқымыздың тұрмыстық деңгейі әлденеше есе артты. 30 жылда біз өз дамуымызда елеулі ілгерілеушілікке қол жеткіздік. Қазақстанның ІЖӨ тәуелсіздік жылдарында 1993 жылғы 11 млрд доллардан қазіргі кездегі 170, 5 млрд долларға дейін өсті. Осы уақытта бүкіл Орталық Азия елдерін қоса алғанда бұл көрсеткіш 109 млрд долларға жуықты құрайды.

Қазақстан 86 млрд доллардан астам халықаралық резервтер мен активтер жинақтады, бұл қаражат тұрақты қаржылық-несиелік саясатты жүзеге асыру үшін жеткілікті. Біз 300 млрд доллардан астам тікелей шетел инвестицияларын тарттық.

Цифрландыру мен өнеркәсіпті технологиялық қайта жарақтандыруды белсенді жүргізіп жатырмыз. Бүгінде сатылған әрбір екінші жаңа автомобиль Қазақстанда жасалған.

Бүгінде Дүниежүзілік банктің «Бизнесті жүргізу» рейтингінде біздің еліміз 28-ші орынды иеленеді. ІЖӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесі 27% құрайды.

Экономикалық табыстардың арқасында халықтың әл-ауқатынның нақты өсуін қамтамасыз етудің және елдегі кедейшілікті жеңудің сәті түсті. 90-шы жылдардың басында халықтың үштен бір бөлігінен астамы кедейшілік шегінде болса, кейіннен бұл көрсеткіш 4,6%-ға дейін төмендеді.

Қазақстанның 30 жылдағы эконоомикалық дамуын талдай келе, қандай ауқымды жұмыс атқарылғанын пайымдайсың. Біз алдымызға әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына ену биік міндетін қойып отырмыз. Біз бұл міндетті орындай-тынымызға сенемін!

Екінші. Бізге еліміздегі татулық пен тұрақтылықты сақтап қалудың сәті түсті. Біз этносаралық татулықтың тамаша моделін жасай алдық, оған негіз етіп «әралуандықтың бірлігі» қағидаты алынды.

1995 жылы құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы 130 этностың өкілдерін біріктіре отырып, азаматтық қоғамның принципті түрдегі жаңа институты ретінде көрініп отыр. 2007 жылдан бастап ҚХА өзінің 9 өкілін ел Парламентінің Мәжілісіне делегат ету құқылы. Бүгінде біздің тәжірибеміз көп елдерде зерделеніп, қайсыбіреулерінде осындай құрылымдар құрылуда.

Біз конфессияаралық татулық пен келісімді қамтамасыз еттік. Қазақстанда 46 конфессияның өкілдері қатар тұрып, бірге оқиды, еңбек етіп, өз балаларын өсіруде.

Біздің жас елордамыз халықаралық рухани орталыққа айналды, мұнда әлемдік және дәстүрлі діндердің съездері жүйелі өтіп тұрады.

Үшінші. Біз демографиялық проблеманы шештік. Қазақстан халқының саны 3,5 млн адамға көбейді. Енді, біз 18 млн-нан астық, ал қазақтар соның 70%-ке жуығын құрайды. Кезінде шетелге кетуге мәжбүр болған 1 млн-нан астам қазақ Отанына оралды.

Еліміздегі орташа өмір сүру ұзақтығы 1991 жылғы 67 жастан 2018 жылы 73 жасқа дейін артты. Бір адамға арналған тұрғын үй алаңы 1,5 есе — 14 шаршы метрден 22 шаршы метрге дейін өсті. 219 жаңа аурухана, 1200-ге жуық емхана мен амбулатория салынды. 1849 жаңа мектеп, 900-ге жуық балабақша ашылды. «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде 10 мыңнан астам маман дайындадық.

Біз ана тілімізді сақтап қана қоймай, оны Қазақстанда ғылым мен білім саласының негізгі тіліне айналдыру үшін барлық жағдайды жасадық. Бүгінде мектептердің 70%-ті қазақ тілінде білім береді. Мемлекеттік тілде оқитын студенттердің үлесі — 64,5, орыс тілінде — 31, ағылшын тілінде — 4,5%-ті құрайды. Бұл мәселелердің бәрін ешқандай қысымсыз, нақты әрі дұрыс шаралар арқылы шештік.

Біз еліміздің тарихында тұңғыш рет маңызды ұлттық мәселе — «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруды бастадық. Өлемдегі үздік оқулықтар мен кітаптарды шетел тілдерінен тікелей қазақ тіліне аударудың маңызы зор. Қазіргі таңда 48 оқулық аударылды.

Төртінші. Біз қоршаған ортаны қорғау үшін теңдессіз шаралар қабылдадық. Менің ең алғашқы қабылдаған шешімдерімнің бірі — Семей ядролық полигонын жабу туралы. Біз орасан зор экологиялық апатқа ұшыратқан осы ядролық сынақ полигонын жабу үшін ауқымды жұмыстар атқардық. Мұны Кеңес Одағы әскери-өнеркәсіптік кешенінің үзілді-кесілді қарсылығына қарамастан іске асырдық.

Біз Арал теңізінің солтүстік бөлігін құтқару үшін нақты шаралар қабылдадық. Аралды құтқару халықаралық қорының белсенді атсалысуымен Арал теңізінің бассейнін дамытуға бағытталған үш бағдарлама жүзеге асырылды. Соның арқасында Аралдың төңірегіндегі халықтың тұрмысы жақсарды. Жергілікті тұрғындар осы өңірден көшіп кетпей, тұрақтап қала бастады. Біз мұнда балық шаруашылығын қалпына келтіре алдық. Бүгінде Еуропалық одаққа жыл сайын экспортқа шығарылатын балық көлемі 8 мың тоннадан асты.

Бесінші. Қазіргі кезде біз барлық шешуші көліктік-логистикалық міндеттерді шештік. «Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыру аяқталуға жақындап келеді. Осы кезде біз 12,5 мың км автожолдарды салып, қайта жөндеуден өткіздік. Олар біз тіпті армандап та көрмеген автобандар.

Сондай-ақ 2,5 мың км темір жол салдық. Қазақстанның барлық әуежайларын жаңарттық, Каспий теңізінде екі қазіргі заманғы теңіз портын салдық.

Бағдарлама үлкен мультипликативті тиімділік береді. Құрылыс материалдарына сұраныс артуда. Автомагистралдарды бойлатып тиісті инфрақұрылымдар

тұрғызылуда. Қосымша жұмыс орындары ашылуда. Биыл 54 мың жұмыс орнын құру жоспарланған.

«Нұрлы жол» бағдарламасын «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен ұштастыру экономиканың табысты саласы ретінде Қазақстанның транзиттік әлеуетін нығайтуға мүмкіндік берді. Енді жүкті Қытайдан Қазақстан арқылы жеткізіп беру және кері қарай теңіз жолымен жеткізуден төрт есе аз уақыт алады. 2018 жылы транзиттен түскен табыстар 1,5 млрд долларды құрады, бұл шегі емес. 5 млрд болады.

Айтыңыздаршы, 30 жыл бұрын біз Еуропа мен Азия-Тынық мұхит өңірінің нарықтарына тікелей шыға аламыз деп болжай алдық па? Ал біз бүгінде бір жағынан — Еуропа елдері мен Атлант мұхитына тікелей шыға аламыз. Екінші жағынан — Тынық мұхиттағы қазақстандық Ляньюньган логистикалық терминалымен тікелей байланысқан Қазақстан — Қытай шекарасындағы Қорғас құрғақ порты.

Түрікменстан, Иран арқылы тартылған теміржолдар бізге Парсы шығанағы мен Үнді мұхитына шығуға мүмкіндік берді. Біздің стратегиямыздың арқасында Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі континенталдық саудада шешуші транзиттік буын болып алды.

Алтыншы. Біздің еліміз халықаралық аренада танымалдыққа қол жеткізді және үлкен беделге ие. Тарихымызда алғаш рет біз халықаралық мойындалған мемлекеттік шекараға ие болдық. Жаһандық геостратегиялық белгісіздік жағдайында мұның өзі Қазақстанның шешуші жетістіктерінің біріне айналды.

Біз АӨШҚ, ШЫҰ және ЕАЭО құрылуына бастамашылық танытып, жүйелі тату көршілік пен ынтымақтастық белдеуін қалыптастырдық. Біздің еліміз 2010 жылы ЕҚЫҰ-ның XXI ғасырдағы жалғыз саммитін шақырды.

Біз ТМД елдерінен бірінші болып ЭКСПО-2017 мамандандырылған көрмесін өткіздік.

Біз жаңа тамаша астанамызды өзіміз тұрғыздық, ол жөнінде 30 жыл бұрын армандай да алмайтынбыз.

Қымбатты достар!

Қазіргі кездегі оқиғалардан біз өзге болашақ бейнесінің сұлбасын барған сайын айқын көре бастағандаймыз. Тарихи тәжірибе қазіргі жүзжылдықтың болжап болмайтындай екендігін аңғартып отыр.

Бізді не күтіп тұр? Жаһандық өзгерістердің аясында мен стратегиялық тегеуріндердің бірнеше тобын бөліп атағым келеді. Менің көзқарасымша, олар қазірдің өзінде бізді қоршаған ортаны күрт өзгертуде.

Біріншіден, бұл динамикалы әрі үздіксіз технологиялық толқын. Біз оны өзіміз де байқамай, қазірдің өзінде цифрлық жағдайында өмір сүрудеміз. Өнертабушылар, программашы жасаушылар мен инженерлер біздің көз алдымызда басты әрі ең дәл футурологтарға айналды. Машиналардың екінші дәуірі басталуда. Біз маши-

налармен оқыту технологияларының, жасанды интеллекті мен трансгуманизмның жарылыса өсуін көріп отырмыз.

Екіншіден, кезекті индустриялық революция экономикалық парадигманың ауысуына алып келеді. Бұл секірісті іштен жану қозғалтқышын, электрді немесе компьютер технологияларын ойлап табумен салыстыруға болады.

Біздің көз алдымызда өркениеттің энергетикалық іргетасы да жылдам өзгеруде. 2050 жылға қарай энергияға әлемдік сұраныс қазіргі сұраныс көлемінен 3 есе өседі. Көп елде жел және күн энергиясы қазірдің өзінде әдеттегіден үш есе арзанға түсуде.

Материалдық тауарлар емес, ақпарат пен әлемдік цифрлы желілерге интеграция деңгейі құндылыққа айналууда. Жаңа мамандықтар пайда болады, ал бұрынғысының көбі жойылады. Қолданыстағы ақша жүйесінің құнсыздануы да ғажап емес.

Үшіншіден, осындай жағдайда әлемдегі орныққан геосаяси бөлініс те өзгереді. Әлемнің түрлі өңірлеріндегі әлемдік жүйе сыр беріп, сөгілуде. Планета әлемдік тәртіптің принципті түрдегі жаңа нұсқасына мұқтаж, ол жаңа күштердің, жаңа бағыттардың, жаңа тегеуріндер мен жаңа адамдардың пайда болуын ескермек.

Көп елдер жаңа жаппай қырып-жоятын шектен тыс қуатты қарумен оларды тасығыш құралдарды белсенділікпен жасауда, олар әзірге халықаралықпен құқықпен реттелмейді. Соңғы жүз жылда әлем бірнеше шектен тыс жойымпаз жаһандық соғысты бастап өткерді. Алайда аса жаңа әскери әзіремелер мен жинақталып қалған қару-жарақтарды ескерсек, үшінші әлемдік соғыс соңғысы болуы мүмкін.

Төртіншіден, әлемде шиеленістердің өсуінен басқа, түрлі жаһандық ахуалдардың қақтығысы болып жатыр. Жаһандық өсім орталығының Азияға елеулі ойысуы байқалады, ол Қытай, Үндістан, Индонезияның көтерілуінен болып отыр. «Үлкен жиырмалықтың» 7 мемлекеті қазірдің өзінде Шығыс елдерінен тұрады. Мүмкін, болашақта олар Батыстың ұзақ мерзімді тарихи басым болып келуіне баламаны жасай алатын шығар.

Осындай жағдайда біз де уақыт пен болып жатқан өзгерістердің жылдамдауын көріп отырмыз. Ал «шахмат тақталары», «өркениетті бөлінулер», «тарихтардың аяқталуы» деп аталатын және басқа да концептілер қазірдің өзінде архивке жөнелтілді. Қазіргі әлемнің жүйелі трансформациясы — біздің халқымыз үшін стратегиялық шақыру. Біз оларды қабылдауға әзір болуға тиіспіз.

Осы 30 жыл бойы Қазақстан қатаң экономикалық дағдарыстар тізбегінде шынықты. 1990 жылдардың басындағы КСРО тараған сәт пен 1998 жылғы «қаржы дауылынан» бастап, 2007 және 2014 жылдардағы кешенді дағдарыс толқындарына дейін.

Тез өзгеріп жатқан әлемдік ахуал бізден батылдықты, бейімделгіштікті және асқан белсенділікті талап етеді. Сол үшін 2050 жылға дейінгі дамудың стратегиялық жоспары әзірленді. «Сыртқы дауылдарға» қарамастан, біз бұрын қабылданған жоспарларға сәйкес өз дамуымызды жалғастырудамыз. Біз планетадағы ең дамыған 30 елдің қатарына кіруге ұмтыла отырып, жаңа әлемдегі өз орнымыз үшін

жарысқа кірістік. Күш-жігерін жалғастыра берген жағдайда Қазақстанның жаңа әлемнің көшбасшыларының қатарына толықтай ене алатынына сенемін.

Осы орайда мен «Қазақстан-2050» стратегиясындағы сөзімді қайталап айтсам деймін.

Алдағы сынақтардан сүрінбей өту біздің өзімізге, бекем бірлігімізге байланысты. Ауызбіршілік пен тұрақтылық болғанда ғана еліміз өсіп-өркендей алады.

Біздің барлық жетістіктеріміз халқымыздың бірлігінің, оның ел тәуелсіздігін сақтау жолындағы жанқиярлық еңбегінің арқасында мүмкін болды. Мен тек өзімді сайлаған халқымның қалауын орындадым.

Қазақ халқы бірліктің арқасында жауларын жеңіп, елі мен жерін сақтап қалған. Қазақты бағындырып, бодан ету үшін хандығын тартып алып, жүзге, руға бөлінуін айлакерлікпен пайдаланған.

Қазір де біздің еліміздің табыстарын көре алмайтын, байлығымызға қызығатындар аз емес. Оны ешқашан ұмытпауымыз қажет. Олар ішімізге іріткі салу үшін қолжаулық болатындарды, жетекке еретіндерді іздейді. Өкінішке орай, ондайларды табады. Бұл баяғы «бөліп ал да, билей бер» дейтін жымысқы саясат. Бізге төнетін ең үлкен қауіп осы.

Тәуелсіздіктің қандай қиыншылықпен келгенін зерттемейтін, білмейтін жастар бүгінгі еркін күнінен, азат Отанынан айырылып қалатынын түсіне бермейді. Мемлекет бұған жол бермеуі қажет. Бүкіл халық болып бірлікті, тыныштықты қолдау керек. Қазақ дәл бүгінгідей өмірді ешқашан көрген жоқ. Айырылып қалмайық. Менің еліме айтатын негізгі өсиетім осы. Ұлы Абайдың «біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең — істің бәрі бос» дегені де осы болар. Ұмытпайық.

Халық пен Президент әрдайым бірге. Біз барлық жетістікке ынтымақтың арқасында қол жеткіздік. Ішкі қарама-қайшылыққа тап болған елдер ілгері емес, кейін кетіп, әлемдік дамудың көшінен қалып қойды.

Ата-бабамыз: «Отан оттан да ыстық», «Отан үшін отқа түс, күймейсің», «Тәртеу түгел болса — төбедегі келеді, алтау ала болса — ауыздағы кетеді» деп бекер айтпаған. Осылайша, олар Отанды сүюге, елді береке-бірлікте болуға шақырды.

Мен алдыңғы толқын — аға буынға сөзімді арнаймын! Сіздер пайым-парасаттарыңыз бен көрегендіктеріңізге сүйеніп, жастарға дұрыс бағыт-бағдар берулеріңіз керек. Олар Отанды сүюдің, мемлекетті нығайтудың, Тәуелсіздікті қорғаудың және жарқын болашақ үшін жұмыс істедудің маңыздылығын жете түсінуге тиіс.

Мен енді ортаңғы буын отандастарыма да сөз арнаймын! Сіздер бір елдің күйреп, тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасу кезеңін бастан өткердіңіздер. Бұл —

күрделі де күрмеуі қиын шешімдер қабылданған уақыт болды. Сіздердің ең белгісіз тәжірибелеріңіз — кез-келген қиындықты жеңуге көмектесетін баға жетпес байлық.

Ал, кейінгі толқын жастарға айтарым: жақсы өмір сүрудің бір ғана жолы бар, бұл — аянбай еңбек ету. Біздің болашаққа деген үкілі үмітіміз — өздерін. Біздің бізінгі атқарып жатқан жұмыстарымыз тек сендер үшін жасалуда. Көпшілігіңіз тәуелсіз Қазақстанмен түйдей құрдассыздар. 2050 жылға қарай сіздер осы бағдарламаны жүзеге асыруға атсалысып, оң-солын таныған азамат боласыздар. Еліміздің одан әрі даму жолын сіздер айқындайсыздар.

Құрметті отандастар!

Жаңа заманның сынағы күшейіп келе жатқан алдағы 30 жыл адамзат тарихындағы күрделі кезең болуы мүмкін. Бірақ, кез келген ел экономика мен жер аумағынан ғана құралмайды. Мемлекеттілік — ең алдымен тәуелсіздік, патриотизм және халықтың рухы деген сөз.

Мен осы қастерлі құндылықтарды әрдайым ұлықтап, сақтауға тырыстым. Бар күш-қуатымды туған елімнің еңсесін биік ұстауға арнадым. Бұл құндылықтарды келер ұрпақ 30 жылдан кейін де, яғни 2049 жылдан соң да, көздің қарашығындай сақтап, абыройымыз асқақтай түседі деп сенемін!

Еліміздің мәртебесі әрдайым арта берсін!

Тыңдағандарыңызға рахмет!

**«Ядролық қарусыз әлем
және жаһандық қауіпсіздік үшін
Назарбаев сыйлығын» тапсыруға арналған
салтанатты рәсімде сөйлеген сөзі**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жылғы 29 тамыз

Құрметті рәсімге қатысушылар!

Қадірлі қонақтар!

Баршаңызды «Ядролық қарусыз әлем және жаһандық қауіпсіздік үшін» сыйлығын тапсыру рәсiмiнде көргенiме қуаныштымын. Осы iс-шараға қатысып отырған белгiлi сарапшыларға, мемлекет және қоғам қайраткерлерiне, әлемнiң түкпiр-түкпiрiнен келген достарымызға ризашылығымды бiлдiремiн.

Бүгiн тек Қазақстан үшiн ғана емес, бүкiл әлемнiң антиядролық қозғалысы үшiн тарихи күн. 1991 жылғы дәл осы 29 тамызда менiң жарлығыммен әлемдегi ең iрi Семей ядролық полигоны жабылғанын бiлесiздер. Бұл бүкiл халқымыз 40 жыл бойы күткен тарихи шешiм болды.

1949 жылғы 29 тамызда Қазақстанда Кеңес Одағының бiрiншi атом бомбасы жарылып, орасан зор экологиялық және адами трагедияға әкеп соқтырды. 40 жыл iшiнде полигонда 456 ядролық сынақ өткiзiлдi. Кем дегенде 500 мың адам радиацияның зардабын тартты.

2009 жылғы 2 желтоқсанда Бiрiккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 64-шi сессиясы Қазақстанның бастамасы бойынша 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық iс-әрекет күнi ретiнде жариялады. Бұл күн 2010 жылдан берi бүкiл әлемде атап өтiле бастады.

Құрметті қонақтар!

Ханымдар мен мырзалар!

1945 жылғы 6 тамызда сағат 8-ден 15 минут өткен шамада Хиросима үстiндегi алты жүз метр биiктiкте салмағы төрт жарым тонналық уран бомбасы жарылды.

«Оның эпицентріне ең таяудағылар бiрден өлiп, денелері әп сәтте көмiрге айналды. Жақын жерде ұшып жүрген құстар әуеде жалынға оранды, ал жарылыс эпицентрінен екi шақырым қашықтықтағы материалдар сол заматта балқып кеттi», — делiнген есепте.

Өкiнiшке қарай, алдын алудың сәтi түспеген Хиросимо мен Нагасаки қасiретi туралы бiз бәрiмiз бiлемiз...

Әлем бүгiнде тағы да терең құздың жиегiнде тұр. Екеуiне жаһандық ядролық арсеналдың 90%-ынан астамы тиесiлi АҚШ пен Ресей арасындағы қарым-қатынас-

тың геосаяси дағдарысы елеулі дүмпуге ұласты. Аталған тараптардың жанталаса, соның ішінде ғарышта да технологиялық қарулануының нәтижесі зор алаңдаушылық тудырып отыр. Қазақстан да қатысушы тараптың бірі ретінде қол қойған Орташа және жақын қашықтықтағы ракеталарды жою туралы келісімшарт толығымен күшін жойды. Стратегиялық шабуыл қаруын азайту туралы келісімшарттың да қолданысын тоқтату қаупі барған сайын айқындалып келеді.

Ядролық шиеленістің анық күшейіп келе жатқаны тек Америка-Ресей арасында ғана емес, әлемнің басқа да бірқатар стратегиялық маңызы бар өңірінде байқалады. Санкция саясаты мен «өзара жұдырық түйісу» онша нәтиже бермей, әзірше Корей түбегіндегі қатерді тек өршіте түсті.

Мұндай ұстанымдар әзірлену тарихының бір парасы Қазақстан астанасында да жазылған Иранға қатысты «ядролық мәміледе» қол жеткен жетістіктің бәрін іс жүзінде құрдымға кетіруге бет алып келеді.

Үндістан мен Пәкістан тарапы баса көңіл бөліп отырған Кашмир төңірегіндегі ахуалдың да күн өткен сайын ушығып бара жатқанына куәміз. Құрама Штаттардың орташа қашықтық ракеталарының құрлықтағы базасын Азия және Тынық мұхит өңіріне орналастыру жоспары және оған ҚХР тарапынан қарымта шаралар қабылдануының ықтималдығы туралы пікірталастар туа бастады.

Ядролық қарудың террорлық ұйымдар қолына түсу қаупі де жойылған жоқ. Қатерлі ядролық материалдар әлемнің 20-дан астам елінде сақтаулы, олардың кез келгені деструктивті күштердің нысанасына ілінуі әбден мүмкін.

Жасанды интеллектінің өзінен де күрделірек түйткілдерді шешуге қабілетті, жалпылық сипат алмақ жасанды интеллект дәуірі жақындап келеді. Ондай жасанды жүйелерге ядролық қаруды басқару ісін тапсырудың мүмкіндіктерімен қатар ықтимал қатерлері де бар. Іс жүзінде барлық жүйені де бұзуға болатынын, оның бақылаудан шығып кету қаупінің туындауы әбден мүмкін екенін біз білеміз.

Ядролық қаруы бар 9 елдің ешқайсысы да әскери бағдарламаны тоқтату мәселесін қарастырып отырмағаны іш жиғызып, тіксінтеді. Әлемде 2019 жылдың басында 13856 ядролық оқтұмсық болды. Бұл ретте оның 3750-інің тез қолданылуына мүмкіндік бар, ал 2000-дайы тіпті батырманы бір басумен-ақ іске қосылады.

Басқаша айтқанда, адамзат өз дамуының бұрын-соңды болып көрмеген аса күрделі кезеңін бастан өткеруде. Агрессияның күшеюі мен жаһандық деңгейде өзара сенімнің азаюы жағдайында жоғарыда айтылған түйткілдердің кез келгені әлем қоғамдастығын бақылаусыз аласапыран-хаосқа ұрындыруы мүмкін. Тек саясаткерлер ғана емес, әлемнің түрлі елдеріндегі қарапайым жұрт та бұған қатты алаңдаулы. Олар ертеңгі күн үшін уайымдайды және оның атар таңмен бірге аман-есен келеріне күмәнданбауды қалар еді.

Құрметті рәсімге қатысушылар!

Тәуелсіздігін алған сәттен бері Қазақстан ядролық қарусыз әлем жолындағы қозғалыстың алдыңғы шебінен өзінің айрықша орнын алды.

Менің жарлығыммен 28 жыл бұрын Жер шарындағы аса ірі ядролық полигонның бірінің жабылуы адамзат тарихында ядролық сынақ жүргізуге салынған тұңғыш заңи тыйым болды. Содан кейін Невададағы полигонның, Қытайдағы Лобнордың «үні өшті».

Жүздеген ядролық жарылыстың барлық сұмдығын басынан өткерген Қазақстан қуаттылығы жөнінен ғаламшардағы 4-ші ядролық әлеуетінен толық бас тарту бағытында өз еркімен таңдау жасады. Семей полигонынан соң әлемнің әр түкпіріндегі басқа да полигондар жабылды немесе жұмысы тоқтатылды. Осылайша, ядролық сынақ жүргізуге тыйым салу жаһандық сипат алды.

Түптеп келгенде, Семей полигонының жұмысын тоқтату туралы менің шешімім 1996 жылы Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы келісімшарттың қабылдануына жол ашты.

Ядролық қаруды сынау мен қолданудан зардап шеккен елдердің мемлекет басшылары ретінде Жапония Премьер-министрі Синдзо Абэ екеуіміз тарихта тұңғыш рет жоғары деңгейде ЯСЖТК құжатының күшіне енуіне қолдайтын бірлескен мәлімдемеге қол қойдық.

Қазақстанның өңірдегі көршілес елдермен бірлескен күш-жігері Орталық Азияда Ядролық қарудан азат аймақ қалыптастыруға жол ашып берді. Сөз арасында айта кету керек, осы күндері біздің астанамызда ядролық қарудан азат барлық аймақ өкілдерінің кездесуі өтіп жатыр. Біз мұндай аймақтар құру тәжірибесін көбейтуді, соның ішінде оны Таяу Шығыста да қалыптастыруды жақтаймыз.

Біздің ел — ядролық қарусыздану, оны таратпау және атом қуатын бейбіт мақсатпен қолдану саласындағы барлық іргелі халықаралық келісімшарттардың қатысушысы. Биыл Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы келісімшартқа қосылғанына 25 жыл толды. Екі ай бұрын Қазақстан әлемнің өзге 24 елінің қатарына еніп, Ядролық қаруға тыйым салу туралы келісімшартты ратификациялады.

Осы жылы біз Қазақстанда менің бастамаммен салынған МАГАТЭ банкіне аз байытылған уранның бастапқы партиясының жеткізілуін күтіп отырмыз. Агенттіктің «шатыры астында» барлық мемлекеттерге бейбіт атомды дамытуға деген өздерінің заңды құқығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін болғандықтан, банк аса маңызды рөл атқарады. Бұл ретте әр мемлекет үшін уран байытумен айналысуға қажеттілік жоқ екені маңызды.

2019 жылғы «Бейбітсүйгіштіктің жаһандық индексі» бойынша Қазақстан 163 елдің ішінен жоғары 64-ші және ТМД елдері арасында бірінші орын алды. Бұл ретте ядролық қарудан азат әлем қалыптастыруға деген ұмтылыс қазақстандықтар-

дың жалпыұлттық сана-сезімінде маңызды мәселеге айналғанын да ризашылықпен атап өткім келеді.

Құрметті достар!

Мен 1991 жылы бірден-бір дұрыс қадам болатын тарихи шешім қабылдап, жас мемлекеттің күш-қуаты ядролық қаруда еместігін нықтадым. Өзіміз нақты үлгі көрсету арқылы біз прогресс пен өсіп-өркендеу бағытына қарай бейбіт жолмен-ақ табысты ілгерілеуге болатынын дәлелдедік.

Қазіргі таңда Қазақстан халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықтың мойындалған жақтаушысы ретінде танымал. Менің ойымша, бұл жайт маған қазір жаһан қоғамдастығын бізден үлгі алуға, бүкіл әлемде Қазақстанның тәжірибесін қолдануға шақыруға моральдық құқық береді. Осы орайда, мен өз сөзімде ядролық қарусыздану және оны таратпау мәселелері бойынша бірқатар нақты тезистер ұсынғым келеді.

Бірінші. Қазіргі барлық сын-қатерлер алдында жаһан қоғамдастығы даналық көрсетіп, бәрімізге ортақ ғаламшардың болашағы туралы диалог жолында батыл қадамдар жасауға тиіс. Келісім жасалатын үстел басына ең алдымен ядролық державалардың басшылары жиналса, сонда ғана бұл диалог нәтижелі болады. Мен осы істің басы-қасындағы негізгі ойыншыларға — АҚШ, Ресей, Қытай және басқа да ядролық державалар басшыларына біздің астанамызда кездесу туралы ресми ұсыныс білдірдім.

Тарихта бұған дейін әлденеше рет болғандай, адамзаттың ертеңі үшін жауапкершілікті өз мойнына әрдайым әлемнің ірі мемлекеттерінің басшылары алатын. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін де, Екінші дүниежүзілік соғыстан соң да солай болған еді. Нәтижесінде БҰҰ құрылды. Қазір де, меніңше, сондай уақыт туып отыр.

Екінші. Стратегиялық тұрақтылықтың архаикалық тұжырымдамасын ядролық қару негізінде қайта қарастыру қажет. Сонымен қатар ядролық қарулануды бақылаудың жаңа жүйесін құрған жөн. Нәтижеде Ядролық қарулануды азайту туралы жалпыға ортақ келісімшарт әзірлеу жөнінде келіссөз өткізу керек-ақ.

Үшінші. Ядролық державалар тарапынан заңи тұрғыдан міндетті негативті қауіпсіздік кепілдігінің тиімді жүйесін енгізу мәселесі өте өзекті. Қауіпсіздік кепілдігі ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан, сондай-ақ ядролық қарусыз ел мәртебесі бар мемлекеттерге берілуге тиіс. Мұндай шара қабылданбайынша, ядролық қаруға ие болу «табалдырығы алдында тұрған елдердің» оған тырысудан бас тартуынан үміттену әрі аңғалдық, әрі тым күмәнді мәселе дер едім.

Төртінші. «Ядролық клуб» мүшелері жаппай қырып-жою қаруына қатысты өз саясаттарын өзгерту бағытында міндеттемелер мен шектеулердің топтамасын қабылдауы керек тәрізді. Ең алдымен, олардың бұл тұста ядролық кешендерді қолдау мен жаңғыртудың дәстүрге айналған бұрынғы тәжірибесінен бас тартқандары

абзал. Аумақтарында сынақ полигондары орналасқан мемлекеттерге ол полигондар инфрақұрылымын жоюды ұсынамын. Қазақстанның бұл салады тәжірибесі бар және біз оны бөлісуге әзірміз.

Бесінші. Соңғы жиырма жыл ішінде ЯСЖТҚ-ні әмбебаптандыру және оның сақталуын Халықаралық мониторинг жүйесі көмегімен бақылау ісінде елеулі ілгерілеуге қол жеткізілді. Сонымен қатар, Келісімшарттың күшіне енуі үшін біз оны әлі ратификацияламаған бірқатар мемлекеттердің мұны іске асыруы жолында табандырақ болуымыз керек.

Алтыншы. ЯҚТК режимі мен тетіктерін толығымен әмбебаптандыру және мейлінше нығайту қажет. Әлемге ядролық қаруды иелену мен таратуға қарсы қатаң шаралардың нақты қолданылатын тетігі керек. Ол қатаң тетік БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тиісті қарарларымен бекітілген болуға тиіс.

Құрметті рәсімге қатысушылар!

Адамдардың, халықтар мен мемлекеттердің тату-тәтті өмір сүруі мұратына ұмтылатын біздер сияқты жандарды Қазақстанда жоғары бағалайды. Жаппай қырып-жою қаруынан Жер шарын арылту арқылы жаһандық ауқымдағы бейбітшілікті қамтамасыз ету ниетінде бізбен бірлескендерді құрмет тұтады.

Мен сондай саяси қайраткерлер мен қоғам көшбасшыларының және ұйымдардың еңбегін таныту, бағалау, марапаттау мақсатымен 2016 жылы «Ядролық қарусыз әлем және жаһандық қауіпсіздік үшін» сыйлығын тағайындадым.

Биыл сыйлықты МАГАТЭ-ның бұрынғы бас директоры Юкия Аmanoға және Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы келісімшарт жөніндегі ұйымның атқарушы хатшысы Лассина Зербоға беру туралы Іріктеу комитетінің шешімін мен толық қолдаймын.

Зор өкінішке қарай, Юкия Аmanoның өткен айда өмірден озғаны белгілі. Біз оны жүрегі кең адам, МАГАТЭ-ның негізгі мақсаттарына қол жеткізілуіне және Агенттіктің Қазақстанмен ынтымақтастығының жоғары деңгейге көтерілуіне айрықша үлес қосқан жан ретінде жадымызда сақтаймыз. Ол Қазақстанда Аз байытылған уран банкіні құру ісіне белсене атсалысты. Мен Юкия Аmanoның осы залда отырған зайыбы мен бауырына шын ниетіммен көңіл айтамын.

Сонымен қатар мен сыйлықтың екінші лауреаты — ЯСЖТҚ басшысы Лассина Зербоға ыстық ілтипатымды білдіремін. Оның верификациялық режимді нығайту және Келісімшарт мониторингінің халықаралық желісін құру жолындағы күшжігерін лайықты бағалаған жөн.

Құрметті достар!

Бұл сыйлық адамзаттың болашағы ядролық қарусыз әлемде екені жөніндегі мән-маңызы аса зор ойды еске салып тұратын кәделі естеліктің тағы да біріне айналады деп кәміл сенемін.

Жаппай қырып-жоятын қарудың аса қатерлі осы түрінен біздің ғаламшар ертелі-кеш біржола арылатынына және мен жария еткен «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесінің негізгі мақсаты орындалатынына нық сенімдімін. Бүгінгі іс-шара — прогресс пен баршаның өсіп-өркендеуі жолында бірлесе әрекет ету туралы жаһан қоғамдастығына арнаған біздің жолдауымыз.

Тыңдағандарыңызға рахмет!

Еуразия елдері парламенттері спикерлерінің IV кеңесінде сөйлеген сөзі

Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жылғы 24 қыркүйек

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Қадірлі қонақтар!

Еуразия жүрегіндегі Ұлы дала еліне — қонақжай қазақ жеріне қош келдіңіздер!

Парламент спикерлерінің бүгінгі басқосуының Қазақстан астанасында өтіп отырғанына қуаныштымыз. Атап айтқанда, осы жиынға Азия мен Еуропаның 60-тан астам мемлекетінің делегациялары және 14 халықаралық ұйым өкілдері келіп отыр. Осы кеңестің табысты жұмыс істеуіне баршамыз мүдделіміз.

Біз заң шығарушы органның қызметіне зор мән береміз. Қазақстан депутаттары шетелдік әріптестерімен кең ауқымда байланыс орнатып, мемлекетаралық достықты нығайтып келеді.

Елдеріміздің жоғары өкілді органдарының депутаттары Еуразиядағы ынтымақтастық аясын одан әрі кеңейтеді деп сенемін!

Құрметті қонақтар!

Белгілі ғалым Джон Шар бір кезде: «Болашақ дегеніміз — біз баратын емес, біздер жасайтын дүние. Жол іздегеннен гөрі оны өзіміз салғанымыз жөн. Құрылыс онымен айналысушының өзін ғана емес, тағдырын да өзгертеді», — деген екен.

Бұл сөздің тереңде жатқан мағынасы көбіне-көп тәуелсіз Қазақстан тарихымен де үндеседі. КСРО күйрегеннен кейін біз оның орнындағы кеңістікте орын тепкен, ауқымы жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын жаңа мемлекетте өз болашағымызды өзіміз жасауымыз керек екенін жете сезіндік.

Елдің Тұңғыш Президенті ретінде маған мемлекет құрып, «Қазақстан Республикасы» деп аталатын елді 30 жылға жуық уақыт басқарудың аса зор мәртебесі бұйырды. Дағдарыстар мен қиындықтарға қарамастан, халқымызбен бірге біз алдымызға ең өршіл мақсаттар қойып, оған қол жеткізе алдық. Жасанды қарапайымдылыққа салынбай-ақ айтар болсам, мақтануға тұрарлық істеріміз баршылық.

Мәселен, экономикалық прогресс пен ел халқының әл-ауқатын арттыру ісін біз өзіміздің ең басты басымдығымыз ретінде белгіледік. Тақыр жер дерлік орында нарықтық экономика құра отырып, Қазақстан бүгінде әлемнің мейлінше дамыған 50 мемлекетінің қатарына қосылды. Ішкі жалпы өнім 18 есе өсті. Ел экономикасының көлемі Орталық Азияның барлық елдерінің ортақ ІЖӨ деңгейінен 2 есе асып түсті. Халықтың табысы долларға шаққанда 9 есе өсіп, кедейшілік деңгейі 10 есе — 4,6%-ға дейін төмендеді.

Соңғы 20 жыл ішінде біз 320 млрд доллардан астам инвестиция тастады. Өңірде сөзсіз бірінші орынға шықтық. 90 млрд доллардай халықаралық резерв жинақталды. Бұл бізді дағдарыстар кезінде рецессиядан құтқарды. сондай-ақ, шикізат ресурсына тәуелділіктен арылуға бағытталған сервистік-өнеркәсіптік экономика құруға, оны индустрияландыруды бастауға септігін тигізді.

Теңізге шығатын жолы жоқ ел бола отырып, біз ауқымды инфрақұрылымдық жоспарды іске асырып жатырмыз. Қысқа мерзім ішінде 15 мың шақырымнан астам автомобиль жолдары мен теміржолдар салынды және қайта жаңғыртылды. Бұл жайт Қазақстанға Тынық және Атлант мұхиттарына, сонымен қатар Парсы шығанағына шығуға мүмкіндік берді. Біз жаңа «Жібек жолы» жобасына қолдау көрсетіп отырмыз, өйткені бұл бастама біздің елге тиімді. Басқаша айтқанда, Қазақстан Азия мен Еуропаны, Солтүстік пен Оңтүстікті тиімді жалғап жатқан транзиттік мемлекетке айналды.

Біз экономиканы цифрландыру және технологиялық жаңғырту ісін белсене іске асырудамыз. Қазақстан ТМД және Шығыс Еуропа елдері арасынан бірінші болып, «Болашақтың энергиясы» тақырыбымен ЭКСПО көрмесін өткізді. Біздің астанамызда «Астана» халықаралық қаржы орталығы жұмысын бастады. Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингісі бойынша еліміз 190 мемлекет арасында 28-орын алып отыр.

Ұлы даланың орталығында біз небары 20 жыл ішінде бүгін парламенттер спикерлерінің осы кездесуі өтіп отырған әсем астанамызды салдық. Ол тәуелсіз Қазақстанның жарқын символына айналды және қай жағынан да әлемнің қазіргі заманғы мегаполистерінің ешбірінен кем түспейді.

Елді жаңғыртудың 2050 жылға дейінгі міндеттері айқындалды. Басты мақсатымыз — экономикалық тұрғыдан ғаламшардағы ең қуатты 30 елдің деңгейіне көтеріліп, қатарына қосылу.

Қазақстанның халықаралық құқық тұрғысынан мойындалуы — біздің тағы бір маңызды басымдығымыз. Ұзындығы 15 мыңнан асатын мемлекеттік шекарамызды заңды түрде ресімдей отырып, біз әлемнің өзімізбен шектесіп жатқан аса ірі Ресей және Қытай сияқты мемлекеттерімен және Орталық Азия елдерімен арада «тату көршілестік белдеуін» қалыптастырдық.

АҚШ, Түркия, Еуроодақ, Еуропа, Таяу Орта Шығыс елдерімен, сондай-ақ Иранмен, Жапониямен, Оңтүстік Кореямен, Азияның өзге де мемлекеттерімен жемісті ынтымақтастық орнатылды.

Біз КСРО-дан қалған мұра — қуаттылығы жөнінен әлемдегі төртінші ядролық қару арсеналынан бас тартып, ғаламшардағы аса ірі сынақ орнының бірі — Семей ядролық полигонын жаптық. Оның аумағында 40 жыл ішінде жер үстінде және жер астында 456 жарылыс жасалған еді. Радиациядан 500 мыңнан астам адам зардап шекті.

Полигонды жабу туралы менің жарлығым 1996 жылы Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы келісімнің қабылдануына жол ашып берді. Біздің

елдің ұсынысы бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясы 29 тамызды (Семей полигоны жабылған күнді) Ядролық сынақтарға қарсы қозғалыстың халықаралық күні деп жариялады.

МАГАТЭ-ның қолдауымен Қазақстан аумағында Аз байытылған уран банкі құрылды. Ол атом энергетикасын шет елдердің бейбіт мақсатпен дамытуға деген өздерінің заңды құқығын қамтамасыз етулеріне мүмкіндік береді.

Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Ядролық қарудан азат әлем қалыптастырудың жалпыға ортақ декларациясының бастамашысына және бірлескен авторына айналды. Өңірдегі көршілерімізбен бірге біз Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақты құрдық. Мен өз тарапымнан «Ядролық қарусыз әлем және жаһандық қауіпсіздік үшін» сыйлығын тағайындадым. Осындай аса маңызды қадамдар жасай отырып, Қазақстан жаппай қырып-жою қаруынсыз әлем жолындағы жаһандық қозғалысқа лайықты түрде басшылық жасады.

Осы орайда мен «Парламентарийлер ядролық қаруды таратпауды және қарусыздануды қолдайды» халықаралық бірлестігінің құрамы 80 елдің 800-ден астам депутатынан тұратыны жөніндегі фактіні жоғары бағалаймын.

Менің бастамаммен Еуразия экономикалық одағын және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру жобалары нақты өмірде жүзеге асырылды.

Қазақстан жерінде аса маңызды халықаралық екі форум жөніндегі идея — Азиядағы өзара іс-әрекет және сенім шаралары кеңесін, сондай-ақ бүгінде әр үш жыл сайын өтіп тұратын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін шақыру бастамасы өмірге келді.

Біздің ел сондай-ақ Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымын, Шанхай ынтымақтастық ұйымын, Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесін, Халықаралық Аралды құтқару қорын құрудың бастауында тұрды. Осы залда 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының XXI ғасырдағы жалғыз саммиті өтті.

Қазақстан елеулі «бітімгершілік құжаттамасын» жинақтай алды. Бұған түрлі кездері Таулы Қарабақ төңірегіндегі, Тәжікстан мен Қырғызстандағы ахуалды реттеуде, сондай-ақ Иранмен бірге Барлығын қамтитын бірлескен әрекеттер жоспарын жасауда табысты қол жеткізілген жетістіктер жолындағы күш-жігерді жатқызуға болады.

Украина дағдарысы жөніндегі келіссөздердің басталуына және Ресей – Түркия қарым-қатынасының қалпына келтірілуіне ықпал еткен тиімді медиаторлығымыз да мойындалды. Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласы Сирия дағдарысы мәселесін шешу жөніндегі маңызды алаң болып саналады. Біз Ауғанстанға, Тәжікстанға, басқа да дамушы елдерге үнемі елеулі гуманитарлық және техникалық көмек көрсетіп отырамыз.

Ақтауда 2018 жылы көптен күткен Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылды. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің 2017-2018 жылдардағы мүшесі ретіндегі миссиясын да лайықты атқарды.

Аса белсенді, көпвекторлы және бейбітсүйгіш саясат жүргізе отырып, біз елімізді егемендігі мен ұлттық қауіпсіздігін айтарлықтай нығайттық.

Бірегейлік пен халқымыздың мәдениетін сақтау мәселесі елеулі басымдық болып белгіленді. Ұлы дала әлемге жылқыны қолға үйрету мен атқа міну мәдениетін, ежелгі металлургияны, өнердегі «аң стилін» және әйгілі «Алтын адамды» — сақ жауынгерінің киімін тарту етті. Қазақстанның кең-байтақ даласы арқылы Ұлы Жібек жолы керуендері өтіп жатты. Бұл өңір түркі әлемінің бесігіне айналды. Біздің жеріміз — алма мен қызғалдақтың да Отаны.

Қазақстанда 100-ден астам этнос пен 46 діни конфессия өкілдері татулық пен келісімде өмір сүріп, жұмыс істеп, білім алуда. Олардың бәрі құқығы, мүмкіндігі, бостандығы жөнінен өзара тең және бұл тұлғаның заңнамалық мәртебесін қамтамасыз етуге қосқан біздің басты үлесіміз болып саналады. Бұдан бөлек, әлемде болып жатқан оқиғалар аясында Қазақстан этносаралық келісім мен толеранттылықтың өнегелі үлгісін көрсетіп отыр.

Қазақ жазуын кезең-кезеңмен латын қарпіне көшіру ісі басталып кетті. Мыңдаған жас «Болашақ» бағдарламасы бойынша мемлекет есебінен әлемнің үздік университеттерінде білім алды. Өз елімізде де әлемдік деңгейдегі бірқатар университет ашылып, зияткерлік мектептер желісі қалыптасты. Осының барлығы білімнің құндылығын және Қазақстан халқының қазіргі замандағы күрделі жағдайда бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Артта қалған белесті шола қарағанда, осыншалық ауқымды және мазмұнды тарихи жолдан 30 жылға жетер-жетпес уақытта өтіп шыққанымызға кейде сену де қиын сияқты көрінеді.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Бүгінгі кеңестің тақырыбы осы жылдарда Қазақстан халықаралық аренада жүзеге асырып келе жатқан саясаттың негізгі қағидаттарымен өте үйлесімді үндеседі. Бұл ретте мен «Диалог, Сенім және Серіктестік» Үлкен Еуразияның ажырамас элементіне айналуы үшін осы аудиторияның мәртебелі мүшелері не істей алатыны жөніндегі өз пайымдауларымды баяндап бергім келеді.

Біріншіден, мен парламентарийлердің даусы құрлықта бұрынғыдан әлдеқайда айқынырақ және қаттырақ естілуін қалаймын. Өйткені әлемнің жетекші державалары арасындағы өзара сенімге өз үлесін қазіргі жаһандық дағдарыстың қаншалықты дендеп, тереңдеп кеткенін жақсы түсінетін халық қалаулыларынан артық кімдер қосуға тиіс.

Екіншіден, парламентарийлер мемлекеттер мен үкіметтер басшылары арасынан шыққан саясаткерлерге көбірек ықпал еткені абзал деп ойлаймын. Шынына келгенде, құрылғанына биыл 130 жыл толатын Парламентаралық одақ тіпті Ұлттар лигасынан да бұрын пайда болды. Аталған одақтың негізгі мақсаты елдер арасындағы саяси диалогқа жағдай жасау болған еді және Лиганың құрылуына ықпал еткен де нақ осы Одақ болатын.

Депутаттар саяси көшбасшыларға елдеріміздің қарапайым азаматтарының бүгінде ғаламшар бетпе-бет келіп отырған қатер туралы алаңы мен уайымын әлдеқайда пәрменді және жүйелі жеткізе алады. Егер Үшінші дүниежүзілік соғыс болатын болса, ол біздің өркениеттің ақырғы соғысы болуы әбден мүмкін ғой.

Ешқандай дау-дамайсыз, тату-тәтті тұруға, қорқынышсыз және ертеңгі күнге, балаларымыз бен немере-жиендеріміздің болашағына деген сеніммен өмір сүру тілегі біздердің халқымыздың көкейіне баяғыда-ақ ұялаған. Осындай жағдайда ядролық қарусыздану жолындағы жаһандық күреске және ғаламшардағы тіршілікті сақтауға Жер шарының барлық тұрғыны бүгінгіден де белсендірек атсалысуға тиіс.

Үшіншіден, АСЕМ-нің 2018 жылғы форумында және биыл Бейжіңде өткен екінші «Бір белдеу, бір жол» форумында мен Жер шарындағы бейбітшілік тікелей байланысты болып отырған негізгі державалар — Ресей, Қытай, АҚШ және Еуропа Одағы арасында диалог орнатуды ұсындым. Олар адамзаттың болашағы, халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздік жолындағы өздерінің айрықша жауапкершілігін сезінеді деп сенемін.

Аталған «төрттіктің» саяси көшбасшылары ерік-жігер танытып, ғаламшардағы ширығысты бәсеңдету, түйткілді шешу жолдарын табуға тиіс. Ал оны тек диалог пен келіссөз арқылы ғана іске асыруға болады. Менің бұл ұсынысым қазірдің өзінде әлемдегі көптеген ойыншы тараптардың қолдауына ие болып отыр. Ондай диалогты ілгерілету жолындағы маңызды бір қадам ретінде келер жылы Қазақстан астанасында сол «төрттіктің» парламентарийлерінің бейресми кездесуін өткізуді ұсынар едім.

Төртіншіден, бәріміз халықаралық құқық жүйесінің дағдарысын, атап айтқанда, оның ішінара мүжіліп, эрозияға, көбінесе елемеушілікке ұшырап жүргенін көріп, кейде тіпті мүлде көзге ілінбеуіне, құлаққа қыстырылмауына куә болып отырмыз.

Мемлекеттердің егемендігіне, аумақтық тұтастығына қол сұғылып, бұрын қол жеткізілген уағдаластықтардың бұзылған жағдайлары да жақсы мәлім. Санкциялардың кейде жөнсіз қолданылуы олар бағытталған елдерге ғана емес, әлемдегі басқа да барлық мемлекеттерге, миллиондаған адамның әл-ауқатына теріс әсерін тигізеді.

Осындай жағдайда мен Нью-Йоркте Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мінберінен халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарын қайта қарау жөнінде БҰҰ-ның жоғары деңгейдегі халықаралық конференциясын шақыруды ұсындым. Бұл ретте Еуразия парламентарийлері БҰҰ жарғысының маңызды рөлін қайта жаңғырту туралы жоғары деңгейдегі заңнамалық дебаттарға бастамашылық жасау арқылы өз үлесін қоса алар еді.

Бесіншіден, жаһан қоғамдастығы үшін орасан зор маңызы бар халықаралық келісімшарттарды ратификациялау үдерісіне атсалысуға шақырамын. Мысалы, *Климат жөніндегі Париж келісіміне 192 мемлекет қол қойды, бірақ тараптардың көпшілігі оны әлі ратификациялаған жоқ. Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы келісімшартқа, Ядролық қаруға тыйым салу туралы келісімшартқа, тағы да*

басқа бірқатар маңызды көпжақты құжаттарға қатысты да дәл осындай ақпарат беріліп отыр.

Алтыншыдан, парламентаралық қоғамдастықтар ішіндегі қатарласымен танытырып, заңнама саласындағы бірлескен жұмыстың тиімділігін арттырған жөн. Құқықтық актілерді үйлесімді ету саласында да ауқымды жұмыстар бар. Мәселен, терроризмнің ортақ анықтамасын, террористік және экстремистік ұйымдардың, ұйымдасқан халықаралық қылмыстық топтардың бірыңғай тізімін жасау қажет.

Әлемдік экономиканың, әлеуметтік дамудың жаңа цифрлық дәуірге, жасанды интеллект дәуіріне көшуі барысында құқықтық база әзірлеу жұмысы да өте өзекті деп санаймын. Электрондық және крипто «әмияндарды» пайдалана отырып, интернет алқылы есірткі сатуға заңнамалық тосқауыл қойған жөн.

Сонымен қатар халықаралық парламентаризмді саясиландыруға әуестіктен, мәселен, қандайда бір мемлекетті диалогтан сырт қалдыру тәрізді ұшқарылыққа бой алдырудан аулақ болу қажет.

Құрметті қонақтар!

Халқымыз «Ерді талап ұшырар, құсты қанат ұшырар» дейді. Бүгінгі басқосу халықаралық Диалогты, Сенім мен Серіктестікті нығайтуға зор үлес қосады деп сенемін.

Еуразия құрлығы әрдайым әлемдік дамудың алдыңғы шебінде болғанын ұмытпағанымыз жөн. Біз Үлкен Еуразияның болашағын бірлесе айқындауымыз керек. Осындай игі мақсатты көздеген форумның жұмысы нәтижелі болсын!

Баршаңызға толағай табыс тілеймін!

Түркі кеңесінің VII отырысында сөйлеген сөзі

Әзірбайжан Республикасы, Баку қаласы, 2019 жылғы 15 қазан

Құрметті саммитке қатысушылар!

Бүгін түркітілдес мемлекеттер басшыларының толық форматтағы алғашқы кездесуін еске түсіргім келіп отыр. Ол 1992 жылы қазан айының соңында Анкарада өткен болатын. Бұл оқиға Орталық Азияның жаңа тәуелсіз мемлекеттері тарихының алғашқы кезеңі еді.

Сол кезде-ақ ортақ тарих, тіл, мәдениет және салт-дәстүрге негізделетін, барлық бауырлас халықтар арасына дәнекер болатын байланыстардың бар екенін айқын түсіндік. Сондықтан тамырлас елдердің бәрі Анкара мәлімдемесіне қол қойды. Сол арқылы біз түркі әлемінің байтақ кеңістігінде өзара ынтымақтастықты дамытуға деген ерік-жігер мен батылдық көрсеттік.

Түркітілдес мемлекеттер басшылары Әзірбайжанда, Түркияда, Қырғызстанда, Өзбекстан мен Қазақстанда әр түрлі құрамда онға жуық кездесу өткізді. Елдеріміздегі ішкі күн тәртібінің әр алуандығы мен сыртқы саяси жағдай сол кездесулердің әрқилы нәтиже беруіне әсерін тигізді.

Алайда, осыдан 10 жыл бұрын Нахичеванда біз Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесін құру туралы негізгі құжатты бекіттік. Осылайша, өзара байланыс эволюциясының барынша ойластырылған және прагматикалық жаңа кезеңі басталды. Дәл осы қадам қазіргі мерейтойлық межемізге жақсы жетістіктермен жетуімізге мүмкіндік берді.

Біріншіден, біз жаһандық тұрғыда да, өз ішімізде де ұйымға сұраныс бар екендігін әрі оның өзектілігін дәлелдей алдық.

Екіншіден, Кеңестің қатары Өзбекстан мен Мажарстан есебінен толықты. Бұл — біздің бірлескен жылнамамыздың жаңа парағы.

Үшіншіден, елдеріміз салмақты институционалдық архитектура қалыптастырды.

Төртіншіден, Кеңестің өңірлік және халықаралық деңгейдегі саяси және экономикалық беделі өсіп келеді.

Бесіншіден, Түркі әлемі интеграциясының тұжырымдамасы қабылданды. Осы құжатқа сәйкес, түркітілдес елдердің көпқырлы ықпалдастығы келешекте бұдан да жоғары деңгейге көтерілетін болады.

Қымбатты достар!

Түркі өркениетінің тамыры тереңде жатыр. Біз тарихқа көз салсақ, планетаның ең алып құрлығында әрдайым елеулі рөл атқарған халықтардың ұрпағымыз.

Түркі әлемінің қазіргі кезеңде де маңызды орнын сезіну үшін дүние жүзінің географиялық картасына көз жіберу жеткілікті.

Өткен ширек ғасырдан астам уақытта (1992-2019 жж.) түркітілдес мемлекеттер басшыларының түрлі құрамдағы 17 кездесуінің бәріне қатысқанымды еске алатын өткім келеді.

Мен үшін «Turk» сөзінің әрбір әрпі әрқашан айрықша маңызға ие: T — trust, яғни «сенім»; U — unity, яғни «бірлік»; R — renaissance, яғни «қайта өркендеу»; K — kinship, яғни «туыстық».

Осы тұрғыда, менің қауымдастық ішіндегі жұмысымның басты мақсаты — елдерімізді жақындастыру болды. Сондықтан, бірлескен күш-жігердің арқасында осы мақсатқа қол жеткізгенімізге өте қуаныштымын.

160 млн-ға жуық азаматтары бар біздің бауырлас отбасымыздың аясы кеңейіп, қатынасымыз дамып келеді. Сонымен қатар, бүгінде әлемде алпауыт державалар арасындағы текетірес пен сенім дағдарысы салдарынан күрделі геосаяси ахуал қалыптасып отырғаны баршаға аян.

Кейде біздің Кеңесімізге мүше елдер арасында да шешуді қажет ететін мәселелер туындап жатады. Әрине, мұндай жағдайда біз қол қусырып қарап отырмадық. Осындай сын-тегеуріндерге жауап ретінде Түркі әлемі интеграциясының тұжырымдамасын қабылдау жөніндегі қадамды және Шолпан-Атада мен ұсынған түркі ынтымақтастығы ұйымдарының реформасын атап өтуге болады.

Баршамызға жаңа кезеңге қадам басып, түркі болашағының жаңа көкжиегін қалыптастыруға кірісетін уақыт келді деп ойлаймын. Осыған орай екі ұсынысым бар.

Біріншіден. «Түркі келешегі – 2040» бағдарламасын әзірлеу. Бұл құжатқа түркітілдес қоғамдастықтың ұзақ мерзімді мақсаттары мен оған қол жеткізу жолдары енгізілуге тиіс. Осылайша біз өз халықтарымызға аталған кезеңдегі түркі интеграциясының түпкі бейнесінің көрінісін ұсынамыз.

Сол арқылы — сыртқы саясат және «жұмсақ күш» саясаты, сауда мен транзит, туризм мен инвестиция, энергетика мен «жасыл экономика», шағын және орта бизнес (яғни саммитіміздің тақырыбы) сияқты елдеріміздің басымдық беретін салаларындағы өзара ықпалдастығына тың серпін береміз.

Бағдарламаға мәдениет пен білім беруді, жастар саясаты мен денсаулық сақтауды, цифрландыру мен жасанды интеллектіні де қосу қажет. Сондай-ақ, қазіргі кезде Қазақстан ғаламат құрылыс жұмысын жүргізіп жатқан «Түркінің бесігі» саналатын Түркістан қаласын дамытуды да енгізу қажет.

Тиісті талдау жүргізгеннен кейін бұл құжатқа осы және алдыңғы саммиттерде ұсынылған бастамаларды іске асыру жөніндегі «Жол карталары» да енгізілуі керек. Мемлекеттерімізді дамытудың ұлттық бағдарламаларымен бұл құжаттың үйлесім табуы да маңызды. Сонымен бірге, біз бірлестіктің ашықтығын қамтамасыз етіп, қандайда бір блоктық санадан аулақ болғанымыз жөн.

Екіншіден. Келешекте Кеңестің атауын өзгерту мәселесін қарастырған жөн. Біздің тіліміздің, сондай-ақ тарихымыздың, мәдениетіміздің, дүниетанымымыз бен салт-дәстүріміздің тамырлары бір. Осының негізінде бүгінгі түркі интеграциясының

табысты болуы тек біз үшін ғана емес, сонымен бірге, бүкіл Еуразия кеңістігіндегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту үшін де стратегиялық маңызға ие.

XXI-ші ғасыр осы мүмкіндікті беріп тұр және біз оны толықтай пайдалануымыз қажет. Бұл ретте, Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесін Ұйым деңгейіне дейін көтеруге болады деп санаймын. Осылайша, біздің құрылымды — «Түркітекес мемлекеттер ұйымы» деп атауға болады.

Құрметті кездесуге қатысушылар!

Түркі интеграциясын нығайту және ілгерілету бағытындағы менің еңбегімді баршаңыздың жоғары бағалағаныңыз — мен үшін үлкен абырой, зор мәртебе.

Біз бұдан былай да бірлесе отырып, жаңа биіктерді бағындыра береміз деп үміттенемін. Бұл істе сіздерге көмектесуге және қолдау көрсетуге әрқашан дайынмын.

Тыңдағандарыңызға рахмет!

«Astana Club» V отырысында сөйлеген сөзі

Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жылғы 12 қараша

Құрметті отырысқа қатысушылар!

Баршаңызды «Astana Club» мүшелерінің мерейтойлық бесінші отырысында көргеніме қуаныштымын. Біздің бұл алаңымыз жұмысын бастағалы бері әлемнің әр түкпірінен келген жетекші саясаткерлердің, сарапшылардың, дипломаттардың басын бір үстелдің басында қоса отырып, өзінің қажеттігін дәлелдеді.

Бүгінде «Astana Club» халықаралық диалог платформалары жүйесінен бірегей орнын тауып, беделді және маңызды форумға айналды.

Еуразия меконтинентінің уақыт өткен сайын өсіп келе жатқан көлік арқылы ішкі байланыстылығы бірлесе даму үшін адамзат тарихында бұрын болмаған теңдесі жоқ мүмкіндіктерге жол ашуда. Бізге қазіргі сын-қатерлерді айналып өтіп, «Үлкен Еуразиядағы» ынтымақтастықтың жаңа перспективаларына пайдалануға мүмкіндік беретін ашық әрі адал диалог қажет.

Құрметті достар!

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңы мен 90-шы жылдарының басы айтулы дәуірлік оқиғаларға толы болды. Кеңес Одағы тоқтаусыз өзінің ақырына таяп келе жатты. Бұл ретте ол кезде әлем керісінше әлі де кәдімгідей оптимистік көңіл-күйді бастан өткеріп жатқан-тын.

Берлин қабырғасының күйреуі жарқын символына айналған «қырғиқабақ соғыстың» аяқталуы баршаның дамуына жол ашатын жаңа біртұтас әлем қалыптастыру үмітін оятты. Сол кезде әлемдік энтузиазм аясында Фрэнсис Фукуяманың атауы сөйлеп тұрған «Тарихтың соңы» деген әйгілі кітабы пайда болды. Дүниежүзілік тарих аяқталып, адамзат үлкен қақтығыстар болмайтын ортақ даму жолына қадам басқандай алдамшы сезім туындады. Алайда одан бері отыз жыл өткен соң біз ол үміттердің күлі көкке ұшқанын көріп отырмыз.

Бүкіл әлем бойынша ауқымды қақтығыстардың, геосаяси текетірестердің қайта жаңғырғанына куәміз. Өтіп бара жатқан 2019 жыл да өзара сенім мен кооперация ахуалын айтарлықтай бұзған жаһандық ауқымдағы драмалық оқиғаларға толы болды.

Алдымыздағы осы күндері пікірталастар барысында әлемдік деңгейдегі белгілі саясаткерлердің, сарапшылардың ойлары ортаға салынады. Олар талқыға түскен тақырыптың тілге тиек етер аса маңызды арқауына айналмақ. Мен Еуразиядағы геосаяси ахуалға теріс ықпалын тигізетін негізгі сын-қатерлерге қатысты өз көзқарасымды білдіргім келеді.

Біріншіден, бізді әлемдік экономикадағы төніп келе жатқан дағдарыстың белгілері жиі бой көрсетіп отырған ахуал алаңдатады. Саудадағы қайшылықтардың көбейіп, әлемде геосаяси тұрақсыздықтың белең алуы аясында жаһандық институттар көңіл жұбатпайтын болжамдар айтуда.

Жаһандық өсімнің баяулауы әлемдік саудаға жағымсыз ықпалын тигізіп отыр. Жаһандық мемлекеттік қарыз деңгейі алдыңғы дағдарыс қарсаңындағы 2007 жылғы көрсеткіштен екі есе асып түсіп, әлемдік ішкі жалпы өнімнің 80%-ына жетті. Осы факторлардың бәрі әлемдік тұрақтылықты шайқалтуда. Ал бұл жаһандық сауда және қаржы ағындары жүйесіне тығыз кіріккен Еуразия елдеріне елеулі әсерін тигізуде.

Екіншіден, әлемдік державалар арасындағы бәсеке жаңа деңгейге көтерілді. Өзара санкциялар мен сауда соғыстары АҚШ пен ҚХР арасындағы қазіргі қарым-қатынастың «жаңа қалыпты үрдісіне» айналды. Батыс пен Ресей арасындағы агрессивтік риторика мен экономикалық санкциялар да «қатынастың негізгі тілі» болып отыр. Тұрақты коммуникация арналары жоқтығынан ахуал ушығып, стратегиялық тұрақтылықты қалпына келтіру перспективаларына зиян келтіруде.

Жетекші державалар арасындағы текетірес өзінен өзі Еуразияның «отты нүктелеріне» көшіп, онсыз да күрделі болып отырған Сирия мен Украинадағы дағдарыстарды бейбіт реттеу үдерісін қиындата түсті. Ал Brexit соңғы уақыттағы негізгі антиинтеграциялық оқиғаға айналды.

Үшіншіден, таяудағы Орта және жақын қашықтық ракеталарын жою туралы келісімшарттың күйреуі ХХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан жаһандық және өңірлік қауіпсіздік жүйесіне тиген «ауыр соққы» болды. Сол арқылы бүкіл Еуразия кеңістігінде бақылаусыз қаруланудың кезекті толқыны көтерілді. Ядролық қару иелену «табалдырығы алдында тұрған елдер» өз қауіпсіздігі мен егемендігінің кепілі ретінде одан бас тарту ниетінен айни бастады.

Төртіншіден, державалар арасындағы жаһандық конфронтация технология саласына да белсенді түрде өте бастады. Қытайдың «Huawei» компаниясы төңірегіндегі ахуал әлемдік державалар арасындағы геосаяси қайшылықтың еріктен тыс технология саласы мен электроника өндірісінің дамуына ықпал етуі мүмкін екенін айқын көрсетіп берді. АҚШ пен Қытай арасындағы шиеленістің күшеюі қазірдің өзінде әлемдік жоғары технологиялар нарығын шайқалтып, жаһандық технологиялық тізбектің бұзылуына әкеп соқтыруда.

Жасанды интеллектіні дамыту қарқын алып келеді, ол ғаламат мүмкіндіктерге жол ашумен қатар сын-қатерлер де туындатуда. Мысалы, бүгінде жасанды интеллект — тұрақтылықты шайқалту мен гибрид соғыстардың маңызды тетігінің бірі. Оның ықпалымен әлемдегі күштердің жаңаша құрылымдануы жүзеге асып жатыр.

Бесіншіден, жаһандық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын өңірде — Таяу Шығыста ахуал айтарлықтай күрделеніп кетті. Жасалуына Қазақстан өз үлесін қосқан Иранға қатысты ядролық мәміледен АҚШ-тың сырттауы өңірдегі жағдайдың ушығуына елеулі әсерін тигізді.

Осы үрдістердің барлығы Еуразиядағы қауіпсіздік жүйесіне «қайта-қайта» оның сапалы жаңа ұстанымын әзірлеу міндетіне түрткі болып отыр.

Қымбатты достар!

Бәріміз көріп отырған қазіргі дағдарыстың ахуал жаңа қауіп пен сынамалармен қатар әлдеқашан пісіп-жетілген диалогқа да зор мүмкіндік туғызып отыр. «Үлкен Еуразиядағы» жаңа «ойын ережесін» айқындау қажет екендігіне ешкім күмән келтірмейді деп ойлаймын. Осы орайда мен бірқатар нақты практикалық ұсыныстарымды ортаға салғым келеді.

Бірінші. Қауіпсіздіктің жалпықұрлықтық архитектурасын қалыптастырудағы негізгі ұстанымдарды сыни тұрғыдан қайта байыптау қажет. Еуропа мен Азияның өңірлік жүйелерін біріктіріп, қауіпсіздіктің толыққанды «Еуроазия» моделін қалыптастыру қажеттігі пісіп-жетілді.

2020 жылы ЕҚЫҰ-ның Еуроатлантика және Еуразия қауіпсіздігінің біртұтас қоғамдастығын қалыптастырудың маңыздылығы көрсетілген Астана декларациясы қабылданғанына 10 жыл толады. Бұл мәселелерді АӨСШК мен ЕҚЫҰ әлеуетін бірлестіргенде тиімді шешуге болады.

Мұндай бастаманың ықтималдылығын «Astana Club» сарапшылары арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі көрсетіп берді, олардың 65%-ы екі құрылымды біріктіру Еуразия қауіпсіздігінің негізгі проблемаларын тиімді шешуге мүмкіндік туғызады деп санайды. Біздің клубтың платформасын пайдалана отырып, аталған тақырып бойынша келіссөздердің ЕҚЫҰ және АӨСШК сарапшылары мен дипломаттары арасындағы «екінші кезегін» іске қосуды ұсынамын. Диалогтың бұл форматы келіссөздерді әлдеқайда жоғары саяси деңгейде ұйымдастыру үшін дайындық кезеңі қызметін атқара алар еді.

Екінші. «Әлем. XXI ғасыр» манифесінде мен өмір сүру әдісі ретінде соғысты біртіндеп мүлде жоюға бағытталған орнықты әлем географиясын қалыптастыру қажеттігін атап өттім. Бұл міндет жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау негіздерінің әлсіреп, Иран мен КХДР елдерінің ядролық бағдарламалары төңірегіндегі ахуалдың ушығуына байланысты барған сайын ерекше өзекті сипат алып келеді.

Күн тәртібіндегі ядролық қарусыздану мен таратпау мәселелерін ілгерілету үшін әлемде беделді жаһандық платформа қалыптастыруға деген қажеттіліктің күшейіп келе жатқанын бәріміз көріп отырмыз. Осыны ескере келе, Ядросыз әлем қалыптастыруды жақтайтын көшбасшылардың жаһандық альянсын құру жөнінде бастама көтеру керек деп санаймын. Әлемнің жетекші ғалымдары, беделді саясаткерлері мен дипломаттары ядролық қаруды таратпау ісінде күш-жігер жұмылдыра алар еді деп ойлаймын. Клубымыздың отырысына қатысушыларды осындай халықаралық бірлестік құру перспективасын талқылауды ұсынамын.

Үшінші. Біз ядролық қарусыздану туралы қолданыстағы келісімдердің бұзылуын тоқтату қажеттігі жөнінде әлденеше рет айттық. Ядролық қаруды таратпау туралы келісімшарт тақырыбында келер жылы өтетін шолу конференциясы қарсаңында

біз аталған құжаттың негізгі ережелерін әмбебаптандыру қажеттігі туралы тағы да ойланғанымыз жөн.

Келісімшарттан шығып кеткені үшін жүктелетін халықаралық жауапкершілік шараларын қатайтып, оны БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тиісті қарарлары арқылы бекіту қажет деп санаймын. Әсіресе Ядролық қаруға тыйым салу туралы келісімшарт пен Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы келісімшарттың тезірек күшіне енуіне ерекше көңіл бөлінуге тиіс.

Осы орайлы сәтті пайдалана отырып, әр 2 жыл сайын Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммит өткізіп отыру тәжірибесін қайта қалпына келтіруді ұсынғым келеді. Өзім айтқандай, Қазақстан сондай саммиттің бірін болашақта өз астанасында өткізуге әзір.

Төртінші. Бізді Азия кеңістігіндегі қарулану үрдісі, атап айтқанда, КХДР төңірегіндегі шиеленістің күшеюі алаңдатады. Бұл түйткілді шешудің бірден-бір жолы Солтүстік Кореяға БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің барлық мүшесі тарапынан пәрменді қауіпсіздік кепілдігін беру тетігін әзірлеу деп ойлаймын. Тағы бар маңызды қадам Корей түбегіндегі ахуалды тұрақтандыратын құжат — Пхеньян мен Сеул арасындағы сенім шаралары каталогын жасау болар еді. Бұл мәселелерді егжей-тегжейлі талқылау үшін АӨСШК алаңын пайдалануды ұсынамын.

Бесінші. Мен құрлықтың негізгі интеграциялық бірлестіктері арасындағы жүйелі экономикалық диалогқа негізделген біртұтас қоғамдастық құру ісінен Еуразияның болашағын көремін. Еуразия экономикалық одағы, Еуропа Одағы, ШЫҰ, АСЕАН және Белдеу мен Жол» бастамасы арасындағы прагматикалық ынтымақтастық «Үлкен Еуразия» қалыптастыруға қуатты серпін беріп, әлемнің ірі материгінің бүкіл саяси кеңістігін тұрақтандырады.

Бүгінге дейін ЕО мен Еуразиялық экономикалық одақ арасында толыққанды диалогтың орнамай отырғанын мүлде жөнсіз іс деп санаймын. Бұл екі бірлестік тарихи тұрғыдан бір-бірімен байланысты және бір-бірін өзара толықтырады, ағымдағы саяси көзқарастың өзгелігі біздерді ажыратпауға тиіс. Біз бүгінде ЕО мен Ресей арасындағы ешкімге мүлде пайдасы жоқ қазіргі қайшылыққа нүкте қоюға шақырған үндерді барған сайын жиі еститін болдық.

Сондықтан Еуропа комиссиясы мен Еуразия экономикалық комиссиясы басшылары арасында жыл сайын саммит өткізуді көздейтін ЕО – ЕАЭО серіктестігі диалогының тетігін енгізуді ұсынамын.

Жоғары Еуразия экономикалық кеңесінің құрметті төрағасы ретінде мен бұл үдеріске жан-жақты қолдау көрсетуге дайынмын. Тығыз экономикалық кооперацияның нәтижесі аталған үдеріске қатысушылардың барлығына пайдасын тигізіп, елдер арасындағы көптеген геосаяси түйткілдердің күн тәртібінен алынып тасталуына септігін тигізеді деп сенемін.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Бүкіл Еуразиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздіксіз ешкім де өзінің орнықты әрі ұзақ уақыт бойы дамуын қамтамасыз ете алмайтынын Қазақстан жақсы түсінеді.

Сондықтан бүгінгідей жағдайда құрлықтың ешбір елі өңіршілдік пен тар ауқымда ойлау шеңберімен шектеліп қалмай, кеңірек пайымдап, «еуразиялық категориялармен» ой түюге тиіс. Тек сонда ғана біз Еуразия «суперқұрлығының» бойындағы орасан зор әлеуетті іске асыра аламыз. Осы орайда, «Үлкен Еуразия» деп аталатын жаңа геосаяси конструкцияның идеялық платформасы ретінде бүгін нақ біздің клубтың бой көрсетіп отырғанын мен ризашылықпен атап өткім келеді.

Қымбатты достар!

Әйгілі тарихшы және ойшыл Арнольд Тойнбидің теориясы бойынша, әр қоғам тарихтың туындаған сын-қатеріне кезінде қаншалық лайықты қарсы тұра білсе, соншалықты дамып, жеңіске жетіп келеді.

Тарих — қатал емтихан алушы. Қате немесе ақылға қонымсыз жауап көптеген халықтар үшін өте қымбатқа түскен. Жеке бір елдің немесе өңірдің ғана емес, бүкіл адамзаттың болашағы біздің емтиханнан бүгін қалай өтетінімізге байланысты. Біз тек күш-жігер жұмылдырсақ қана, жаңа сын-қатерлер мен қауіптерге қарсы тұра аламыз.

Қазіргі сенім деңгейі мен өзара тиімді мүддені көздеген ортақ ұмтылыстың түптеп келгенде барлық қиындықты еңсеріп, бәріміздің ортақ шаңырағымыз — Еуразияның өсіп-өркендеуін қамтамасыз етеріне сенемін!

Тыңдағандарыңызға рахмет!

«Nur Otan» партиясы өңірлік филиалдарының өкілдерімен кеңесте сөйлеген сөзі

Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жылғы 25 қараша

Құрметті жиынға қатысушылар!

Өздеріңізге белгілі, біздің партия осыдан 20 жыл бұрын менің қолға алған реформаларыма қолдау білдірген бүкілхалықтық коалицияның негізінде құрылған еді. Бұл саяси ұйым — мұраты бір азаматтардың күш-жігерінің арқасында дүниеге келгені баршаға аян.

Сол кезде партияның өз ғимараты, қаражаты, бүгінгідей құрылымы, материалдық базасы болған жоқ. Осы жылдар ішінде тынбай, табанды жұмыс істедік.

Егеменді еліміз жаңа мемлекет құру үшін талай белестерді бағындырды. Тәуелсіздікті нығайтып, Қазақстанды дүниежүзілік деңгейге шығару жолында түрлі сынақтардан жол тауып, саяси шыңдалып шықтық.

Партия басқа да ұйымдарды біріктіре отырып, қуатты саяси күшке айналды. Бүгінде «Nur Otan»-ның қатарында 900 мыңға жуық адам бар. Бұл — ортақ мақсатқа жұмылған біртұтас ұжым.



Өздеріңіз көріп отырғандай, «Nur Otan» қоғамымыздың бүкіл алуан түрлілігін қамтиды. Біз бүкіл Қазақстан халқының ел мен халықтың болашағына жауапты партиясымыз және нақты істер партиясымыз. Бізде Қазақстанды дамытудың айқын пайымы бар, нақты стратегия мен жұмыс жоспарлары бекітілген, қажетті ресурстар ескерілген.

Соңғы 25 жылда Қазақстанның ІЖӨ 11 млрд доллардан 170,5 млрд АҚШ долларына дейін өсті. Егер 90-шы жылдардың басында халықтың үштен бір бөлігінен астамы кедейліктің шегінде болса, бүгінде ол көрсеткіш 4,6% дейін төмендеді. Бізде бұрын жекеменшік мүлде болмаса да, бүгінде ІЖӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесі 27% құрайды. Біз 300 млрд доллардан астам тікелей инвестициялар тарттық.

Осы жылдарда бізге Қазақстанның транзиттік әлеуетін едәуір нығайтудың сәті түсті. Біз 12 мың км автокөлік жолдарын салып, жөндеуден өткіздік, 2,5 мың км теміржол төседік. Транзиттен түсетін табыстар қазірдің өзінде 1,5 млрд долларды құрады, бұл көрсеткішті 5 млрд долларға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Биыл біз 1000 км астам «Сарыарқа» магистральдық газ желісін тарттық. Бұл ірі инфрақұрылым жобасы 170-тен астам елді мекенді, соның ішінде елордамыз — Нұр-Сұлтан қаласын да кезең-кезеңімен газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Біздің еліміз халықаралық танымалдыққа қол жеткізді және үлкен беделге ие. Біз әлемнің барлық мемлекеттерімен достық қарым-қатынастарды жүйелі жолға қойып келеміз.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы бүкіл табыстары біздің партиямызбен, мыңдаған партия мүшелерінің күнделікті жұмысымен тығыз байланысты. Таяу күндері біз тәуелсіздігіміздің 28 жылдығын атап өтеміз. Бұл үлкен жетістік әрі іргелі құндылық. Осы жылдардың бәрінде де біз татулық пен келісім жағдайында тұрып келдік, өз мемлекетімізді құрдық, қарапайым азаматтардың өмірін жақсарттық. Қазақстандықтар елдің жетістіктерін мақтан етуге құқылы.

Осының бәрі жөнінде айту қажет. Біздің идеологиялық жұмысымыздың мәні осында. Біздің табыстарымыз жайдан-жай келмегенін халыққа түсіндіру қажет. Оның ту сыртында халқымыздың, тұтас бір ұрпақтың қажырлы еңбегі тұр. Бұл туралы ең алдымен біздің жастарымыз білуі тиіс, олардың еліміздің осы жылдарда нені бастан өткергені туралы түсінігі аз.

Сондай-ақ біздің қайда бара жатқанымыз — Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының мақсаттары туралы белсенді түрде айту қажет. Бұл барлығын қамтитын жоспар әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену үшін айқын бағдарлар ұсынады әрі көптеген өзекті сұрақтарға жауап береді.

Алайда бүгінде 2050 стратегиясының шешуші бағыттары халыққа тиісінше түсіндірілмейді. Соның нәтижесінде көптеген азаматтардың көкейінде бағдарынан жаңылу мен күмән пайда болады. Сондықтан біз бұл бағдарламалық құжатты ілгерілету жөнінде жүйелі жұмыс ұйымдастырумыз қажет.

Алдағы 2020 жыл — дауыс берулер қарсаңындағы жыл. Алда бізді Мәжіліс пен мәслихаттардың кезекті сайлаулары күтіп тұр. Алайда олар енді бұрынғыдай болмайды.

Әлем түбегейлі өзгерістерді бастан өткеруде, белгісіздік пен болжап болмаушылық асқынуда. Біз алдын алып жұмыс істеуге тиіспіз. Сондықтан менің тапсырмам бойынша қазірдің өзінде партияны жүйелі түрде қайта жүктеу жүріп жатыр. Партияның бюросы мен Саяси кеңесінің отырыстары жаңа форматта өткізілді.

Сайлауалды уәделер мен 5 институционалды реформаны жүзеге асыру бойынша Ұлт жоспарының орындалуы жөніндегі Үкіметтің есебі алғаш рет Мәжілістегі фракцияның алаңында тыңдалды.

Тұтастай алғанда, сайлауалды уәделер міндеттемелерінің 92% және ұлт жоспары тармақтарының 50% табысты орындалуда. Үкімет пен партияның Мәжілістегі фракциясы бұл бағытта үйлесімді жұмыс істеуде. Өңірлер де біршама жандана түсті.



Бұл жұмыстар өз нәтижесін беруде. Қоғамдық саясат институтының деректеріне сәйкес, «Nur Otan» партиясына дауыс беремін деушілердің саны 10%-ға артқан. Партияның сенімді қолдаушыларының саны 8%-ға өсіп, 2,3 млн адамды құрап отыр.

Бұл — біздің бағытымыздың дұрыстығын айшықтайды. Біз өңір тұрғындарының партиядан не күтетінін жақсы білеміз. Ол — халықпен тіл табысу, оған есеп беріп отыру, жемқорлықпен табанды күрес жүргізу, әрқашан қарапайым жұртшылықтың мүддесін қорғау.

Сондықтан қазіргі кезде жергілікті жерлерде жүйелі жұмысты жолға қою маңызды. Яғни, жұртшылықпен тікелей байланыс орнату, олардың мәселесін шешу. Сондай-ақ, нақты жағдайды білетін және партия саясатын халыққа ұтымды жеткізе алатын қызметкерлердің жұмысын дұрыс ұйымдастыру.

Өңірлерді қолдау бойынша Үкімет бағытында да біраз істер атқарылып жатыр. Әсіресе, ауылдарды дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге ерекше екіпін берілген.

Осылайша, «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында 7 млн тұрғыны бар 3,5 мың ауыл іріктелді. Бұл ауыл тұрғындарының 90%-ын құрайды. 2026 жылға дейін ауылдарды дамытуға 1,9 трлн теңге қарастырылып отыр. Нәтижесінде осы елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік нысандар 100% модернизацияланатын болады.

Алдағы 3 жылда халықты ауыз сумен қамтамасыз етуге 560 млрд теңге бөлу жоспарда бар. Сөйтіп, 2023 жылдың соңына қарай ауылды жерлердің барлығы сапалы ауыз сумен қамтылады.

«Бизнестің жол картасы» бағдарламасына сәйкес, 2025 жылға қарай шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 35%-ға дейін артады.

Алдағы 2 жылда «Еңбек» бағдарламасымен шамамен 1,5 млн адам қамтылып, 750 мыңнан астам жұмыс орны ашылады.

2020-2025 жылдарға арналған жаңа «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша 107,6 млн шаршы метр тұрғын үй немесе шамамен 1 млн пәтер салынатын болады.

Қомақты бюджет қаражатының тиімді жұмсалуын қатаң қадағалауға тиіспіз. Осы орайда Үкімет пен әкімдіктер жұмысты жүйелі түрде жалғастыруы қажет.

Алдымен нақты елді мекендердің тізімін, қаражатты қайда бөлу қажет екенін және мерзімдер мен жауаптыларды анықтау керек. Партияның орталық аппараты осы мәліметтері ақпараттық-түсіндіру жұмысына пайдаланған жөн.

Құрметті кездесуге қатысушылар!

Мен партия халық пен биліктің арасындағы байланыстырушы буын болуы керек екендігін бұған дейін айтқанмын. Бір жағынан, біз мемлекеттік бағдарламаларды белсенді түрде түсіндіріп, мемлекеттің халық үшін не істеп жатқанын адамдарға жеткізуіміз қажет. Екінші жағынан, «Nur Otan» жергілікті жерлердегі адамдардың нақты проблемалары мен сұраныстары туралы біліп, оларды билік органдарына жеткізіп отыруы тиіс.

Бұл бағыттағы жұмысты күшейту үшін мына бірқатар міндеттерді іске асыру қажет деп санаймын.

Бірінші. Біз әрбір әкім мен мәслихаттар фракциясындағы депутаттардың партиялық жауапкершілігін түбегейлі күшейтуіміз қажет. Бүгінде барлық реформалар өңірлердің дамуына бағытталған. Мәселен, тек соңғы 10 жылда жергілікті бюджеттер 4,7 трлнды құрап, 3 еседей өсті. Бөлінген қаражаттың жұмсалуына нақты партиялық бақылауды қамтамасыз ету маңызды.

Бүгінде жергілікті жерлердегі мәслихаттарда нақты ықпал ету тетіктері бар. Сіздер сондай-ақ бюджет пен жергілікті бағдарламаларды бекітесіздер. Ауылдық деңгейдегі барлық әкімдердің 90% астамын мәслихат депутаттары сайлайды. Саналылықпен жүзеге асырылмаған жағдайда, сіздер әкімдерден тиісті түсіндірмелер талап етуге құқылысыздар. Жергілікті жерлердегі депутаттардың және барлық мәслихаттардың мәртебесін одан әрі нығайту жөнінде шаралар қабылдау маңызды.



Екінші. Партия әр өңір, әр қала, әр аудан бойынша сайлауалды бағдарламалар дайындауы керек. Түсінікті, қарапайым тілмен жазылып, онда елді мекендердің нақты проблемалары көрсетілуі қажет. Егер біз жұртты толғандыратын нақты сұраныстарға жауап беріп, үмітін ақтайтын болсақ, көпшілік бізді қолдайтын болады.

Келесі жылы өңірлерді дамытудың бесжылдық бағдарламаларын іске асыру аяқталады. Жаңа бағдарламаларды қабылдау қажеттілігі жаңа электоралдық кезеңге сәйкес келіп отыр. Сондықтан бұл бағдарламалар әр өңір бойынша мәслихат сайлауында партияның сайлауалды бағдарламасының негізіне айналуға тиіс.

Сараптама бұрын бекітілген өңірлерді дамыту бағдарламаларын орындау тиісті деңгейде жүргізілмегенін көрсетті. Мәслихаттардағы партия фракциялары бағдарламаны орындау жөніндегі есепті тек сын айтылғаннан кейін ғана тыңдай бастады. Өңірлерді дамыту бағдарламаларын іске асыруды қадағалауға бірінші басшылар тікелей жауапты болуға тиіс.

Ұлттық экономика министрлігімен, партия және әкімдіктермен бірлесе отырып, өңірлерді дамытудың жаңа бағдарламаларын әзірлеу үшін жұмыс тобы құрылды. Сондықтан барлық филиал басшылары — әкімдер бұл жұмысқа ерекше ілтипат танытқаны жөн. Бағдарлама нақты қаржымен қамтылуға тиіс.

«Nur Otan» партиясының Мәжіліс сайлауындағы сайлауалды бағдарламасына келетін болсақ, бұл жұмысты Саяси кеңес Бюросының мүшесі ретінде Премьер-министр басқаруы қажет. Бұл бағдарламаны қазірден бастап дайындауға кіріскен жөн.



Үшінші. Ішкі партиялық іріктеу жүргізіп, сапалы партиялық тізімдер жасаған жөн. «Күшті лидерлер — Күшті партия» қағидаты бойынша партияның нақты электоратын қалыптастыру қажет.

Бүкіл әлемде партиялар ашық ішкі партиялық іріктеуді — праймеризді пайдаланады. Бұл нақты әрі харизмасы бар көшбасшыларды қатарға тартуға мүмкіндік береді. Мәселен, бүгінде АҚШ, Германия, Жапония, Франция, Оңтүстік Корея, Мексика, Ресей және басқа елдердің саяси партиялары праймериз өткізеді.

Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, бүгінде депутаттарының 97% «нұротандық» болып келетін мәслихаттар өңірлердегі сайлаушылардың сапалық құрамын жеткілікті

түрде аңғартпайды. Мәселен, әйел сайлаушылардың саны 53%, ал жастардың саны 40%-дайды құрайды. Ал әйелдердің мәслихаттарға сайлануы небәрі 20% ғана, ал жастар — 3%-дан да аз. Осы орайда, бұл маңызды әлеуметтік топтардың сайлануының ең төменділігі Шымкентте, Түркістан мен Қызылорда облыстарында байқалады.

Сондықтан әр мәслихат сайлауалды партиялық тізімдерге әйелдерді 30%-дан және 35 жасқа дейінгі жастарды 20%-дан кем еместей етіп енгізуі тиіс. Сондай-ақ тізімдерге көп балалы аналар, Отанына оралған отандастар, ерекше сұраныстары бар адамдар, кәсіпкерлер мен БАҚ өкілдері кіруі қажет.

Мысал үшін. Осыдан бір апта бұрын менің тапсырмам бойынша пилоттық нысанда ашық партиялық кадрлық іріктеу өткізілді. Қорытындылары өңірлерде көп азамат өз елді мекендерінің проблемаларын шешу үшін «Nur Otan»-ның атынан сайлануға әзір екендіктерін білдірді.

Партияның орталық аппаратына осы тәжірибенің негізінде Ішкі партиялық іріктеу өткізудің регламентін әзірлеп, бекітуді тапсырамын. Бізге беделді партиялық лидерлер мен адамдарға танымал жандардың тізімдері қажет.

Төртінші. Жергілікті жерлерде партиялық органдардың жұмысын күшейту керек. Бүгінде партия ұйымдарының маңызы артып келеді. Сол партия алаңдарында саяси күн тәртібі қалыптасуы қажет.

Қазіргі уақытта орталық деңгейде Партиялық бақылау комитетінің, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің, сондай-ақ, Парламент Мәжілісіндегі партия фракциясының жұмысы күшейтілген. Енді бұл жұмысқа немқұрайлы қарамай, өңірлерде ілгерілету маңызды.

Партия үкіметтік емес ұйымдардың басын біріктіретін ортақ алаңға айналуы қажет. Жұмысты жандандыруда бастауыш партия ұйымдарының орны бөлек. Олар да осы үдерістерге жұмылуға тиіс.

Құрметті партия мүшелері!

Біздің табысымыздың принципті формуласы — «Сенім. Диалог. Болашаққа деген сенім». Келесі жылы біз белсенді электоралды фазаға қадам басамыз. Біз жеңіске жету үшін барлық ресурстарды шоғырландыруымыз қажет.

Ақпанда партияның съезі өткізілетін болады. Онда біз қайта жүктеудің алғашқы нәтижелерін шығарып, электоралдық міндеттерді жан-жақты талқылаймыз. Осы съезде өңірлер ұсыныстарының негізінде қажетті, соның ішінде Жарғыға өзгерістер енгізу жөнінде де шешімдер қабылдаймыз.

Маған «Jas Otan»-ның мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, жастарға қолдау көрсету жөнінде 2025 жылға дейінгі «Жастар — Отанға» жаңа бағдарламасын әзірлеп жатқаны белгілі. Онда қазіргі жастарымыздың барлық сұраныстарына жауаптар көрініс табатын болады. Сәуірде жаңа бағдарламаны «Jas Otan»-ның съезіне шығару қажет.

2020 жылы еліміз Конституция мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын мерекелейтін болады. Сондай-ақ келесі жылы біз тәуелсіздіктің 30 жылдығына әзірлікті бастаймыз.

Осы даталардың барлығы қоғамды топтастырудың, елімізге және оның жетістіктеріне мақтаныш сезімін арттырудың үлкен әлеуетіне ие. Еліміздің осы маңызды оқиғаларын халықпен, әсіресе жастармен идеологиялық жұмыста жемісті пайдалану қажет.

Құрметті нұротандықтар!

Бүгінгі бас қосуымызда өзекті әңгіме қозғалды. Маңызды ойлар ортаға салынып, көптеген нақты мәселелерді талқыладық. Бірге белсене жұмыс істеп, қарапайым тұрғындардың сұраныстарын шешу керек. Сондықтан сайлауалды уәделерді орындауға жұмылайық.

Біздің басты міндетіміз — бірлік пен тұрақтылықты нығайту. Біз бірлесіп қана Қазақстанның өркендеуіне қол жеткіземіз, халықтың әл-ауқатын арттырамыз! Бұл ретте алдымызға қойған міндеттерді орындауға бар күш-жігерімізді жұмсауға шақырамын!

Осы сәтті пайдалана отырып, Түркістанды қайта түлетуге және Арыс қаласын қалпына келтіруге зор үлес қосқандарыңыз үшін ризашылығымды білдіргім келіп отыр.

Баршаңызды келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Сіздер 28 жыл бойы мені қолдап келе жатырсыздыр. Сондықтан баршаңызға шынайы алғысымды білдіремін.

Енді Бюро шешіміне сәйкес елеулі еңбегімен ерекшеленген бірқатар әріптестерімізді «Белсенді қызметі үшін» медалімен марапаттау рәсіміне көшейік.

Елге менің атымнан сәлем айта барыңыздар!

Егеменді еліміз өсіп-өркендей берсін!

«Nur Otan» партиясы жасасын!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры сыйлығының лауреаттарымен және елдің дарынды жастарымен кездесуде сөйлеген сөзі

Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жылғы 27 қараша

Қымбатты достар!

Бүгінгі кездесуге қош келдіңіздер!

Әл-Фараби бабамыздың: «Бір елдің болашағын болжағың келсе, өсіп келе жатқан ұрпағына қара» деген ұлағатты сөзі бар. Бүгінгі жастарымыз — тәуелсіздіктің басты игілігі және болашақ үмітіміз. Қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі қазба байлықтарына емес, адами капиталдың сапасына байланысты.

Әлемдік деңгейдегі көшбасшылар мен кәсіби деңгейі жоғары жаңа ұрпақ тәрбиелеу әрдайым менің басты назарымда болды. Тәуелсіздік жылдарында балалар мен жастарды қолдау үшін біраз шаруа атқарылды.

Алайда әлем күн санап өзгеріп жатыр. Халықаралық еңбек ұйымының болжауынша, 5 жыл сайын дүние жүзінде жаңадан 100 мамандық пайда болып отырады. Ал 2050 жылға қарай бүгінгі кәсіптердің жартысына жуығын жасанды интеллект алмастырады. Қазірдің өзінде кейбір компаниялар қызметкерлерді басқару үшін жасанды интеллектіні пайдаланып отыр.

Бұл трендтер барлық мемлекеттерді қарқынды дамуға қарай жетелеуде. Қазақстан үшін жаһандық сын-қатерлерді лайықты еңсеріп, үздік әлемдік тәжірибені қолдану аса маңызды.

Құрметті кездесуге қатысушылар!

Таланттың 1%-ы — табиғаттан берілетін дарын, 99%-ы — еңбек деседі. Әр бала дарынды және талантты екеніне мен сенімдімін. Бірақ талант табанды еңбек арқылы шыңдалады. Алайда тек қана еңбектену аз. Таланты ашылған кез келген адамның өмірде өз жолбасшысы бар. Дер кезінде маңызды кеңес беріп, тура жолға бағыттайтын тәлімгері болады.

Біз жастарымыздың одан әрі өсіп-жетілуі үшін оларға мүмкіндігінше тең жағдай жасауымыз керек. Сондықтан талантты да қабілетті қазақстандық жастарды қолдау үшін мен Жастар жылы аясында «Ел үміті» бастамасын көтердім. Мемлекеттік органдармен өзара тығыз жұмыс жүргізетін Тұңғыш Президент қоры бастаманың жүзеге асырушы операторына айналды. Аталған қор қазір ауқымды трансформация кезеңін бастан өткеруде. Оның қызметінің аясы айтарлықтай кеңейтілмек. Қор білім беру, әлеуметтік даму және жастар бастамалары саласына кешенді түрде қолдау көрсететін құрылым болады.

Мен бүгін «Ел үміті» бастамасын жүзеге асыру аясында алдағы уақытта атқарылатын жұмыстың маңызды бағыттары туралы айтқым келеді.

Бірінші. Мектеп оқушыларының қабілетін айқындау мен оларды кәсіби бейімдеудің кешенді жүйесін құру. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін тиісті инфрақұрылым қалыптастыру жоспарлануда. 2020 жылы барлық өңірде балалардың қабілетті айқындайтын және оларды ерте бастан бейімдейтін арнаулы орталықтар ашылады. Ол орталықтарда үздік әлемдік тәжірибе негізінде дарынды балалардың қабілетіне диагностика жасайтын заманауи әдістер қолданылады. Ол әдістер біртіндеп, кезең-кезең бойынша Қазақстанның барлық мектептеріне енгізіледі.

Таяу арада астанамызда Болашақ мамандықтар орталығы ашылады. Мұндай орталықтар әлемнің көптеген дамыған елдерінде қазірдің өзінде жұмыс істеп жатыр. Ол орталықтарда мектеп оқушылары жеке жоспар бойынша айналысып, болашақтағы түрлі мамандықтарға байланысты нақты жобаларды жүзеге асырады. Біздің астанамыздың тәжірибесі кейіннен елдің барлық өңіріне таралатын болады.

Үздік білім беру ресурстарына еркін қол жеткізу үшін арнаулы ақпараттық платформа әзірленеді. Сол онлайн-алаңды пайдалана отырып, әрбір мектеп оқушысы өзін жетілдіру жолында үшін табанды жұмыс жүргізуді қажет ететін өз қабілет-машығы туралы да біле алады.



Екінші. Ауыл мектептеріне қолдау көрсету. Еліміздің қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін ауылды қолдау туралы жиі айтып жүрмін. Өзіміз жетістіктерімен мақтанатын талай талантты тұлғалар мен нағыз патриоттар ауылдан шықты. Демек, ауыл жастарының жан-жақты дамуына жағдай жасау — біздің ортақ борышымыз.

Осыған орай ауыл мектептерінің оқушыларын қолдау үшін «Мың бала» олимпиадасы ұйымдастырылады. Басты мақсат — өңірлердегі ең қабілетті балаларды іріктеу. Бұл ретте тек жиған білімге ғана емес, оны оқушылардың тиімді қолдана білуіне басымдық беріледі. Олимпиада нәтижесінде үздік 1000 оқушы талантты балаларға арналған «Дарын» мектебінде оқуын жалғастыруға мүмкіндік алады.

Бұдан бөлек, жаңадан әзірленген арнаулы бағдарлама бойынша ауыл мектептері модернизацияланады. 2020 жылы алғашқы кезеңде 14 мектепті таңдап аламыз.

Бағдарлама аясында педагогтар республикалық зияткерлік мектептер мен жетекші халықаралық университеттерде оқыту мен дамытудың заманауи әдістерін меңгереді. Аталған 14 мектепте ғылымды, өнерді, математика мен инженерияны біріктіріп оқытатын түрлі зертханалар ашылады. Келешекте бұл жобаға өңірлердің басқа да білім беру мекемелері қосылады.

Сапалы білім жайлы сөз қозғағанда мұғалімдерді де ұмытпауымыз керек. Педагог мамандығын ешқандай компьютер алмастыра алмайды. Сондықтан біз үшін

ұстаздарды ынталандыру — басымдығы бар бағыттың бірі. Осыған орай STEAM-әдісімен оқытатын мұғалімдер арасында ұлттық байқау өтеді.

Нәтижесінде шетелде білімін жетілдіру үшін үздік 20 оқытушыға грант беріледі. Ал үздік 10 мектеп қосымша құрылғылармен жабдықталады.

Үшінші. Жастар арасындағы көшбасшылар шоғырын қалыптастыру. Бұл үшін біз көшбасшылық қабілет-қасиеттер мен мақсаткерлікті дамыту, сондай-ақ өскелең ұрпақ бойында патриотизмді күшейту бағытындағы арнаулы жобаны жүзеге асырмақпыз. Жастарды өзін-өзі жетілдіруге, жетістіктерге жігерлендіретін мұндай бағдарламалар әлемде өте кең таралған.

Жаңа бағдарлама дене тәрбиесі, тұлғаның мықты қасиеттерін дамыту, кітап оқу, еріктілер қызметтеріне атсалысу, экспедициялар мен жорықтарға қатысу, ұлттық мұраны сақтау және еңбек практикасы сияқты 7 бағытты қамтиды. Бұл дамыту бағыттарының бәрі менің «Рухани жаңғыру» деген бағдарламалық мақаламда айтылған.

Бұған қоса, біз тек мектеп оқушыларын ғана емес, сонымен қатар үздік педагогтарды, менторларды және білім беру мекемелерін де марапаттаймыз. Жоғарыда айтылған бағдарламаға қатысушылар арасында үздіктерді мейлінше көбірек даярлаған адамдардың еңбегін біз арнайы атап өтеміз.

Төртінші. Кәсіпқойлардың жаңа буынын тәрбиелеп шығару. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде бізде білім мен тәжірибенің белгілі бір қоры жинақталып, мамандардың елеулі шоғыры қалыптасты. Осынау мол әлеует елді дамыту жолында пайдаланылуы керек.

Президент мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту үшін кәсіпқой жас мамандар арасынан кадр резервін жасақтап жатыр. Аталған бастаманы қолдау мақсатымен Тұңғыш Президент қоры салалық мамандықтар иелерін — экономиканың негізгі салаларын трансформациялау мәселелерін шешетін сарапшылар мен орта буын менеджерлер даярлайтын бағдарламаны қолға алуда.

Басты талап — әлемнің жетекші компанияларында білім мен тәжірибе жинақтау ғана емес. Команда құрамында жұмыс істей білу, қиын міндеттерді орындау үшін жауапкершілік арқалап, оларды соңына дейін жеткізе білу керек. Бағдарлама арқылы іріктеп алынған әрбір маман өзгерістерді басқару менеджері мамандығына дейін оқытылады.

Құрметті достар!

«Ел үміті» бастамасын жүзеге асыруға кірісіп кеттік. Елімізде талантты, дарынды жастардың көп екеніне күнделікті өмірде куә болып жүрміз. Кәсіпқой мамандардың жаңа буынын тәрбиелеу — біздің жалпыұлттық жобамыз. Бұл — күн тәртібінде тұрған басты мәселе.

Осы орайда елімізде жастарды қолдауға бағытталған жобалардың іске асып жатқаны қуантады. Талантты жастарды дамыту бағдарламалары арқылы көп мемлекеттер зор жетістіктерге қол жеткізіп жатыр. Бұл жобаларға бүкіл қоғам, әсіресе аға буын бір кісідей атсалысса, біздің елімізде де оның нәтижелі болатынына сенімдімін.

Барлық бизнес өкілдерін, ұстаздар қауымы мен шығармашылық интеллигенцияны «Ел үміті» бастамасына қатысуға шақырамын. Қолға алған бұл жобалардың бәрі сәтті жүзеге асады деп ойлаймын.

Жастық шақтың күш-қайратын егемен елімізді өркендетуге жұмсай беріңіздер! Сіздерге зор денсаулық, толағай табыс пен бақ-береке тілеймін!

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының II консультативтік кездесуінде сөйлеген сөзі

Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы, 2019 жылғы 29 қараша

Қымбатты достар!

Былтыр Қазақстанның астанасында басталған біздің диалогымыз Орталық Азия тарихының жаңа парағын ашты.

Біріншіден, өңірдің саяси, экономикалық және гуманитарлық салалардағы ахуалын жақсартты.

Екіншіден, біздің достық пен өзара тиімді ынтымақтастықты жақтайтынымызды бауырлас бес халыққа айқын танытты.

Үшіншіден, практикалық өзара әрекеттестіктің барлық деңгейі мен саласындағы қарым-қатынасты жандандыруға серпін берді.

Жинақтап келгенде, осының бәрі елдеріміздің халқы арасындағы байланысты жеңілдетуге мүмкіндік туғызды. Бұл жайт өңірдегі бұрыннан келе жатқан түйткілдердің шешімін тауып, түйінін тарқатуға септігін тигізді. Іскер ортаның шағын және орта бизнес деңгейіндегі ынтымақтастығы үшін бұрыннан бар кедергілерді жойды. Мәселен, 2018 жылы Қазақстанның Орталық Азия мемлекеттерімен сауда көрсеткіші 20%-ға ұлғайып, 4,3 млрд АҚШ долларына дейін жетті.

Құрметті кездесуге қатысушылар!

Ынтымақтастығымыздың бұл мысалдарының барлығын келтіру менің көңілімді қуантады.

Орталық Азияның тәуелсіз жаңа мемлекеттері өмірінің бастапқы кезінен менің нақ осындай кооперативтік ұстанымды жүйелі түрде жақтап келгенім баршаға жақсы белгілі.

Тарихтың сол белесінде республикаларымыздың басшыларының алғашқы кездесуін мен Алматыда сонау 1990 жылдың маусымында-ақ ұйымдастырдым. Содан бері өңір елдері көшбасшыларының түрлі құрамдағы 25-тен аса басқосуы өтті. Маған соның бәріне қатысуды бұйыртқан тағдырға өзім ризамын.

Әріптестеріммен бірге біз өңірде Бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастыруға, Орталық Азия экономикалық қоғамдастығын, «Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымын және Орталық Азия мемлекеттері одағын құруға күш салыстық. Аталған бастамалардың жүзеге асырылуы түрлі кезеңдердегі бірқатар объективті және субъективті себептерге байланысты аяғына дейін жеткізілмеді.

Мүмкін бұл идеялар уақытынан сәл бұрынырақ көтерілген де шығар, бірақ ертелі-кеш біздің оларға қайтадан оралатынымызға нық сенімдімін. Менің ойымша, бұл — объективті және болмай қоймайтын үдеріс, әлемдік даму тәжірибелері соны айқын көрсетеді.

Осы орайда бүгін сіздердің орталарыңызға салғым келетін отырған бірнеше ойларым бар.

Бірінші. Бес тарап форматында «Орталық Азияның Х ғасырда дамуы, мәңгі сатымен тату көршілестік пен ынтымақтастық орнату туралы келісім» жасалуда ұсынамын. Оған негіз болатын бұл саяси құжатта біздің өзара әрекеттестігіміздің негізгі қағидаттары мен мақсаттары көрініс табуы қажет. Шартқа елдеріміздің егемендігін, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын өзара құрметтеу туралы ереже де енеді.

Екінші. Өңірде діни экстремизм мен халықаралық терроризм қаупі жойылмай тұр. Ақпараттық кеңістікте зұлымдықтың осы түрінің идеологиясын тарату өрістеп келеді.

Орталық Азия кеңістігі арқылы өтетін транзиттік есірткі тасымалының көлемі азаймай тұр. Ауғаныстандағы ахуал бұрынғыша күрделі күйде қалып отыр.

Қауіпсіздік саласындағы бұл сын-қатерлерді біз тек бірге еңсеріп, бірлескен күш-жігер арқылы ғана оларға тиімді қарсы тұра аламыз. Бұл үшін келесі жылдың бірінші жартысында Қазақстан астанасында елдеріміздің қауіпсіздік кеңестері хатшыларының бірінші кездесуін өткізуді ұсынамын.

Үшінші. Орталық Азияның демографиялық даму қарқыны жоғары. Мәселен, өңір халқының саны 2025 жылға қарай, болжам бойынша, 78 млн адамнан асады. Елдеріміздегі жастардың да үлесі артып, қазір жалпы халықтың үштен біріне жетіп қалды. Жоғарыда аталған кезеңге қарай бес мемлекеттің азаматтарының бестен бір бөлігі қала агломерацияларында өмір сүретін болады. Бұл факторлар елдеріміздің үкіметтерінен жұмыссыздық, ел ішіндегі және өңірдегі көші-қон сияқты әлеуметтік мәселелерге баса көңіл бөліп, тиімді шешуді талап етеді.

Төртінші. Соңғы жылдары өңірде экспорт-импорт операцияларының өсімі байқалады. Дегенмен, Дүниежүзілік сауда ұйымының мәліметі бойынша, өңір елдерінің тауар айналымының жиынтығы әлемдегі жалпы сауда пайызының жартысынан аз. Бұл ретте тауар, қызмет және капитал қозғалысы үшін кедергілерді жою есебінен «Кедергісіз Орталық Азия» қалыптастыруға қол жеткізу қажет. Біздің сараптауымызша, аталған шаралар өңірдегі сыртқы сауданы 50–60% арттырып, бес елдің ішкі жалпы өнімін бірнеше пайыз өсіруге мүмкіндік туғыза алады.

Бесінші. Орталық Азия күнін белгілеу жөніндегі идеяны қарауды ұсынамын. Ол халықаралық тәжірибеге сай келеді және бес мемлекеттің халқының бірлігін нығайтуға септігін тигізеді.

Аталған мерекені белгілеу үшін ұсынылатын датаның бірі ретінде 15 наурызды қарастыруға болады. Ол бәрімізге ортақ «Наурыз» мейрамы қарсаңында Қазақстан астанасында біздің жұмыс бабындағы алғашқы консультативтік кездесуіміз өткен күн екені белгілі.

Алтыншы. Мемлекеттеріміз арасындағы тату көршілестік пен достық тақырыбы мәдени-гуманитарлық салада бір-бірімізге қарай жасалатын қадамдарымыздың

лейтмотиві және өзегі болуға тиіс. Бұл әсіресе жастарға қатысты, өйткені біздің ортақ тарихи мұраларымызды болашақта нақ солар дамытатын болады.

Осы орайда, өңірдің әр елінің 10 студенті үшін Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарында оқып, озық мамандықтар алуға құқық беретін 40 грант бөлінетінін жариялағым келеді. Қазақстанның Білім және ғылым министрлігі мен Сыртқы істер министрлігіне өз әріптестерімен бірге тиісті үкіметаралық құжаттар мен конкурстың шарттары мәселелерін пысықтауды тапсырамын.

Бүгін назарларыңызды аударғым келіп отырған тағы бір жайт. Түркі әлемінің бесігі саналатын Түркістан қаласы қазір қайта өркендеу дәуірін бастан өткеруде. Былтыр менің жарлығыммен ол Қазақстанның Түркістан облысының орталығына айналып, содан кейін біз онда ғаламат ауқымды құрылысты бастадық.

Бірінші кезеңде музейлер, туристік нысандар, медиа-орталық, жаңа әуежай, тұрғын үйлер, офистер, ауруханалар, мектептер, отелдер және тағы да басқа ғимараттарды қамтитын 175 нысан салу жоспарланған.

Бұл ретте Түркістан өзінің тарихи-мәдени келбеті мен рухани өзегін сақтап қалатыны анық. Алайда оның жаңа құрылысы арқылы біз бәріміздің ортақ мақтанышымызға айналатын әсем мегаполиске ие боламыз.

Осыған байланысты Орталық Азияның бауырлас мемлекеттері басшыларын келесі жылдың күзінде көне шаһарға сапармен барып қайтуға шақырамын.

Құрметті кездесуге қатысушылар!

Бүгінде Орталық Азия біздің ғаламшардың бірде-бір өңіріне ұқсамайтыны баршаға аян. Біз өзіміз бұдан 10 жыл бұрынғы қалпымыздан әлдеқайда өзгердік, ал 20 жыл бұрынғы өз кейпімізге өзіміз тіпті де ұқсамаймыз. Мемлекеттеріміз де, елдеріміздің азаматтары да өзгеріп келеді.

Алайда біздің бауырластық байланысымыз — ортақ тарихымыз, географиямыз, мәдениетіміз бен дәстүріміз ешқашан өзгермейді, мен бұған сенімдімін. Біз сол мұрамызды еселеуіміз, тереңдете түсуіміз қажет, өйткені баршамыз білетіндей, «ай ортақ, күн ортақ, жақсылық ортақ».

Тыңдағандарыңызға рахмет.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік концертте сөйлеген сөзі

Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жылғы 13 желтоқсан

Ханымдар мен мырзалар!

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Баршаңызды еліміздің ең ұлық мерекесі — Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Біз — талай сынақтарды бастан өткерген халықпыз. Дегенмен, басына бақ дарыған елміз, қайсар бабалардың ұрпағымыз.

Ұлы дала елі ғасырлар бойы Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейінгі ұлан-ғайыр атырапты мекендегені жер жүзіне мәлім. Біз — ата-бабамыз аманат еткен Үстірт пен Қарт Каспийдің жағасын, Сыр мен Ертістің арасын алып жатқан дархан даланың заңды мұрагеріміз. Қазақтың байтақ жері — бабадан қалған ең асыл қазына. Бұл — қазақ жері.

Атадан балаға мирас болған кең даланы сақтап қалу оңайға түскен жоқ. Баһадүр халқымыз небір жаугершілік замандарда еркіндік үшін қылыш сермеп, бодан болған қиын кезеңдерде бостандықты аңсап өткені жасырын емес. Кешегі Алаш арыстарының да игі мұраты егемендік еді.

Біз ата-бабаның асыл арманын орындап, осыдан 28 жыл бұрын тәуелсіздіктің іргесін бірге қаладық. Әлем қартасында Қазақстан деген дербес республика, азат ел пайда болды. Ол күндер оңайға соққан жоқ.

Тәуелсіздіктің қиындықтардан басталуы бізді үлкен жауапкершілікке жетеледі. Зауыттар тоқтап, тіршілік тұралап қалғаны ел есінде. Сол ауыртпалықтарды бірлік пен татулықтың арқасында еңсердік, мемлекетімізді аяққа нық тұрғыздық.

Біз елдігімізді баянды етіп қана қоймай, Қазақстанды әлем мойындаған мемлекетке айналдыра білдік. Ұлтымыздың сағын сындырып, бағын тайдырған қиын кезеңдер артта қалып, еліміздің жаңа тарихы — мемлекеттігіміздің жаңа дәуірі басталды.

Тәуелсіздік — біздің жолымыздың бастауы ғана. 28 жылда толағай табыстарға қол жеткізіп, биік белестерді бағындырып келеміз. Көздеген түпкі мақсатымыз — әлемдегі ең озық отыз елдің қатарына қосылу.

Жасалып жатқан игі жұмыстардың бәрі келер ұрпақ үшін екенін мен әрдайым айтып келемін. Бабадан қалған қастерлі жерімізді көздің қарашығындай сақтау, тәуелсіздігімізді тұғырлы ету — ендігі кезекте жастарға аманат!

Қымбатты достар!

Сіздерді еліміздің ең айтулы мерекесімен — Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын!

1991 жылғы 16 желтоқсанда біз арнаулы заң қабылдап, бүкіл әлемге Қазақстанның бұдан былай тәуелсіз мемлекет екенін жария еттік. Біз мемлекеттігіміздің жаңа дәуірінің негізін салушыларына және оның басталғанының куәгерлеріне айналдық.

Біздің буынға бабалардың ғасырлар бойғы арман-аңсарын орындаудың ұлы мәртебесі бұйырғанын мен мақтаныш етемін. Біз ілгергілердің ерлігін жадымызда сақтаймыз, осынау асқақ арманға қол жеткізу жолында өмірін, басын бәйгеге тіккен әр адамға тағзым етеміз.

Өткенді еске сақтап, болашаққа көз тіге отырып, біз осыдан 28 жыл бұрын «Мәңгілік ел» құруға бағыт ұстадық. Осы жылдар ішінде біздің пешенемізге өзге мемлекеттер үшін ғасырларды қажет еткен жолдан өту жазылыпты. Халқымыздың береке-бірлігі арқасында біз қуатты, тәуелсіз және өсіп-өркендеп келе жатқан мемлекет құрдық. Осынау жолдың бүкіл өн бойында мен сіздердің әрқайсыңыздың, әрбір қазақстандықтың қалтқысыз қолдауын сезіндім. Сол үшін бүгін әрқайсыңызға өзімнің алғысты сөзімді арнаймын.

Тәуелсіздігіміздің таңсәрісінде біз күйреген КСРО-дан мұра боп қалған атом қаруынан бас тартып, аса ірі ядролық полигонның бірін жаптық. Жаппай қырып-жою қаруының көзін құртуды және ядролық қарусыздану ісін жүйелі түрде жақтап келеміз. Бұл — біздің үзілді-кесілді ұстанымымыз.

Әр мемлекет үшін өз шекарасын делимитациялау мен демаркациялау тақырыбы — маңызды мәселе. Біз өңірде барлық көршісімен арада айқын сызылған шегі бар бірден-бір елміз.

Тәуелсіздік жылдары біз ашық нарықтық экономика құрдық. Қазақстан — инвестиция тартудан, экономикасының көлемі жөнінен Орталық Азия өңіріндегі абсолюттік көшбасшы. Халықаралық капитал салу нарығындағы біздің бұдан арғы жағдайымыздың бағыты — жұмысын бастап кеткен «Астана» халықаралық қаржы орталығын нығайту.

Біз құрлықтың Шығысы пен Батысын жалғап жатқан көлік дәлізін салу арқылы өзіміздің геосаяси әлеуетімізді жүзеге асырдық. Инфрақұрылымдық және индустриялық даму бағдарламаларын табысты іске асырудамыз.

Рекордтық қысқа мерзім ішінде бой көтерген жаңа астанамыз біздің болашаққа деген ұмтылысымыздың символына және экономикалық өсіміміздің драйверіне айналды. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге ең қабілетті 50 елдің рейтингісіне енуі де — еліміздің елеулі жетістігі. Бұл — біздің жаңа белестеріміздің тек бір парасы ғана.

Тәуелсіз Қазақстанды құрудың нәтижесіне халықаралық қоғамдастық биік баға берді. Бізді бүкіл әлем біледі және құрметтейді. Жаһандық бастамаларымыз жан-жақты қолдау тауып келеді. Біздің бітімгершіл қадамдарымыз бірқатар мем-

лекетаралық қайшылықтарды жойып, әскери қақтығыстарды тоқтатуға септігін тигізді.

Достар!

Тәуелсіздік — халықтың қанаты. Баға жетпес бұл тарту кез келген халыққа бұйыра бермейді. Тіпті оған қол жеткізе отырып та, барлығы бірдей мұны ұтымды пайдалана алмайды.

Қанатымызды шырмаған тұсауды біз 1991 жылы тас-талқан етіп, өз бетімізбен шырқау шыңға ұмтылдық. Бізді жойқын желмен, дүлей дауылмен қорқытқысы келді. Ықтимал экономикалық күйреулермен, ұлтаралық қақтығыстармен қаймықтыруға тырысты.

Кейде расымен өте қиын болды. Жаһандық үдерістердің турбулентті ағындары бізді шайқап, қиратқысы келді. Алайда барлық көңілсіз болжамдар мен сынақтарға қарамастан, біз еңсемізді түсірмедік, нығая түстік және жаңа белестерді еңсеруге әзірміз!

Жігер, сенім және мемлекет тағдыры үшін жауапкершілік ұлтымызды жұмылдырды.



Бүгін біз «Қазақстан – 2050» стратегиясының басты мақсатының жолында — әлемдегі ең озық отыз елдің қатарына қосылу жолында келеміз. Бұл — Тәуелсіз Қазақстанның жарқын жеңістері мен толағай табыстарының, жаңа тарихының жалғасына айналары сөзсіз.

Ол тарихты өркендеп келе жатқан мемлекетте түлеп ұшқан жалынды жастардың жазары хақ. Өскелең ұрпаққа аға буынның өмірлік және кәсіби мол тәжірибесі бұған септігін тигізеді деп сенемін. Алдыңғы буынның өкілі ретінде менің жастарға айтар тілегім бар.

Біз сендер жақсы өмір сүру үшін барлық жағдайды жасадық. Сондықтан тек қана алға ұмтылып, биік белестерді бағындырыңдар, асқар асуларға талпыныңдар. Ең бастысы — елімізде бірлікті, бейбітшілік пен келісімді сақтай біліңдер. Бұл — біздің Тәуелсіздігіміздің басты жетістігі және алдағы жеңістеріміздің кепілі.

Қадірлі қауым!

Мен отыз жыл бойы жас ұрпақтың жарқын болашағы мен ел мүддесі жолында адал қызмет еткенімді мақтан тұтамын. Бұл — үлкен мәртебе, зор бақыт.

Елім үшін, халқым үшін, Тәуелсіз Қазақстаным үшін тарихтың қай сынағына да тәуекел деп бас тігуге дайын болдым. Мемлекеттілік пен тәуелсіздік сияқты қастерлі құндылықтарды сақтауға тырыстым. Бар күш-қайратымды туған елімнің еңсесін биік ұстауға арнадым. Артымда арқасүйер халқымның тұрғаны барлық сынақтардан сүрінбей өтуіме күш берді.

Егемендіктің алғашқы сәттерінен бастап отанымызды өркендетуге, елдігімізді нығайтуға зор үлес қосқан, заманның ауыр жүгін бірге көтеріскен барша Қазақстан жұртшылығына шынайы алғысымды білдіремін.

Біздің буын дәуір мен дәуір, ғасыр мен ғасыр алмасып, заман өзгеріп жатқан тұсқа тап келді. Сол күрделі кезеңде халқымыздың бейбіт те берекелі ғұмыр кешуін басты жетістігіміз деп санаймын. Енді осы табыстарымызды еселей түсуіміз қажет.

Ел конституциясына сай жаңа Президент сайланды. Бұл — тарихи кезең. Жаңа ел басының алғашқы қадамдары оңай болмайды. Еліміз өркендеу жолында іркілмей өсіп-өне беруі үшін барлығымыз Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты қолдап, онымен бірге болуымыз керек.

Біз билік сабақтастығын сақтай отырып, стратегиялық бағыт-бағдардан ауытқымауға тиіспіз. Себебі біздің ойымыз да бір, мұрат-мақсатымыз да ортақ. Ол — Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту, елімізді мәңгілік ету. Әбіш Кекілбайұлы: «Тәуелсіздік — тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік», — деген еді.

Ендеше баршаңызды тәуелсіздікті тұғырлы ету жолында аянбай еңбек етуге шақырамын.

Төл мерекеміз құтты болсын!

Мемлекетігіміз мәңгілік болсын!

Қысқартылған сөздер тізбесі

АББҰ — автономды білім беру ұйымы

АҚ — акционерлік қоғам

АӨСШК — Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі

АСЕАН — Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы

АХҚО — «Астана» халықаралық қаржы орталығы

БАҚ — бұқаралық ақпарат құралдары

БҰҰ — Біріккен Ұлттар Ұйымы

ДСҰ — Дүниежүзілік сауда ұйымы

ЕАЭО — Еуразиялық экономикалық одақ

ЕҚЫҰ — Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы

ЕО — Еуропалық одақ

ЖЕЭК — Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес

ЖҚҚ — жаппай қырып-жою қаруы

ЖОО — жоғары оқу орны

ЖШС — жауапкершілігі шектеулі серіктестік

КЕАО — коммерциялық емес акционерлік қоғам

КСРО — Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

ҚТҚ — қатты тұрмыстық қалдықтар

ҚХА — Қазақстан халқы Ассамблеясы

МАГАТЭ — Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік

РСЗИ — Ресей стратегиялық зерттеулер институты

ТМД — Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

ТМЫК — Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі

ҮЕҰ — үкіметтік емес ұйым

ХВҚ — Халықаралық валюта қоры

ХШЖК — халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі

ШЫҰ — Шанхай ынтымақтастық ұйымы

ІЖӨ — ішкі жалпы өнім

ЭЫДҰ — Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

ЮНЕСКО — БҰҰ білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы

ЯҚТШ — Ядролық қаруды таратпау туралы шарт

ЯСЖТШҰ — Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарт ұйымы

Географиялық атаулар көрсеткіші

Азия, құрлық	13, 55, 95, 141, 144, 145, 160
.....	165, 175, 179, 184, 185, 195, 196
Азия-Тынық мұхит, өңір	174, 179
Ақмола, облыс	84, 96
Ақтау, қала, теңіз порты (Маңғыстау обл.)	144, 161, 186
Ақтөбе, облыс	99
Алматы, қала	4, 7, 8, 9, 10, 21, 22, 26, 27, 28, 36, 46, 49,
.....	55, 71, 72, 87, 129, 130, 134, 135, 169, 170, 208
Алматы, облыс	4, 10, 31, 37, 70
Америка, құрлық	55, 164
Анкара, Түркияның астанасы	190
Анталья, қала (Түркия)	99
Арал, көл	171, 173, 186
Армения	11, 17, 18, 25, 52, 60, 61, 62, 77, 133, 134, 160, 161
Арыс, қала (Түркістан обл.)	7, 8, 73, 79, 85, 203
Астана, Қазақстан астанасының бұрынғы атауы	46, 62, 77, 134, 147, 155, 158
Атлант, мұхит	174, 185
Ауғанстан	145, 186
Әзірбайжан	14, 17, 34, 103, 105, 106, 107, 134, 190
Баку, Әзірбайжанның астанасы	14, 17, 103, 105, 190
Балтық маңы, өңір	170
Батыс Еуропа, өңір	144, 161
Батыс Қытай, өңір	144, 161
Бейжің, Қытайдың астанасы	12, 17, 40, 41, 42, 43, 143, 146, 188
Беларусь	15, 18, 58, 59, 61, 62, 112, 133, 134, 160, 161
Бостон, қала (АҚШ)	164
Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ)	18, 120, 132
Бішкек, Қырғызстанның астанасы	34
Ванкувер, қала (Канада)	147
Вашингтон, АҚШ астанасы	117
Вена, Австрияның астанасы	78
Венгрия	14, 18, 34, 40, 106, 107
Владивосток, қала (Ресей)	147
Германия	11, 18, 27, 157, 201

ЕО (Еуропалық одақ)	12, 15, 16, 20, 42, 62, 117, 118, 147, 158, 161, 173, 196
Еуразия, материк	12, 14, 15, 16, 17, 25, 42, 61, 97, 98, 99, 107, 143,144, 146, 147, 158, 171, 174, 184, 189, 192, 193, 194, 196, 197
Еуропа, құрлық	55, 63, 95, 99, 143, 144, 145,156, 160, 164, 174, 184, 185, 195
Жамбыл, облыс	9, 129
Жаңақорған, аудан (Қызылорда обл.)	132
Жаңақорған, кент (Қызылорда обл.)	132
Жапония	13, 17, 78, 105, 108, 109, 110, 111, 180, 185, 201
Женева, қала (Швейцария)	164
Жер, планета	61, 160, 180, 182, 188
Иллинойс, штат (АҚШ)	55
Индонезия	175
Иордания	11, 18, 31, 32, 89
Иран	17, 119, 144, 151, 161, 174, 179, 185, 186, 194, 195
Каспий, теңіз	173, 186, 211
Кашмир, өңір	179
Корей, түбек	13, 109, 179, 196
КСРО (Неңес Социалистік Республикалар Одағы, 1922–1991 жж.)	129, 130,134, 171, 175, 184, 185, 212
Қарасай, аудан (Алматы обл.)	10, 31, 70
Құрама Штаттар, Америка (АҚШ)	12, 18, 42, 51, 52, 53, 55, 117, 147, 155,156, 158, 160, 161, 165, 169, 181, 178, 185, 188, 194, 198, 201
Құрық, теңіз порты (Маңғыстау обл.)	144, 161
Қызылорда, облыс	28, 132, 202
Қырғызстан	15, 17, 18, 34, 59, 60, 61, 62, 77, 80, 105, 106,107, 125, 133, 134, 135, 136, 145, 160, 161, 186, 190
Қытай (ҚХР)	12, 13, 17, 18, 37, 38, 40, 41, 42, 43, 44, 52, 97, 143, 144,145, 146, 147, 156, 158, 160, 161, 174, 175, 179, 180, 181, 185, 188, 194
Лобнор, құрғап кеткен ағынсыз көл (Қытайдың батысында)	180
Ляньюньган, қала, теңіз порты (Қытайдың Цзянсу провинциясы)	144, 161, 174
Мәскеу, Ресейдің астанасы	11, 49, 50, 93, 94, 99, 170
Мексика	201
Молдова	61, 133, 134

Моңғолия	18, 104
Нагасаки, қала (Жапония)	178
Нахичеван, қала (Әзірбайжан)	190
Невада, штат (АҚШ)	180
Нұр-Сұлтан, Қазақстанның астанасы	4, 15, 16, 17, 20, 21, 22, 34, 35, 36, 49, 51, 52, 55, 57, 62, 73, 85, 96, 97, 99, 138, 148, 155, 160, 163, 167, 178, 184, 186, 193, 198, 204, 211
Нью-Йорк, қала (АҚШ)	109, 188
Оман	17, 99
Оңтүстік Азия, өңір	145
Оңтүстік Кавказ, өңір	144
Оңтүстік Корея (Корея Республикасы)	37, 99, 201
Оңтүстік-Шығыс Азия, өңір	12, 42, 144, 147
Орталық Азия, өңір	13, 14, 17, 59, 124, 125, 126, 143, 144, 149, 172, 180, 184, 185, 186, 190, 208, 209, 210, 212
Өзбекстан	14, 17, 18, 77, 79, 106, 107, 124, 125, 126, 134, 136, 145, 190, 208
Өскемен, қала (Шығыс Қазақстан обл.)	78
Париж, Францияның астанасы	188
Парсы, шығанақ	144, 174, 185
Пәкстан	151
Польша	11, 18, 26
Приднестровье, өңір	170
Ресей	10, 11, 12, 13, 15, 17, 18, 25, 42, 49, 50, 58, 61, 62, 77, 88, 93, 94, 95, 97, 98, 99, 117, 118, 123, 133, 134, 143, 144, 145, 147, 151, 156, 158, 160, 161, 178, 179, 181, 185, 186, 188, 194, 196, 201
Рысқұлов, аудан (Жамбыл обл.)	9, 129
Санкт-Петербург, қала (Ресей)	15, 17, 117, 133, 134
Сарыарқа, аудан (Нұр-Сұлтан қ.)	73
Сауд, Арабиясы	99
Семей, қала (Шығыс Қазақстан обл.)	130
Сеул, Корея Республикасының астанасы	99, 196
Сирия	89, 119, 151, 186, 194
Солтүстік Еуропа, өңір	144
Солтүстік Корея (КХДР)	99, 196

Татарстан, Республика (Ресей)	17, 123
Таулы Қарабақ, өңір	151, 170, 186
Ташкент, Өзбекстанның астанасы	13, 17, 124, 125, 126, 208
Таяу Шығыс, өңір	15, 89, 180, 194
Тәжікстан	17, 60, 61, 125, 134, 170, 186
Тбилиси, Грузияның астанасы	170
ТМД (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы)	15, 17, 61, 134, 150,172, 174, 180, 185, 186
Токио, Жапонияның астанасы	13, 108, 109, 110
Түркия	11, 14, 17, 18, 26, 34, 57, 67, 77, 84,98, 99, 106, 107, 135, 144, 151, 185, 186, 190
Түркістан, қала (Түркістан обл.)	21, 28, 85, 115, 116, 191, 203, 210
Түркістан, облыс	4, 7, 28, 73, 79, 115, 202, 210
Түрікменстан	106, 125, 134, 144, 145, 161, 174
Тынық мұхит	174, 179, 185
Украина	17, 18, 27, 109, 134, 186, 194
Үнді мұхиты	174
Үндістан	151, 175, 179
Ферғана алқабы, Орталық Азия тауларындағы тауаралық аңғар	170
Франция	100, 201
Хиросима, қала (Жапония)	178
Хорватия	18, 68
Шамалған, ауыл (Қарасай ауд. Алматы обл.)	10, 31, 70
Швейцария	18, 121, 122
Шолпан-Ата, қала (Қырғызстан)	191
Шығыс Еуропа, өңір	185
Шымкент, қала	36, 202

Есімдер көрсеткіші

Абдалла II бен Хусейн	11, 31	Баталова Э.Н.	9, 129
Абуев Х.	150	Бах И.С.	55
Абз С.	13, 108, 109, 180	Бердымұхамедов Г.М.	125, 134
Аветисян Р.	150	Бернецяң Г.	150
Агамуратов П.Н.	106	Бисембаев А.А.	32, 130
Айдарбаев А.С.	119	Блок С.	150
Айманов Ш.К.	44	Бозымбаев Қ.А.	36
Айтжанов Б.Б.	44	Бородавкин А.Н.	18, 88
Ақышев Д.Т.	56	Володин В.В.	17, 97, 98
Амано Мари	89, 90	Гайдн Й.	55
Амано Юкика	89, 90	Головкин Г.Г.	69, 103
Амано Юкия	16, 78, 89, 90, 182	Горбачев М.С.	171
Асанов Ж.Қ.	8, 53, 120	Гранофф Дж.	18, 116
Атамқұлов Б.Б.	34	Гусейнов Ш.	150
Ахметбеков Ж.Ә.	69	Гүл А.	18, 26
Әбдіқалықова Г.Н.	85	Джокович Н.	111
Әбдісағын Р.Т.	9, 55	Додон И.Н.	61, 133, 134
Әл-Барадеи М.	18, 116	Досаев Е.А.	33, 87
Әл-Джабер Мохаммад	18, 132	Дөненбаев С.Ә.	9, 129
Әлиев И.Г.	14, 17, 106, 134	Дуда А.	11, 26
Әл-Мауали Халид	17, 99	Ежов В.И.	121
Әл-Нахаян Сұлтан бен Заид	120	Ельцин Б.Н.	171
Әл-Нахаян Фатима бинт Мұхамед бин Заид	133	Ердоған Р.	11, 14, 17, 26, 57, 67, 77, 84, 98, 106, 107, 135
Әл-Нахаян Халиф бен Заид	120	Ермекбаев Н.Б.	8, 37, 93
Әл-Фараби Әбу Насыр	9, 118, 132, 204	Ерниязова А.Ә.	71
Әл-Шейх Абдулла	17, 99	Еспаева Д.М.	69
Әлімжанов Н.Б.	85	Есімов А.С.	19, 56, 83, 119
Әміреев Б.Қ.	18, 103, 106	Жазылбекова А.	44
Әуезов М.О.	49	Жұрынов М.Ж.	9, 103
Әшімбаев М.С.	34, 74	Жээнбеков С.Ш.	15, 17, 59, 61, 77, 80, 105, 106, 125, 133, 134, 135
Әшімбетов Н.К.	85		
Байбек Б.Қ.	7, 74, 79, 95, 122		
Байқадамов Б.	44		
Баррозу Ж.М.	18, 117		

Зариф М.	18, 119	Мозер У.	18, 51
Зеленский В.А.	17, 109	Моцарт В.А.	55
Зербо Л.	16, 18, 89, 90, 182	Муллашев К.В.	9, 121
Имашев Б.Ж.	70	Мун Хи Сан	17, 99
Исекешев А.Ө.	9, 53, 54, 83	Мун Чжэ Ин	18, 37
Кавамура Т.	13, 110	Мұтанов Ғ.М.	9, 119
Катсу Ш.	9, 54	Мұхаметшин Ф.Х.	123
Кәрібек Д.Ж.	87	Мыңбаев С.М.	119
Келигов Ю.Х.	45	Надаль Р.	111
Келімбетов Қ.Н.	20, 52	Назарбаева Д.Н.	67
Ким Н.	150	Нарухито	13, 105, 108, 109, 111
Клебанов А.Я.	28	Нөгербек А.Б.	44
Көлгінов А.С.	21, 73, 85, 96	Нұрдаулетов Ғ.Д. 8,	36, 135
Қалижанов У.Қ.	9, 49	Нұрсейіт Д.	44
Қарағұсова Ғ.Ж.	54	Нығматулин Н.З.	7, 95, 108
Қасымбеков М.Б.	32, 131	Нысанбаев Е.Н.	96
Қирабаев С.С.	9, 49	Омарбекова Ж.Қ.	85
Қосанов Ә.С.	69	Орбан В.	14, 18, 40, 106
Қуанышбаев Қ.	9, 121	Павлов А.С.	28
Құрманғазы	55, 130	Пашинян Н.В.	17, 60, 61, 77, 133, 134
Қыдырәлі Д.Қ.	9, 33, 87	Порошенко П.А.	27
Лагард К.	52	Пулатов Ш.А.	45
Лебедев С.Н.	61	Пупар-Лафарж А.	18, 22, 40
Ли Чжаньшу	17, 97	Путин В.В.	10, 11, 15, 25, 49, 50, 58, 61, 77, 88, 93, 94, 117, 133, 134
Лукашенко А.Г.	15, 18, 58, 59, 61, 112, 133, 134	Пірмагов Ғ.О.	120
Лыткин В.	150	Рахмон Э.Ш.	17, 60, 61, 125, 134
Макрон Э.	100	Рахымбеков Т.С.	69
Мамин А.Ұ.	7, 56, 85, 108	Ромер П.	52
Маржықпаев Е.Б.	84, 96	Сағынтаев Б.Ә.	7, 56, 87
Маурер У.	18, 121, 122	Саймс Д.	18, 117
Мәми Қ.Ә.	70	Сапарбаев Б.М.	7, 54, 108
Меркель А.	11, 27	Саркисян А.В.	11, 25, 52
Месич С.	18, 68	Саркисян Т.С.	18, 60, 61, 133
Мирзиеев Ш.М.	14, 17, 77, 79, 106, 107, 125, 136		

Сартаев С.С.	132	Фадеев М.Е.	18, 115
Сәдібек Т.	69	Федотов Д.	18, 117
Серіков Ә.А.	121	Фукуяма С.	193
Си Цзиньпин	12, 38, 41, 43, 97, 143, 145, 146	Хань Чжэн	52
Сииласмаа Р.	52	Хейуорд М.Э.	18, 90
Скляр Р.В.	7, 108	Хильниченко В.	150
Смайылов Ә.А.	7, 36, 108	Ху Цзюнь	44
Сұлтанов Б.Т.	39	Хурэлсух У.	18, 104
Сычев В.	150	Чавушоглу М.	17, 57
Сянь Синхай	44	Чан Джеки	12, 44
Танабаева А.	121	Чжан Сяо	18, 37, 38
Таспихов А.С.	69	Шар Д.	184
Теменов Т.Д.	121	Шентоп М.	17, 98
Тойнби А.	197	Ширак Ж.	100
Тоқаев Қ.К.	3, 5, 6, 19, 25, 31, 38, 39, 61, 68, 69, 70, 72, 79, 86, 88, 89, 109, 122, 140, 141, 142, 154, 162, 167, 214	Шөкеев Ә.Е.	28
Төлегенова Б.А.	9, 129, 130	Шпекбаев А.Ж.	8, 104
Трамп Д.	51, 52	Эванс Р.	56
Туск Д.	18, 62	Юань Цюань	44
Тұрғымбаев Е.З.	8, 103, 135	Яссауи Х.А.	115
Түймебаев Ж.Қ.	8, 33, 67, 97, 120		
Усманов А.Б.	50		

Мекемелер мен ұйымдар көрсеткіші

Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры	130
Айманов Ш.К. атындағы «Қазақфильм» киностудиясы	44
Алматы қ. әкімдігі	36, 71, 72
Алматы қ. мәслихаты	88
«Алматыкітап баспасы»	9, 129
АӨСШК (Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі)	12, 42, 43, 147, 151, 159, 174, 186, 195, 196
АСЕАН (Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы)	12, 15, 20, 42, 62, 147, 158, 161, 196
«Астана опера» Мемлекеттік опера және балет театры	94, 131
«Астана» халықаралық биржасы (Astana International Exchange, AIX)	20, 96
«Астана», халықаралық қаржы орталығы	20, 52, 95, 96, 185, 212
АХҚО Жағдаяттық орталығы	20, 96
АХҚО құқық академиясы	20, 96
АХҚО соты	20, 96
АХҚО Халықаралық төрелік орталығы	20, 96
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	9, 119, 132
Әуезов М.О. атындағы Әдебиет және өнер институты	49
БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы)	38, 78, 90, 141, 151, 155, 158, 164, 178, 181, 183, 186, 187, 188, 196
БҰҰ Бас Ассамблеясы	90, 178, 186, 187, 188
ДСҰ (Дүниежүзілік сауда ұйымы)	158, 209
Дүниежүзілік банк	52, 164, 172, 185
ЕАЭО (Еуразиялық экономикалық одақ)	12, 15, 20, 25, 41, 42, 58, 59, 60, 61, 62, 117, 118, 133, 134, 145, 158, 160, 161, 162, 174, 196
ЕАЭО соты	62, 134
«Егемен Қазақстан»	87
ЕҚЫҰ (Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы)	12, 42, 147, 151, 158, 174, 185, 195
«Еріктілер лигасы»	71
Еуразиялық үкіметаралық кеңес	62, 134, 162
Еуразиялық экономикалық комиссия	62, 134, 162

Еуразиялық эконoмиялық кoмиссия	60
Еурoпалық кеңес	15, 60, 69
Еурoпалық комиссия	15, 117
Жапония Парламенті	13, 108, 109, 110
Жапония Парламентінің Қазақстан Республикасымен достық лигасы	110
Жапония Үкіметі	13, 78, 109, 110, 111
«Жасыл» технологиялар мен инвестициялық жобалардың халықаралық орталығы	20, 50, 51
Жаһандық қауіпсіздік институты (GSI)	18, 116
Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес	15, 16, 17, 58, 59, 60, 61, 62, 117, 133, 135, 160, 196
«Жэньмин Жибао»	41
Корея Республикасының Ұлттық ассамблеясы	98, 99
Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институты	132
«Қазақстан темір жолы»	119
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кеңсесі	3, 4, 32, 72
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты	118
Қазақстан халқы Ассамблеясы	3, 4, 8, 32, 33, 45, 46, 67, 72, 97, 120, 140, 148, 149, 150, 152, 153, 172, 203
Қазақстан халқы Ассамблеясы кәсіпкерлерінің қауымдастығы	45, 152
Қазақстан-Британ техникалық университеті	71
«Қазақстан Халық банкі»	22, 28
«Қазақтелеком»	56
Қазақ радиосы	130
Қазақ ұлттық өнер университеті	55
«Қазатомөнеркәсіп»	120
«ҚазМұнайГаз»	119
«Қорғас»	145, 174
ҚР Бас прокуратурасы	8, 36, 135
ҚР Білім және ғылым министрлігі	49, 210
ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті	49
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	54
ҚР Жоғарғы соты	8, 53
ҚР Конституциялық кеңесі	3, 70, 72
ҚР Қарулы Күштері	9, 28, 37, 93

ҚР Қауіпсіздік кеңесі	3, 4, 7, 9, 32, 35, 36, 37, 72, 73, 93, 99, 140, 159, 181, 183, 186, 196, 209
ҚР Қорғаныс министрлігі	9, 37, 93
ҚР Орталық сайлау комиссиясы	5, 68, 69, 70
ҚР Парламенті	3, 4, 6, 7, 38, 45, 47, 54, 67, 68, 85, 86, 89, 95, 97, 98, 108, 122, 149, 167, 168, 172, 202
ҚР Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитеті	54
ҚР Парламентінің Мәжілісі	6, 7, 47, 54, 85, 86, 95, 97, 98, 108, 122, 149, 172, 202
ҚР Парламентінің Сенаты	3, 4, 67, 68, 97, 167, 168
ҚР Президенті Әкімшілігі	56
ҚР Ресей Федерациясындағы елшілігі	94, 95
ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	8, 104
ҚР Сыртқы істер министрлігі	17, 34, 38, 152, 155, 210
ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы	32, 37, 72, 124
ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры	9, 32, 53, 72, 83, 118, 129, 204
ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы	31
ҚР Ұлттық банкі	21, 33, 87
ҚР Ұлттық ғылым академиясы	9, 49, 103, 132
ҚР Ұлттық музейі	94
ҚР Үкіметі	7, 21, 32, 36, 38, 85, 86, 108, 141, 199, 200, 202
ҚР Ішкі істер министрлігі	8, 103, 135
Қуанышбаев Қ. атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры	9, 121
Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі	130
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	55, 130
ҚХР Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы	97
ҚХР Мемлекеттік кеңесі	52
Қытай Орталық радиосы	41
МАГАТЭ (Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік)	16, 18, 78, 89, 90, 116, 180, 182, 186
Назарбаев Зияткерлік мектептері	124, 138, 187, 205
Назарбаев Университеті	9, 10, 54, 63, 64, 138, 163
«Nur Otan» партиясынан ҚР Президенттігіне ұсынылған кандидаттың Республикалық қоғамдық штабы	5, 57
«Nur Otan» партиясының Саяси кеңесі	4, 6, 19, 80, 84, 86, 87, 142, 199, 201

Оман Сұлтандығының аш-Шура мәжілісі	99
Оңтүстік Иллинойс университеті	11
«Орталық Азия электр-энергетикалық корпорациясы»	11 13
Ресей Федерациясы Федералды жиналысының Мемлекеттік думасы	97, 98
РСЗИ (Ресей стратегиялық зерттеулер институты)	18, 118
«Самұрық-Қазына»	4, 19, 20, 55, 56, 83, 119
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» басқару жөніндегі кеңесі	55, 119
Сауд Арабиясы Корольдігінің аш-Шура мәжілісі	99
«Синьхуа»	41
Татарстан Республикасының Мемлекеттік кеңесі	123
ТМД Атқарушы комитеті	61, 134
ТМД Мемлекет басшылары кеңесі	134
ТМД мүше мемлекеттердің Қорғаныс министрлері кеңесі	134
ТМД мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесі	134
ТМД мүше мемлекеттердің Үкімет басшылары кеңесі	134
ТМД Парламентаралық ассамблеясы	134
ТМД экономикалық соты	134
Түркия Республикасының Сыртқы істер министрлігі	17, 57
Түркия Республикасының Ұлы ұлттық жиналысы	98
Түркі кеңесі (Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығының кеңесі)	14, 17, 33, 34, 57, 58, 103, 104, 105, 106, 107, 186, 190, 192
Түркістан облысының әкімдігі	115
Ұлттық мүдделер орталығы (Center for the National Interest)	18, 117
Үлбі металлургиялық зауыты	78
«Хабар», телеарна	6, 104
Халықаралық Түркі академиясы	9, 33
ХВҚ (Халықаралық валюта қоры)	52, 156
«Хуанцю шибао»	41
«Шаушен»	9, 129
ШЫҰ (Шанхай ынтымақтастық ұйымы)	12, 15, 20, 42, 43, 62, 147, 151, 158, 161, 174, 186, 196
Цукуба университеті	13 111

ЯСЖТШҰ (Ядролық сынақтарға жалпыға бірдей тыйым салу туралы шарт ұйымы)	16, 18, 89, 90, 180, 182
---	--------------------------



Accademia Musicale Santa Cecilia di Bergamo	55
«Air Astana»	56
«Airbus»	161
«ALSTOM»	18, 22, 40
«Amazon»	157
«Apple Inc.»	157, 164
«Bek Air»	135
«BMW»	164
«CCTV», телеарна	41
«CCTV-6», телеарна	44
«China Film Coproduction Corporation»	44
«China News Service»	41
«Eurasian Resources Group» («ERG»)	22, 131
«Facebook, Inc.»	164
G-20 («Group of Twenty», «Үлкен жиырмалық», «Жиырмалық тобы»)	158
«G-38» (Алматы қ. студенттік ұйымы)	27
«Google»	157, 164
«Huawei»	194
«Jas Otan»	7, 87, 88, 95, 202
«JP Morgan Chase International»	18, 117
«Microsoft Corporation»	157
«Nokia Corporation»	52
«Nur Otan»	3, 4, 5, 6, 7, 19, 21, 32, 34, 35, 38, 39, 57, 68, 72, 74, 79, 80, 84, 85, 86, 87, 88, 95, 104, 108, 116, 122, 123, 138, 140, 141, 142, 151, 152, 154, 162, 167, 198, 199, 200, 201, 202, 203
«Procter and Gamble»	164

«Shinework Pictures»	12. 44
«Schlumberger»	16
«Tencent»	157
«The National Interest»	117
«USM Holdings»	50

Мазмұны

Кіріспе	3
НАУРЫЗ	23
СӘУІР	29
МАМЫР	47
МАУСЫМ	65
ШІЛДЕ	75
ТАМЫЗ	81
ҚЫРКҮЙЕК	91
ҚАЗАН	101
ҚАРАША	113
ЖЕЛТОҚСАН	127
Қосымшалар	137
«Nur Otan» партиясының XIX съезінде сөйлеген сөзі	138
«Бір белдеу, бір жол» II халықаралық ынтымақтастық форумының ашылуында сөйлеген сөзі	143
«Бір белдеу, бір жол» II халықаралық ынтымақтастық форумының сессиясы отырысында сөйлеген сөзі	146
«Бейбітшілік пен келісім формуласы: бірлік пен жаңғыру» атты Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVII сессиясында сөйлеген сөзі	148
XXII Астана экономикалық форумында сөйлеген сөзі	155
Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында сөйлеген сөзі	160
Назарбаев Университетін бітірушілерге диплом тапсыру салтанатты рәсімінде сөйлеген сөзі	163
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында «Құрметті сенатор» мәртебесін беру салтанатты рәсімінде сөйлеген сөзі	167
«Кемеңгерліктің 30 жылы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында сөйлеген сөзі	169

«Ядролық қарусыз ағам және қапандыққа, босалыққа – назарбаға сөйлеу» тапсыруға арналған салтанатты рәсімде сөйлеген сөзі	173
Еуразия елдері парламенттері спикерлерінің IV кеңесінде сөйлеген сөзі	184
Түркі кеңесінің VII отырысында сөйлеген сөзі	190
«Astana Club» V отырысында сөйлеген сөзі	193
«Nur Otan» партиясы өңірлік филиалдарының өкілдерімен кеңесте сөйлеген сөзі	198
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры сыйлығының лауреаттарымен және елдің дарынды жастарымен кездесуде сөйлеген сөзі	204
Орталық Азия мемлекеттері басшыларының II консультативтік кездесуінде сөйлеген сөзі	208
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік концертте сөйлеген сөзі	211
Қысқартылған сөздер тізбесі	215
Географиялық атаулар көрсеткіші	217
Есімдер көрсеткіші	221
Мекемелер мен ұйымдар көрсеткіші	224

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы
Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы.
2019 жыл (21.03 – 31.12)
(компакт-дискімен)

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР:

Редакциялық-баспагерлік топ:

М.Б. Қасымбеков (жетекші), саяси ғылымдардың докторы, профессор,
А.М. Молдағаринов, А.Ж. Шоманов, философия ғылымдарының кандидаты,
Д.Т. Жайлин

Баспагер (әсемдеу, беттеу, басып шығару): «Деловой Мир Астана» ЖШС

Аударған: Г.Ш. Қадырова

Беттеген: Б. Бозтай

Фото: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Баспасөз қызметі

ISBN 978-601-7918-31-6



9 786017 918316

Басуға 10.08.20 ж. қол қойылды. Қалпы 70х100/16
Қаріп «New Gothic BT», Шартты б.т. 18,85. Таралымы 2000 дана

Редакцияның мекенжайы:

010000, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
Сығанақ к-сі, 25, «Аңсар» бизнес-орталығы,
тел.: +7 (7172) 55-06-57, 55-06-58,
эл. почта: dm99@mail.ru
www.dmastana.kz

«Деловой Мир Астана» ЖШС
ықпалдастырылған менеджмент жүйесі
сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген
орган арқылы сертифициталған және ҚР СТ
ИСО 9001-2009 талаптарына сай келеді

